




Жыр
жауһары

Мұхтар
ШАХАНОВ

*Дара талғам
қасіреті*



RARITY
R
PUBLISHING
COMPANY LTD

Мұхтар Шаханов

Дара талғам қасіреті

Поэмалар, өлеңдер, балладалар, әндер

Алматы
«Раритет»
2007



Heavenly Deities



John the Baptist



Жыр
жауһары

Мұхтар
ШАХАНОВ

*Дара талған
қасіреті*

Поэмалар, өлеңдер,
балладалар, әндер



КАПИТАЛ
R
PUBLISHING
COMPANY LTD

ББК 84 Қаз 7—5
Ш 31

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің «Әлеуметтік маңызды
әдебиет түрлерін әзірлеу және шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды

Серия 2002 жылдан бастап шығарылып келеді

Серияның негізін салған *З.Серікқалиұлы*
Көркем безендірмесі негізін салған *А.Тіленшиев*

Шаханов М.
Ш 31 Дара талғам қасіреті: Поэмалар, өлеңдер, балла-
далар, әндер. — Алматы: Раритет, 2007. — 264 бет. —
«Алтын қор» кітапханасы.

ISBN 9965-770-56-5

«Түркі тілдес халықтар арасындағы ең үздік әлем ақыны» атни-
ған (Тебзе, 2002), ондағын халықаралық сыйлықтардың иегері,
бірнеше шет ел академияларының мүшесі, Қазақстанның халық
жазушысы, Қырғызстанның халық ақыны Мұхтар Шахановтың
бұл кітабына жаңа жырлары және өр кезеңде жазылған таңдама-
лы өлең, балладалары, шағын поэмалары, әндері енді.

Шығармалары дүние жүзінің 40-тан астам тілдеріне ауда-
рылған, қазақ тарихында және әлемдік әдебиетте өз орны бар,
бүкіл өмірі күреспен өтіп келе жатқан классик ақынымыздың
бұл жинағы да халық көпшіліктің іздеп жүріп оқитын шығар-
масына айналарына сенімдіміз. Өйткені қазақ жастарының
бірнеше ұрпағы Шаханов жырларын жаттап өскенін ешкім жоққа
шығара алмаса керек.

Ш 4702250202—27
413(05)—07

ББК 84 Қаз 7—5

ISBN 9965-770-56-5

© Шаханов М., 2007
© «Раритет» БК, 2007
© Безендірген М. Палыкин, 2007

АҚЫН ТУРАЛЫ ЛЕБІЗДЕР

* * *

Ол — жаңаша ойлау дүниесінің өрені. Менің пайымдауымша, мұндай өзгеше мән-мазмұнға ие ақын бүгінге дейін күллі Азия әдебиетінде болған жоқ.

Бұған көз жеткізгіңіз келсе, оның поэмалардан құралған «Жазагер жады космоформуласы» (Шыңғыс ханның пенделік құпиясы) атты алып тынысты романын оқыңыз. Нақ осындай заңғар деңгейдегі ақын XX ғасыр мен XXI ғасыр аралығында бой көрсетуі керек-ақ еді. Ол ақынның Мұхтар Шаханов екені даусыз.

ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВ

* * *

Мұхтар Шаханов — өзінің адаспақ дүлей дәуірінің белсенді ар-сұжданы. Оны билік тұғырындағылар бағалай қояр ма екен? Бірақ мен осындай азаматтың өзіме жақын дос екенін мақтан етемін.

Расул ФАМЗАТОВ

* * *

Шаханов поэмасына ЮНЕСКО тарапынан ерекше назар аударылуының басты себебі қазіргі кезеңдегі Орта Азия қағамдық-философиялық ойлау деңгейінің жаңа белестерге қол артқандығынан ғана емес, осы дара ақын туындысының бүгінгі әлемдік поэзиядағы жаңа биіктік ретінде мойындалуында және оның өз сана-түйсігі арқылы XX ғасыр тудыраан келеңсіздіктерге батыл күрес ашуында жатса керек.

Ханс-Петер ДЮРР,
Нобель сыйлығының лауреаты

* * *

Ашық айтар болсақ, бүгінгі өз замандастары арасында Еуропада Шахановқа тең келер ақын жоқ.

Роберто ЧИУЛИ

* * *

Құдайым әр ақынға өз ұатына осы Мұхтар Шахановтай еңбек етуді жазсын.

Джон ЭШБЕРИ

* * *

Қалай десендер, олай деңдер, Мұхтар Шаханов — ұлт мүддесін қорғаушылардың ең алдыңғы сапында келе жатқан қайсар, тұлғалы ұлы ақын. Кешегі Желтоқсан көтерілісі кезеңінде, ел ерге, ер жерге қараған сын сағаттарда сонау Мәскеудегі қылышынан қан тамған тоталитарлық жүйенің алпауыттарына басып бөйгеге тіге отырып қарсы шыққан, сойтіп ұлтымызды үлкен өділетсіздіктен қорғап қалған осы жігіт еді ғой. Арал қасіретіне күллі әлемнің назарын бұрған да — Шаханов. Ұлтымыздың ірілі-ұсақты проблемаларының маңында ылғи да осы ақын келе жатқан жоқ па? Тіпті қазіргі өздерің тойлап жүрген «Наурыз» мерекесін де Колбикмен жағаласып жүріп осы бала тірлігімен пе еді? Елдік мазмұндағы ерен істері үшін бұл дара азаматқа дұрыстап алығы та айтпаппыз-ау. Алығы түгілі, оның әлем, ЮНЕСКО маңындаған шығармалары төңірегінде өз ішіміздегі кейбіреулер жалдамалы жазғыштар арқылы әртүрлі дау-дамай ұйымдастырып, кедергі жасаумен келеді...

Енді тіл мәселесі ауқымында «ертең ұлт боп қаламыз ба, қалмаймыз ба?» деген зарлы күдік алдымызды ораған сәтте тағы да Шаханов орнынан көтерілді. Бұл істе де біз оны қолдамасақ, ұтылатынымыз айқын. Өйткені оның түйсігі — таза ақындық пайым-парасат пен ұлттық санаға терең тамыр жіберген, жалғандыққа жаны қас шыншыл түйсік.

Қасым ҚАЙСЕНОВ

2004

ПОЭМАЛАР, ӨЛЕҢДЕР, БАЛЛАДАЛАР, ӘНДЕР

ДИНОЗАВРЛАР МЕН ЕГЕУҚҰЙРЫҚТАР

(«Атлантиданы қиратқан алма» атты жаңа романның үзінді)

Динозавр алыптығы үшін ерте жойылды,
Сан мыңдаған майда сойыл оған қарсы қойылды.

Тарақандар динозаврлардан бұрын күн кешкен,
Әлі ғұмыр сүріп жатыр,
Тірлік-салты жүріп жатыр,
Алыптықтың неге қажет екендігін білместен.
Тарақандар тіршілік кемесінде,
Қарын-мүдде өресінде,
Бірлік сақтап пенде-үмітке қатар-қатар мінгескен,
Өзгеде де мүдде барын қаперіне білместен.

Сол тарақан «ұлтында» даралық жоқ,
Ал даралық жоқ жерде жаңалық жоқ,
Ұқсастықтан тауыпты олар өз дарынсыз шындығын.
Кемшілігі айналмай айыбына,
О, тажап, бір-бірінің мойынына
Өзгелердей тастамапты қызғаныштың шылбырын.
Ұқсас жандар ешқашанда қызғанбайды бір-бірін.

Қауымшылдық мінезге бай майда қуат тағылар,
Әр тағылық ортақ күштен ортақ тілек табылар.
Пенделіктің майдаларды біріктірер заңы бар,
Соған қарсы тұра алмаған сөрлі динозаврлар...

Байлық құсы жиі қонды нәрсіз-сараң мүскінге,
Даңқ та ұялмай мадақталы тұрса жойқын күш кімде,
Шындық сирек билік құрды ұлы жердің үстінде.

Сондықтан да Сократ та, Бетховен де, Пушкин де
Мейірімсіз, рухсыз күштермен мәңгілік оппозицияда.
Нанымсыздық, дарынсыздық жолыңды ылғи орай ма,
Қара күштер ізгіліктің зейініне қарай ма?
Теңсіздік көп, аю, қасқыр сайран салған тоғайда.
Қазақтың қос рух шыңы — Махамбет те, Абай да
Сол үшін де пенделікпен мәңгілік оппозицияда.

Иә, әлемде барлық шыншыл акындар оппозицияда,
Жомарттарға — дүниеқоңыз пақырлар оппозицияда.

Кей тіршілік иелері қызғанышсыз гүлдемес,
Айыптымыз ба солармен болғанымызға іргелес?
Қандай жағдайда қандендер үлкен иттерді күндемес?
Мұхиттарда күллі балықтар киттерге ырза емес...

Атыңды, даңқыңды шығарғын келсе осы заманда,
Жерден ап, жерге сап атақты тұлғаны жаманда.
Зорлығың ерлікке телініп, зорайып бағаң да,
Бір күнде-ақ белгілі боласың қоғамға.
Аристотель кезінде сыналып, шындалған бұл әдіс,
Осынау тарихкөз әдіске қазір көп сұраныс.
Ежелден ақша мен сатқындық бір жүрген, таңданба,
Сол мінез дөп келді бүгінгі бизнестік талғамға:
Қалталы, дарынсыз каламгер теңеліп Шиллерге,
Бейәдеп, рухсыз журналист айналды киллерге.

Бәріне кінәлі тойымсыз қарындар ғана ма?
Қайшылықтар көп өмірдің заңдылықтарында да.
Байыптап зерттеп адалды, арамды, иықтыларды,
Қайткенде адамдық олардан биік тұрады?
Шындықты көксеген максаты, мүддесі нанымды,
Өзге жұрт шықпаған биікке шықса бір дарынды,
Кеудеге сенім мен мейірім желкенін жүздіріп,
Тек сырттай тілектес жүрудің өзі — зор ізгілік.

Қиратқыш ойлар көп бірлікке негізделмеген:
О, тоба, кішкене көлшіктер — теңіздерменен,
Шымшықтар, қарғалар — сұңқарларменен,
Есектер өзінше тұлпарларменен
Қашанғы жүре бермекші оппозицияда?

Қаншама бет-бейне жатыр орынсыз тырналып,
Нағыз әділет оппозициясын шатастырмалық
Бас қамын көздеген бейпілсөз «шатақ-ит-цияға».

Жә, бәлкім, бұл тайталастың жолын ешкім бөгемес,
Бірақ ұлттың даналығы,

ғасырымен өрелес,

Үлкен перзент туғанымен ғана емес,
Майдалардан оны қорғай білуімен
Өрі қолдай білуімен өлшенбек,
Өлшенбесе, ұлтқа қарсы қатерлі ойлар белсенбек.

Ерте құрбан болғандар көп, өрбіте алмай өз ісін:
Біреу алып денесі үшін,
Біреу заңғар өресі үшін және алып сөзі үшін,
Алыптық өр белес шығар,
Бәлкім, бақыт емес шығар,
Атышулы сол алыптың өзі үшін.
Ұғынатын кезең келді.
Тек рухы шынның ғана сөзі — шын...

Оз ғасырын рухының қуатымен сүйеген,
Күрес ашқан тоғышарлық індеттерге үйелен,
Сұңқар ойы талмай ұшқан сансыз дауыл, жаңбырда,
Афиныда мұқым жұрттың алдында
Сөз сөйледі көне грек данышпаны Диоген.
Ол кезде де қалың болған санасыздың терісі,
Қандай марғау, қандай шабан парасаттың өрісі.
Күрделі ойлар орманына бұрын аяқ баспаған,
Жеңіл әуен, спорт, сайыс аясынан аспаған
Тыңдарманның біраздан соң қалғып кетті көбісі,
Көбісінің аяғында енжарлықтың көбісі.

Диоген кеңет саусағымен ернін басып, елтініп,
Көкек, бүлбүл шымшық үнін айнытпастан келтіріп,
Бала кезден бойға жиган шеберлікпен кемелді,
Шаршы топты таң қалдырып, сайрап ала жөнелді.
Жұрт мәз-мейрам:

— Жаса, грек дарыны,

Күс тілінде сайраудың зор алыбы!

— Мына өнерің бәрімізді таң қалдырып, тамсантады! —

деп қалың жұрт жамыраса алғыс айтып ойшылға,
Бәрі бірдей орнынан тұрып ұзақ қол соқты.

— Отырындар! — деді Диоген, — күнсызданды сөздерін,
Амал қанша, өздеріне үкім айтқан — өздерің.
Қазір ғана, аламзаттың дамуы үшін пайдалы,
Рухсыздық шабуылы, жана күрес майданы
хақындағы ойларымды ұқпай, қалғып кеттіңдер,
Маңызы зор мәселені сезбей, аттап өттіңдер.
Ал енді тек көңіл аулар әуез жүзген үнінде,
Сайрап едім қайдағы бір ойсыз кұстар тілінде,
Дүркірете қол соқтындар, бөлеп құрмет-дүрмекке,
Сендер ашар таным, түйсік есігі әлі ілгекте.
Қаншама жыл тайталасып, бой таласып ғасырмен,
Бір абырой алмап едім, ғасырды озған басыммен...
Шымшық, көкек үнін саяып, оңай таптым даңқты...
Армандарын ажыратпай өумесер мен алыпты,
Талғамдарың бейсаналық, бейшаралық танытты...

Сөйтіп, Диоген күллі Афины халқынан,
Өз елінің түйсік, таным парқынан
Қауіпті әрі қасіретті бағыт көріп надышты...

Содан бері қанша заман өтсе де,
Жалқаудықтан ғылым қашып,
Ғаламзатқа нұрын шапып,
Техникалық ой-сананың мерейі асып кетсе де,
Болмысынан жеңілдікке үйір, аңқау халықты
Өзгертпек боп талай алып жолын құзға салышты.
Бірақ жұрттың сонау Диоген кезіндегі талғамы
Әлі күнге өзгеріссіз қалыпты.

Сол баяғы жеңіл әуез, ойсыз нарқы сынбаған,
Оның еркетотайларын жұрт күлшына тыңдаған,
Күш пен мүсін сарбаздарын бүлшық етін бүлдіған
Елдің қимас асылына балатып,
Мың-миллион назарларды тек соларға қаратып,
Алып шықтық біз бірінші орынға.
Тойға бейім адамзатты үлкен ойға тартатын,
Санасына шыншыл жігер, сенім күшін артатын,
Нағыз өнер әлі де сол бойкүйездік торында.

Жеңіл өнер,

ол да өзінше қаскүнем,
Ұмытуға бола ма оның басты рөл
ойнағанын парасатты ізгі рухтың сорында?!
Өз тағдырын — әлі күнге өз нәпсіңнің қолында.
Өркениеті тылым, білім қанатында дамыған,
Алғыр ойын қайратына, айбатына жаныған,
Бір өзі бір мемлекетке пара-пар,
Жер бетінде айбыны асау қанша атакты қала бар!
Ал солардың рухын бет-беделі жағынан,
Айту қиын, ғаламзатқа қайсысы үлгі бола алар?
Қандай іске сұраныс көп, соған қалам жасалық.
«Бизнес!», «Сауда!» ұғымдары атанып зор бас әріп,
Еңсе бүкпес күдіреттей тұрып алды қасарып.
«Тек баюдың жолын үйрен,

бір күшңді бос етпе!»

Адамдығың бар ма, жоқ па, алынбайды есепке.
Ұрла,

алда,

тамыр жібер «сайтангерлік» айлаға,
Айламының айбыны асқақ, мерейі үстем қайда да,
Сүйенішің билік болса ұсталам деп ойлама,
Ар мен ұят бұл ғасырда аса қоймас пайдаға...

Нарықта мың қалтарыс бар жең ұшынан бұрылар,
Елдегі ең құрметтілер — ең тойымсыз ұрылар,
Байлық кімде болса, соның маңдайының нұры бар,
Бар саясат сол маңдайды малақтауға құрылар.
Ұрлық заңға айналған соң рух жырын кім ұғар?

Бұдан пәден ғасыр бұрын Сократ қойған бір сұрақ
Әлі күнге адамдардың мақсат-күшін жүр сынап.
Оны айналып өтетіндей жоқ әзірге жол басқа,
Ол сұрақсыз тіршіліктің ой қазаны толмас та.
Тағдыр күрек тісін безеп, әлде саған күлсің бе?
«Мазмұнды өмір сүру үшін тамақ ішпей болмас та,
Ал сен тамақ ішу үшін өмір сүріп жүрсің бе?»

Неткен сезім еркіндігі, аттап бассан — жын-ойнақ.
Адамзатты мәңгірт қып аздырудың,
Оның арын, намысын тоздырудың,

Ұят қашқан нәпсісін қоздырудың
Шығарылды мыннан астам түрі ойлап,
Ізгіліктің ұлы кәусар өзендерін ылайлап.

Қайда барсаң көз арбайды тойшыл мейрамханалар.
Түнгі клуб, түнгі күлкі — ойсыз сайранханалар
Шаршау білмес табыс көзі ретінде танылды.
Тек Байлық пен Қызықшылық басты мұрат саналып,
Ғасыр түпкі рухани компасынан жаңылды.
Базбір шағын қалаларда үш жүз мыңдай халқы бар,
Сөз жоқ, үш мың нәпсі күйттер мереке үйі жарқырап.
Әр адамның пенделік осалдығынан,
Даңғаз шуга, думанға босандығынан
Саудагерлер ардан аттап, бақ табута талпынар,
Қазір Ар мен Намыстың да материалдық нарқы бар.

Көшелерде жұртты бұрар пендешілік арнаға,
Жан-жағыннан анталайды,
Норсіз көзі қанталайды
Кілең арсыз, пайда-нарқы акырған бір жарнама,
Көре алмайсың ізгілікке шақырған бір жарнама,
Жарнама емес, секілді бір Орнама не Торнама.

Астананың аязындай қызартатын бетінді,
Айналада іскер тісі өтімді,
Тек алу мен жеуді ғана мақсат тұтқан өмірден,
Ағаш түгіл, темірді де кемірген
Жұрт қаптады жебір көзді егеукүйрық секілді,
Егеукүйрық сана қазір шырқап, өсіп, жетілді.

Қашан, қалай тойдырамыз сол ашқарак көздерді,
Сыйлаймыз ба егеукүйрық пейілдерге төзгенді?
Төзе алмаған қасқалардың тағдыры күрт өзгерді.
Енді қайттік, рухани саяздығы адамның
Күнә әрі кемшілік боп саналмайтын кез келді.

Кейбір өнер саңлақтары — ұрлыққа да ұраншы:
Ертелі-кеш тележәшік айнасынан түспейтін,
Ой-санасы, мешеуленіп, тек тамағы істейтін
Қалың елдің «ар-намысы» саналатын бір әнші
Даңқ пен акша мүддесінен өзге түк жоқ ойында,
Ән салып жүр ұрылар мен рәкетгердің тойында.

Ұлы Гершен пікіріне іскер көзбен карасак,
Әділдіктің жанбырымен гүлдер еді парасат,
«Әр адамның рухани мүмкіндігі қаншама
Биіктікке тартар болса, әне, оған соншама
Билік, сенім кілтін берсек»... Тазалыққа шөлдеген,
Өжет ғасыр дамыр еді, бәлкім, басқа жолменен...

Қандай бедел ұсынбақшыз біздер келер заманға?
Неден қаштық,

нені шаптық,

нені бастық табанға?

Талай табан нұрлы ойларды айналдырды сабанға,
Сол сабанға қарап енді айкындар бағаң да.
Ескермедік

сенім арту қылмыспен тең екенін

Рухани байлығы жоқ, айдыны жоқ адамға.

Тіршіліктің басты ұраны: «Жастық шаққа — жасыл жол!»
Жас ғұмырға жол ашуда, қартым, дара ғасыр бол!
Өзгермейтін бұл ұғымға жаңа міндет арттық па,
Нарық неге қарсы қойды жастық шақты қарттыққа?
Неге бизнес орындары отыз бестен, қырықтан
Асқандарға жұмыс беру мүмкіндігін ұмытқан?

Іскер көзбен қарағанға мұның өзі дұрыс та,
Цирктерде қарт маймылдар тартылмайды жұмысқа.
Ал жас маймыл бағынымпаз, тәрбиеге тез көнер,
Үйретіп аң басқара бер ыммен яки сөзбенен,
«Ауна!» десен, аунайды олар, «Түр!» — деп бұйыр, тұрады!
Бағынғыштың болмау керек өз пікірі, құлағы,
Өз пікірі жоқтың ғана билікке жоқ сұрағы,
«Іскер митар!» — ғаламзаттың осы күнгі ұраны.
Бар рухсыз іскерліктің пендешілік — тұрағы.

Сондықтан да қарт тұлғалар ар-намысты, ұятты
Бір кездегі ебедейсіз динозавр сияқты
Артықтығы сезілді де, қалып сыйсыз, желексіз,
Дәуіріне болып шақты керексіз.
Секілденіп «лимузинмен» даңқ сынасқан ат арба,
Рух солай сырғып кетті ең кейінгі қатарға.

ДАРА ТАЛҒАМ ҚАСІРЕТІ

Зор рухи бұла күшке кім тосқауыл бола алар?!
Нағыз ақын мәңгі жастық шауағына оранар.
Үш мың жасқа тартқан Гомер одан әрі жол алар,
Үш ғасырды жеңген Байрон әлі жап-жас саналар,
Қартаймау — бұл нағыз жеңіс үлгісіне барабар,
Оған қуә — жастық шағын жалау еткен даналар.

Қара күштер қажытса да, сәуделі ойға күз алыс.
Неге Абайда бес әйел бар,

ал Пушкинді жүз он үш
Қыз-келіншек түс-тұсынан шуақ шаша қоршаған?
Дон-Жуаншық емес пе бұл?

Аң-таң әлі ел соған.

Жо-жөк, сезім күдіретіне сенімін кім азайтты?
Бірде Ғабит Мүсірепов бұған былай уәж айтты:
«Кездескен жан қуаты мен арайынан жалыңдар,
Пушкин, Абай... ғаламзатта сирек туар дарындар.
Әркім өзі шыққан таудың биігінен ой керер,
Егер олар ақылы мен сезіміне сай келер
Жар іздесе рухының ансау, тарту күшімен
Және ол жанды таба алмаса жүз он үштің ішінен,
Тіпті мыңның арасынан жолықпаса сынары,
Дара талғам — түйсігі үшін болғаны ма кінәлі?»

Иә, ұлы тұлғалармен ортақ түйсік табарлық.
Нағыз әйел әр ғасырда саусақпенен санарлық.
Наталя — Пушкин жары, шықпай пенде шенберден,
Жүрттан асқан сұлулығы әлсіздікке жол берген.
Күйеуі оның мәңгі тірі қалып қойды өлгенмен,
Ал ол өзі — басқа жерде басқа еркекпен жерленген.
Енді осыған қарсы мысал:

Ылғи құрмет төрінде
Жүрген сұлу әйел болды менің туған жерімде.
Сүйген жары Отан қорғау соғысына кеткеннен
Оралмаған, арман, сенім қалдырып тек өткеннен.
Өмір, шіркін, адалдардың ниетіне қарзай ма,
Бесіктегі тұңғыш ұлмен жалғыз қалу онай ма?
Ой, заман-ай, он тоғызға жаңа шыққан шағыңда

Соғыс бітті, тәтті үмітін айналдырып сағымға,
Күйеуінің айкындалмай не тірісі, өлгені,
Жалғыз демеу еткені тек — кара қағаз келмеді,
Сезімнен сенім қашса — үмітіннің семгені.
Ешкім жеңе алмағанды жеңгені,
Ешкім сене алмағанға сенгені —
Қайсар талғам иеленген аламдардың өрнегі.

«Сұлу, сұлу дегендердің көпшілігі көңілшек».
Атанса да ол ауылдағы ең өдемі келіншек.
Күздің мұңлы жаңбырындай көңілден мұң төксе де,
Өр түні бір жылға татып, дөңбекшумен өтсе де,
Күте-күте күтуді де мамандық қып алғандай,
Күн мен бүлгітан өзге ешкімді мойындамас заңғардай,
Өзі құдай сүйген жанға теңестіретін күш таппай,
Бір еркекті жақындатып, білегінен ұстатпай,
Төзім жоқта сұю жоғын дәлел етіп сезімге,
Тіршілікпен қош айтысты ол кемпір болған кезінде.

Өжет-қайсар естелігі өткен жойқын ғасырдың
Сол дара әйел анасы елі менің жақын досымның.
Әне, талғам күдіреті және оған беріктік...
Біз ғашықсыз сезімдердің шаттығынан зеріктік.
Намыс түгіл ар мен ұят сатылар бұл заманда —
Өр талғамдар жойыла ма, бастар сара қаламға?
Бір-бірі үшін өлімге де бас тігетін аянбай,
Шын ғашықтар кездеспей ме Қозы Көрпеш — Баяндай?

Талғам күшін амалсыздан тек үмітке нанғыздық...
Рух, сана жалғыздығы — ең азапты жалғыздық.
Ері өрлер заңғар шынға ілеспеу не тырыспау,
(Тырыспаудың бас себебі: рух-тауда туыспау!)
Дәл осыдан басталады ұғыспау мен шығыспау,
Шығыспаған түйсіктердің тағдыр-талқы кұныстау,
1+1 — ғұмыр заңы, заңға сыймас талғам бар,
Өр талғамның жолында өлді небір шырқау армандар.

Аруларда азап нұрын болашақтан күткен аз,
Содан көзі тірісінде бақытты акын тігген аз.
Дара талғам... Ол да қайғы... тең күш аңсап алаңдау,
Мың әйелдің арасынан өз сыңарын таба алмау.

Және мұнын өкініші жанды қалай ортемес?
Әр тағдырға оны ұғынар кезең келер ерте-кеш...
.....
Пушкин, Абай тектестердің жылағаны жылаған,
Рух, сана биігінен қол созғанша бір адам.

УАҚЫТША ЖЕҢІСТЕР

Икрам Адырбековке

Ғасыр буаз болмаса да әділдікке желіндеп,
Қай кезде де Жеңіс данқы екі топқа бөлінбек:
«МӘҢГІ ЖЕҢІС» және «БАРЛЫҚ УАҚЫТША ЖЕҢІСТЕР».
Күш жоқ осы заңдылықты тайдыра алар өрістен.
Уақытша жеңістердің уақытша бағы бар,
Бар тіршілік кейде тіпті уақытшаға бағынар,
Жеңімпаздың мойнына алтын алқа тағылар,
Жағымпаздар жамыраса теңеу таппай сабылар.
Өркез бұған елікпейтін қайсар тұлға табылар,
Сол тұлғаны «түзеу» үшін уақытшалар жабылар...

Дантес «жеңдім» деп ойлады Пушкинді атып құлатып,
Бірақ оңбай жеңілгенін дәлелдеді уақыт.
Оразбайлар «жеңдік» деді Абайды ұрып, сұлатып,
Олардың да ұтылғанын әйгіледі уақыт.
Қарсыластар қыдышынан өр Махамбет өлді де,
Нәтижеде, қара күштер ұлы ақынды жеңді ме?
Жан шындығы қамалғанмен зұлымдықтың торында,
МӘҢГІ ЖЕҢІС қалып қойды Махамбеттің қолында!

Шыншыл, асау тағдырым бар пенделікпен тебіскен,
Сақта, Құдай, мені барлық уақытша жеңістен.
Кеңейтуге жол ашпаса әділдіктің өрісін,
Уақытша билік пен данқ неге қажет мен үшін?
Бір бақшала өссін, мейлі, Бәйтерек пен Асқабак,
Менің бағым — Асқабакты күндемейтін басқа бақ.
Менің бағым — елдік, ұлттық мүддеменен өрілген,
Сондықтан да ұлтпен бірге өлу данқы берілген...

Рухсызға жеңіс жолы тым оңай боп көрінбек,
Бәлкім, маған тас атқанның бәрі ертең жеңілмек...

Бұл ізгілік ағыс күшін ұқпаған бар, ұққан бар,
Ал ұққандар, негізінен, пенделігін жыққандар.
Пенделігін жыққан жандар — Рух тауға шыққандар,
Оларға риза Махамбеттер, Абай, Мағжан, Мұхтарлар.

БӨДЕНЕ ТАЛАНТТАР МЕН ҚАЖЫМҰҚАНДАР

Өмірге даналыққа тамыр жіберген
дара дарынды адам келгенін қалай білуге
болады? Түк тө қиындығы жоқ. Кілең
орташа қабілет иелері мен жүн бастар сол
адамға қарсы ұйымдасқан түрде күрес
аша бастайды.

Джонатан СВИФТ

Шағын өлеңге екі ұзақ түсініктеме:

I

Сол кезгі нән тракторды екі артқы дөңселегінен көтеріп,
жүргізбей қоятын, 15—20 еркек жабылып майыстыра ал-
майтын ұзынша жуан темірді мойнына галстук етіп орай
салатын, күш өрісін әлі күнге дейін бірде-бір қазақ қайталай
алмаған, құлагер рухты баламыздың ұлы палуаны Қажымұ-
қан біздің үйге келгенде, әкем өзінің бес жасар перзентіне,
яғни маған сауын етіп отырған жалғыз ешкіні атып ұрып,
ауыл қарияларын түгел жинап, қонақасы берді.

Тым ерке әрі теңтектеу болғандықтан ба, торде жамбас-
тап жатқан, 215 килолық «тау адам» — Қажымұқанның
үстіне шығып сырғанақ ойнағаным есімде. Сонда бетінен оты
шыға ұялып, «Түс, ойбай, мұның не?» — деп ренжіген анама
Қажекең «Баланың батыл қиялына тосқауыл болмалық» деп,
менің қимыл-харекетімді денесіне шыбын қосқан құраы көрмей,
кеңк-кеңк күліп, ауыл қарияларымен әңгімесін жалғай бергені
санамда тасқа басылғандай жазылып қалыпты.

Кешкілік Қажымұқанды шығарып салған соң, әкем анама
ризалықпен бұрылып: «Басқа әйел болса, жалғыз ұлға тал-
шық етіп отырған ешкіні сойғаның қалай?» — деп қарсыла-
сар еді. Кез келген пенде айта алатын сол сөздің сенің аузың-
нан шықпағанына бақыттымын. Елдегі ізгі даралықты мо-
йындамаған адамның бәрі де өз ұлтының өсуіне кедергі
келтіреді», — деді.

И.РБ
23748-2



II

Бөдене — орташа салмағы 80—100 грамм тартатын, еті тәтті, үні де құлаққа жағымды құс. Адам баласы бұл жәндіктің жұмыртқасын да әуес ас санайды. Әйтсе де бөдененің етін, жұмыртқасын жеп жари қоймайсың, үнін тыңдап та құмарыңнан шыға алмайсың. Сондықтан да бөдененің аты — бөдене, оны шағын мүмкіндік көзі, шағын қабілет иесі деп бағалауға болар.

Қажымұқан-талант деп кімді айтамыз? Әрине, олар өте сирек, анда-санда жолығатын құбылыс, кей салаларда мүлде жоқ... Бір ғана мысал келтірейін: Талдықорған қаласына жақын маңда Нұрмолда Алдабергенов деген шаруашылық басшысы еңбек етті. Ол өткен ғасырдың 50—60-жылдары ең артта қалған колхозды республикадағы ең үлгілі шаруашылық деңгейіне көтерді. Сол кезгі бірде-бір шаруашылықтың өңі түгіл түсіне кірмеген екі қабатты үйлер, сәулетті мәдениет ошағын, екі қатарлы жол салдырды. Шет елдерге шыққан сапарларында Қазақстанда мүлдем өспейтін жеміс ағаштары мен өзгеше шешек ататын гүлдердің 39 көшетін ерінбей-жалықпай туған аулына әкеліп отырғызды. Елдік рухқа, ұлттық мүддеге жақын жүргендіктен Сәбит Мұқановпен, Бауыржан Момышұлымен, басқа да әдебиет, өнер қайраткерлерімен сырлас, дос болды. Ең кереметі осы бір ізденгіш адам қашанда өзгенің еңбегін бағалауға бейім тұрды. Басқалар болса «бір ауылға бір Еңбек ері жетпей ме, өзім бармын ғой» дер еді. Ол өзі басқарған шаруашылықтан 20-ға тарта Социалистік Еңбек ерін баулып, даңқ биігіне көтерді. Кейбір қызғаншақтар кең тынысты Қажымұқан дарынның өрелі істерін теріс бұрмалап, ұлтымызда қалыптасқан «дәстүр» бойынша КОКП Орталық комитетінің Бас хатшысы Н.Хрущевке хат жолдап, дау тудырып еді, ол тағы да ең артта қалған шаруашылыққа барып, оны да аз уақытта алдыңғы қатарға сүйреп шығарды.

Міне, шаруашылықтағы Қажымұқан — талант. Бірақ қазіргі билік қоғамда өте сирек ұшырасатын Қажымұқан дарындардың ел арасында ерекше бедел жинап кетуінен қауіптеніп, оларды бөдене таланттардан төмен ұстаудың, қажет кезінде алаяқтарға жығып берудің сан түрлі жолдарын меңгеруде өзгеше қабілеттілік танытты.

Ертелі-кеш ұлылыққа ауганымен аңсары,
Біздің қоғам ергежейлі дарындардан шаршады...

.....
Япырай, бұл не, ұлтымыз алыптықтан суынғаны ма?
Жүз қырық жылдай өтсе де Қажымұқанның туғанына,
Күллі қазақ өйелдері жыл сайын жабыла толғатқаныменен,
Намысын өр кеуде еркек қуаттарға қорғатқаныменен,
Әкеле алмаған соң өмірге жойқын күш — жаңа Қажымұқанды,
Өр өйелдің өз күйеуіне өкпе қыжылы, назы тұтанды.
Әркім жеп-жеңіл, жеке салмағында чемпион атанса, бітті ме?
Иландырмас мені қырық килолық «бөдене» палуандар тіпті де...
Қажымұқан рухын иелентен далаға етуде бүгін иелік
Қанша мың бөдене бастықтар бөдене ойларға сүйеніп.
Материалды байлық тарландарын ғана күдірет, арыс көретін,
Перзентін бабасының тілінде оқытуды намыс көретін,
Тек өз қалтасына ғана лақылдап құйылар кірісті білген,
Шаршала халқымыз қуыршақ әкімдер мен министрлерден.

Қуыршақ заңгер, полиция, кәсіпкерлер қаптап келеді,
Ұлтына мұрнын шүйіріп, әдебиетін, тілін таптап келеді.
Тұйықтан шығар жол іздер жігері, санасы жалындап ерек,
Өр салада бізге дарабоз Қажымұқан дарындар керек.

Ергежейлі бөдене таланттар, жоқ сендерде болашақ таңы,
Қайдағын Қажымұқан шаруашылықтағы, ғылым мен саясаттағы?
Тұлпар туған биені біздің ұлтымыз ешқашан соймаған,
Осы дара дәстүрде мазмұн бар тереңге басқаша бойлаған,
Қажымұқандық жоқ, қарадан ақ бөлініп сараланбайынша,
Қоғамда тұлпар ой туғызар еркектер бағаланбайынша.

Шыншықтың әрбір ісіне жалғандық сақылдап күліп тұрғанда,
Бөдене ойлар тақымдап, билігі бар жерде жүріп тұрғанда,
Шықпас деп қазір кім айтар қайсар қанаттылар халықтан жерек?!
Рухтың табанындағы шөнгені алатын,
Жабайы капитализмді де жөнге салатын,
Қоянның көжегіне ұксас ергежейлі қалыптан бөлек,
Қоғамға бүгін Қажымұқан қуатты дарындар, алыптар керек!..
Қажымұқандарсыз түзету мүмкін бе қазіргі сұрқай жағдайды?
Қажымұқандарын қолдамаған халық биікке шырқай алмайды!

ҰЛЫЛАР МЕН ОРТАШАЛАР

(«Жазагер жады космоформуласы» атты романнан)

Әбіш Кекілбаевқа

...Міне, қызық, ылғи бойын зорайтқан соң күліп алдан.
Пайымсыз жұрт орташаны биік қойған ұлылардан.
Ұлылардың осал жерін орташалар біліп алған,
Ұлы ойлардың иығына орташа ойлар мініп алған.
Сан алқалы жиындарда орташалар той бастаған,
Хас тұлпардың даңқын бөгеіп, орташа аттар ойқастаған.
Мынау марғау дәуірдің де орташалар — сүйенері,
Биліктегі бастың көбі — орташа ақыл иелері.
Техникалық түйсігі мен қарынының қаламы бір,
Ұлы Рухын сыртқа тепкен орташа ойдың заманы бұл.
Шулы нарық базарына ене алмастан Ұят қалып,
Семіз Байлық шіренеді жер кіндігі сияқтанып.
Ғасыр арсыз болған соң ба, Ұят, Намыс жүр киімсіз,
Ал Рухты жалаңаштау қоғам үшін тым тиімсіз.
Жалаң аяқ қалай жүрмек, жолда сансыз шеге жатыр,
Неге оған болыспайды, қайсар сана, кемел ақыл?
Ағатай, сөз сақтаналық, рухсыз күш неге батыл?
Баспен емес, қарынымен ойлайтын топ келе жатыр.

АЙБЕРГЕНОВ ШЫҢЫ

Бәйшешектің гүмырындай тағдыр кешкен мәрт батыр,
Өлеңінде ешбір ғасыр өшіре алмас өрт жатыр,
Намысыңды дәуіріңе еткізбедің қақпақыл.
Міне, содан, ұлтымызды рухсыздан күзетіп,
Сенің жырың шекарада әлі күнге сапта тұр.

Пайымдаймын, мойындаймын, сен — данасың, мен — бала,
Ұлтына кім жақын, алыс, айқындайтын ел ғана,
Он том өлең жазғандарды кетті ұмытып кең дала.
Бірақ шағын он өлеңмен он миллион қазақты
Толғандырған, таң қалдырған Махамбет пен Сен ғана.

Адамдықсыз ақындық жоқ, тырмыссаң да жан сала,
Жомарттықсыз тағы алысқа шабамын деп шаршама,
Батырлығың қанша болса, ақындығың соншама.

Тіпті өзінді сыйдырмаған данқтың тар төріне,
Мені бірге ап шықкың кеп арпалыстың қаншама.

Заманының ыңғайына жүрмей кеткен іңкәрім,
Саф өнерде қызғанышты білмей өткен іңкәрім,
Иығына бүтін бешпет ілмей кеткен іңкәрім,
Жер астынан сөлем жолдап жатырсың сен күн сайын,
Қазағымның маңдайына сыймай кеткен сұңқарым.

Не жаксылық болса, алдымен елге болсын дегенсін,
Сондықтан да сенің данқын, сенін салтын көгерсін.
Сайын далаң жырынды еске ап, күлкісін сәл шегерсін.
Әр жүректе бұтқа оранған қасиетті бір шын бар:
Ол — ақындық мәрттік шыны, Айбергенов деген шын...

.....
Ұлт рухы — қай кезде де қанаттыға астана,
Айбергенов шыңын көрсең, атынан түс, жас бала!

ҚАЛДАЯҚОВ ӨЗЕНІ

Бар қазақты тамсандырған,
Таңнан-таңға өн салдырған,
Өзін өнмен қарсы алдырған Шәмші едің.
Зорсыңғанның көбісі құры сүлде,
Ешкім көзі тірісінде
Өн көгінен дәл өзіндей таба алған жоқ нар сенім,
Қандай құпия кереметін бар сенін?!!

Ұлылыққа еліктегіш отсыз, нәрсіз көздер көп,
Біреулер жүр саусағының көмегімен сазгер боп.
Ал сен ұлы жүрегіңмен,
Пейіліңмен, тілегіңмен,
Күллі тамыр тірегіңмен
Дарын едің алдыңа жан салмаған,
Ұлт сезімін аркалаудан талмаған.
Отырардың еңкеймеген рухын
Әр қазаққа өн арқылы жалғаған.

Бәлкім, содан маңдайыңның қасіреті тым қалың,
Пенделік пен кенделікті көп көрсең де, сынбадың.

Заманыңда ұшырсаң да өннің небір сұңқарын,
Тіпті сазгер қоғамына мүше болмай кеттін-ау,
Ерлік шығар сондай сәтте еңкейместен тұрғаның?!
Өкпелеме қазағыңа, өкпелеме, інкәрім.

Жігітін бір жарқыны едін,
Дәуірдің сом алтыны едін,
Едің және арайы.
Бірақ сенен әлдесайда қымбатқа
Бағаланды қалайы,
Солай көшкен бұл даладан ұлылардың талайы.

Мына шақта, ізгіліктің тауы тозған кезеңде,
Қырандардан қораздар мен тауық озған кезеңде,
Хас тұлпарды топ жабағы
Қалың шаңға жауып озған кезеңде,
Айналдың сен енді ешкім бөгей алмас өзенге.

Енді саған өшпес, өлмес атак-даңқтың кезегі
Келгендігін досың түгіл, қастарың да сезеді.
Кеш болса да жалырап ақ, еркелеп ақ еліңе,
Ұлтымыздың ұлы өзені — Қалдаяқов өзені.

НАУРЫЗДЫҢ ОРАЛУЫ НЕМЕСЕ ҮШ АНЫҚТАМАҒА БАЙЛАНҒАН ӨЛЕҢ

1988-жыл мен үшін рухани жеңіс жылы. Республикамыздың жаңа басшысы Г.В.Колбинмен және бір топ өз ұлтымыздың нигилистерімен өткен мылтықсыз шайқаста асығым ашысынан түсті. Қазақстанда 1926-жылдан бастап наурыз мерекесін ресми түрде тойлауға тыйым салынғаны, сонда да бұл мейрамды жыл сайын көне көз қарттары бар үйлер өзінше атап өтіп келгені белгілі. «Наурыз — ислам дінінің қалдығы» деген сыңаржак пікірді малданып көлденең тұрмақ болғандар жеңілді. Наурызды мемлекеттік деңгейде тойлау туралы менің ұсыныс-хатымды Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Бюро мүшелерінен тек екі адам — Н.Назарбаев пен Ө.Жәнібеков қана қолдады. Г.В.Колбинмен болған екі дүркін ұзақ әңгімеден соң Наурыз мерекесін сол 1988-

жылы (22-наурыздан кешігіп қалғандықтан) 22-сәуірден бастап Алматы қаласында, Алматы облысының Еңбекші-қазақ, Жамбыл аудандарында ресми түрде тойлауға рұқсат алдым.

1986-жылғы Желтоқсан көтерілісінен кейін тиісті орындармен алдын-ала келісілген жиындар, той-томалақтар болмаса, 7—8 адамнан артық топ құрып әңгімелесуге жасырын түрде тыйым салынған-ды. (Мәселен, қауіпсіздік комитетінің өкілі Жазушылар одағы мен «Жалын» журналына мұны арнайы келіп ескертті). Наурызды атап өтуге Алматыдағы М.Горький атындағы демалыс паркіне 100 мыңнан астам халық бас қосты. Бір-бірін құттықтап, көзіне жас алған адамдарда есеп жоқ. Қазір ойлап қарасам, 1988-жылдың көктемі менің және сол кезгі рухтас-замандастарымның ең бір сәулелі сәттері екен-ау.

Бірақ сол Алматы қаласында басталған алғашқы Наурызға қалалық атқару комитеті төрағасының мәдениет саласын жүргізетін орынбасары Жібек Әмірхановадан өзге биік деңгейдегі бірде-бір басшы қатыстырылмады. 21-сәуір күні кешке Қалабинді мерекеге шақыруға барғанымда, ол «ертең Бюро өткізетін едік» деп сылтауратқан. Наурыз тойын Жібек ашып, мен қызулана сөйлеп, өлеңімді оқып біткенім сол еді, біреу құлағыма: «Сіздерді Қалабин келіп, тыңдап тұр», — деп сыбырлады. Жалма-жан Жібек екеуміз қасына барып: «Мұныңыз не, мінбеге көтеріліңіз, жұртқа тілек айтыңыз», — деп едік, «Өткізе беріңдер, бәрі дұрыс сияқты», — деді де жүріп кетті. Байқауымша, мереке қандай сипат алады деп қауіптенсе керек... Нақ сол жылы бір шаруашылықтан екінші шаруашылық, бір мекемеден екінші мекеме іліп әкетіп, еліміздің ең көне мейрамы қыркүйек айына дейін тойланды. Келесі жылы Наурыз мерекесін біздің бастамамызды басшылыққа алған Орта Азия республикалары жалғастырды.

Әрине, ол тұста қазақ тілі — мемлекеттік тіл емес. Президент әкімшілігі мұрағатының бұрынғы меңгерушісі Людмила Дегитаева тауып берген, Кеңестік дәуір талабына сай орыс тіліндегі (бүгінде тарихқа айналған) мына екі құжаттан да және асығыс түрде жазылып, М.Горький паркінде оқылған шағын өлеңнен де, дәл қазіргідей рухсыздық әлі заңдастырылмаған сол үрікпелі, үмітке толы кезеңнің қайсар құлшынысын аңғару қиын емес.

15-сәуір, 2006 ж.

Первому секретарю
ЦК КП Казахстана
тов. Колбину Г.В.

...У меня есть конкретное предложение.

У казахского народа существуют свои традиции, свои праздники. Одним из таких праздников являлся «Наурыз». Заимствованное из фарси, это понятие постепенно стало символизировать приход весны, пору обновления жизни. «Наурыз» массово праздновался каждый год, начиная с 22-марта. В этот день выравнивается продолжительность дня и ночи. Мы, поколение послевоенной поры, стали едва ли не последними свидетелями этого торжества. Помню, как мы в детстве вместе со взрослыми встречали это красочное зрелище. Пеклись лакомства, различные блюда из проса, пшеницы. Это была выставка народной кухни. Мужчины с лопатами, кетменями выходили чистить арыки, сажали деревья. Одним словом, был подлинным праздником труда, в котором никто не оставался равнодушным.

В Азербайджане и Таджикистане этот праздник отмечается по сей день. Он способствовал бы усилению экологического воспитания среди населения. В этот день можно каждому посадить по дереву в своем дворе, улице, селе или городе. Недавно мне пришлось говорить об этом на страницах газеты «Ленинчил жас», выступая по «Прямому телефону» редакции. Судя по откликам, высказанная мысль нашла поддержку у общественности.

Думается, что эту добрую традицию необходимо возродить как народный праздник, который стал бы таким же массовым, красочным, жизнерадостным, как праздник «Русская зима», «Сабантуй» в Поволжье... Следует заметить, что такого рода мероприятия не требуют выделения средств, лишь нужно должное внимание и чуткость со стороны местных партийных, советских и комсомольских органов.

Хочется надеяться, что это предложение найдет Вашу поддержку и понимание.

С уважением,
Секретарь правления Союза писателей Казахстана,
главный редактор журнала «Жалын»,
председатель общественного комитета
по проблемам Арала и Балхаша

М. ШАХАНОВ
27 февраля 1986 г.

ЦК КОМПАРТИИ КАЗАХСТАНА

О письме т. Шаханова М.

Письмо т. Шаханова М. о возрождении праздника «Наурыз» рассмотрено в отделах пропаганды и агитации, организационно-партийной работы и культуры ЦК. Признано целесообразным развивать народные традиции праздника, имеющие место в Чимкентской, Кызыл-Ординской и других областях республики, наполнить его новым, современным содержанием. В ходе проведения мероприятий усилить экологическое воспитание населения.

По согласованию с партийными и советскими органами Чимкентской и Кызыл-Ординской областей элементы праздника «Наурыз» будут обрабатываться в отдельных районах этих областей в марте—апреле текущего года с последующим их распространением. Министерству культуры (т. Бибатырова Г.А.), творческим союзам республики поручено оказать методическую помощь местным органам культуры в разработке сценария и проведении праздника.

С автором письма состоялась беседа в Отделе пропаганды и агитации ЦК. Ответом он удовлетворен.

Просим письмо снять с контроля.

Заведующий Отделом
пропаганды и агитации
ЦК Компартии
Казахстана
А. УСТИНОВ

Заведующий Отделом
организационно-партийной
работы ЦК Компартии
Казахстана
О. ВИНОГРАДОВ

Заведующий Отделом
культуры ЦК
Компартии Казахстана
К. СМАИЛОВ

«23» марта 1988 года,
№ — 1 21.03.88 г.

уч. № 3/197 исп. В. Махин

Қанша ғасыр сен берген даламызға
Өзгеше бір әні едің байтақ елдің.
Сәлем, Наурыз!
Сен біздің арамызға
Алпыс екі жылдан соң қайта келдің.

Сен ең көне жырысың санамыздың,
Рухи шаттығымысың тасып толған.
Сені тойлап, бабасы бабамыздың
Әжемнің әжесіне ғашық болған.

Сен бүгін арнасысың дара күйдің,
Сен пейілдің төрінен күлімдейсін.
Сен менің ұлы бабам Фарабидің
Кешігіп елге жеткен үніндейсін.

Басыңды көтер қане күн қақтаған,
Сен енді басқа айқайға бұрылмайсың.
Тымырсық, тылсым жылдар тыңдигпаған
Сен бізге Шәкәрімнің жырындайсың.

Ғасырды көктеп өтіп сұңқар сезім.
Немерем тік көтеріп уақыт туын,
Ғашығына арнаған інкәр сөзін
Өзіңнің тойыңда айтса, бақыттымын!

ЖЕТІНШІ ТҮЙСІК

(«Жазагер жады космоформуласы» атты романдан)

Үйленіп отау көтердің, мінеки, сен де, бала қаз,
Тірліктен, бірақ, жарқыным, үйленбей кеткен адам аз.
Сен түтіл қасқыр қасқырмен, маймыл мен маймыл жұптасқан,
Өз теңін ташқан соң ғана адымын олар нық басқан.

Ойың мен ісін — жанғырық, кейде оған түйсік жетпейді,
Әйел ая, бала тудыру ақылды қажет етпейді.
Күнделік құмар сезімді өрілгені үшін отпенен,
Шатастырып алдык, құдай-ау, біртуар махаббатпенен.

Алдану, сірә, түк емес, бұлтасыз, бұлтсыз шақта да,
Үйлену деген, қарағым, алғашқы баспалдақ қана.
Ата-аная, үрім-бұтағың, бәрі де сені тұр қолдап,
Бастысы — сұлу жұбайың өзіңе ертең кім болмақ?

Махаббат — қайсар заңғар шын, кез келген өрлей алмаған.
Он мыңнан, бәлкім, екі адам үмітін зорға жалғаған.
Содан гой, сансыз кеудені жалғыздық дерті торлаған,
Қаншама заңғар тұлғалар қанатсыз жардан сорлаған.

Тұрмыстың түрлі сынынан сүрінбей өтті десе де,
Жұбайың досың бола ма?

Міне, бұл — басты мәселе.

Не бермек тәннің одағы?

Жаныңа жаны қосылмау —

Бұл — нағыз бедеу қасірет, қосылмау деген — ашылмау!

Гүл болып ашылмағанның тілегін кім бар жақтаған?

Рухы қосылмағанның сезімі шаттық таппаған.

Рухы қосылмағандар — жалынсыз, сәнсіз, жақұтсыз,

Сондықтан мына жалғанда скеудің бірі — бакытсыз.

Сондықтан махаббаттың да сырт санын құрайтындар көп,

Жай көзге күліп жүргенмен, жасырын жылайтындар көп.

Тағдырдан қашу мүмкін бе, жүрсен де қандай жолменен,

Бір мәнді сұрақ алдында тұрады ылғи көлденең:

«Жұбайың досың болды ма самғатқан сенім шырайың,

Нақ сондай ұлы бакытты берді ме саған құлайым?

Ойнай ма оның көзінде сезім мен рух жарқылы,

Ұға ма ол шаттық-мұңынды жетінші түйсік арқылы?»

Ұқпаса... ісін секілді дауылда мұзға жаққан от,

Рухани терең түйсіну жоқ кезде махаббат та жоқ.

ТӨРТ АНА

(«Өркениеттің адасуы» атты романнан)

Тағдырыңды тамырсыздық індетінен қалқала,
Мазмұн жоқта мазмұнсыздық шыға келер ортаға.

Әр адамда өз анасынан басқа да,

Ғұмырына егер мәңгі астана,

Демеп жүрер, жебеп жүрер арқала,

Болу керек күдіретті төрт ана:

ТУҒАН ЖЕРІ — түп қазығы, айбыны,

ТУҒАН ТІЛІ — мәңгі өнеге айдыны,

ЖАН БАЙЛЫҒЫ, САЛТ-ДӘСТҮРІ — тірегі,

Қадамына шуақ шаңдар үнемі,

Және ТУҒАН ТАРИХЫ.

Еске алуға каншама
Ауыр өрі қасіретгі болса да.

Күдірет жоқ төрт анаға тең келер,
Онсыз санаң қаңбаққа ұқсап сенделер.
Өзге ананың ұлылығын танымас,
Төрт анасын менсінбеген пенделер.
Төрт анадан сенім таба алмаған
Тамырсыздың басы қайда қалмаған?!
Төрт анасын сыйламаған халықтың
Ешқашан да бақ жұлдызы жанбаған.

Қасиетті бұл төрт ана — тағдырының тынысы,
Төрт ана үшін болған күрес — күрестердің ұлысы!

ТЖ-лар НЕМЕСЕ ЖАҒЫМПАЗДЫҚТЫҢ ҰЖЫМДЫҚ ӨРІСІ

*Жер жер боп жаралғалы жағымпаздық та Адам ата —
Хауа ана ұрпағының, яғни оның ішкі есебінің жасырын құра-
лы ретінде ғұмыр кешіп келді. Өткен ғасырда Сталинге көзсіз
табыну, Хрущев төңірегінде шетсіз-шексіз қолпақтаулар
қоғам мінезін елеулі өзгеріске ұшыратты. Ал Брежнев дәуірінде
жағымпаздық ұжымдық сипаттың жаңа белесіне көтерілді.
Мәселен, Киевте Украина КСР-іне «Халықтар достығы»
орденін тапсыру салтанатында Л.И.Брежневтің сөйлеген
сөзіне 35 рет қол шапалақтаған екен. 1974-жылы 15-нау-
рызда КОКП Орталық комитеті Бас хатшысының Қазақ-
станға келіп тың және тыңайған жерлерді игерудің 20 жыл-
дығына арналған мәжілісте сөз сөйлейтіні белгілі болды. Сол
тұстағы Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің
идеология хатшысы С.Имашев осы мәселені жолға қоюға
ікемді қызметкерлерді жинап, қайткен күнде де Бас хат-
шыға деген ел «құрметін» Украинадан ең кемі екі есе асыра
орындау туралы тапсырма береді. Нәтижесінде қазақстан-
дықтар Брежневтің сөзіне 73 рет, яғни, әр сөйлем сайын,
кей жерінде тіпті жарты сөйлем сайын ду қол шапалақтау
ұйымдастырады. Егер Гиннестің кітабында жағымпаздық
жайлы бөлім болғанда, сөз жоқ, осы оқиға әлемдік деңгейдегі*

жаңа рекорд ретінде тіркелер еді. Бешпентінің иық тұсынан төменгі қалтасына дейінгі аралықты түгел алтын жүздіктер мен ордендер көмкерген, жағымпаздықтың уытына шексіз мас болған бала көңіл Брежневтің «Қазақстан меня любит» деп кемсеңдеп, көзіне жас алғанын сол жиынға қатысқандар әлі ұмыта қойған жоқ.

2005-жылы республикамызда өткен бүкілхалықтық науқан кезінде қызылды-жасылды киінген, қолына жалау ұстаған, қажет кезінде алақаны қызарғанша қол соғатын, даусы қарлыққанша ұрандайтын, арнайы тапсырманы ынта-шын-тасымен көзсіз орындауға бейім сан мыңдаған студент жастарды теледидардан көргенімде, көңілімді мұң тұманы шарпыды. Биліктегілер руханиятқа тамыр жібере алмай қалған жас қауым арқылы ұжымдық жағымпаздандудың бұрын-соңды кезікпеген мүлде жаңа қырларын іске қасты.

*«Іскер көзбен қарағанда мұның өзі дұрыс та,
Цирктерде қарт маймылдар тартылмайды жұмысқа.
Ал жас маймыл бағымыпаз, тәрбиеге тез көнер,
Үйретіп ап басқара бер ымымен ақи сөзбенеп,
«Ауна!» — десең, аунайды олар, «Тұр!» — деп бұйыр, тұрады!
Бағымыштың балмау керек өз пікірі, құлағы,
Өз пікірі жоқтың ғана билікке жоқ сұрағы...»*

Жастар арасында нарық ғасырының рухсыздығы күннен-күнге кең қанат жайып бара жатқанын қауіпті құбылыс ретінде мойындамасақ, келешекте үлкен ұтылысқа түсеріміз хақ.

І

Жағымпаздық — бұл заманда басты өнер,
Шындық оған бола алмай жүр тас кемер.
Қазіргі бақ кайсар рухты ерлі емес,
Арын сатқан жағымпазды ескерер.
Дәуірдің де данқы солар төс керер,
Оны ойласаң, жанарына жас келер.

Кеудесінде жалғандықтың мұзы бар,
Қажет кезде мұз үстінде қызынар,
Басшы алдында жас келіндей сызылар,
Кілең табан жалағыштар — ТЖ-лар.
Оларды ертең адалдықтың тұзы ұрар.

ТЖ-ларға егер бөгет қоймасак,
Ұлтымыздын ауа райы бұзылар.

Ей, қарт ТЖ, қамқорсынып тасыма,
Қарасаңшы сакалыңа, шашыңа,
Ел сенімін ақтағаның осы ма?
Атаңғанша жалғандықпен ашына,

Беделіңді намысыңмен асыра,
Күлкі болдың қасың түгіл досыңа.
Биліктің лас көн етігін тіліңмен
Жалайтындай не күн туды басыңа?

Оң мен солым сансыз ТЖ, күлем бе,
ТЖ-ларын көтерген даңқ-кілемге
Әлде қарғыс тиді ме екен бұл елге?
Тек күні үшін жалбан қағып иілген
Пәс кеудеге асқақ рух түнер ме?
Самал қажет індет бұлтын түрерге.
Жағымпазын тау санаған,
Шыншыл ұлын жау санаған ұлттың
Мүмкіндігі аз мазмұнды өмір сүрерге...

.....
Мінезсіз ұлт айналмайды ұлы елге.

II

— Жан шындығын жоғалтып ап сорлағандар қаншама,
Сөйтіп, өзін-өзі аямай қорлағандар қаншама?
Жағымпаздық біздің ұлттың тағдырын күрт өзгертті,
Өтірікке қанша сенсең, қасіретің де соншама.
Қайда апарып соғар екен бұл індеттің акыры? —
Деп мұңайды бірде маған қарт түрікмен акыны.

Иә, шындығын жоғалтқандар айналада жүр қаптап,
Мансабы үшін, не күні үшін оңға, солға сырғақтап.
Қаскыр мінез заманынан түлкі болып жеңілген,
Токсанды асқан жағымпаз қарт қоштасқанда өмірмен
Қаншама адам мақтау айтты:

«Ізгі жан бұл не деген,
Өзгелердей қикар, асау мінезі жоқ тебеген.
Атқа қонған мықтыларды жылы сөзбен жебеген,
Тірлігінде бір пендеге «өкшен қисық» демеген...»

— Біреулердің нақ осылай шатасарын біліп ем, —
Делі Шындық екінші бір қайсар ақын үнімен. —
Жалғандыққа өр мінезін шекара ғып кімде-кім
Қоя алмаса — ұтылғаны, ұқпауы бас міндетін.
Жұртты қалай тоқтатпақпыз өділетсіз бағадан?
Қазіргі ен қадірлі қарт — өз пікірі жоқ адам.
Ешкімнің де көңлін жықпай, бас изеумен есейген,
Елді аздырып біткен жоқ па осы «жалпақ шешейлер?»
Ақ пен қара шайқасында зорлық жеңсе арлыны,
Өділетсіз — үнсіз бұғып қалғандардың барлығы.
Жағымпаздық — жүкпалы ауру, қан мен ойға таралған,
Бұл бейдауа қасіреттең ұлтты қорғау — зор арман...

ӨМІР-ТЕМІРДІҢ СОҢҒЫ ӨСИЕТІ

(«Өркениеттің адасуы» атты романдан)

Күш пен ақыл кімде мықты — соның даңқы ен үстем,
Қиып өтіп өзен-көлден,
Қия-шыңнан,
Еңістен,
Сырнайлатып,
Кернейлетіп Әмір-Темір әскері
Мәрмөр қала Самарқанға оралды зор жеңіспен.

Кешке таман түс-тұсынан сансыз жарық самсаған
Көк Сарайдың аясында шаттық қосты қанша адам.
Аққу мойын әсем әндер қалықтады төбеде,
Темірдің бұл жеңісі еді көптен күтіп, аңсаған.

Ой-сезімді айналдырып інжу-тізбек алқаға,
Қожа Хафиз шабыттанып жыр оқыды ортада.
Әмір-Темір канаттана,
Жырға балқып,
Шоктанып,
Арайланған жанарында шоктай қызу от жанып:
— Неткен асқақ сұлулық бұл,
Неткен жомарт сезім! — деп,
Қайта-қайта басын изеп, қолын соқты шаттанып.

Кенет біреу алға шығып бүрды өзіне жиынды,
Ханға карап қалбан қағып, бірнеше рет иілді:
— О, кеменгер қасиеттім, ұлылардың ұлысы,
Даңқымыздың көшбасшысы, күдіреті, тынысы,
Сізсіз күллі Азияның бітпек емес бір ісі,
Сізден асқан данышпан жоқ,
Егер біреу бар десе,
Оның өзі — Сіздегі ұлы парасаттын інісі.
Тіпті әлемде Сізбен қатар қоя алмаймыз ешкімді!
— Дұрыс!
— Шын сөз!
— Хан жасасын! — деген қоштау естілді.

— Қай кезде де сом алтынның қадірі жоқ қолдағы, —
Деп әлгі атам әңгімесін өрі қарай жалғады. —
Шын өнердің мәнін білер,
Сөздің сәнін, дәмін білер,
Талғамыңыз тағы мені таң қалдырды, алыбым,
Сізді барлап өлең сөздің күдіретін таныдым.
Өнегеніз ғасырлардан ғасырларға көшеді,
Өзіңіздей көсемі бар елдің бағы бес елі!

— Токта!
Доғар!
Сарапталық,
Сен бе, мен бе жетесіз?
Сөзбен арбап, мақтау жолын меңгеріпсің қатесіз.
Бір күшейсе, өткел бермес тоғышарлық індеті.
Әр адамның тірліктегі зор замани міндеті —
Саф өнерді ардақ тұту және терен түсіну.
Жан байлығын есетке алмау — босқа көкіп, ісіну,
Халқымыздың ұлы рухын, бедел-наркын түсіру.
Тек қарынға билік берсек мына ғалам не болмақ?
Онда ізгілік өзендері ақпай қалар табандап,
Қашыр озып,
Тұлпарлардың мерейі ақсап,
Шабандап,
Қарға біткен қаркылдасып, қырандарды жамандап,
Биік пенен аласаның шекарасы жоғалмақ,
Түс-тұсынан мақтау сөздер құлағанмен көшкін боп,

Әлі күнге жағымпазын жазалаған ешкім жоқ.
Диірменің айналған соң жалғандықтың желімен
Басқа арнаға түсіруге міндеттімін сені мен...

Сөз ойланып:

— Кімсің өзін, мақсатың не? — деді хан.

— Әрқашанда орын ашқан Сізге жүрек төрінен
Қорасанның хакімімін... Құттықтауға келіп ем...

— Жалған хакім, жалған таудың даңқы жермен теңессін.

Бар, қайта бер!

Қорасанға енді хакім емессің!

— Ұлағатты ұлы ханым, күн келбеттім, кеңісім,
Мұныңыз тым ауыр жаза болмас па екен мен үшін.
Шетке қағу — өзіңізге шын берілген хакімді
Тарылпай ма сіздегі ұлы жомарттықтың өрісін?

— Міне, міне, сын сағатта санаң қалай бұлтыңдар,
Қырдың қызыл түлкісін де алдап кетер тұрқың бар.
Жанарымды тұздай етіп,
Отпей жүрген қыздай етіп,
Көзсіз мақтап, беделімді асырдың-ау таудан да.
Сен жанымнан табылар ма ең бастан бағым ауғанда?
Ондай шақта жалт бұрылып кетеріңе дау бар ма!?
Малақ сөздер төбесінен қарша борап жауғанда,
Елікпейтін басшының тым аз боларын білесін,
Сондықтан сен қатерлісін жасырынған жаудан да.
Билік деген — қалың елдің көз қадайтын алаңы.
Мені жиі, жөнсіз мақтау салтқа айналып баралы.
Кейбір қулар шектен шығып тіпті теңеу таппауда.
Жалған жыршы, жалған ақын,
Желпи келіп жел қанатын,
Бұдан былай ерік берсе әділетсіз мақтауға,
Сол сәтінде-ақ бұйырамын қатал, ауыр жазаға!
Әділетті жаза барда ғаділетті ел аза ма?
Таразылар уақыт кейін, кім боркемік, кім мықты,
Тек әділ сын — ел тірегі,
Жалған мақтау өлтіреді
Әміршінің санасынан сығалаған шындықты.
Ал бұл жұртқа әкеледі қанша қайғы-қасірет.
Күнсыз етіп мерей көгін,

Жағымпаздың көбейгенін
Үгу керек туар жана қасіреттің басы деп.
Мың намыссыз жағымпаздан күлдық ұра құлаған
Артық маған қасқайып кеп шындықты айтқан бір адам.
Енді шындық менің мына билік құрған өлкемде
Ізгілікпен жұптасады,
Нық басады ертеңге, —
Деп өмірші жігер жүзген жанарында бак жанып,
Жанған бакпен шығып кетті қалың жұртты қак жарып.

Содан бері канша жапты сонау таудың басын кар.
Сан гүлденіп, сан қуарып,
Өмір-Темір даңқын алып,
Жұмыр жердің кеудесінен ұшты дүлей ғасырлар.

...Бас қолбасшы Самарқанның бас көшесі бойында
Ескерткіш боп биіктеп тұр, берілгендей пайымға,
Берілгендей уайымға,
Ғасырында есепсіз көп қан төккені жайында,
Бірақ ұлы бір мінезді салт еткені жайында...
Нән бәйтерек өлдене деп сыбырлайды кайыңға...
Ханның соңғы өсиеті,
Сөзге айналған қасиеті
Алты жүз жыл өткеннен соң, көне, кімнің ойында?

Бір жас жігіт мінбеде тұр (сырт көзге тым ақылды),
Қосатындай көңілменен алыс пенен жақынды
Қалбақтады, жалбақтады,
Арыстан ғып ардақтады,
Данышпан ғып салмақтады,
Ескерткішті орнатуға бұйрық берген хакімді.
...Сәлден кейін хакім оны өз қасына шақырды...

Нақ сол тұста оң қанаттан,
Парасаты самғап аққан,
Өзегінен гүл көктеген,
Темір аса құрметтеген,
Қожа Хафиз өлеңдері жанғырыға оқылды...

Ой салар деп сеніп едім талай жаңа кескінге,
Ұлы жырға бірақ назар аудармады ешкім де...
— ? ? ?

ЖАҢА ҚАЗАҚТАР НЕМЕСЕ РУХАНИ БАЙЛЫҚСЫЗ ДА
МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУҒА БОЛАДЫ ДЕП ОЙЛАЙТЫН
ЖАС БИЗНЕСМЕНГЕ ХАТ

Жаңа қазақ, шала қазақ, жас інім,
Алшысынан тұрды бүгін асығың.
Саған қарап ойландым да, жасыңдым.
Айырмаған азғыны мен асылың
Мына ғасыр, бәлкім, сенің ғасырың.

Мына ғасыр безбүйректеу — өр ғасыр,
Жүретінде сезім емес, қорғасын,
Шетке какты тұлпары мен жорғасын.
Қақпай қайтсін, бәрін сатып алуға
һәм сатуға мүмкіндігі болғасын.

Сенде қазір думан дәурен, масат күн,
Өзінді-өзін бар жауаптан босаттың,
Рухани байлыққа да тас аттың.
Аудандағы жалғыз кітап дүкенін
Сатып алып, сырахана жасаттың.

Тез ашылып саудагерлік дарының,
Таудан, тастан қайтпастай өр арының,
Саудаладың Алматының жарымын.
Ұлағатты ұлы қазақ елінде
Сатылмайтын байлықтар да бар, інім.

Жалғыз саған борыштыдай бар халық,
Топ ішінде ісіп-кеуіп, нарланып,
Кейкиесің қол беруге арланып.
Дегенмен біз сені туған ұлттың
Сатылмайтын қасиеттерін қорғадық.
Көз көп қазір сыртымыздан сын айтар,
Бөйтеректі мазақтаса құмай тал,
Ерден бұрын ел сенімін мұнайтар.
Бірақ бізге өз ұлтыңды өзгеден
Кем сүйесің деп, қанекі, кім айтар?

Асау даусы өр қиырдан естілген
Ағаң бізбіз, ерте есейіп, кеш күлген.

Аман қалған талай қарлы көшкіннен,
Уақыт артқан абырой мен беделі
Сұрап, сатып алынбаған ешкімнен.

Желтоқсанда құрық түсіп арманға,
Жас буынның өзегін өрт шалғанда,
Үнсіздігі айналып зор қорғанға,
Дәл бүгінгі батырлардың көбісі
Столына жасырынып қалғанда,

Найзағайлар жарқ-жүрқ ойнап аспанда,
Ұлтымызға ызғарлы үрей шашқанда,
Қыздарымыз қайсар мінез ашқанда,
Кей еркектер, құдай кара басқанда,
Ұқсағанда піштірілген қошқарға,
Қонаевтың жақсылығын көргендер
Қонаевты жалғыз тастап қашқанда,
Сахаровқа іні болып табысып,
Горбачевпен, Крючковпен қағысып,
Талай залым алпауытпен алысып,
Біз тіккенбіз басымызды бөйгеге
Бар қазақтың ар-намысын ап ұшып.
Ұлтымыздың әр мұңының басында,
Салт пен сана, тіл мен дәстүр қасында,
Арал зары шапқан кезде насырға,
Қорғаушы боп тағы да біз жүргенбіз
Мейірім қосып мейірімсіздеу ғасырға.

Тамырсыз жан жұрт мұңына саңырау
Деген пікір рас па еді, тәңір-ау?
Неге болдық рухсызға қоңырау?
Қандай қорлық, ағыл-тегіл дәулеттен
Дәулеттінің жан байлығын танымау?!

Дәстүріміз тұрса екен деп күшінде,
Егемен ел болуды аңсап түсінде,
Ұлы арманы запыран боп ішінде,
Сан ғасырлық ұлтымыздың шайқасы
Сендейлерді тайрандату үшін бе?!

Мұндай бакты көрдің бе екен түсінде,
Бүгін жұртты менсінбеген пішінде,

Шыға келдің айналып тас мүсінге,
Біздің қилы күресіміз кешегі
Сені атқа отырғызу үшін бе?!

Біздің дәуір нарықтан кеп табылды,
Бірақ нарық жүрмей жатып жаңылды.
Нақ сол тұста сынап қалдың бағынды.
Қоғам мүлкін заңдастыра жымқырып
Іс бастап ең, байлық сел боп ағылды.

Рухынан артық қойған қарынды
Шын безбұйрек болып шықтың алымды,
Нәтижеде жұрт қалтасы қағылды.
Ал өйтпесе мына үйлер, зауыттар
Қайдан тапқан дәулетіңе алынды?!
«Бөлінсе де сана төртке, ми үшке,
Нарық заңы солай, жөнсіз тиіспе!» —
Дейді біреу шығып алып мүйіске.
Сонда қалай, келейленіп бар халық,
Жүз-ақ адам бай болуға тиіс пе?

Жүз бай шырқап, миллион келей аһ ұрған,
Пайда тым аз жүз бай еккен дақылдан.
Кім бар жұртты тең баюға шақырған?
Фарабиден «Мықты ел кім?», — деп сұраса,
«Қайыршысы жоқ ел», — депті ақылман.

Сорласа жұрт, рухсыздан сорлайды.
Қырандардан биік қойсақ торғайды,
Отанды кім торғайлардан қорғайды?
Рухсыздың, қайырсыздың баюы,
Бәлкім, ертең ұлтымызға зор қайғы.

Жинасаң да әлемнің бар алтынын,
Адамдығың көрсетпесе жарқылын,
Қоршар сені салқын шаттық, салқын үн.
Ешкім рух байлығынан бөлініп,
Шын бақытқа жеткен емес, жарқыным!

ҒАШЫҚТЫҚ ҒАЛАМАТЫ

Атақты «Қорлан» өнінің авторы Естай ақын 72-ге келіп, тіршілікпен қоштасар шағында аласұрып жан досы Нұрлыбекті іздепті. Екі күндік қашық жерде тұратын Нұрлыбек аттан құлап, аяғын сындырып алғанына қарамастан арбаға жамбастай жатып досына жеткен екен. Сонда Естай әбден жұқарып тозуға айналған сұқ саусағындағы жүзігін көрсетіп: «Сүйегіме кіретін қарттарға ескерт. Мына жүзікті жарты ғасыр қолымнан тастамай келгенімді білесің. Ендеше, қалған ғасырларда да саусағымда жарқырап жатсын... Ұлы сезімін кішкене жүзігіне сыйдырған қайран Қорланым-ай!» — деп ағыл-тегіл жылапты.

Бірде Евгений Евтушенконың үйінде шетелдік достармен болған бас қосуда мен осы оқиғаны әңгімеледім. Кенет итальян мүсіншісі орнынан тұрды да: «Мұнда сүйгеніне қосыла алмаған Естай ақынның сағынышы мен зары ғана емес, бүкіл бір ұлттың махаббатқа деген мінезі мен ерлігі жатыр екен. Осы Естай мен Қорланды туған халықтың денсаулығы үшін тост көтеруді ұсынамын», — деді.

Сол сәтте төбем көкке екі-ақ елі жетпей тұрды.

Қартаң әйел жұмысыма іздеп келіп, жылады:
«Жалғыз қызым бар еді, айнам, тірлігімнің шынары,
Еркелеттім,
Өмірімді желкен еттім жолына,
Тек сол гүлдеп толыссын деп,
Тек сол киcін, сол ішсін деп,
Ештеңені аяғам жоқ, бәрін бердім қолына.
Қызым сұлу бой түзеді, ой түзеді жайдары,
Ой түзеді, көз жауын ап қызғалдақтай майдағы,
Алды болды кұрбысының бірге өскен.
Үмітіме бақ пен қайғы қалай қатар мінгескен?
Бекер,
Бекер жіберіпін еркіне,
Ерте түсіп қалды-ау, сірә, албырт сезім өртіне.
Бақытты едім,
бақытты едім мен қандай,
Қашан қызым жолыққанша ғашықтықтың дертіне.
Күзетіпмін бұл күн есік торыған,
Туар айым тумай қалды оңынан.

Үш жыл болды,
Бұйрабас бір өртістің
Сорлы қызым жүгіріп жүр соңынан.
Ал ол иттің
(бұл қорлыққа қарашы!)
Бар әйелі, баласы.
Үйленуге қайдан келсін шамасы?!
Қызым соны білмейді ме?

Біледі!

Біле тұра, селт етпейді жүрегі.
Небір жайсаң жігіттерді төредей
Мазак етіп кетпеді ме елемей?!
Бұл не деген көлден табар бақытты
Шөлден іздеп жаңылысқан шөрегей.
Деп сенсем де: бақыт алда, жол алда,
Аласқандай кейіптемін боранда.
Ал ол үшін бұйрабас сол өртістен
Артық жан жоқ ғаламда.
Тек соны ойлап беріледі арманға,
Тек соны ойлап жылайды үйде қалғанда.
Сосын қайта жымияды:
«Менен асқан бақытты
Адам жоқ, — деп, — жалғанда».
Дауа бар ма, дауа бар ма талғамға?!
Жақын тартып сырласымдай бұрынғы,
Кешір, қалқам, саған аштым сырымды.
Сен ерекше сыйлы жансың қызыма.
Сыйлайтыны — жатқа оқиды жырыңды.
Өзіңе аян, қыз көңілі — гүл нәзік,
Жеңе алмаспыз өр мінезбен ұрда-жық.
Өтінемін,
Сол бақытсыз сорлыға
Қол ұшын бер, ой саларлық жыр жазып».
Соны айтты да, шығып кетті ол қоштасып,
Тұрып қалдым ойым мұңмен астасып.
Көз алдымнан кетпей қойды мұңды ана,
Көз алдымнан кетпей қойды жас ғашық.

Өлке даңқын артқанымен арқаға,
Әлі күнге түспей келген картаға,
Қыран ғана қалықтайтын көгінде,

Бұлттан биік заңғар аз ба,
Сұрақ қойған таңдар аз ба,
Жазылмаған заңдар аз ба өмірде?

Күдіс пейіл кедергіден қайтқанымен меселі,
Ғашық жүрек өз тағдырын өзі ғана шешеді.
Жыға алмайды оны жұрттың өсегі.
Бұған дәлел — күдіретті «Қорлан» әні кешегі.
Қасіретті сәт соққанда әбден мендеп кеселі,
Қайран Естай қимас досын шақырып,
Былай депті деседі:
— «Ей, Нұрлыбек, еренім!
Жетпіс екі жасымда
Тұзағына іліндірлі мені өлім.
Тулағанмен, амал нешік, көнемін.
Тіршілікте аз созбап ең қол ұшын,
Өлген соң да қажет бол түр көмегің.
Дәл өзіндей қайдан ұқсын қайғымды ел,
Ғашық көңіл — мәңгі жасыл айдын көл.
Ғашықтықпен өткен күндер ғана — өмір,
Ал қалғаны — жай күндер.
Көлмен көлдей, таумен таудай теңдесе,
Белдесуге талап қылдым мен неше.
Елу бір жыл ғашық болдым Қорланға,
Елу бір жыл өмір сүрдім, еңдеше.
Қорланды ойлап қиял қостым таңдарға,
Қорланды ойлап шықтым қанша заңғарға.
Сірә, мендей ғашықтықтан бақ тауып,
Сірә, мендей мұңға батқан жан бар ма?
Дүниенің өзге бақыт, шаттығын
Менсінбеген менің мұңым — тәтті мұң.
Тәтті емей не?
Он сегізге ой салып,
Жиырма бесті тандандырса қарттығым?!
Өткен, тағдыр қоса алмадым,
Сорым ба?
Заман — жылан,
Жатып алды-ау жолымда.
Бірақ менің бақытым да, барым да —
Қорлан берген алтын жүзік жарқырап,
Елу бір жыл сәуле шапты қолымда.

Өр толқынға қарсы жүзген өр кеме
Мен болыппын.
Оһо, қандай мәртебе!
Бұл жүзікке елу бір жыл өйелім
Қызғанышпен қарап келді өртені.
Десе дағы ел дәстүрі ерге сын,
Қарттарға ескерт,
Қарсыласа көрмесін.
Қорланымның көзі болған жүзікті,
Өтінемін,
Өзіммен бір жерлесін!
Серт пен сөзге ұмытшақтау өлкеде
Ғашық болып өлу — қандай мәртебе!
Тірлігіме шабыт берген бұл жүзік
Жарық беріп жатсын маған көрде де!
Шаршатпаған арман, шіркін, арман ба?

.....
Әне, солай қайсар ақын көз жұмды.
.....

Бұл туралы айтқан кезде Қорланға:
«Егер олай етпесе,
Естай, Естай бола ма?!
Естай, Естай бола ма?!
Онсыз дағы жаны сұлу балаңа
Сұлу өлім сыйлапсың-ау, Жер-ана!» —
Деп жылапты кемпір байғұс еңкілдеп,
Ақ жаулығы ай нұрымен желкілдеп.

Нағыз ғашық қарттығыңа көнер ме?!
Қорлан өзі кейінірек қылтамақтан өлерде,
Әжімді жүзі қуарып, түнеріп,
Күйеуін сыртқа шығарып жіберіп,
Ақпалап, қозып делебесі де,
Бойжегіп қалған немересіне
Естайдың өнін салдырып,
Жанарын шоктай жандырып,
«Бақыттымын, бақыттымын», — депті де,
Көз жұмыпты мәңгілік.

Ғашық жүрек сүйгені үшін бола алмайды жазалы.
Адам азса, ғашықтықтың жоқтығынан азады.

Ғашық жыры — тіршіліктің көкейтесті өлеңі.
Ешбір геометриямен
Өлшенбейтін көлемі.
Бұл сезімнің ұшан-теңіз адамзатқа берері.
Ғашық болу келсе кімнің қолынан,
Әлем соған сенеді.
Құлай сүю — ерлікпен тең себебі!
Апатай-ау,
Онда неге итереміз ғашықтарды қақпанға?
Көңілінің күні жоқтардан,
Табанының бүрі жоқтардан
Жұрт онсыз да зардап шегіп жатқанда.
Апатай-ау,
«Қызым батты күнәға», —
деп қамығып жылама,
Жанарыңды қасіретке бұлама.
Мүмкін, жолы сәтсіз шығар...
Бірақ сүю бақыты —
Кез келгенге тартылмайтын сыбаға.

Апатай-ау,
Сеніміңді жасытпа,
Қашықтықты жеңе білу — мықтылық,
Нағыз бақыт — жақында емес, қашықта.
Кел, ендеше, орнымыздан тік тұрып
Тост айтайық
Қашық, киын жол таңдаған ғашыққа:
Аспаны ашық болсын деп,
Сәулесін алысқа шашып қалсын деп,
Өлім де бөле алмас ғашық болсын деп,
Адамдар оларды соттауға
Асықпасын деп!

ОТЫРАР ҚАҢАРМАНДЫҒЫ НЕМЕСЕ ЖЕҢІЛГЕН ЖЕҢІМПАЗ ТУРАЛЫ ДАСТАН

Олжас Сүлейменовқа,
мына жолдардың авторына:

«О, мы не забываем никогда
Свои тысячетлетние обиды,
Великие сжигали города,
Но ведаю, что летописец видит».

«...Науқас жеңдеп барады. Мына кішкене үрпек бас перзентімнің
ат жалын тартып мінгенін көруді тағдырдың жазбағаны-ай! Ата-
дан балаға ауысып келе жатқан дәстүр бойынша ұлымды тіземе
мінгізе отырып, Отырарды қорғау жолында түгелдей опат болған
ұлы бабаларының жанқиярлық күресін сан рет әңгімелеймін.

«Әлі тым жас қой, түсіне қояр ма екен?» — деп әйелім күдік
те білдірді.

Жоқ, түсінуге тиіс. Түсінбесе, өзіне қиын. Тамырын тереңге
жібере алмаған дарақтың қашанда ғұмыры келте.

(Әкемнің досына жазған хатынан)

I

— Данқын қайда төске өрлеген?

Екі жүз мың әскерменен

Алты ай бойы кіп-кішкентай Отырарды ала алмау,

Алты ай бойы Отырардың осал тұсын таба алмау —

Ойы — дауыл, сезімі — аспан,

Тек жеңіспен көзін ашқан

Менің алғыр ұрпағымның сүйегіне зор таңба,

Намысыма сызат түсті мына сенің арқаңда, —

Деп Шыңғыс хан Шағатайға оқты көзін қалады.

— Осы өкініш мені де өртеп барады.

Отырардың бақытына орнаған

Болар, бәлкім,

Алдырмай тұр зор камал.

Бірақ, әке, жүргенім жоқ аянып,

Қанша үмітім желге ұшты,

Қанша әскерім жер күшты.

Дала жатыр қызыл қанға боялып,

Егер бүкпей, баяндасам шындықты,

Рухы — өр,
Тәні — бекем,
Бұл бір қайсар халық екен,
Тірліктен де артық қойған бірлікті.

Жүрегінде ыза табы қалмағандай бір мысқал:
— Шалалаусың, — деп жымыды Шыңғыс хан. —
Сакталмауы мүмкін емес зерденде,
Сен тоғызға келгенде,
Ұлу жылы, Үкітайдың тойында
Оқ өтпейтін алып батыр жайында
Ертек айтқам оңашалап өзіңе,
Сол ертекті неге алмадың пайымға?
— Кешір, әке, балалық па,
Зерсіздік пе,
Шалалық па,
Тек нобайы ғана қапты ойымда.
Ұмытпасам, Массaget даласында,
Аңдысқан қас пен достың арасында
Атса салақ дарымайтын,
Мыңмен жеке шайқасса, арымайтын,
Шапса, қылып кеспейтін,
Жанарынан мейірімі өшпейтін,
Өтіпті бір өжет батыр нар кісі, —
деп баласы кібіртіктеп тоқтады, —
Есімде жоқ, әке, одан арғысы.

— Есің кетсе, естіге кіріптарсын,
Ең бастысын ұмытқансың, —
Деп Шыңғыс хан ызбарлана тіл қатты,
Әр сөзінде атан түйе қайысардай зіл жатты, —
Жә, ендеше, түсірейін есіңе.
Жомарт, аңқау сайын дала төсінде,
Сан мың әскер жеңбеген өр алыпты
Бір-ақ адам табанына салыпты.
Әлгі алыптың кеудесінде бармақтай
Оқ өтетін осал жері болыпты.
Даңқ кімнің күліп тұрса басында,
Сатқындық та бұғып жүрмек қасында,
Айлакер жан соны жазбай таныпты.
Қай кезде де айла кескен нарықты.
Жақын барып үңілместен жауына,

Шығам деме, ұлым, жеңіс тауына,
Адам аз ба күшке сеніп аласқан?
Жауың мықты.
Бұған, сірә, таласпан.
Әр мықтының осал жері болмай ма?
Болса қайсы,
Оған бастар жол қайда?
Ал бұл сұрақ бар кез сенің жүру керек басыңда,
Менің күллі жеңісімнің құпиясы — осында!

Көңілінен күрт серпіліп наласы,
— Үктым, әке, — деп жымыды баласы.

II

Алты ай бойы ерлік салтқа төрін берген Отырар,
Алты ай бойғы алапатта жеңілмеген Отырар
Алты-ақ күнде жермен-жексен киралы.
Ақыл-ойын жалындатқан,
Өнер, ғылым шамын жаққан
Ұлы қада Азияның маңдайына сыймады.
Безбүйрек жау сәбилерді,

шал-шауканды,

кемпірді,

Тіпті жүкті әйелдің де ішін жарып өлтірді.
Құзғын, қарға ғана тынбай шарлап мұңлы аспанды,
Отырардың аянышты, зарлы өмірі басталды.
Айдай әлем мойындаған даңқы бар,
Жүз елу мың халқы бар,
Нән қаланың асқақ әні осыменен шектелді...

.....
Үш күннен соң екі адамды Шыңғыс ханға ап келді.
Оның бірі — аты аңызға айналған,
Алты ай бойы Отырарды
Құтқарам деп арпалысқан қайраннан,
Аман өткен сан алапат майданнан,
Жүрек шамы ізгіліксіз жанбайтын,
Қанаттыны талаптыға жалғайтын,
Фараби мен Иассаундың жырларын
Таңнан таңға жатқа айтудан талмайтын,
Әрі өзгеше ел басқару мәнері,
Отырардың Қайыр атты ханы еді.

Түр еді еркін езу жимай күлімдеп,
Мына өңгіме лезде құтын қашырды.
Қарашоқы есі шыға дірілдеп
Шынғыс ханның аяғына бас ұрды:
— Ұлы ханым,
Әділдік пе мұныңыз?
Өле-өлгенше боп өтейін құлыңыз,
Отырарды
Мен қол ұшын бермесем,
Оңай жаулап алар ма еді ұлыңыз?
— Оған дау жоқ, — деді Шынғыс түнеріп, —
Сенен асқан бар ма бірақ тірі өлік?!
Қастерлінің бәрін жыққан табанға
Азған сен бе
Әлде мына заман ба?
Тым құрыса,
Қасиетті бір сезім
Қалу керек емес пе әрбір адамда?
Рас,
менің нөкерлерім безбүйрек,
Зұлымдықты ерлік деп те таниды.
Олар тіпті өкшесімен езгілеп,
Кете алады жазығы жоқ сөбиді.
Олан да ірі хайуандыққа жете алады төзімі,
Бәрін өзім үйреткенмін о баста.
Қаталдық пен аяушылық сезімі
Жауынгердің жүрегінде түспеу керек таласқа.
Түспеу дәзім қос сезімнің дауына,
Мен осыған қатты көңіл бөлемін.
Қаншама иттік етсе де олар жауына,
Туған жерін сатпасына сенемін.
Дәмелендің шығарар деп төріне.
Жетті көзің,
Ол үмітін — күр елес.
Опасыздық жасалың ба еліңе,
Ертең саған мені сату түк емес.
Шарам нешік,
Тұрмын сені тіпті аяп.
Сорлы Отансыз,
Қарайыпсың қаныңа.
Қашан мені сатарыңды күтпей-ақ,

Алдыңды орап кеткеніме налыма.
Жақсылығым қайтпады деп арыма.
Сатқындыққа сатқындықпен тіл кату
Ұқсамай ма табиғаттың заңына?!
Құлақ түрер кім қалды енді зарыңа?
О дүние сапарына,
Сатқыным,
Сеніп аттан әділдіктің барына! —
Нөкеріне бұрылып:
— Кәне, қылыш ұстатыңдар
Қайсар батыр Қайырханның қолына!

— Токта, Шыңғыс, — деп Қайырхан сәнк етті, —
Бұл баланың әкесі бір нар текті
Адам еді

елге сыйлы, зиялы,
Адам еді адал, ұшқыр қиялы.
Әкесі үшін перзентіне сеніп ем,
Сатқын болып шықты мына тұяғы.
Оны ойласам, от жүрегім қан болар,
Сеніміме содан түскен таңба бар.
Мақұл көрсен,
Әкесін бұл сатқынның
Осы араға алдырғаның жөн болар.

Келді ме әлде жауынан сыр тартқысы,
Шыңғыс басын изеді оған үн-түңсіз.
Біраздан соң
Қаба сақал қарт кісі
Екеуіне қарсы қарап тұрды үңсіз.
Қайыр айтты:
— Жылан туса жыланнан,
Құлан туса құланнан,
Таңданытын түк те жоқ,
Бірақ жылан қалай туды қыраннан?

Қария айтты:
— Сыйлы басым қуарды,
Жария етіп жалғанымды,
Менің қыран болғанымды
Заман бүгін өтірікке шығарды.

Әділі сол, көнбе, мейлің, көн, мейлің,
Әр алымы қиындаған,
Адал өлім бұйырмаған
Менен сорлы жан бар десең, сенбеймін.
Ең негізгі кінә, әрине, өзімде.
Бұл баланы жаңа туған кезінде
Перзент үні тұсаған жан мұратын
Афрасиабтың ар жағында тұратын
Нағашысы бауырына басқан-ды.
Қателігім осы арадан басталды.
Кіндік кескен өлкесінің сорына
Ержеткен соң қайта келді қолыма.
Бөренені жарып шыққан сынадай
Бабалардан бізге жеткен,
Құлақтыны іздеп өткен,
Өсиет бар мынадай:
«Әр нәресте қашан есі кіргенше,
Жер қадірін,
Ел қадірін,
Ең бастысы тіл қадірін білгенше,
Алғашқы әнтек қылығына
Өзі ұялып күлгенше,
Көтергенше балаң ойдың желкенін.
Қинаса да қиқар соқпақ, қиыс жол,
Өзін туған қасиетті өлкенің
Ауасымен дем алуға тиісті ол!»

Мен осынау борышыма әкелік
Немқұрайды қарадым да,
Кінәлі боп ар алдында,
Жібердім зор орны толмас қателік.
Міне, төрім бірігіп тұр көріме,
Көрінетін бетім бар ма еліме?
Мына сатқын перзентіме қосақтап
Өлтіруге міндеттісің мені де!
Азғындықтың соңы бізбен құрысын,
Сабақ болсын ертеңгі атар күн үшін.
Құм мәңгілік бүркей алмас асылды,
Даңқың көктеп өтеді өлі ғасырды.
Ал қимылда,
Қалды уақыт тым қысқа.

Қағу үшін сенің қайсар басыңды
Асығып тұр мынау залым Шыңғыс та!

Қайыр айтты:

— Иә, қоштасар келді күн,
Азбан Шыңғыс ел тарихын қорлады-ау.
Ойлап тұрсам, енді бәрі арман-ау.
Отырардың жанқиярлық ерлігін
Жыр ететін,
Өткен, ақын қалмады-ау!

Шыңғыс айтты:

— Өкінгенмен, болмайды,
Ешкімге де берілмейді бас сауға.
Бұйрық еттім түгел қырып тастауға.
Отырарда еркек кіндік қалмайды!

Қария айтты:

— Кателестің, қалады!
Жұма бұрын шеткі Елші қақпадан
Жүзін жалын қақтаған
Мен күтқарып жібердім бір баланы.

— Бөрекелде,
Бұл еңбегің жарады!
Бірақ одан ұрпақ тарап,
Одан ақын туғанша,
Ал ол ақын ата жолын қуғанша,
Кеудесіне сыйдырғанша даланы,
Айырғанша ақтан бөліп қараны,
Талай өзен тасып өтер,
Бөлкім, талай ғасыр өтер, —
деп, Қайырхан жасқа толып жанары
Отырарға қимай, ұзақ қарады.

III

Оян, Қайыр бабатайым,
қасиеттім,
қымбаттым!

Сан алапат тасырдан соң,
Тасыр дауыл басылған соң,

Жеті жарым ғасырдан соң,
Өзінді іздеп, тіл қаттым.
Аман қапты батыр арман,
Отқа оранған Отырардан
Қашып шыққан сол баяғы баладан
Бұл күндері санатты ұрпақ тараған.
Дәуірінің қанатында самғаған
Сол ұрпақтан шыққан ақын мен болам.

Кешіктің деп кінәлама, айбарлым,
Сені ояту үшін қанша ойландым.
Еңіреген ер ең аузы дуалы,
Бізге жетті жүрегіннің шуағы.
Түп-тамырын сенен алып жатқан ел
Саған ұқсас батырларын туалы.
Күллі Азия көз тігетін таңдана
Құм астынан көрінбейді паң қала.
Сол қалаға арнаған бұл жырымды,
Оң қабақпен қабылдай гөр, жан баба!

МАХАББАТТЫ ҚОРҒАУ

(поэма)

Кіріспе яки ғашықтар жазған хаттардан

I

Біз екеуіміз жолықтық,

Бірақ тым кеш жолықтық,

Достасудан от тұтап, қоштасуға қорықтық.

Маған күйды жарығын сенің көңіл-терезең,

Арқамызда — құзар шың,

Алдымызда — өр өзен.

Өр өзеннен өтуге кім береді қайықты,

Кім бар бізді түсінер, қане, кім бар байыпты?

Ал қайықшы — кикар шал,

Жалынғанмен, не бітті?

Қайығына қабаған итін байлап кетіпті...

Япырай, біз соншама дәрменсіз боп тудық па?

Бойымызда жоқ екен итті алдайтын қулық та.

II

Көбелектің «кеселі» —

Тұрақсыздық деседі.

Гүлден алған шапағатты сезімі

Келесі бір гүлге жетпей өшеді.

Өз мінезі өзіне үкім кеседі...

.....
Менің саған айтпағым да осы еді!

III

Амал бар ма, махаббатқа жан пидалық ете алмадың.

Акку-арман жалт бергенде, қуып көрдің, жете алмадың.

Жете алмадың, көлеңкеңнен алыс ұзап кете алмадың,

Жанзр майын жағып біткен машинадай от алмадың.

Еркің қайда,

Сертің қайда,

(бөркін қайда, құрып қалғыр?)

Ең шешуші кез келгенде, тілің тістеп тұрып қалдың.

Еңселім деп ойлаушы едім,

Еркелеуші ем ерге балап,

Ең шешуші кез келгенде тұрып қалдың жерге карап.

Артық қорлық бар ма әлемде сенгеніннен безінуден,
Құлай сүйген адамыңның осалдығын сезінуден...

Көз жасымды көрсетпеуге тырыстым мен саған бірақ,
Сен деп шыққан сенімімнің биігінен барам құлап.
Махаббатқа жан пидалық етпедің бе,

Бәрі бекер!

Енді қалған қызығыңның нарқы кеміп, мәні кетер.
Өзінің ең қасиетті әнін қорғай алмаған жан -
Басқа істе де қабілетсіз... бағы мәңгі жанбаған жан.
Сірә, бағың жана қоймас, басқан ізін кетті кейін,
Әйтсе де, мен жылап тұрып, жолың болсын деп тілеймін.

IV

Бақшадан алма ұрлаған баладай нақ
Кеудемде үркек сезім салады ойнақ.
Отыздың орманында жүргенімде
Алдымнан шықтың, айнам, ағатайлап.

Сен мендік бар шаттықтың төресі ме ең,
Жүр едім өткен шақтың елесімен.
«Мұнда кел, мұнда кел» деп қол бұлғадың
Жиырмандың көк балауса белесінен.

Селк еттім дауысыңнан шошығандай,
Жүр едім өз мұнымды өшіре алмай.
Жиырмада алдап кеткен махаббаттың
Күнәсін әлі күнге кешіре алмай.

Сен болып қайта жанды-ау сағынышым,
Бәлкім, тар маңдайымның бағымысың?!
Бәлкім, сен менен қашқан махаббаттың
Ойланып қайта соққан шағымысың?!

Сол болсан, қолыңды бер, жүр, қарағым,
Сен барған жерге мен де бір барамын.
Көл едім тасымаған, тасыттың ғой,
Бақша едім бағы тайған, гүлге орамын.

Көнеки, жалыныңа жалға мені,
Күтіп тұр пәк махаббат, арман елі.

Өмірде мені алдаған адамдар көп.
Тек қана сен алдаушы болма мені!

V

Ар алдында адал, ақпыз десек те,
Сан сұрақтар алар кейде жағадан.
Мүмкін, бізді таңар шулап өсекке,
Мүмкін, бізді түсінбейді көп адам.

Алуан ұғым алуан жаққа тартады,
Сан көңілдің тұйығына малтыдым.
Ғашық болып көрмегендер бар тағы,
Олар бізді қайдан ұқсын, алтыным.

Көзімді алмай маздап жанған оттардан,
Саған сенем, Саған сенім артамын.
Қорықпаймын түсінігі жоқтардан,
Жүрегі жоқ адамдардан қорқамын!

1. Саматтың жұбайы Айжанармен жекпе-жек

Замана түр бөркін алып ойланып,
Сол түнгі ойлар кетті бізді қайда алып?
...Сол түні біз сенің туған сінліңнің
Он сегізге толған күнін тойладық.

Мен қуана тост көтердім қызға арнап:
— Ал сапарың сәтті болсын, қызғалдақ.
Өмір мынау:
Қатар тосқан жеңілі мен ауырын,
Қайғысы мен сауығын,
Шуағы мен дауылын.
Бүгін, міне, сенің туған күнінде
Қандай тілек айтсам екен, бауырым?
Саған байлық тілер ем мен,
бірақ ол — бір өнгүдік,

Есігіңнен кіргенімен паң күліп,
Жүргенімен шеру тартып, сән құрып,
Саған жолдас бола алмайды ол мәңгілік.
Бәлкім, ерлік тілер ем мен тамыр алған төзімнен,
Ерлік сезім бірақ сенің табылады өзіңнен.

Тек баяғы шат киял жоқ сан тарапқа шарқ ұрған,
Тек баяғы жігіттер жоқ тереземді торыған,
Олардың да бағы алыстау болған шығар сорынан,
Кездескенде жалқау тартқан басын изеп өтеді,
Ұлын ертіп соңынан.
Жылдар бойы аландаумен қуатымды сарқыдым,
Босқа шаптым жігерімнің жарқылын.
Жер бетінде махаббаттын бар екені шын болса,
Айтшы, көне,

мен неліктен жолықпадым,
жарқыным?

Үндемедім,
тарылғандай кеңісім.
Москва көрші жауап берді мен үшін.
— Иә, иә, өміріңе өкпелісің, қарындас,
Оған біраз себептер бар,
Тірлікте бір бекеттер бар қілтін таппай, алынбас.
Ырық бермес бөгеттер бар не түрлі,
...Алматыдан шыққан жолдың барлығы
Отырарға бастап алып бармайтыны секілді.
Өмірдегі сан салалы жолығу мен жүздесу,
Табысу мен кездесу,
Талпыну мен түйісу,
Сағыну мен сүйісу,
Тіпті кейде одан да өзге сезімдер
Махаббатқа бастап бара алмайтыны белгілі,
Махаббат ол — жан мен тәннің тізе қосқан ерлігі.
Не болды екен сені мұнша жүдеткен,
Үміт қайда жүрегіңе гүл еккен?
Сұлулығың кем емес қой Баяннан,
Ақылың да кем түспейді Жібектен.
Сенде де бар тым сезімтал көз, көңіл,
Көңілі мен көздеріндегі өзгенің.
Айлы кеште саған да айтты ғашығың
Ұлы Абайдың Тоғжанға айтқан сөздерін.
От боп өртеп ғашықтықтың ықпалы,
Ән қостыңдар...

Жұрт қуана құптады.

Талпындыңдар,
Алқындыңдар, ал бірақ
Одан Қозы, сенен Баян шықпады.

Неге бұлай?
Өмір бақи бұл сұрақ
Өтер, мүмкін, намысыңды шымшылап.
Қайда жүрсе тек өз әнін айтатын,
Елікпейтін өзге шу мен сарынға,
Қажымайтын қар мен желдің өтінде,
Махаббат та ұқсайды ұлы дарынға,
Шын дарындар аз ғой жердің бетінде.
Иә, махаббат — қайсар күзды жарып өтер тасты жол,
Махаббатта сезім ғана ойнамайды басты рөл,
Ұға алмалын сен оны, айнам.
Жеткен жерге талабың мен ақылың,
Сезімің мен батылың,
Қырсыққанда, жетпей қалды шыдамың,
Әне, соның кесірінен қаншама жыл жыладың.
Шыдам жоқта, төзім жоқта,
Көкірегінде көзін жоқта,
Жүрегінде ерлік жоқта қорғай алар шаттығын,
Махаббат та жоқ, күнім!
Кездер аз ба ой көргенді көз көрер,
Отын өзің жаға алмаған,
Өзің іздеп таба алмаған асылды
Таппайды деп неге ойлайсың өзгелер?
Қарашы, әне, мына сіндің сияқты
Инабатты, албырт әрі ұятты,
Алаулаған желегі
Соңымыздан асау ұрпақ, арынды ұрпақ келеді.
Оларға пәс болар өлі
Бізге биік көрінетін төбелер.
Біз сүрінген кезеңдерден,
Біз жүзуге жасқанған өзендерден
Солар жүзіп өтеді деп сене бер.
Бұған күмән келтіруің азаматтық болмас та.
Бүкіл адам іздегенмен бақыт жолын, бақ жолын,
Ешкім оңай таба алмайды Абайы мен Тоғжанын.
Өйткені асқақ азаматтық жоқ жерде,
Қайсар сенім жоқ жерде,
Махаббат та жоқ, жаным!
— ?
Ортамызда қалжың айтып бір жігіт,
Отыр еді қалың жұртты күлдіріп.

Отыр еді бізден гөрі сіндіңе
Жақын, сырлас екендігін білдіріп.

— Ал мен таптым Тоғжан сынды пәк жанды, —
деді ол масаң діріл қосып сөзіне.

— Өзің Абай болмаған соң,
Мазалама Тоғжанды, —
деді сіннің жас үйіріп көзіне...
— ?..

2. Ғайша

Ғайша жеңгей сүйген жарын аттаншырды майданға...
Сенген жүрек серттен оңай тайған ба?
Соғыс бітті.
Ал күйеуі келмеді.
Үш жыл күтті.
Бес жыл күтті...
Өлді деген суық сөзге сенбеді.
Тұманға орап тілекті,
Тағы төрт-бес жыл өтті.

Тәтті арманын көңіліне тоқ санап,
Күте берді сағат санап, сәт санап.
Кейде аусар тағдырына нала боп,
Көкірегінде маздап, ұйтқып жанады от.
Тым құрыса,
Тым құрыса, құдай-ай,
Алданыш қып отыратын бала жоқ.

Артса да үміт бір күннен соң бір күнге,
Жалғыз жанға жараспайды күлкің де.
Болмады ғой.
Болмаған соң ақыры
Көрші картқа ерге шықты бір түнде.

Сол түн тыныш ұйықтады,
Жаңа үмітін жағып бір,
Кеудесіне қанағаттан тағып гүл...

Ал таңертең арман болған күйеуі
Терезені қағып тұр.
Файша сорлы күйіп кетті бұл қорлықты көргенде,
Тастай қатып қалды тілсіз, естен тана үдеріп,
Сонан кейін шашын жайып жіберіп,
Күйеуінің аяғына құлады.
Құлап жатып ағыл-тегіл жылады,
Жылап жатып зарлады,
Өзін-өзі жерге соғып, қарғады.

...Махаббаттың күм секілді мінезі жоқ сырғыма,
Жүргенімен көп опық жеп алданып...
Файша кенет орнынан сүйретіліп тұрды да,
Бір ғана ойға табан тіреп түбірлі,
Ту еңісте тасып жатқан долданып,
Асау Ақсу өзеніне жан ұшыра жүгірді...

Бағаласаң — махаббатты бағала,
Бағаласаң — махаббатты бағала...
Сәлден кейін сорлының
Орамалы ғана жатты жағада.

3. Түркістан аңызы

*Он төртінші ғасыр тудырған ғаламат-
тардың бірі — Түркістандағы Қожа Ахмет
Иассауи ескерткіші. Бірақ, өкінішке орай,
осы алып ғимараттың бас қанатын
сәулеттендіру жұмысы аяқталмай қалған.*

(Газет мақаласынан үзінді)

Талай-талай биікпаз асылдарды
Теңескенде келтірмей иығынан,
Ескерткіш түр
Қаншама ғасырларды
Ұзатып сап, күлімдеп миығынан.

Жалқау, қикар түйедей тартыншақтап,
Жылжыды өмір үстімен кемел жердің.
Ескерткіш түр ұлылық қалпын сақтап,
Даңқын сақтап данышпан шеберлердің.

Мизам түсіп, күз қызығы қалған кезде азайып,
Түркістанда бір ескерткіш бой көтерді ғажайып.

Күннен-күнге келбеттеніп, күннен-күнге сән құрып,
Нән ескерткіш бой көтерді жұртты өзіне таң қылып.

Сан мыңдаған құл-құтандар ертелі-кеш тынбастан,
Сар даланың кеудесіне жазып жатты бір дастан.

Мерейі асқан зарлы дастан секілді еді ол дегенмен,
Иран, Үнді елдерінен жеткізілді шеберлер.

Жалынына темір балқып, илеуіне тас көнер,
Хас шеберлер арасында болатын бір жас шебер.

Ол туралы жұрт айтатын:

«Өнерінің орті бар,
Құдай қалай жарылқаймын десе, әрине, еркі бар,
Саусағының салымы бар, сосын, әттең, бөркі бар...
Ал өйтпесе, қызда сирек кездесетін көркі бар».

Қайран шебер қалбаң қағып, еркін алып тынысын,
Басқарып жүр ескерткіштің ою-өрнек жұмысын.

Қор бейнеттен жұрт кешкілік дем алғанда болдырып,
Түркістанды түрлендіріп ән бастайтын сол жігіт.

Ол ән салса, қапас, тұйық кеудесінде жел тұрып,
Бірде жарын, бірде анасын көз алдына келтіріп,

Басыбайлы батпан мұңы сәл де болса кертіліп,
Құл-құтандар жадырасып, қалатын бір серпіліп.

Ол ән салса, ұзақ түнді кірпік ілмей атырған,
Сәукелелі қыз шығатын шеттегі алтын шатырдан.

Тілек сайын тізгіндескен неткен інкөр өмір бұл,
Сол бойжеткен балдызы еді қаһарлы Ақсақ Темірдің.

Міндет ауыр. Хан бұйрығы мәмілеге қарай ма?
Ғимаратты енді аз күнде бітірген жөн қалай да.

Шеберлерді ықыластап, ынталамақ ниетпен,
Хан оларға балдызының қызметін сый еткен.

Хан балдызы — Мәрзия ару ішке бүгіп мұратын,
Күнде түсте шеберлерге сусын әкеп тұратын.

Сырт көздерді қалдырмайын дейді ме өрттің өтіне,
Паң бойжеткен жұқа ғана перде ұстайтын бетіне.

Гүжбан тағдыр иығына нені артса да көнердей,
Шебер жігіт Мәрзияға ғашық еді өлердей.

Ғашығының айдай жүзін бір көруге тамсанды,
Бірде сусын әкелгенде пердесіне қол салды.
Қыз қымсынып тұрып қалды, тұрып қалды күлімдеп,
Алма беті гүл-гүл толқып, оймақ ерні дірілдеп.

Сосын, дәм деп тіл қатпастан, еркін басып шеткері
Өзіне арнап орнатылған ақ шатырға беттеді.

Москал шебер күйіп-пісті:

«Қарағым-ау, мұның не,
Көпсінгенің осы нұрсыз шабаталы күнің бе?

Сезіміңнің төзім жібін албырттығың қиды ма,
Енді қайтпін,

Әлде басың өкпелі ме иығына?

Пігінәлі болмақ енді саған мына атар таң,
Ертең ерте Ақсақ Темір оралады сапардан.

Болған жайды балдызы оған айтпай, сірә, тұрмайды,
Айтты, бітті, жаның онда жаһаннамға зырлайды.

Солай, ұлым. Әміршіден енді рақым іздеме,
Бірақ сенің кесапатың соқпай кетпес бізге де»...

Жігіт боп-боз, Қаны қашып сөзін зорға бастады,
(Бедерсізін бұрын қалай сезбей келген достары).
— Туысқандар,

камданайық,

амал-айла жасайық...

Біреу айтты:

— Бүгін түнде ұйымдасып қашайық!

Келісілді. Бірақ, бірақ... жөн болды ма қашқаны?

Хан әскері қуып ұстап зынданға әкеп тастады.

Енді ненің мәні қалды.

(Мұндан, мейлі, мұнданба?!)

Ертеңгілік Мәрзиядан хат кеп түсті зынданға.

Жігіт жылдам оқып шықты дір-дір етіп қолдары,

Қыздың хаты мынау еді сондағы:

*«Бір күнде ашып мінезіңнің бар қырын,
Тез сөндірдің жігеріңнің жарқылын.
Ұнап еді батылдығың алғашқы,
Тырағайлап қашқаның не, жарқыным?»*

*Жарылардай саған құштар сезімнен,
Өзімді-өзім тұсаулаушы ем төзіммен.
Өлімнен де қаймықпаған тілекті
Қалай оқи алмағансың көзімнен?»*

*Өнерің бар қараған жұрт қанбаған,
Әнің анау аспанымда самғаған.
Құдай саған бәрін беріп,
Тек қана
Ерлік бермей қойғанына таң қалам.*

Енді бәрі өшті,

сөнді.

Далбаса.

Амал қанша, өз сенімім алдаса?!

Сен өлді деп өкінбеймін.

Әттең-ай,

Бітпей қалған мына ескерткіш болмаса!

Бұлақ өмір сүргенімен құрақсыз,

Сезім өмір сүре ала ма мұратсыз?

Жүрегінде ерлігі жоқ адамның

Барлығы да махаббатқа тұрақсыз!»

ТҮСІНІСУ ТЕОРЕМАСЫ

Келіп жатыр, кетіп жатыр дарындар...

.....
Қара бұлттай қайғы жапты бөлмені.

Адамзаттың алғыр, ұлы қыраны

Лев Толстой жатыр еді өлгелі.

Әйелі кеп қолын сүйіп, жылады:

«Тежей алмай мінезімнің тасырын,

Өзіңменен өтті жарты ғасырым.

Мен бейбақты кешіре гөр.

Күнәм көп...

Кешіре гөр,

Кешіре гөр, асылым?!»

Өткен күнін оймен шолып алыстан

Үнсіз, іштей күбірледі данышпан:

«Жә, кемпірім,

Жасыңды тый,

Жетті енді,

Жылап ешкім қайыра алмас өткенді.

Қаштым сенен...

Саған жақын жүргенше,

Артық көрдім жиһан кезіп кеткенді.

Жалғыз сенен қаштым ба екен мен бірақ...

.....
Ресейден бөлінбестей болдым-ақ,

Із басталдым күртік қарды омбылап.

Күллі әлемді тамсандырған ақылым

Сенен қолдау таппағаны қорлық-ақ.

Бір шындық бар ешкімнің жоқ таласы —

Ұл-қызымның болдың ғазиз анасы.

Қартайғанда түсініспей, әттең-ай,

Жолымыздың қырсыққанын қарашы.

Дей алмаймын: «Маңдайымның сорысың...

Қамқорым боп сөздің қанша қол ұшын.

Бірақ мені түсінбедің.

Түсінуге және де

Тырыспадың...

Кешірмеймін сол үшін,

Кешірмеймін сол үшін...»

Күллі адами пенделікпен алысқан
Қыран ойы тұрақ таппай ғарыштан,
Әйеліне қарап терең күрсіне,
Мәңгілікке көзін жұмды данышпан.

Қайда,
 қайда
 көңіл сырын көзден ұғар нәзіктік?

Үш өлшем бар —
Биіктік пен тереңдік, кеңдік (яки жазықтық).
Бұл үшеуін бағаламау — көзсіздік һәм керемдік.
Ал түсінбеу...
 бақытсыздық болар ол.
Иә, адамдық қатынаста жоқ әлі де сара жол.

Онай емес,
Онай емес бұл егес,
Қашан болсын бірлік жолы бұрыстау.
Керек десен, түсінбестік кінә емес,
Қылмыспен тең — түсінуге тырыспау.

Оһ, қаншама бұлақтарды жұрт түсінбей суалтты.
Сөйтіп, қанша бәйтеректі қуартты.
Оһ, қаншама ұлыларды жұрт түсінбей өлтірді,
Сөйтіп, мына тіршілікке үлкен зиян келтірді.
Бруноны отқа жаққан,
Галилейді сотқа тартқан,
Біржан салдың арқан байлап қолына,
Жылан болып Ұлықбектің иірілген жолына
Түсінбестік елі ғой.
Соның бәрі адамзаттың сорына.

Түсінбестік аз жайды ма қанатын?
Мұнан асқан нәла бар ма?
Ұлы Абайды сабаған да
Түсінбестік болатын.
Талантына тамсандырған талайды
Жазған шақта Әуезов сол «Абайды»,
«Бұл туынды шыға алмайды белеске», —
Деп күлшына қарсыласқан,
Қияс ойға қамшы қосқан
Тағы да сол түсінбестік емес пе?

Ал Әуезов жолсыздыққа бұл сынды
Ызалана қол сілтеп,
Іштей, үнсіз күрсінді:
«Түсінетін халық аман болсын», — деп.

Өткен — өтті.

Бірақ бәрі есепте.

Қандай азап,
Қандай азап — ұғыспау.
Түсінбеген кінәлі емес десек те,
Қылмыспен тең — түсінуге тырыспау.

Түсінбестік — секілді бір көк тұман
Сол көк тұман тудырады көп күмән.
Бір жас дарын көтерілсе мінбеге,
Жұрт түсінбей қалмаса екен деп тұрам!

* * *

Байқаймысың,
Байқаймысың

Мына гажан тамашаны:

Бір адамға байланысты бір аламның болашағы.
Байыппенен көз жіберсең асау жылдар өрісіне,
Бір адамға байланысты бір адамның жеңісі де.
Бұл заман қажиланың мүмкін бе екен көнермегі?
Қозы Көрпеш аман тұрса, Баян сұлу өлер ме еді?
Исатайды жеңбесе жау, Махамбетті жеңер ме еді?
Қайран ақын тағдырының соққысына көнер ме еді?
Қайран ақын — сұңқар қиял, наркескен ой,

батыл арман.

Исатайдан айрылғанда жер бауырлап жатып алған,
Бұдан асқан қайғылы түн қонған емес басына оның,
Досы барда алшысынан тұрушы еді асығы оның.

О, сұмдық-ай,

Жаудық сезім парзатты паналапты,
Исатайдың өлімімен Махамбетті жаралапты...

Қадірлім-ау,

Көз жіберші асау жылдар өрісіне,
Бір адамға байланысты бір адамның жеңісі де.
Кейде мені мұқатпақ боп жаулар сені жамандайды,
Ал егер сен жамандалсаң, бұл, әрине, маған қайғы.

Ақша қардай апшақ көйлек киініп,
Жанарынан жан тербетер назды сөуле күйылып,
Асқақ ұстап, сұнғақ бойын сымбатты,
Транзейге әйел былай тіл қатты:
— Құдай саған еркек деген ат берді,
Дәулет берді,
Атақ берді,
Бак берді.

Шараң қанша, енді соның бөрімен,
Қоштасатын шақ келді.
Кимекпісің қорқақ атын нокта тып,
Қалсын десең еркек атың сақталып,
Есіңді жи, айнама менің, есіңді жи, қамықпа,
Ел мазағын көтеруден өлім ауыр болып па?!
Илан маған,
Тіпті түк те қиындығы жоқ мұның,
Батыл ұста қанжарынды,

батыл ұста, шоқтығым!
Ездік мінез сынға түспей қойсын қайдан байкала,
Қиындықсыз келген бақыт кетер кезін айта ма?!
Бұл ерлігің болсын сенің ең алғашқы, ең соңғы,
Көне, менің қимылымды қайтала!

Аррия ару Транзейге ойлы көзін ойната,
Жүзін гүлдей жайната,
Күле қарап, тұрды дағы қанжарын,
Жүрегіне сұғып алды бойлата...

.....
Шулы, даулы пікір тастап артында,
Бір-біріне қол созысқан қалпында,
Біраздан соң екі бейне жатты үнсіз.
Кемітпеген тіпті қорқақ күйеуінің нарқын да
Ұлылық бар сол әйелдің даңқында...
Бірақ мақтау қажет те емес алтынға.

ЖІГІТтің Екі Сипаты

Марсқа

Кім қайратты?
Кім кімге асқар тұлға?
Мүмкін бе екен тағдырдан бас тартуға?
Неткен тажап!
Биіктен құлаған тас
Сынғанымен, қалады тас қалпында.

Құзар шында,
Ойпанда,
Бұралаңда,
Талайларды сын күтіп тұрады алда...
Быт-шыт болып кетпей ме қам кесектер
Кіп-кішкентай жыралаң құлағанда.

Алуан тағдыр берілген бұл адамға,
Есегінен ез жігіт құлағанда,
Жұбатыңдар!
Аяңдар,
Өйткені онын
Құм боп кетер жігері жылағанда.

Алуан тағдыр берілген бұл адамға,
Тұлпарынан ер жігіт құлағанда,
Жұбатпаңдар!
Ер адам от-жігерін
Нұмысына жаниды жылағанда.

СҮЛУЛЫҚТЫ СЕЗІНУ НЕМЕСЕ
ҒАБИДЕН МҮСТАФИНМЕН ҚАРТТЫҚ ЖАЙЛЫ ӨҢІМЕ

Нар көңілдің жастығы ма,
Әлде оянған арман ба,
Жүз жасаған Жамбыл ақын кешегі,
О, керемет,
Грузияға барғанда,
Бір сұлуға ғашық бопты деседі.

— Міне, нағыз бүгінгінің батыры,
Қатал уақыт қарияны сала алмапты-ау тезіне.
Неткен қайсар сұлулық бұл, —
деп бір орыс ақыны
Жас алыпты көзіне.

Иә, қарттар бар арғымағы арманнан,
Жігерімен дүр сілкінткен даланы.
Сұлулықты сезінуден қалған жан
Бәрінен де қалады.

Жер бетінде жел өшірген із аз ба,
Жігерсіздің өрісі өркез тар болған.
Отызында кемпір болған қыз аз ба,
Жігіт аз ба отыз бесте шал болған?!

Кім жас,
Кім қарт?
Уақыт өзі іріктер,
Ер көбейсін ат қып мінер қиялды.
Қарттық — оттың азаюы,
Оты азайған жігіттер
Қай кезде де қоғам үшін зиянды.

Бакыттысың әр таң сайын көзіңді
Сұлулыққа суарудан қашпасаң.
Қартайдым деп алдай көрме өзінді,
Қарттық жаспен өлшенбейді ешқашан!

АЛТЫН, КҮМІС ЖӘНЕ ҚАЛАЙЫ

Шыңғыс Айтматовқа

Пәстеу соғып сырт көркі мазмұнынан,
Бекер болды-ау, мезгілсіз тозды бір өн.
Мыстан күйдық тұлғасын ұлылардың,
Жер бетінде алтынның аздығынан.

Міне, тағы күлашын жазды бір өн,
Көркі осалдық етпегей мазмұнынан.
Сорпа ішеміз қалайы қасықпенен,
Жер бетінде күмістің аздығынан.

Жасық жайлы жасампаз ойға қалып,
Жарар еді кетпесек майдаланып.
Сары шымшық сан рет той басталы,
Бұлбұлдардың аздығын пайдаланып.

Қалайы өтсе күмістің есімімен,
Үйреніппіз қарауға кешіріммен.
Соның бәрі асылдың аздығынан,
Азға зорлық жасаудың кесірінен.

ДОСТЫҚ ӨЛКЕСІНІҢ ЗАҢЫ

Икрам Телеевке

Алдымызда қанша сауал тосылды,
Өмір бізді ерте үйірді биіне.
Сәби кезім,
Бірге ойнайтын досымды
Ертіп бардым нағашымның үйіне.

Сәбилік шак!
Сүттей аппақ кезең бұл,
Аңғал, бейқам балбұлақтай сыңғырлы.
Досым «киіп көремін» деп әжемнің
Андаусызда көзәйнегін сындырды.

Енді қайттік, амал-айла азайып,
Құтылуға өткел іздеп тарықтық.

Досым менің ұяң еді ғажайып,
Әжем өте қатал еді, жарықтық.

— Бала мұнша бола ма екен мазасыз,
Қане, қайсың көзәйнекті сындырған? —
Делі әжеміз, — қалдырмаймын жазасыз,
Сындырған кім? Алдыма кеп тұр жылдам!

Енді қайттік, кім ұсынбақ көмегін?
Бұл қырсықтан құтқармақ боп досымды:
— Мен сындырдым, кешіріңіз... мен едім... —
Дедім үнсіз төмен салып басымды.

Бір ерекше дүлей мінез тосып ек,
Шіркін, адам табиғаты-ай сан қырлы.
Қанша ашулы болғаныммен, осы рет
Әжем мені жазалаусыз қалдырды.

Лезде қайта көтеріліп еңсеміз,
Көңліміздің айдынынан күн күлді.
Сол сәтте інім сыбыр етті:
«Сенбеңіз,
Көзәйнекті қонақ бала сындырды».

Әжем кенет ашу буып күйгелек,
Ашу буып, аң-таң болып қалды да:
— Жүр бері, — деп құлағымнан сүйрелеп,
Ертіп барды нағашымның алдына.

«Қой, бөйбіше, дау тудырма бекерге, —
Деп нағашым әңгімесін жалғады, —
Айып па екен, өзін беріп катерге,
Ер жігіттің досын қорғап қалғаны.
Достық деген — ізгіліктің алаңы,
Оған куә ғасырлар мен замандар.
Отанын да сатып кете алады
Қиын шақта досын сатқан адамдар!»

ЖОМАРТ ЖҮРЕК ТАҒЫЛЫМЫ

(Серік Әлиевті еске алу)

Қазанын оттан түсірмей кеткен, жомарттық жеңген жүрегін,
Ақ көйлегімен туған, бақ көйлегімен туған азамат
ердің бірі едің.

Сараңның бір жыл жейтұтын асын бір сәтте ғана таратып,
Тұрушы ең содан рахат тауып, көңліңнен әппақ таң атып.

Санадан өшпес тарих екен-ау өзінмен өткен жылдарым,
Ертіп кеп едім үйіңе талай әлемнің жайсаң ұлдарын.
Сыр шерткен ұлы Ғабит аған да отырып таныс төрінде,
Орыстың алтыр Евтушенкосы да, моңғолдың Ғарышкері де.

Жүруші ең дәйім бойыңа бойшыл, ойыңа ойшыл тең іздеп,
Қырғызы қайың бүр жарған кезде Бішкекке келдің мені іздеп.
Он күннен кейін жолығамыз дедің нар пейіліңмен еңселі,
Он күннен кейін, амалым қанша, табытта көрдім мен сені.

Жарты жолға кеп қарсы алушы едің бет бұра қалсам
Талғарға,
Көңлімнің мұңын көзімнен оқыр, сірә, енді сендей
жан бар ма?

Өз ұлттың шексіз беріле сүйген, қапқатқан ойдан тасқын ән,
Қазақтың мен де сормандай ұлы кей-кезде жолы тас тұман...

Іздеумен өтем, аяулым, сені, жүрегі дарқан, дос қыран,
Сен де ылғи маған сәттілік тіле жеті кат жердің астынан!

...

Көкірегімде төрт сәуле бар төрт бақыттан тұратын,
Төртеу — менің мұратым.

Төртеуінен алма-кезек нұр алам.

Біріншісі — туған елім — ұлы анам.

Екіншісі — ғазиз анам, саулығымды сұраған.

Бірақ маған екеуі де — бір адам.

Үшіншісі — намыс үшін беріспеген күндерім,

Жанған отты өшіруге келіспеген күндерім.

Жақсылыққа жақсылықпен өріс берген күндерім,

Тағдырымның жанарынан жеңіс көрген күндерім,

Сүрінгенді сүйеймін деп күлап қалған кездерім,
Өзім жылап, жан досымды жылатпаған кездерім.
Бәр-бәрісі, жомарттығым, адалдығым сондағы
Кеудеме кеп жиналды да, бақыт болып орнады.
Төртінші ме?

Төртіншісі — сәл тайқыса, болар мұн,
Маған деген адалдығы ол — мені сүйген адамның.

ЖІГЕРЛЕНДІРУ НЕМЕСЕ ӨЗІН БАҚЫТСЫЗБЫН ДЕП ЕСЕПТЕГЕН ЖІГІТКЕ ЖАУАП

Сен жыладың, жігітім,
Көп көрдім деп тұрмыстың тапшылығын,
Қайтпады деп жұртқа еткен жақсылығым.
Сен жыладың,
Сезімің жасып ағып,
Кіп-кішкентай балаңды қасыңа алып.
Қырмызы күнім өтті деп,
Сенгенім сатып кетті деп.
Сен жыладың:
Аңғармай қалдым орды деп,
Қаламым сәтсіз болды деп,
Бір қатты соққы алдым деп,
Бақытсыз болып қалдым деп.
Сен жыладың:
Мен бірақ селт етпедім,
Білем сені тағдырдың ерке еткенін,
Білем сені, өр көңіл, жомарт едің,
Енді бүгін... қалай бұл кер кеткенің?
Жә, жә, жарар,

өткен күн оралар ма?
Қарау керек, бауырым, саған алға.
Басыңдағы бөрік пе,

орамал ма?
Бөрік болса, ауыс тез басқа күйге,
Көз жасыңды көрсетпе жас сәбиге.
Көз жасыңды көрсетпе, сұранамын.
Әй, әй, жігіт, сен маған ұнамадың.
Жас нәресте көруге тиісті емес
Әкесінің еңкілдеп жылағанын,

Әкесінің тым күйреп кұлағанын.
Ерлік пенен ездіктің жолы қатар
Екеуінің арасы бір-ақ алым.
Көз жасыңды көрсетпе, сұранамын.
Көтер, көне, басыңды, қалай бұның,
Мүз боп еріп кеткен бе бар айбының?
Көтер, көне, басыңды,
Күніңді босқа өткізіп пе едің,
Тағдырың неге сыр айтты саран?
Өмірдің барлық сәтсіздіктерін
Бақытсыздық деп кім айтты саған?
Кім айтты саған:
Тұлпарды сүрінбейді деп,
Асауды мінілмейді деп,
Ақ көйлекті кірлемейді деп,
Қара ешкі мүжіген ағаш
Қайтадан гүлдемейді деп,
Кім айтты саған:
Жұрттың бәрі мейірбан, арайлы деп,
Жұрттың бәрі шындықты қалайды деп,
Биікті ардақтайды деп,
Асылды қорлатпайды деп...
Тоқырау білмес айбыны
Адалдық деген — өлемнің ұлы байлығы,
Бетіне жиған ұятты.
Әйтсе де, кейде ол кінәмшіл бала сияқты.
Тірлікте осы баланы
Өкпелететіндер бар да,
Жұбататындар бар.
Жек көретіндер бар да,
Ұнататындар бар.
Арын сатып қорлайтындар бар да,
Жанын сап қорғайтындар бар.
Қиналып бекер алаңдалың-ау,
Ойыңды шығар өріске.
Өзің-ақ айтшы, ғаламда мынау
Жеңудің бәрі жеңіс пе?
Жігітке арман жеткізіп пе еді,
Өз сорын өзі жеңбесе?!
Өмірдің барлық сәтсіздіктері
Бақытсыздық емес, ендеше!

ЖҮБАЙЛАР БАР ӨҢГІМЕСІ ТАУСЫЛҒАН

Гамбург сотына бір әйел күйеуімен ажырасатыны жайлы өтініш тапсырды. Бітімге шақырған сот мүшелеріне әйел үзілді-кесілді қарсы тұрып, мынадай уәж айтты:

— Бірге тұрмыс құрған 17 жыл ішінде жұбайымның менімен әңгімесі үш-ақ сөйлемнің төңірегінде болды. Таңертеңгі айтатыны — «Қайырлы таң!», көшкісін жұмыстан оралған соң, «Тамаққа не бар?» — деп сұрайды. Ал сағат тілі түнгі 11-ді көрсеткенде, «Ұйқыға жатайық» — дейді.

Сот әйелдің күйеуімен ажырасу талабын орынды деп тапты.

(Газеттен)

Тағдырыңды қатыгез де, сараң де,
Сен сүйгенмен, ол сүймесе, шараң не?
Махаббат ол — қос жүректің өні ғой,
Өзіне сай дауыс керек әр өнге.

Сүйіктім-ау,
Сәнсіз өмір мәнді ме?
Мәнсіз адам шырқай алмас өнді де.
Бәсеңдетпе,
Қарлықтырма даусыңды,
Бақытсыз боп қалмау үшін мәңгіге.

Сүйіктім-ау,
Әнсіз өмір мәнді ме?
Ән түзелсе, түзейміз ғой сәнді де.
Жұбайлар бар өңгімесі таусылған,
Ал махаббат — таусылмайтын әңгіме!

ШЫҢ БАСЫНДАҒЫ ОҚИҒА

Жасарал Ілиясовқа

Бір-бірінен көз айырмай үздігіп,
Күзар шынның басында тұр қыз, жігіт.
— Қыранымсың, күлді Кавказ мақтаған,
Қанатыңа алғаныңа шаттанам.
Тағдырымды бердім, жаным, қолыңа,
Енді өзін біл,
Сенсіз өмір жоқ маған! —
Деді сұлу жасаурап от жанары.
Жігіт те оған ырзалықпен,
Ерге біткен мырзалықпен
Жүрегінен жалын шаша қарады.

«Қандай бақыт түсініскен, сеніскен...»

Біраздан соң қиқу шықты еңістен,
Бұл, әрине, қуғыншының хабары.
— Нар тәуекел, келсе, келсін! —
Батыр жігіт томсарды,
Томсарды да, канжарына қол салды.

— Жо-жок, күнім,
Қайсарланба бекерге,
Жалынамын, өкеме қол көтерме.
Жазмыш солай болған шығар, көнеміз.
Өттең, ерте қайырлады-ау кемеміз.
Енді бізге бір жүру жоқ,
Сондықтан
Екеуміз де күзден ұшып өлеміз.
Тіршілікте жетпесек те мұратқа,
Ақыретке бір барамыз бірақ та.
Ант еткемін айтқан серттен танбасқа,
Жасымасқа,
Жүнжімеске,
Талмасқа.
Өміріме шуақ күйған өзің ең,
Өлімге де алдыменен сен баста! —
Деді ерні дір-дір етіп ақ маңдай,
Ақ маңдайы алауланып ақ таңдай.

Жігіт үнсіз бас изеді күлімдеп,
Түнғыықтан шығар бір жол тапқандай.
Ақтық рет қызды күшып сүйді де,
Өлімге емес,
Тойға бара жатқандай,
Шыңнан төмен қарғып кетті тоқталмай.

Қыз жылады, күзға шағып зар-мұнын,
Қарғап, сілеп дүниенің тарлығын.
Секіруге сүйгенінің соңынан
Бірақ күші жетпей қалды сорлының.

Өзі берген сертін өзі сата ма?
Сатқандық па?
Атай көрме,
Атама!
Секіруге оқталғанда қайтадан,
Өмір тәтті боп көрінді,
О, тоба!

Ат терлете,
Көктеп өтіп шатқалды,
Біраздан соң қуғыншылар кел қалды.
Қыз бейшара тұманданып көз алды.
Бір қызарды,
Бір сұрланды,
Бозарды,
Әбден қанып ұғынған соң мән-жайға,
Қияқ мүртты қыз ағасы сөз алды:

— Әке, қызың күіе жакты данқыңа,
Күіе жакты ата-баба салтына.
Саткындыктан жиренішті не болмақ
Таудың қайсар ұлағатты халқына?!
Неткен азап қорлық жеңіп арыған,
Қызынды енді бөгеме, әке, жолынан,
Батанды бер,
Сертін жықпай аттансын
Сүйгенінің соңынан.
Бұдан төте өткел бар деп іздеме,
Осы жеңіл өзіне де, бізге де, —

Сосын қызға бұрылып:
— Көне, қалкам, неге тұрсын үдеріп?
— Әмин, — деді әкесі де түнеріп.
Көрі көзін күдік қатқан,
Ту еңісте жігіт жатқан
Кұзар шынның қойнауына жіберіп.

Қыз жылады:
— Арым да қан,
Жолым қан.
Қинамандар,
Солай болды сорымнан.
Өз еркінмен өлу ерлік екен ғой,
Ондай ерлік келер емес қолымнан.
Перзентінді ете көрме келеке,
Ая мені,
Ая мені, жан әке!
Ағасы айтты:
— Олай болса мін атқа,
Тағдыр сені салды дүлей сынаққа.
Сексендегі мәужіреген шалды ертіп,
Көзінді күрт туган жерден жыраққа.
Көктем қоныс тепкендей-ақ іргемде,
Шаттанушы ем, сен қасымда жүргенде.
Әкем сені шалға берем дегенде,
Осы опасыз мінезінді білген бе?
Тіршілікте сз адамға көп өлім,
Неге ғана қуғыншы боп кеп едім?!
Жігітінді сүйгенлігің шын болса,
Әкеме ара түсейінші деп едім.
Қайран жігіт жүрегіне нұр тұна,
Өліп кетті сені тастап жұртына.
Кебек толы құмыранын келісті
Ішін көрмей,
Ғашық болып сыртына.
Тек ол өлім — өнегелі өр өлім.
Өр өлімнен шын ғашықтың күдіретін көремін.
Неге бізге еркін, ұзақ ғұмыр сүрген нар жоқ?
Нар жоқтығы — Нарды жығар сен секілді жар көп.
Қалың жұртты мен екіге бөлемін:
Сүйе алатындар деп,

Сүйе алмайтындар деп,
Сүйе алмайтынына
Ұялмайтындар деп.
Сәтсіз бітті пенделікпен күресің,
Сен, әрине, соңғы топқа кіресің.
Сүйе алмаудың зор қасірет екенін
Пенделердің есіне сап жүресің.
Қарлы Кавказ артып саған ұлы айып,
Аянышпен қарап тұрар мұнайып.
Шын сүйеге қабілеті жетпеген
Әрбір адам мүсіркеуге лайық!

ЖАНЕРКЕ

(Саттар Ерубаев туралы баллада)

I

Сонау-сонау Алматыдан алып-ұшып хат келді,
Хат келді де, Бапа апайға бір қуаныш ап келді.

Секілденген жанарының ағы менен карасы,
«Демалысқа барып қайтам», — деп жазыпты баласы.

Шүкір-шүкір, жалғыз ұлы қазір елге мақтаныш,
Ержетті де, арман қуып туған жерден кетті алыс.

Алыс кетсе, несі өкініш, көңіл көгі аршылар,
Көңіл көгі аршылар да, намыс атын қамшылар.

Кәне, кімнің аузы бармақ жас жігіттің от кеуде
Туған жерге деген гүлзар махаббаты жоқ деуге.

Күннен-күнге дарынының ашылғандай бұлағы,
Өлеңдері газеттерден күле қарап тұрады.

Ана соған мәз болғандай жанарына жас алып,
Жайлауына жаз қонғандай қалады бір жасарып.

Қызғалдақтай сымбатына көрген адам қызығар,
Қызылқұмнан көшіп келген көрші үйдің жас қызы бар.

Ер жігітке онайлықпен ұстатпайтын мұраттай,
Сыңғыр-сыңғыр шат күлкісі таудан аққан бұлақтай,

Саттар жырын сақтайтұғын қиып ап ол газеттен,
Сонан кейін анаға кеп жатқа айтатын кезекпен.

Шіркін, ана қондырғандай арманының таң құсын,
Жыр оқыған жәудір көзге жаудыратын алғысын.

«Қандай жайсаң әсем тұлға, қандай нәзік гүл көңіл,
Маған дағы нақ осындай керек еді бір келін», —

Деп өзінше игілікті ойға шомып ана бір,
Қарсы отырған бойжеткенге қадайтұғын жанарын.

Ал бойжеткен сыр бермейтін мұндай қиын шақта да,
Үндемейтін, төмен қарап күлімдейтін тек қана.

II

Үш күн өтті Саттар туған ошағына келгелі,
Үш күн бойы ескі досы кітап болды ермегі.

Сәл кідірсе, жастық шағы балақ түріп қашардай,
Терең тарих айдынына үңіледі бас алмай.

Ана байгүс көзбен бағып ұлының қас-қабағын,
Бәйек боп жүр: — Жүзін солғын, жүдеусін ғой, қарағым?

— Жай ғой, апа, сәл шаршадым... — деп бір ауық тосылды,
Бойын ауыр сырқат мендеп жүргендігін жасырды.

Кенет есік ашылды да, үйге бір жас қыз кірді,
Асау тайдай өлі ешкімге ұстатпаған тізгінді.

— Кел, Жанерке,

Кел, жарығым,

Қане төрлет,

Тоқтама,

Өзіңді ойлап отыр едім... — деп қалбақтап жатты ана —

Бұрын ығи жырын мақтап шулатушы ең құлағын,
Енді өзімен танысып қой, ағаң мынау, шырағым!

Танысты олар. Сол таныстық сыйластыққа ұласты.
Апта өтпей-ақ қос кеудеден қимас сезім гүл ашты.

Атқан таң мен батқан күннің бәрі есінде тұра ма?
Бірақ бұл күн ұмытылмас, ұмытылмас, сірә да.

Саттар қызға жыр оқыды от үшқындап көзінен,
Ертең сапар. Анасын да ала кетпек өзімен.

Қоштасарда Жанерке де жанарына жас алды,
Бойын бірақ нық ұстады өрлігімен қашанғы.

Сосын жақын туысындай бауыр тартып Саттарды,
Көңіліне ұя салған бір мақсатын ақтарды:

— Мектепті де бітірер кез таяу қалды, жан аға,
Жазға таман оқу іздеп барсам деймін қалаға.

— Тіпті ғажап! — деді Саттар жанғандай бір арманы,—
Күтіп алам, келерінде хабар берсең, болғаны.

Қыз қуана бас изеді, албырады гүл өңі,
Бір белгісіз сағыныштан тулағандай жүрегі.

III

Атқан таң мен батқан күннің бәрі есінде тұра ма,
Жаздың ерке сол бір кеші ұмытылмас, сірә да.

Асығады пойыз алға ойнап ерке желменен,
Сол пойызда қыз келеді бакытына шөлдеген.

Қиялына атар таннан таң-тамаша күй еніп,
Кең далаға көз тастайды терезеге сүйеніп.

Сан ғасырдың жауынымен, дауылымен алысқан
Қожа Ахмет ескерткіші қол бұлғайды алыстан.

Қалып жатыр қыр-адырлар ұлан-ғайыр аумағы,
Қазығұрттың қарт тауы мен Түлкібастың баулары.

Әне, анау Алматының Алатауы ақ қарлы,
Қыз тағы да күлімсіреп есіне алды Саттарды.

Бұл сезімнің мүмкін емес алдамшы әсер болмағы,
Болкім, қазір мені күтіп тұрған шығар ол дағы.

Вокзал басы. Жадырайды асқақ қала алмалы,
Бірақ мұнан Жанеркені ешкім күтіп алмады.

Көңілсіздік көлеңкесі жүзін бүркеп шырайлы,
Өмірінде тұңғыш рет нақ осылай мұңайды.

Енді бір сәт алысқандай қыз өзінің ойымен,
Жоғары өрлеп жүре берді кең көшенің бойымен.

Тұрып қалды, салғырт жүріп барды дағы шамалы,
Қарсы алдынан қалың жиын келе жатты қаралы.

Қалың жиын келе жатты жүректері жаралы,
Оркестрдің зарлы дауысы мұңға бөлеп қаланы.

Ал Жанерке назар салмай тұра берді бұған да,
Тұра берді, басы айналып аласқандай тұманда.

«Неге, неге кешікті екен, Саттар қайда жаны асыл?
Жырларымен тербететін қазақтың кең даласын.

Саттар қайда, шынымен-ақ, қыз көңілін ұқпай ма,
Қайда сол бір мейірімді жан, күліп алдан шықпай ма?»

Амал қанша, сүйіктісі алыс жолдан келгенде,
Туған елі оны өкетіп бара жатты жерлеуге...

IV

Қой, Жанерке,
Ұзақ таңға өксі берме,
Тыным ал.
Сенің тілсіз қасіретінді дәл өзіндей кім ұғар?

ҚҰДАША

Бас имей бүрқасынға,
Өтті де жылдар ағып,
Туған жер қырқасында
Қап қойды бұл балалық.

Қайтемін оны даулап,
Тек арман мүлгімейді.
Бір сезім омыраулап
Кеудемді тілгілейді.

Арайлы ақ тілекпен
Қанша үміт сабақталды.
Қаншама өтті көктем,
Мен сені жоғалтқалы.

Кезімде гүл атпаған
Көріп ең өзін мені.
Ешкімді қуантпаған
Қауқарсыз кезім бе едің?!

Күлкіңнен нәр алып бір,
Аулыңа барғанымда,
Жүргенсің балалықтың
Балауса орманында.

Қонақжай сыйыменен
Бір шерткен көңіл күйін.
Әпкемнің үйіменен
Көрші еді-ау сенің үйің.

Ай маңдай мұратымның
Кінәсіз сенімі үшін,
Жиі кеп тұратынмын
Өзінді көру үшін.

Шақырса құба дала,
Гүл қуып, қыр асамыз.
Мен едім құда бала,
Сен едің құдаша қыз.

Қызғалдақ — қырдың сәні,
Жебейтін арман атын.
Мен үзген гүлдің бәрі
Бір саған арналатын.

Жан едің дала көңіл,
Өзгеше ең, ерек едің,
Мен сені бар әлемнің
Көркіне теңегенмін.

Сол сезім нұр ұсынды
Жанымның жайлауына,
(Бұл кейін тынышымды
Алар деп ойладым ба?!)

Бір күні дүрілдеген
Той болды көрші ауылда.
Қыз десе күлімдеген
Жігіттер қанша мұнда.

Сыртта би қызды тіптен,
Сол кезде сен де келіп,
Бейтаныс бір жігітпен
Биледің дөңгеленіп.

Нұрға орап жаңа отауды
Түннің бір ортасында,
Ай туды Алатауды
Жамбастап арқасына.

Сазанды терең көлдей
Шоршыдым, тосырқандым.
Ал жігіт көлеңкеңдей
Қалмады қасыңнан бір.

Бұлай деп аңдамағам,
Тандантты-ау сырың мені,
Айтшы, бұл әлде маған
Көрсеткен қырың ба еді?

Жанымды ызғар ұстап,
Намысым арығандай.
Лап етпе қызғаныштан
Шақ тұрдым жарылардай.

Той тарқап таң алдында,
Қонақтар жолға аттанды.
Сол жігіт сені ауылға
Шығарып салмақ болды.

Адасқан орманынан
Еліктей тұрып қалдым.
Сонан соң соңдарыңнан
Біраз жер жүріп бардым.

Сонан соң жалт бұрылып,
Қаштым мен тауға қарай.
Кеудеме от тығылып,
Жүрегім лаулағандай.

«Тоқта!» — деп айқайлады,
Соныңды қалдым ұтып.
Дауысыңды қайталады,
Кең дала жаңғырығып.

Өрлігім алға сүйреп,
Қайырылып қарамаппын.
Сен менен алғаш рет
Алыстап бара жаттың.

Сол түннің құмар қылған
Өзгерді мәні мүлде...
Тек дауысын құлағымнан
Кетпейді әлі күнге.

ГИМАЛАЙ ЖОЛБАРЫСТАРЫ
НЕМЕСЕ МАЛДЫҚ САНА ТУРАЛЫ МҮҢ
(«Жазагер жады космоформуласы» атты романның)

Рахымжан Отарбаевқа

Біздер қашан арыламыз дүлей-шампа күдіктен?
Ең дұрысы, адамдығы еңкейгеннен қорыққан.
Көп жыл бұрын Гималайдың баурайында жүріп мен
Бір жолбарыс аулаушыға жолыққам...

Соның айтқан әңгімесі қалып қойды есімде:
Қалың орман арасында, не құзар шың төсінде,
Не асқақ тау баурайымен сапар тартсаң жолға алыс,
Қайтпек керек, қарсы алдыңнан шыға келсе жолбарыс?

Ең бастысы, сабыр сақтап, еңкейместен тік тұру,
Аңға, малға жақындамас болмысыңды ұқтыру.
Осы шартты орындасаң, одан қауіп күтпегін,
Ал еңкейіп, төрт аяқты малға ұқсасаң — біткенін.

Сол сәтінде-ақ тарғыл мысық қан толтырып көзіне,
Серіппедей тартыла кеп атылады өзіне.
Бұл сұраққа ғылым әлі толық жауап таппаған:
Адам кейпін сақтағанды жыртқыш неге жазқтаған?
Бәлкім, тәңір пенделерін ойға тарту үшін де,
Жаратты ма жолбарысты осындай өр пішінде?

Іңкәр тірлік жолындасың.

Қимылыңа мән бер сен,
Қай кезде де еңсе бүкпеу — ердің басты құралы.
...Мен де кейде адамдығы аласарған жан көрсем,
Ыза бұған жолбарыстай атылғым кеп тұрады...

Бір белгілі бизнесменнің нақсүйері, сыңары,
Талай дарын ағып өткен,
Менің жастық шағым өткен
Алматыда, алма пейіл, сауда зейін қалада,
Жалт-жүлт еткен әсем тонын сары ала,
Гималайдың ең соңғы, ең атбалды,
Мекен еткен өр құзар шың шатқалды

Барысының терісі деп мақтанды,
Жанарында бір дарақы от жанды.

Бірақ менің бұл жел сөзге тіпті сенгім келмеді,
Жолбарысын жоғалтса егер — таулардың да өлгені.

Жоқ, Гималай, қасиеттім, сен тұра бер тағында,
Ізгілігін күдік басып,
Тағдырынан рух қашып,
Ұқсап өрі жойқын, ессіз ағынға,
Адамдарды малдық сана жетекке алған шағында
Және олардың қалуы үшін өз міндеті сабында,
Төңір ойын жолбарыстың көзі арқылы қабылда...
Ой түзелсе, өрлер сенін бағың да!

693 ЖӨНЕ 7 НЕМЕСЕ ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ

Ұлықбек Есдәулетке

Бірде «Ана тілі» газетінің редакциясына бара қалып ем, Мереке Құлкенов ішкі бөлмесіне шақырды. Кірсем, ұлтымыздың екі қанатты ақыны Жарасқан Әбдірашев пен Темірхан Медетбек отыр екен. Байқаймын, екі інімнің де температурасы сәл жоғарылау. Бір кезде Жарасқан:

— Мұха, көңліңізге келсін, келмесін, бірақ айтуға тиістіміз, біз Сізді ұзақ жылдар бойына жек көрдік, — деді. Мен ешбір таңданыссыз басымды изедім.

— Жуырда мынадай ойға тірелдік, — деп әңгімесін жалғады Жарасқан. — Біз бұл ақынды не үшін жек көріп келдік? Радиода, теледидарда жұмыс істеді. Қанша рет шақырып алып өлеңдерімізді бергізді. «Жалын» журналында бас редактор болды, мұнда да құлаш-құлаш жырларымызды жариялады. Жолыққанда еркелетіп, арқамыздан қақты. Қайта мен өзім бұл кісіні мазақтап, бірнеше рет пародия жазыптын. Сонда біз бұл ақынды не үшін ұнатпадық? — деген сұрақ ылғи да алдымыздан құлағын қылтитып жүрді. Сөйтсек, тікелей ақындық белсенділікті қажет ететін ұлтымыздың көкейтесті мәселелерінде Сіз, Мұха, поэзияңызбен де, азаматтығыңызбен де бізден едәуір биік тұрыпсыз. Биікте тұрған

жан көзге көп түседі. Ал ылғи да жұрт назарында жүрген адамның соңында түрлі-түрлі пенделік көпірме сөздер мен жөнді-жөнсіз жорамалдар еріп жүреді... Біз Сізді тым кештеу болса да түсінуге мүмкіндік таптық, енді інілік алғысымызды қибылдаңыз!

— Жігіттер, — дедім көңіім талқып, — менің ең үлкен ақындық бақытым — ешкімді қызғанбағандығым. Осыны түсіну арқылы сендер де мені бағалауға бет бұрдыңдар. Өз пенделік құрылысынан оқ бойы оза ұшпаған адам ғалами ақындық, жазушылық парасаттың шырқау биігіне көтеріле алмақ емес. Бұдан былай да сендерге ағылық баспалдақ болуға жарасам — қуаныштымын.

Төртеуіміз орнымыздан тұрып, бір-бірімізбен қушақтаса төс түйістірдік.

...Бірақ Жазушылар одағының мүшелері арасындағы пенделік иірімдер біздің күткенімізден әлдеқайда тармақты әрі күрделі болатын.

Адамға адам қасқыр болған,

Қасқыр азу тістілер «тақсыр» болған,

Ізгіліктің боз өкпесін нарық қысқан заманда,

Қазақстан Жазушылар одағы деп аталатын қоғамда

Шыншыл рухтан,

үлкен тобы пенделіктен күш алар

Жеті жүздей мүше бар.

Сол жеті жүз жазушыдан, ақыннан

Адамзатты тазалыққа, ізгілікке шақырған,

Ұлттық әрі ғаламзаттық көлемде,

Күллі қазақ парасатын алып ұшар әлемге

Оқ бойы озып көтерілсе жеті қалам иесі,

Бар деп білгін халқымыздың киесі.

Тек құлагер ұлттын ғана бір ғасырда жеті рет

Тұлпар туар биесі.

Иә, мәңгілік бөсеке бұл — арман шабыс, бақ шабыс,

Ешкім бөгей алмас оны...

ал алты жүз тоқсан үш,

Үлкен даңқсыз, бақсыз қалған қаламгерді нетеміз?

Жасын, инетін сыйлаймыз ғой...

көбісі — аға, көкеміз.

Егер олар шындығымен елді өзіне сендірер,

Жалтақ, үркек сезімдерді сөз күшіне жеңдірер

Қуат тапса,
 шарықтата ұлтымыздың атағын,
Толықтырсын дара шапқан жеті алыптың қатарын.

Амал қайсы, егер оған жете алмаса ерлігі,
Тартылмағай кеңдігінің белдігі.
Көзсіз ермей пендегерлік ағымға,
Тілектес боп жүргені жөн жеті ұлы дарынға.
Тіпті оған жете алмаса қуаты мен айбыны,
Ол бейшара қаламгердей зиянкес жоқ қайғылы:
Кеудесіне қызғаныштын шойын бұлтын түнетер.
Сөйтіп, жеті нар тұлғаға ор қазумен күні өтер...

Құрылған тор, қазылған ор біздің елде есепсіз,
Тұлпар жарыс бір рет те өткен емес есексіз.
Есек мінген қанатсыз топ жүрмес тассыз, кесексіз,
Кесектінің барлығы да рухсыз, гүлсіз, шешексіз.
Ұлтымыздың ұлылары ылғи жіпсіз байланып,
Осы топтың кедергісін өте алмаған айналып.

Назарбаев дәуірінің мазмұнына боялған,
Ақын-тағдыр, сен емессің өзінді-өзің аяр жан.
Бәрі ақшаға сатылса да, құнсызданып ой, арман,
Біздер көрген кедергіні сен көрмейсің дей алман.

Сен неғұрлым өз ұлтыңның тағдырына болыссан,
Оның сатқын ұлдарымен, мұн-зарымен алыссан,
Құрмет көру орнына

 (қарай гөр бұл мазақты),

Кей қызғаншақ қаламдардан шегесің зор азапты.
Олар қалың жұрт ішінде өршітіп ой көкпарын,
Саған қарсы бағыттады аңқау елдің шокпарын.
Хас шындықты ажыратып көрсететін өрінен
Қазір бізге рухсыз қалам қауіптірек бөрінен.

Сөзін, өзін Жазушылар одағы деп атаған,
Сол алты жүз тоқсан үшсіз шығар ма еді жеті адам?
Шығар еді. Бөлкім, бағы тіпті шырқап жануы,
Одан да асқак биіктерге еркін ұшып баруы.
Тағы, мүмкін, босаң әрі бөлбырлау боп қалуы,
Шынықпаған ақыл-ойды қиын әлем тануы...

Ал алты жүз тоқсан үшсіз мамырлап ой, бақ шабыс,
Жеті тұлға күресінде байқалмай ма тоқталыс?
Байқалады!

Онда қайттік?

«Кедергісіз жоқ табыс...»

Жә, ендеше, аман жүрсін сол алты жүз тоқсан үш!

ЕЛ ТІЛЕГІНІҢ КҮШІ

(«Өркениеттің адасуы» атты романнан)

Тағдырынын той-қызығы тарқаған,
Өлкедегі ең бай өрі қарт адам
Сәуле шашқан досы түгіл қасына,
Шығып алып құзар таудың басына,
Жаратқаннан ұлы демеу сұрады,
Үш күн, үш түн жалбарынып жылады.

— О, тәңірім,
Санам мұңға шайлықты,
Бердің маған бұл маңда жоқ байлықты.
Адам аз ба барлықты данқ санаған,
Бірақ бақыт таба алмадым мен одан.
Қарттық жеңді,
Көрде тұр бір аяғым,
Осыменен бітпек пе өмірбаяным?
Көз жұмарда нені демеу етемін,
Байлығымды кімге сеніп кетемін?
Пейілі мен мерейінен таң атқан
Бір нәресте сыйла маған, жаратқан?!

Сүмбіле шың болып лезде жап-жарық,
Үн естілді ақша бұлтты қақ жарып:
— Сен перзентсіз өтесің бұл өмірден,
Саған сондай жалқы тағдыр берілген,
Ол шешімім өзгермейді және де!

— О, жаратқан, тәтті арманым өле ме? —
Деп сорлы қарт тұманданып көз алды,

Ұзақ тұрды, сосын қайта сөз алды:
— Онда маған мұңға төзер сана бер,
Және үш күндік ғұмыры бар бала бер.
Нәрестемнің иісін жұту мен үшін
Басты арманым, еді қарттық жеңісім...

— Мейлі, болсын! — деді Төңір дауысы,
Алтын нұрмен арайланды тау іші.

Неткен жұмбақ ғұмыр еді бұл төтті,
Тоғыз айда жас тоқалы ұл тапты.
Нәрестесін құшып, іскеп шал сорлы
Сәл де болса тағдырынан бал сорды.
Жомарт көңлін шуақты ойға батырып,
Той жасалы елді түгел шақырып.
Ат мінгізді жігіттерге санатты,
Балалы үйге сауын сиыр таратты.
Мөрттік нұры асқақтатып қиялды,
Жетім-жесір тоғыз қойдан сый алды...

Пейіл барда зейін қалай қалғысын,
Шын жүректен білдірді жұрт алғысын:
— Бойлайтындай ел мен жердің сырына
Ұзақ ғұмыр берсін, Алла, ұлына!
— Ер мен ездің жігін оңай сезінген,
Күдіретті күш кетпесін сөзіңнен!
— Перзентіңнің мейірім ойнап көзінен,
Жомарттығы асып түссін өзіңнен!
— О, құдайым, пендем десек сен егер,
Мына қартқа құламас бақ бере гөр!

Уәделі үш күн тақау қалды бітуге,
Бейшара шал жаманшылық күтуде.
Төрт күн өтті, он күн өтті... бала аман,
Бірақ қауіп өшер емес санадан.
Қырық күн де желіп өтті асыға,
Шал қайтадан заңғар таудың басына
Көтеріліп, алғыс айтты төңірге:
— Мұндай шаттық көрмеп едім өмірде,
О, жаратқан, сенім өлсе — ер жетім.
Өзің үш күн ғұмыр берген перзентім

Әлі тірі. Бір күннен соң бір күннен
Қатер күтіп, ұйықтай алмай жүрмін мен.
Өр алами тағдырымды ырза ғып,
Еттің маған неге мұнша мырзалық?

— Жок, сен өзің мырза екенсің, о пендем,
Адамдығын ту ғып шырқау көтерген, —
деді Тәңір ақша бұлттың ішінен.

— Сен және де дархан жүрек күшімен
Қуанғута тырыстың өр аламды,
Сол пейілің сақтап қаллы балаңды.
Қатал тірлік қасіретінен арыған,
Сенің жомарт мінезінді таныған
Үлкен-кіші түгел айтып ақ тілек,
Жатты өзіне, балаңа да бақ тілеп.
Адам ылғи бір ізгі істі сағынса,
Игі тілек ариасымнан табылса,
Демелсе егер тілек көптің қолымен,
Ескерусіз қалдыра алман оны мен.
Жомарттық — бұл мәңгі арымас қайсар күш,
Саған алғыс айтқандарға айт алғыс!!!...

.....
.....
Қарттың кенет шарықтап ой-шынары,
Ашылғандай шаттығының бұлағы,
Бұлттан бөрік киген тауды жаңғыртып,
Қуаныштан айқай салып жылады.

ЕРКЕКТЕРГЕ КӨЗҚАРАС НЕМЕСЕ
ӨЙЕЛГЕ СИРЕК ЖОЛЫҒАТЫН БАҚ
(«Өркениеттің адасуы» атты романдан)

Отырарда бір қадірлі қарияның қанатты
Тұлпар тектес аты болты сүйсінткен бар алапты.
Мінезі сәл жайсыз екен шодыр бала іспетті, —
Шаршап-талып шөлдесе де арықтан су ішпепті.
Жек көргені жакын келсе, тарпып, теуіп тістепті,
Содан аяқ шідерленіп, бастан жүген түспепті.
Бозбалалар сымбатына көз тастайтын табына,

Қарияның ай дидарлы қызы бопты тағы да.
Сол жас ару, әкесіне былай депті бір күні:
— Әке, сенің дарқандығың шақырады күлкіні,
Қиқар, тентек мына атыңды мәпелеуді қоймайсың,
Айырбастап,

сатып,

сойып, неге көзін жоймайсың?

— Рас, қызым, сөзіңнің жоқ қатесі,
Аттың қиқар мінезі бар, — деп күрсінді әкесі, —
Тек бұл бейбак — ат біткеннің зерегі,
Түскен кезде бәйгелерге, жарысқа,
Арын салып,

күшін, терін төгеді,

Бірақ сөзсіз бірінші боп келеді.

Әйгілеген елге күшін,

Сол таламат еңбегі үшін,

Қиқарлығын кешіруге болмай ма?!

Кешірмесек, бетте таңба қалмай ма?!

Аз ба елде тұлпарды асқан бағы бар,

Жуас,

көнбіс,

моп-момақан жабылар?!

Қасиетін сезбесе де, тәлім алар, табынар.

Жуасты өркез мақтайтын жұрт табылар.

Бәлкім, тұлпар сол үшін де ызалы,

Ызалыны бағалауға шабандауымыз біз өлі.

Нағыз еркек тұлпарға ұқсас, айнам-ау,

Саған қылмыс ол жайында ойламау.

Толғағы кем талғамыңа бар таңым,

Басыңа бақ қонбай ма деп қорқамын...

Дұрыс шығып әкесінің есебі,

Қыздың жолы болмай қапты деседі.

Ойлан, жуас жан іздеген, жар іздеген, жас талап,

Өмір сенің күткеніңнен әлдеқайда басқарак,

Еркек сұлу көрінбей ме еркімен,

Еркіндіктің нұры ойнаған көркімен.

Жалғандыққа күрес ашқан ісімен,

Сүйгеніне берген қайсар сертімен
Және соны қорғай білген күшімен.

Ойлы әлемнің әйелдерсіз күні бар ма көктеген,
Әйтсе де мен әйелге ұқсас еркектерді жек көрем!
Еркектерге еліктеген әйелдің де аз табары,
Иә, әр жыныс өз мінезін сақтауымен бағалы.
Жігіт жігіт санала ма бұғып жүрсе тасанда,
Өз пікірі жоқ еркектен қорқу керек қашанда!
Қанаттыны кері тартып, табандап,
Ұшар кезде ұша алмайтын шабандап,
Өз пікірі жоқ еркектер ел басқарса, не болмақ?!

Токтамайды еркектер мен телпектердің жарысы,
Ойлан, калкам, еркекті еркек етіп келген — намысы.
Мықты кім бар намыс атты батырдан,
Бір сөз үшін қаншама еркек тіршіліктен жан кешті.
Бір сөз үшін жекпе-жекке шақырған
Қайсар Пушкин Дантесті.

Ар-намыстың құрбандығы
Аз болмапты, қайраулы өлі әділеттің балтасы.
Жердің аман тұрғандығы —
Сол намысқой еркектердің аркасы.
Әркез нұрлы үміт сеуіп алдымызда таң жатсын,
Қайғы келсе жеңілмейтін,
Бақыт келсе семірмейтін,
Ер мінезін қадірлейтін
Әйелдердің данқы артсын!

Ал, жас ару, тұрмайды ешкім жолыңда,
Өз тағдырын дәл қазір өз қолыңда.
Талғамыңды өйгілей ме талабың,
Көкейінді сезіп тұрмын, қарағым.
Айтқаныңнан шықпайтын,
Меселінді жықпайтын,
Саған момын, жұп-жуас еркек керек,
Жо-жоқ, еркек емес-ау, телпек керек.
Бақаның да әніне сай бағы бар,
Іздегенің жабы болса, табылар.
Нағыз бақыт тұяғымен тұлпардың,
Қиялымен сұңқардың

Өлшенетін мына үшқыр заманда
Бірте-бірте күнсызданар баған да.
Мен сенемін, шын еркектің алдында
Қызаратын күн туады саған да...

.....
Тек ол күннің кеш туғаны жаман да!

ЛА-ВАЛЕТТА МАҢЫНДАҒЫ ТҮН НЕМЕСЕ ҚАСИЕТ МҮНАРАСЫ

Мальта қызы жиырма үшке толғанда,
Иек артып арманға,
Жанары жайнап,
Шашына олеандр гүлінен жемелек байлап,
Қоштасып бал дәурен шағымен саялы,
Өртеніп іштен, толғанып, алқынып,
Нән үлкен ыдысты терезе алдына қояды,
Әбден қызарып піскен
Алма мен бананға толтырып.
Бұл — бойжеттім дегені.
Міне осылай сынға түспек сұлу қыздың беделі.

Ал үміткер жігіт біткен қақпа алдына тұра қап,
Алма-кезек өз бақытын сынамақ.
Кім ұнамақ бұл сайыста, кімнің даңқы күламақ?
Қыз отырар терезенің жабығынан сығалап.
Бірі мұңлы гитар тартып, бірі назды өн салып,
Бірі қыздың сұлулығын жырға қосып тамсанып,
Күн батқанша өз өнерін көрсетеді жан салып,
Жанын салған өнерпазда намыс жатар қаншалық?!

Егер де қыз терезеден саған күліп қараса,
Той камына кірісе бер, бағың жанды. Тамаша!
Үйлендің бе, бітті өңгіме, жолың болсын, мархаба!
Ажырасу туралы заң атымен жоқ Мальтада.

— Жарың жайсыз боп жолықса, бакыт іздеп жаңадан,
Әуреленбе, өліп қана құтыласың сен одан, —
деді Мальта тарихшысы көзбен қарап жұмбақты.
Жанарында сөзбен айтып жеткізе алмас мұң жатты.

Мұңыңды ұғар жан табудан не бар екен қымбатты.
Көк теңізді кешіп барып, алауланып күн батты.
Сары аралдың сәні болған, сары мәрмәр қақпалы
Жымындайды Лә-Валетта қаласының оттары.
Осы маңның бүкіл тыныс тіршілігін қолға алып,
Арнасына шалқып симай теңіз жатты толғанып.
Толғанбаса теңіз теңіз, адам адам бола ма?
Біз бөлініп шетке шықтық, үнсіз тұрлық жағада.

Үнсіз тұрдық,

— Аға, — дедің біраздан соң сен маған,
— Аға, — дедің. — Мен бір жанмын, бақ жұлдызы жанбаған.
Сырымды ашсам сенгендігім, бұйырмаңыз айыпқа,
Кейде өзімді ұқсатамын ескегі жоқ қайыққа.
Қандай қорлық, шынымен-ақ ескексіз боп қалдым ба?
Осы ұзақ саяхатқа шығар жолдың алдында
Шорт үзіліп үмітім,
Ойда жоқта тастап кетті сенген, сүйген жігітім.
Көкірегімде өшпенділік барда мен де өшпеймін,
Бұл қылығын қашан көзім жұмылғанша кешпеймін!

— Жок, сен оны сүймейсің, сүймегенсің және де.
Шын махаббат, қалқам-ау, қара күшке көне ме?
Шын махаббат қасиеттен құралатын мұнара,
Қасиетке сызат түссе, мұнара аман тұра ма?!
Ғашық адам сүйгеніне өзінің
Жаманшылық ойлай ма екен, сірә да?
Тек жүрегін салар жерде білек күшін танытқан,
Білек күшін танытам деп тілек күшін арытқан,
Тұра сенен айнымаған сұлу қыз
Бір кез маған жолыққан, —
деп едім мен, жалт бұрылдың сен кенет.
Жалт бұрылдың, көкірегіңді бір қара күш желкелеп.
«Токта, токта, қара күштің адымы әркез келте», — деп
Тобығыңнан теңіз суы қағып жатты еркелеп.

Қайрылмадың, жауабымды ауыр алдың көңілге,
Адал, батыл мойындау да түспес, қалқам, жеңілге.
Тек табудан, жоғалтудан, іздеуден,
Тұратұғын мына қатал өмірде!

РУХ МЕКТЕБІНДЕГІ МҮҢ

Төлен Әбдікке

Асқақ ұстап жастық туын,
Алпыс таудан астық бүгін.
Алла білер, алдымызда енді қанша қалды тау,
Барлық батыл ойларыңның алды — күрес, арты — дау.

Кейде албырт Батырлық та Тасырлықтан кетпекке
Оймен, мұнмен көз тастайды Рух атты мектепке.

Ол мектептің түсі жадау, терезесі қираған,
Ішіне даңқ сиганымен, даңқы байлық жимаған.

Содан оған жұрттың көбі құлықты емес баруға,
Шу менен Бу дес бермейді мектеп паркын тануға.

Сол мектептің ұстазы едік, нәпсіге бас имеген,
Аңқау, сенгіш адамдығын қайсарлығы сүйреген.

Күллі рухсыз биіктердің паркы, даңқы сұйықтау,
Біз шыққан тау — Шындық тауы,
барлық таудан биік тау!

Ғұмырымыз сан үміттен тұрады,
Сан күдіктен тұрады екен, төңір-ау.
Кімнің қанша керек болса құлағы,
Секілді оған бүкіл дүние саңырау.

Өмір шіркін кейде жомарт қолменен
Сараңдардың шайына сүт қатады.
Кейде қызық, тұлпар жүрген жолменен
Есектер де кетіп бара жатады.

Мұның өзі жомарттыққа сыя ма,
Қыран неге тартады өзін төменге?

Намыстанам, бүркіт ұшқан қияда
Жапалақтың ұясы бар дегенге.

Бақыттылар салған әнді ертемен
Тұрам тыңдап, мен қашанда ояумын.
Жапалақтар ұя салған өлкеден
Сенің даусын естілмесін, аяулым.

ҚАСЫМДЫ ҚАБЫЛДАМАҒАН АДАМ ХАҚЫНДА

Кез болатын наурыз айы сән күрған,
Дала жатты есі шығып жаңбырлан.
Сол далада... жол үстінде бұралан
Жасы алпыстың әуізіне құлаған
Машинаға қол көтерді бір адам.
Қиял құсы қалықтап,
Шат сезімі шарықтап өңіндегі
Жүргізуші ерекше көңілді еді.
— Көріші ауданға жеткізсең, ұлым, мені,
Шексіз алғыс айтар ем күні ілгері, —
Деп жолаушы қулана күлімдеді.
— Жырақ өрі шет екен қонысыңыз,
Сізге кінә тақпайық ол үшін біз. —
Жүргізуші күлімдеп есік ашты, —
Қартты сыйлау — қашанғы борышымыз.
Ұзақ жүрдік.
Жол шеті көрінбейді,
Керім дала қасарып берілмейді.
Сыр тартыспақ болсақ та одан-бұдан,
Өңгімеміз шашырап өрілмейді.
Дөрігердей іздеген жүрек емін,
Кенет жерден тапқандай тілегенін,
Жүргізуші көзінен от ұшқындап,
Жатқа соқты Қасымның бір өлеңін.
Лезде дәмді аузының тұзы құрып:
— Ә, Қасым ба, — деді шал тыжырынып,
Менсінбеген кейіппен маңғзданып,
Маңғзданып орнынан паң қозғалып.
— Бізден де жұрт кезінде арай көрген,

Қарсы алып ек, дүние-ай, талайды өрден,
Мен бастық боп тұрғанда осы ақының
Пәтер сұрап алдыма талай келген.
Тіпті жиі соғатын дамылдамай,
Қайтарушы ем көбіне қабылдамай...
— Әуре еттім деп Қасымды әні нардай
Мақтанасыз ақыңыз әлі бардай.
Қане, жылдам түсіңіз машинадан, —
Деді жігіт ызадан жарылардай.
— Ең айбарлы ақынды жаны көктем,
Албырт, алау таңдарға әні кеткен.
Ең айдарлы ақынды,
Ең айбарлы ақынды,
Халық сүйген ақынды,
Туған халқын жанып сүйген ақынды,
Туған елдің гүлі болған,
Заманының үні болған ақынды,
Мұкаттым деп мақтануға,
Мұкаттым деп шаттануға бола ма?
Сондай есер сезіміңіз үшін мен
Қазір сізді тастап кетем далаға,
Тез түсіңіз, тимей тұрып кесірім! —
Жүргізуші қатты жапты машинаның есігін.

P.S. Төбелер көп өмірде, ал биіктер санаулы,
Ұнатады ел сондықтан биікке көп қарауды.
Шымшықтар көп өмірде, ал сұңқарлар санаулы,
Санаулы олар, сондықтан жалпы жұртқа қалаулы,
Жылдар түмен зейнетін артқанымен қаншалық,
Қалаулысын қайда да қорғайды жұрт жан салып.
Туған өлке бағы үшін өссін, жансын, гүлдесін,
Қарсы қойма оларға мансабыңның мінбесін.
Келер албырт ұрпақтың жігіттері сені де
Орта жолға жеткенде тастап кетіп жүрмесін!

* * *

Тарихқа үнілсең, сезер ең,
Қай кезден басталған бұл сұмдық.
Ұлыға қанжарын кезеген, —
Күншілдік.

Бұл неткен зұлымдық, жаным-ау,
Бұл неткен ағаттық!..
Биікті биік деп танымау —
Нәмәрттік.

Арымды келемін қанат қып,
Жаныма бір тыным бермедім.
Бойымнан таусылса жомарттық,
Менің де өлгенім.

БЕСІНШІ ЕРКЕК

(«Өркениеттің адасуы» атты романдан)

Намыс туы желбіреген өрінде,
Дүниеге келтірген сан алыпты,
Отырарда,
Менің туған жерімде

Мынадай бір асқақ аңыз қалыпты.
Жігерімен жіберердей тасты ұтп,
Өнер, ойы тармақты,
Адал, жайсаң жас жігіт
Ел ырысын шашып өткен
Тосын келген қасіреттен
Жанын салып туған жерін қорғапты.

Ал, табиғат — ұлы Ана
Ұланына тіл қатыпты қуана:
— Бұдан да үстем болу үшін мерейін,
Ұлым, саған үш байлықты нысана етіп көрейін.
Нысан керек дәулетке де, баққа да,
Бірін таңда тек қана:
Әр сөзінде от тұратын,
Елге таңдай қақтыратын,
Ғажабы да,
Азабы да орасан
Жұрттан асқан АҚЫЛ берем, қаласаң?

Қызығушын көбейетін шашыңнан,
Көрген адам кете алмайтын қасыңнан,

Қызғаныш та тудыратын орасан
Жұрттан асқан КӨРІК берем, қаласан.

Ұмыттырып дүниенің тарлығын,
Кілең игі жақсылардың барлығын
Жинайтұғын дастарқанның басына,
Тіпті, қасы айналатын досына,
Қанаттыға өнетесі орасан
ЖОМАРТ тағдыр ұсынайын, қаласан?

Сонда жігіт былай депті:

— О, күдірет мекенім,
Бұл ғаламат сыйлығынды қалай өтер екенмін?!
Арнасынан тасып шығып, құйылатын сайларға,
Сөйтіп жұртты қалдыратын өрі-сөрі ойларға,
Ерке және қызба тілмен сөйлеген,
Қайсар, тентек көктемгі өзен секілдімін кейде мен.
Жүрдек дәуір иығыма ауыр жүгін артады,
Дарқандығым,
Бейқамдығым,
Осалдығым бар тағы.
Өзіме-өзім жұмбақ жанмын, —
Бір күн сөзсіз от басам,
Сеніммен

һәм

кешіріммен қарайтын көз таппасам.

Қайда ол көз?
Қанша үміттің жалын босқа қармадым,
Жігер-ойым,
Төнім,
Қаным,
Шығындалсын бар малым,
Өзін айтқан үш байлықты кеудесіне жинаған,
Бір адал жар жолықтырсаң, болмас еді арманым!..

Көне, кімнің бақ жұлдызы туар екен оңынан?
Сол ер жігіт арман еткен асыл жардың соңынан
Сан мың еркек әлі қуып келеді...
БІРЕУІНІҢ мүмкіндігі әлдеқайда көп еді,
Жомарт, адал өрі жарқын жігіт еді өрелі,
Бірақ оны жігерсіздік бөгеді.

ЕКІНШІНІ шыдамсыздық адастырды жолынан,
Сосын қайтсін, ұстай салды басқа өйелдің қолынан.

ҮШІНШІ еркек қайратты еді, жалын шашқан жанардан,
Қара күшке көп сенгеннен нәзіктігі жоғалған.
Шын бінайы сұлулықтың түп тамыры саналған,
Жер бетінде нәзіктікті аман сақтау зор арман.
Нәзіктігін жойған адам
Қыстағы
Терекке ұқсас жапырағы тоналған.

ТӨРТІНШІ еркек қажет шақта төуекелге бармады,
Жарты жолға жеткен кезде сөніп қалды арманы,
Қазір қайсар тағдырына қарсылықсыз көнеді.

Тек БЕСІНШІ ертең қуып жетеріне сенеді.

Ауық-ауық берілгенмен уайымға,
Өжет сенім айналмағай ойынға.
...Сол бесінші — ең бақытты еркектің
Армандаймын, болсам-ау деп тойында.

ЖАҢҒЫРЫҚ НЕМЕСЕ
АҚСАҚ ТЕМІР ҚАЛАЙ БАСТАЛДЫ
(поэма)

Әр мұзбалақ өз өнін айта келер,
Айта білу ежелден байтақ өнер.
Тауға шығып ән салсан
(О, керемет!),
Жаңғырық боп дауысың қайта келер.

Жауап беріп жататын сан қылыққа,
Бір заңдылық жатыр сол жаңғырықта.
Иә, оған күмән жоқ, сондықтан да
Басымды ием сол ұлы заңдылыққа.

I

Масаң-мұңдар көңілі тасып, елтіп,
Нөкері мен тазысын қасына ертіп.
Тінгі қарап мұнартқан Сұңқар тауға,
Келе жатты Жұдай хан түлкі аулауға.

Көз ұшында атты әйел ербелендеп,
Кесіп өтті хан жолын көлденендеп.
Лезде ханның от шашып түлкі көзі,
Қаһарланды:

— Ұстандар!

Бұл кім өзі?
Қанжығаға көкпарша бөктеріндер,
Сөйтіп, менің алдыма ап келіндер!

Алып келді.
Әйел тым ажарлы екен.
Ажарлы екен, ажары базарлы екен.
Шіркін, мұндай жары бар ер жігіттің
Шаттығының жалауы тозар ма екен?!

Қандай әсем қарақат бұла көзі.

Өттен...

Өттен...

Жүкті екен бірақ өзі.
Тағдырына өкпелі сөзі бардай,
Нөкерлер түр сұлудан көзін алмай:

«Міне, нағыз өмірдің сәнді өрнегі».
Тек хан ғана әйелге мән бермеді.
— Күнәһар жан, періштем сен емессің, —
деп ақырды ол,
— Жолымды неге кестің?

Әйел

Не тілейсіз, ұқпадым, мына менен,
Байқағам жоқ,
Сондықтан кінәлі емен.
Қажып біттім,
Көп болды, жолда келем,
Текті қыран ойнамас қарғаменен.
Халім мүшкіл.
Жүктімін, көрмейсіз бе?
Ат үстінде ауырып, зорға келем.

Жұдай хан

Байқағам жоқ дейсің, ө, дегелегім,
Көзінді ойып тастасам, не дер едің?

Әйел

Көз оятып, немене, салтыңыз ба,
Күш көрсетпес өлсізге хаса тарлан!

Жұдай хан

Жоқ, мен сені жазасыз босата алман.

Әйел

Дүниенің ластаған көкірегін,
Дәніне ұқсас зұлымдық кекіренің.
Босатыңыз, өмірге ертең келер
Нәрестемнің атынан өтінемін.

Жұдай хан

Ешкім маған мұрындық бола алмайды,
Ал нәрестен жарық күн көре алмайды.

Әйел

Не деп тұрсыз, мұныыз айуандық қой?!

Жұдай хан

Айттым — бітті,
Атқан оқ оралмайды.

Қаһарлы хан осылай көрін септі,
Көрін септі, жас гүлге өлім септі.
Аттан түсіп барды да, қатуланып,
Іштен теуіп құлатты келіншекті.
Қасіретке куә боп дала жатты,
Өз жолымен хан кетіп бара жатты.

II

Біреулерді өр тағдыр өкпелетті,
Біреулердің мерейі көкке жетті.
Біреулерді заманы шетке тепті,
Содан бері он сегіз көктем өтті.

Мизам айы.

Көңілі тасып, елтіп,
Нөкері мен тазысын қасына ертіп,
Оймен қарап сәлделі Сұнқар тауға
Келе жатты Жұдай хан түлкі аулауға.

Қаһар кеткен,
Әл кеткен таяғынан,
Хандығы да әзер тұр аяғынан.
Шашы ағарған,
Қартайған,
Ал өңгесі
Өзгермеген секілді баяғыдан.

Еске түсіп істері өткендегі,
Ойы бір сөт шарықтап көкке өрледі.
Анау төбе — зымырап кашқан жауды
Қуып жетіп тас-талқан еткен жері.
Анау белес — өзіне қарсы шыққан
Туысқанын арбаға жеккен жері.
Мына бір сай — тас табан етігімен
Жүкті әйелдің ішіне тепкен жері.
Сол шақ өзі күз бе еді, көктем бе еді?

Ал ана өйел бір керім өндірі екен,
Қайтты екен ол?

Қиналмай өлді ме екен?
Көз аша алмай батар күн, атар таңға
Кеткен шығар, өрине, жаһаннамға.

Ханның әрбір қимылы зарлы бір өн,
Мұң сорғалап зорезап жарлығынан.
Кісіге еткен зорлық пен зомбылықтың
Ләззат алып келіпті барлығынан...

Кенет алдан атты адам ербелендеп,
Тұра қалды хан жолын көлденендеп.
Бұл кім өзі?
Бұл кімнің «мүзбалағы?»
Қаракшы ма жайлаған тұз даланы?
Хан нөкері қылышын суырғанша,
Шыға келді тасадан жүз қаралы.
Бәрі тамам.
Енді қай айла қалды?
Қалың әскер хан қолын байлап алды,
Байлап алып,
баяғы келіншекті
Азаптаған қанқұйлы сайға апарды.

Міне, ғажап!
Топ жиде арасында
Қару-жарак, салтанат бәрі осында.
Құрма кілем үстінде жігіт отыр
Он жеті мен он сегіз арасында.

Хан жігітке қадады түлкі көзін:
— Ұнамай тұр, әй, бала, бұл мінезің.
Ұры итіндей бүкпайлап ең даланың.
Кімді төлкек етпексің сен, қарағым?
Танымасаң, танып қой,
Осы өлкенің
Әміршісі Жұдай хан мен боламын.

Жігіт

Болсаң бопсың,
Мен емес паңданарың.

Өмір ылғи адамға көктеме ме?
Мынау ұлы безеу бет паң даланын
Осал тұсын мен онай аңғарамын.
Бірақ сендей хандардың көзін күртпай,
Мен қалайша өлемге хан боламын?
Бақыт бүгін басыңнан барады ұшып,
Әлденіп ал, бейшара, шарап ішіп.
Қартайсан да,
Желігің басылмаған
Хан едің сен,
Сол үшін асыл бағаң.
Сол үшін де өзінді ардақ тұтып,
Алтын сапты қылышпен басынды алам.

Жұдай хан

Бір дүлегей екенсің дінін мықты,
Күтқармассың,
Сеземін...
Күнім бітті.
Күтқармассың.
Ой, алла-ай, жап-жас болып,
Қайдан біліп алғансың зұлымдықты?!

Жігіт

Жас болсам да тұзым көп татып көрген,
Іздеп өтем өлгенше бақытты ерден.
Әйтсе де мен ең үлкен зұлымдықты
Анамның құрсағында жатып көргем.
Намысымның құзарын төркіндеген
Құпиям ол
Ешкімге шертілмеген.
Жә, жә, неден қорғалап тосылайын,
Саған өлім,
Маған бақ — бас уайым.
Сәлден кейін өлесің,
Өліктен мен
Құпиямды несіне жасырайын.
Анам марқұм
Жан бопты сөзі ілікті,
Тірлік мәнін бірлік деп сезініпті.

Маған жүкті кезінде жолаушылап,
Бір еріккен залымға кезігіпті.
Әлгі залым аңартып сұсын дара,
Қан төгуді аңсапты құшырлана:
Ішке теуіп анамды өлтіріпті
Алдын кесіп өткені үшін ғана.
Кеудесінде игілік мақсат тұнып,
Бұлақ ағып жатыпты сақ-сақ күліп.
Мен жатыпшын іңгөлап, өмір тілеп,
Өлі анамнан аяғым ақсақ туып.
Бағын жанса, бас құрар амал-айла,
(Әйтсе де адам оны әр кез бағалай ма?)
Содан мені бір қойшы тауып алып,
Сый орнына тартыпты Тарағайға.
Ал Тарағай ежелден еркі мықты
Әйелім ұл туды деп желпініпті.
Жұртқа жайып жүрер деп құпиямды,
Қойшы шалды бір түнде өлтіріпті.
Рас, өлі шытырман тандар алда,
Бірақ менің қайғым зор аңдағанға.
Зұлымдықпен алысып аман қалып,
Зұлымдықпен көз аштым мен ғаламға.
Шақырғанмен қол бұлғап мақсат небір,
Талайларды жазықсыз ақсатты өмір.
Мен де ақсадым анамнан тумай жатып,
Содан қазір есімім — Ақсақ Темір.

Жұдай ханның зәресі ұшып кетті,
У ішкендей денесі ысып, кетті.
Дірілдеген қолынан шарап толы
Сапар кесе еденге түсіп кетті.

Өмір өзі-ақ шығарды-ау масқарасын,
Суға алдырған сорлыдай баспанасын.
Есі кетіп,
Аңырып отырды да,
Жұдырықтай бастады қасқа басын.

Уақыт соқты әр демін санаттырып,
Бақыт одан қашқандай балақ түріп.
Сәлден кейін ең соңғы сөзін айтты,

Жас жігітке кіжіне қарап тұрып:
— Өкінем-ау,
Өкініш өрт емес пе?!
Табиғатты кім айтқан сезімсіз деп.
Өзгеге еткен зорлығың ерте, кеш пе,
Таппай қоймайды екен-ау өзінді іздеп.
Іздеп тапты-ау,
Айтайын, ал дайындал,
Қорықпаймын жазанның қандайынан.
Айтпас едім,
Бәрібір өлтіресің,
Айтсам, сипай қоймайсың маңдайымнан.
Жата бермес шындық ит босағала,
Тура қара,
Жүзінді тасалама.
Бұдан аттай он жеті көктем бұрын
Мен өлтіргем анаңды осы арада...

.....
Кірпияздау күйге орап жаркын шақты,
Кенет қылыш жарқ етті алтын сапты.
Осынау бір қанды кез ғаламатты
Ішке тоқып, күрсініп дала жатты.
Күнбатысқа созылған терең саймен
Ханның басы домалап бара жатты.

АРМАН

Ж.Н-ға

Ерте, ерте,
ертеде
Отырарда,
Біздің інкәр өлкеде,
Иық бұрмай тек білімнен басқаға
Қатар өсті екі бірдей жас бала.
Қатар жүріп сан өнерге машықты,
Бірге оқыды,
Бірге ойнады асықты.
Екеуіне назар бұрды ел ерек,
Өйткені олар дарынды еді керемет.

«Таңдайымыз өрісті оймен тағымақ», —
Деп қуана езу тартты атырап.
Ал дарындар медресені тауысты,
Он екіге жасы ілікпей жатып-ақ.
Сыбағасын тағдыр дара бөлгендей,
Өсе берді төске шауып, төрге өрлей,
Екеуіне қараған жұрт сүйсінді,
Отырардың болашағын көргендей.

Отырарда жаны жойқын дария,
Ойы безбен бар еді бір қария.
Сол қария бір күні екі шәкіртті
Құрметпенен өз үйіне шақыртты:
— Балақайлар, балапандар, көк өрім,
Сендерге бір сауал қойсам деп едім,
Туған жан деп өнерімен, өртімен
Екеуінді сөз етіп жүр ел түгел.
Мен де танып білсем деп ем,
Кімсіңдер?
Қандай арман жетегінде жүрсіндер,
Қандай бағыт ұстайсыңдар түбінде,
Сонша неге күштарсыңдар білімге?
Қане, Дойыл, сен айтшы?

Дойыл айтты: — Жалғыз арман бар менде,
Шектесетін қулықпен де, армен де.

Жалын шашса өнерімнің өрнегі,
Сонау Йемен, Мысыр, Бағдат елдері
Түгел танып жыр ететін таңдана,
Саудагер боп шықсам деймін, жан баба.
Тірлігімде жабыркамай, жасымай,
Ата жолын кусам деймін осылай.
Бой шалдырмай бос мақтан мен өсекке,
Өмірімді күрсам деймін есепке.
Ұтыласың, жебемесе желекті ой,
Бұл өнердің табиғаты ерек қой.
Қаншама елмен сауда-саттық жасауға
Соншама елдің тілін білу керек қой.
Табу үшін жұрт таппаған айланы,
Көру үшін жұрт көрмеген пайданы,
Шығу үшін жұрт шықпаған белеске,
Жұрттан асқан білім керек емес пе?
Тілін тапсаң, кім созбайды қол ұшын,
Өнер қажет, білім қажет сол үшін.

Карт күрсінді: — Ұлым, желік қуыпсың!
Неге мұнша желтоқсандай суықсың?
Бағымызға туган дарын болар деп
Қуанып ем,
Сорымызға туыпсың.
Сор боларсың, одан не мән табарсың,
Арманыңды, бәлкім, қайта қарарсың?
Бірақ Дойыл тұрып алды паңдана:
— Арманымды өзгерте алман, жан баба!
— Ал сен қалай бағытталын нұрыңды,
Жасырмай айт,
Жасқанбай айт сырыңды. —
Деп қария Дойылмен бір отырған
Ұяң шөкірт жас Әбуте бұрылды.
Әбу айтты: — Менде де бар бір арман,
Маздап жанып, қол бұлғайтын шынардан.
Ұлы баба, бірақ менің арманым
Парыз бенен махаббаттан құралған.
Шамын жақсам ғылым менен өнердің,
Елімді зор мерекеге бөлермін.
Бұл сапарым азапты да шығар-ау,
Не де болса, пешенемнен көрермін.

Кенге жайды ол қанатын,
Әбуіміз — әрі ғалым, әрі акын,
Әбуіміз — біздің ұлы бабамыз
Әбунасыр әл-Фараби болатын.

МӘҢГІ ЛАУЛАП ЖАНУ ҮШІН ҒАЛАМДА,
ҮЛКЕН БАҚЫТ ТАБУ ҮШІН ҒАЛАМДА,
ҮЛКЕН БОЛЫП ҚАЛУ ҮШІН ҒАЛАМДА,
ҮЛКЕН АРМАН КЕРЕК ЕКЕН АДАМҒА.

БАРСЕЛОНА ӘУЕЖАЙЫНДАҒЫ СҰҢҚАРЛАР

Бұл не өзі, әлде даңққа ғашықтық?
Талайлар жүр өлең-жырды көсіп қып,
Десек тағы іскерміз һәм батылмыз,
Біз солармен күресе алмай жатырмыз.
Кедергілер көлденеңдеп күтпеген,
Пәле болды көңіл жықпастық деген.

Шығып жатыр,
Шығып жатыр құлшынып,
Бойсыз,
Ойсыз,
Тек ұшуға құштарлар,
Құштарлықтан тұра ма әлде тіршілік?!
Жеке күйттеп әдеттенген бас қамын
Бір-біріне ұксас,
Ұсақ құстардан
Тазартамыз қалай өнер аспанын??? —
Деген сұрақ алдымызды кес-кестеп,
Кешегіден келіп жетті бүгінге.
Қиын,
Қиын, ойланбасак, түбінде.

Құр қалбақтап ұшуды нысап тұтқан
Ұксастық пен ұсақтықтан
Қашан қонар екенбіз біз зор парасат-пайымға...
Біз әрдайым тиістіміз қорқуға

.....
Барселона әуежайында
Болды бірде ғажап жағдай таң қалар,

Кілең ұсақ, майда құстар —
шымшық, торғай, қарғалар

Билеп алып аспанды,
Реактивті ұшақтардың
Самғауына қиын кезең басталды.
— Бізді мұнша әлек еткен,
Бұл күтпеген пәлекеттен
Құтылатын жол қайда,
Ғалымдардан, сірә, көмек болмай ма?
Дүлей үрей құшағында азап шектік күнделік,
Майда құстар турбинаға
Жойқын ауа толқынымен бірге еніп,
Бес нән ұшақ істен шықты соңғы айда, —
деп өтінді ұшқыштардың бастығы
Ғалымдардың басшысы — үлкен қасқа маңдайға.
— «Ғылым үшін, міне, жаңа тақырып».
Қасқа маңдай аз ойланып отырып,
Табыстады істі басқа маңдайға.
Басқа маңдай ертіп басқа маңдайды,
Жете зерттеп, түсінгенмен мән-жайды,
Күпияның құлпы ашылмай қасарды,
Түрлі-түрлі тәжірибе де жасалды.
Айлар өтті нәтижесіз күйбеңмен,
Ұшақтардың гүріліне әбден еті үйренген
Қу құстардың әуежайды басынғаны соншалық —
Бірін-бірі шұркыраса қарсы алып,
Бір-біріне қоштау айтып тамсанып,
Таңнан таңға масайрады өн салып.

Тым бейхабар мынадай «ғаламаттан»,
Мадридте оқитын
Ұлын көріп қайтуға бара жатқан,
Тарпаң тағдыр сарқа алмаған қуатын,
Құзар таудың баурайында тұратын
Орманшы қарт үлкен қасқа маңдайдың еді жақын туысы.
О, сәттілік десеңізші қандай бұл!
Күллі өмірін орман бұрған
Туысымен қасқа маңдай шай ішті.
Сосын өзін толғандырған
Әрі қатты арландырған
Оқиғаға ойысты.

Енді бүгін қолдан билік, бойдан күшін қашқанла
Жалтақтайсың жан-жағыңа,

алақтайсың аспанға,

— «Сүйеніші,

Қамқоршысы,

Мектебі

Емес пе едім?

Асқаны ма, неткені?

Ебін тапса, ысырады шеткері,

Елемейді, сыйламайды», — деп мені,

Өкпелейсін ұқсас өрі ұсақ канат жастарға.

Иә, олар қадіріне жетпеді!

Құтылам деме, өзгеге артып кінәні!

Сен жауап бересің әлі,

Жолыңды салмай қиынға,

Жөніңді таппағанын үшін,

Сұңқарлар болған жиында

Шымшықты мақтағаның үшін.

Құр қалбақтап ұшуды нысап тұтқан,

Ұқсастық пен ұсақтықтан

Біз әрдайым тиістіміз қорқуға.

Не ғаламат жатыр мына дүлей ғасыр ойында?

Желтең,

Мазан ойменен

Жүргендеймін кейде мен

Барселона әуесжайында.

Бір кез өлгі орманшы кеп қасыма,

Балап мені баласының досына,

Мейіріммен күлімсіреп жанары:

— Өне, ұлым,

Уақыттың талабы

Ерте, кеш пе, бәрін жөнге салады.

Сұңқарына жағдай жасамаған ел

Майдалардың мазағына қалады, —

деп тұрғандай болады.

1. Махамбеттің соңғы сөзі

*Баз бір адамдарда болашағын
елден ерек сезіну, түйсіну күші
болатынын ғылым жоққа шығар-
майды... Махамбет ақын өлерінен екі
күн бұрын айналасындағыларға өзінің
жан шошынарлық сұмдық түс
көргенін, түсінде иығынан үзіліп
түскен өз басы өзіне қоштасу айтып
тұрғанын әңгімелеген.*

Мен түсімде зорлық көрдім,

қорлық көрдім ғаламат,

Бір таныс қол соғып өтті өлдекімді паналап,
Зұлымдықтың жасырынып келетіні жаман-ақ.
Иығымнан ұшқан басым көкірегімнен домалап,
Бара жатты атамекен Ақжайықты жағалап,
Жүрегімнен аққан қанға боялыпты бар алап.

Жә, бұл түсім тегін емес, мына сойқан заманда
Тіршілікпен қоштасар сөт жетті-ау деймін маған да.
Қоштасар сөт жетті-ау деймін, туған елім, еңселім,
Бостандыққа шақырып ем,
Сенің заңғар ақылың ем,
Елім өрі өлшемін,
Жанашырың, жақының ем.
Және қайсар ақының ем мен сенің.

Жұлдыздай боп жанар алдан
Ақындықта елден ерек басқа заң.
Батырлығы жоқ адамнан
Үлкен ақын шыққан емес ешқашан.

Туған елім — арман, мұңым,
Енді сені жетелейді жол қалай?
Менің бассыз қалғандығым
Сенің бассыз қалғандығың болмағай!

Иә, шындықтың ащы данқы,
Шындық үшін жалғыз түстім егеске.
Ақындықтың басты шарты —
Басты алса да, шындықты айту емес пе?

Өлімге сан жақын бардым,
Қорғансыз боп көрінсем де жай көзге.
Шындықты айтқан ақындардың
Бірақ жолы болып еді қай кезде?

Көрде де енді сен жайлы ойға батамын,
Бұл іңкәрлік созылады қаншаға?
Кім қаншама шексіз сүйсе Отанын,
Оның тартар азабы да соншама.

Мен сенемін, күні ертең
Нұрлы үмітпен оянар деп ұлы өлкем.
Күліп жайсаң күн ғажайып,
Ел наласы тарқар деп.
Ақымақтар күрт азайып,
Сұмдар қорқақ тартар деп.

Мен сенемін, күні ертең
Пенделіктен тазарар деп ұлы өлкем.
Жә, қашанғы баққа зорлық мінгеспек?
Сенем, ертең оттыға отсыз күлмес деп.
Тек тұлпарлар ғана алатын бас бөйге
Есектердің мойынында жүрмес деп.

Мен сенемін, күні ертең
Ақыл-ойын пір тұтар деп ұлы өлкем,
Мына дәурен бұрқан-тарқан
Ертең қайта өзгерер.
Ақындарын сұлтандардан
Артық сыйлар кез келер.

Қадір тұтам қиялдауды,
Ертең талғам өзгерер.
Шындап құлай сүйе алмауды
Қылмыс санар кез келер.

Туған елім,
Күдіретімсің аңсаған.
Алдан жарқын күн шыққанша,
Кескініңді көрмейінші шаршаған.
Пасық ойлар түншыққанша,
Дулығаны қақ жарып гүл шыққанша,
Жер астынан қарап жатам мен саған.

2. Әке үкімі

Шөмбал жігіт кіріп келді ентелеп,
— Әке, — деді ол кірген бойда,
— Әке, — деді еркелеп,
— Жүруші едің маған ылғи өкпелі,
Кеюші едің,
«Мал бодмайсың», — деп мені.
Сол сөзіңді, сірә, қайтып аласың-ау, шамасы.
Атышулы Баймағамбет сұлтанның
Маған берген сыйлығына қарашы!

Төрде отырған әкесінің алдына
Ман-ман басып барды да,
Алтын жіппен әліптелген жағасы
Сүр ішікті тастай салшы баласы.
— Иә, сөйле, — деді әкесі, —
Қандай ерлік көрсеттің,
Екі ай бойы, қане, қайда жол шектің?

Баласы айтты:
— Топ бастадық төрт адам.
Махамбеттің жақыны
Ықыласты үгіттеп,
Мақтап, қағып арқаға,
Қосып алдық ортаға.
Бұл — түгелдей мына ұлынның ақылы.
Еркін жетер өңгіме ол бір таңға.
Қапысызда қармақ салып,
Махамбетті алдап соғып,
Басын кесіп, сыйға тарттық сұлтанға.
— Ой, залым-ай,
Жүзіқара залым-ай,

Мұнша залым екенінді қалай келтем танымай.
 Бұдан өткен зор қасірет болар ма,
 Бұдан өткен зор қасірет болар ма?! —
 деп әкесі жас үйірді жанарға.
 — Қабағыңды жаба қалды неге мұң,
 Әке, сенің қай сөзіңе сенемін,
 Есінде ме,
 Менің бала күнімде
 Махамбетті жек көремін дегенің?
 — Рас, ұлым, айтылған сөз оқпен тең,
 Бір кезде мен Махамбетті жек көртем.
 Әлде, кемшін шағым ба еді ол ақылға?!
 Пенделік қой салған мені тақымға.
 Оған себеп —
 Сенің анаң жасынан
 Ғашық болған сол Махамбет ақынға.
 Азаппенен атса да асау таңдарым,
 Қайрағам жоқ қызғаныштың канжарын.
 Іштен тынып жүре бердім төзген боп.
 Өзін шексіз құлай сүйген жан барын
 Қайран ақын сезген жоқ.
 Анаң марқұм ол дегенде от жалындап көзінен,
 Тамсанатын,
 Нак бір бақыт табардай әр сөзінен,
 Ұлы ақынға деген іңкәр сезімін
 Көрге бірге ала кетті ол өзімен.
 Өткен, біздің сөр маңдайлы Жайықта
 Ерлер аз ғой бара алатын байыпқа.
 Тым кеш ұқтым,
 Махамбеттей батырға
 Бүкіл қазақ ғашық болса, айып па?
 Қүдіретті шындытынан танбаған,
 Парасатын ізгілікке жалғаған,
 Ақын деген киелі аққу самғаған.
 Ал, ендеше, аккумуля атқан пендені
 Қай атаңнан көріп едің, оңбаған?!
 Бұл салада сен бірінші адамсың,
 Адам емес,
 Ең бірінші надансың,
 Ел дәстүрін,
 Ер дәстүрін қорлаған.

Нақ мынадай қасиетсіз оқиға
Бұрын казак топырағында болмаған.
Қандай қиын кезеңде де
Туған ел
Ақындарын жанын салып қорғаған.
Түсінбедім,
Армандап ең нені, ұлым?
Ертең сені қойып желдің отіне,
Ызалы ұрпақ түкіреді бетіне.
Сол қорлықтан құтқарайын сені, ұлым!
Және ол зар онайлықпен тыйылмас,
Қанымыз бір,
Жолымыз да шиырлас.
Енді сенің кесіріңнен
Маған да
Туған жердің топырағы бұйырмас.
Жә, не қайыр, налы, мейлі, налыма,
Сорлы балам,
Туыпсың-ау сорыма.
Өзің түстің өзің қазған орына.
Кеттік, көне,
Ішіңді ал қолына!

Ұясына күн түр елі батқалы.
Түксиелі меніреу күм шатқалы.
Олар үлкен қара жолға түсіп ап
Бір төбенің қасына кеп тоқтады.

— Мынау төбе саған соңғы шығар шын
Болатынын ұғарсың.
Сен, әрине, құралайды көзге атқан,
Атқан оғын маздатқан
Менің мерген екенімді ұмытпаған шығарсың? —
деді әкесі құлазып нар көңілі.
Дір-дір етіп:
— Ұмытқам жоқ, — деді ұлы.
— Балам, үміт — қызығымның өлшемі
Өзің едің,
Қайғым болдың еңселі.
Басына шық, көне, мына төбенің,
Осы арада қалдырамын мен сені.

Караладың қасиетті мекенді,
Жараладың тұрмастай ғып өкенді,
Мына жолмен өткен жұрттың аузынан
Махамбеттің жырын тыңдап жат енді.
Мүмкін, сонда ұғынарсың катенді.
Кім аяққа басса заңын даланың —
Ұмытқаны қатал тарих сабағын.
Кешір мені,
Таусылды бар амалым.
Дала заңы — баба заңы, қарағым, —
деп өкесі қолына алды садағын...

ЕРКЕКТЕР ЖЫРЫ

...Біздің тауда қанатына қанғырған бір оқ тиіп,
Ата қыран ұясында тартып жатты көп күйік.
Кей кездері ызадан жарылардай,
Дөңбекшіді ол, қорлыққа бағына алмай.
Бала қыран күндікке тауды кезіп,
Жем тасыды ұяға жаны қалмай.
Ата қыран перзентінің қамқорлығын күп алып,
Шүкіршілік етті іштей қуанып.
Ол ойлады: «Ұзақ қайғы бола қоймас бұл аса,
Құлан таза сауығамын, тағы екі-үш ай шыдасам».
Бірақ бір күн бала қыран оған былай тіл қатты:
«Баға жетпес асылымсың, ардағымсың, қымбатты,
Өбден қажып сорладың-ау, жүдедің-ау тым қатты.
Есіме алсам баяғы шат күндерінді еңселі,
Жаным жылап, аяп кетем, аяп кетем мен сені!»
«Токтат! — деді ата қыран қалш-қалш етіп долданып, —
Бекер жатқан екенмін гой, ұлым бар деп малданып»,
Көкірегін бір алапат ыза буып алды да,
Ұясының аузына өрен жүріп барды да,
Жан шошытар жалтыр күзден құлап өлді табанда.
Қалқам!
Ерлік даңқы қанат жайған мына ұлы заманда
Мүсіркеу сөз естуден өлім жеңіл маған да!!!

ҮНСІЗДІК

Бір танысым қонаққа шақырды да,
Топ адамның көзінше
Пікір пішіп өзінше,
Көңілінді елемей аппақ айдын,
Досым, сені жатып кеп даттады-ай бір.

Кеткен шақта әділдік заңға айналып,
Ақты кара деп айту — қандай набыт.
Үнсіз қалдым,
Өзінді нақ сол сәтте
Ақтап алар дәлелім болмай қалып.

Өткен күзде билетін жоғалтып ап,
Бір қарт әжей вокзалда жылап тұрды,
Жылап тұрды, еңсесі құлап тұрды,
Жанарында жалыныш сұрақ тұрды.

Кеткен шақта ізгілік заңға айналып,
Жомарттықты тұсаулау — қандай набыт.
Үнсіз қалдым,
Қалтамда нақ сол сәтте
Көк тиын болмай қалып.

Өмір сансыз сауалын тартыпты алға,
Кездерім бар өзімді қор тұтқан да.
Мүмкіндігім жоқ сәтте мұңға батам,
Үнсіз қалып отырам сондықтан да.

Табиғаттың тымырсық ақпанындай,
Ақпанындай, жылдардың қақпанындай,
Мені осынау мейірімсіз үнсіздіктің
Азабынан әрдайым сақта, құдай!

ӘЙЕЛДЕР

Не толқытса, сонын мұнын тартасын...
Аурухана ауласында сытырлатып картасын,
Жанарында өзіл ойнап жарасты,
Маған бір қыз бал ашты:
— Наукастан ба, ерініңіз кезерген,
Жазыласыз,
Налыманыз, бекер сіз.
Әйтсе де әйел қауымына ежелден
Немқұрайды қарамайды екенсіз.
Сүюді Сіз ерлік деп те айтасыз,
Онсыз ақын боларсыз ба ой өрген.
Дегенмен сіз абайлаңыз, байқаңыз,
Бағыңыз да, сорыңыз да әйелден.

— Бәрекезде,
Өркен жайсын талабын,
Сөуегейі сен боп жүрме қаланың.
Бұл бетіңмен сығандарды жұмыссыз
Қалдырарсын, қарағым. —
Дедім күліп. Бірақ қыздың байсалды
өзіл сөзі маған біраз ой салды.
Дүниеге қан тамырдай тарайтын
Жер бетінде әйел жайлы ертек көп.
Әйелдерге немқұрайды қарайтын
Еркекті мен санамаймын еркек деп.
Қай кезде де сұлулықтың жолы — мұз.
Әйел — біздің өзіз байлық қорымыз.
Әйел — біздің тағдырымыз,
Тағдырымыз болған соң,
Белгілі ғой, бағымыз не сорымыз.
Хас сұлулық өлсіздердің қызғанышын маздатқан,
Ал қызғаныш күрды деп кім айта алады аз қақпан?!
Бір әйелге бола кейде елменен ел жауласып,
Жер жастанған боздақтар.
Оған куә — анау төбе төмпіңған,
Анау шындар құлақтары қалқиган.
Сан ұрпаққа тұлға болған ақындар
Бір әйелдің намысы үшін жан қиған.
Мағынасыз жылтыракты сақтамайды ел еске.

Жалын болып, жылу болмау,
Әйел болып, сұлу болмау —
Табиғатты алдаумен тең емес пе?
Гүлзар әйел қауымына сұлулықсыз бақ қайда,
Шын сұлулық тереңдікте жатпай ма?
Қайырлатқан кемесін талай ердің
Саяз көлге шашылмағай шұғылаң.
Тереңдігі жоқ әйелдің
Қорку керек сыртқы сұлулығынан.
Әйел — еркек намысының қорғаны.
Нағыз сұлу әйел табу —
Бүкіл еркек атаулының арманы.
Нағыз сұлу әйел үшін қажет кезде жан қию —
Бұл — жігіттік кодекстің жазылмаған тармағы.
Бірақ, бірақ талайлардың бақыты алыс сорынан,
Бұл кез келген бөріктінің келе бермес қолынан.
Ерлік семсе, азаматтық семеді.
Үлкен ерлік үлкен күшке келеді.
Маған ғашық бір әйел бар,
Ол әйел
Менде сондай күш барына сенеді!

ӨЗЕНДЕР

Мыңбай Ілесовке

Ән туады мұраттан,
Ой туады сұрақтан,
Небір үлкен өзендер басталады бұлақтан.
Бірақ соның барлығы жете алмайды теңізге,
Жоғалтады өзді-өзін, түседі де көп ізге.
Өмір кейде тым қатал, өмір кейде тұйықтау,
Кей өзеннің жолына бөгет болды биік тау.
Небір асау, асығыс, шулы өзендер ақ тарлан
Ағып-арып барғанда құмға сіңіп жоқ болған.
Жолсыздық пен жөнсізді жалықты көз көруден,
Құтқар анау өзенді құмға сіңіп олуден.
Құтқар анау аққуды сол өзеннен жеруден,
Ағын судан зерігіп, шалшық суға сенуден.
Өзен болу — үлкен сын,
Бақыт емес ол да аса,
Теңізге ағып баруға мүмкіндігің болмаса.

12 — 3 = ?

(Поэма)

Қырқасынан қыран ұшқан, сен ержеткен аймақты,
Ертеде бір хан билепті, кайсар әрі кайратты.
Қартайса да, шапқан аттың кұлағында ойнапты,
Қия тартқан мақсатына иек артпай қоймапты.
Өз елінің абыройын,
Қорғанысын, ақыл-ойын
Қайтсем биік көтерем деп ойлапты.
Бір болса да бірегейлі,
Хандығына түбегейлі
Жаңа өзгеріс енгізуге белін мықтап байлапты.

Бірақ сорлы жетіп алмай тоқтамының паркына,
Мынадай бір заң шығарып, таратыпты халқына:
«Кемел ақыл қарттық шақта ғана деп,
Жастың ісі (негізінен) шала деп
Есептелсін.
Шалалықтан ел несібі шашылар,
Сондықтан да барлық билер, қазылар,
Барлық әскербасылар,
Ісін мінсіз атқарған
Сайлансын тек ақ сақалды қарттардан!»

Жастық шақтың мерейін аттап өтіп,
Таптап өтіп төске өрлей,
Оның ұлы мүмкіндігін ескермей,
Тек қарттықтан бастап ел әңгімесін,
Лезде ұмытты жас қауым тәрбиесін.
Сенімсіздік жұрт қолын байлап алды.
Алаулаған жастық от қайда қалды?
Жиырма беске келсе де,
Өз көжесін
Жылап ішер жасықтар пайда болды.

Өзех болар ел еді мың дастанға,
Енді бүгін мұңына мұң қосқан ба?
Жау дабылы естілсе, бой көрсетті
Қора айналып кашатын жүн бастар да.
Балғын гүлдің шаттығын өмірсіз гып,

Қайлан шықты бұл мимырт көңілсіздік?
Танымастай өзгертіп жіберді елді
Жастық шаққа жасалған сенімсіздік.

Ханды тағы сайтан түртіп, ойға келді мынадай:
«Хандығымның төрт тағандап тұруы үшін құламай,
Қимыл керек. Кенде емеспіз күштен де.
Тағдыр біздің даңқымызды әлде келте пішкен бе?
Жо-жоқ, тоба!
Соғыс ашып көрейін
Көріші жатқан өзімізден үш-төрт есе кіші елге,
Сөйтіп шырқау көтерейін пәсең тартқан көңілді».
Соғыс ашып көріп еді, тас-талқан боп жеңілді.

Мұнан асқан қорлық болмас, расында,
Енді, міне, төрт уәзірі қасында,
Қос жанары жылай-жылай суалып,
Селеу шашы ызғар сокқан боз жусандай қуарып,
Жолдас болған тәтті арманы балғын бала кезінен
Бір-ақ күнде бал-бұл ұшып көзінен,
Өз кінәсін өзі ақтап ала алмай,
Теке сақал уәзірлерін атарға оқ таба алмай,
Түтқында отыр хан сорлы,
Сел-тасқында қалт-күлт етіп өрен тұрған аралдай.
«Күндер қайда салиқалы, сымбатты,
Сокқы болды-ау, сокқы болды-ау бұл қатты».
Осы сәтте жеңген елдің ақ сақалды әкімі
Ханға қарап тіл қатты:
— Дара шауып кетіп едің сен мүлде,
Қалай, шалым, ақылыңа келдің бе?
Жұмбақ айтам.
Егер тапсаң, азатсың,
Таба алмасаң, өлдім де!
Таба алмасаң, қанатыннан сыңғаның,
Тырысып көр, ақылыңда күш болса?
Мынау ғана менің саған жұмбағым:
Не қалады он скіден үшті алса?

Үміт, ойсыз отырған шал қуарып,
Білегінен алынғандай бұғалық:
— Онда тоғыз қалады ғой, — деп күлді.
Бәйбішесі ұл тапқандай қуанып.

— Тапқырлық пен ақыл-ой
Сынға түскен ұрыста
Жолың сенің тағы тартты бұрысқа,
Таба алмадың, — деді өмірші мыскылмен, —
Мойыныңды даярлай бер қылышқа.

Бір жас жігіт алға шықты:
— Сіздіңше, ең ауыр жаза өлу ме?
Ауыр жаза — тірі қалып, өзінің
Тауысып бар төзімін,
Қателігін өз көзімен көруде
Және оны түзетуге
Қолда билік жоқтығына көнуде.
Ұлы өміршім, ойланыңыз әлі де,
Ерте, кеш пе өлім жұрттың бөріне
Ашары хақ есігін...
Өтінемін, етіңіз бір кешірім.
Ханымыздың қасық қанын қисаныз,
Мен айтар ем бұл жұмбақтың шешімін.

— Ал айта ғой, — деді өмірші, — талабыңды шектемен,
Балаусаға тас атқанды жек көрем.
Берлім, ұлым, тілегінді, төлеуін
Қайтара алсаң кеудеңдегі отпенен?!

— Иә, иә, балаусаға тас атқан жан оңбайды, —
деді жігіт, — жұмбағыңыз күрделі-ақ,
Өйтсе де, оны жұмбақ деуге болмайды.
Заңдылық — ол. Заңды білмеу — зор қайғы.
Егер, егер он екіден үшті алсақ,
Ештеңе де қалмайды.
Айлар — жылдың ұланы.
Біздің әрбір жылымыз
Он екі айдан тұрады.
Он екі айда үш ай көктем бар екені белгілі.
Көктем деген — табиғаттың таңғажайып ерлігі.
Ол ерліктің данқын ешкім қаға алмайды шеткері,
Ал жастық шақ — адамзаттың көктемі.
Міне, осы көктем нәрлі болмаса,
Әр тіршілік өз қорегін қажетінше алмаса,
Айрылмай ма бар мағына-көріктен?

Онда шырын үмітіннен қараңды үз.
Көктемде гүлдемесе алмалар мен өріктер,
Қалған анау тоғыз айда
Қандай жеміс күте аламыз одан біз?
Қанша налып, жегеніңмен пұшайман,
Бұған қарсы табу қиын күш, айла.
Қаранызшы, тоғыз айдың тағдыры
Байлаулы түр үш айға.
Оған тіпті жүрмек емес басқа заң.
Мұны және жұмбақ санау — зор қайғы.
Сондықтан да он ескіден ешқашан
Үшті алуға болмайды,
Алған алам мына біздің ханымыздай сорлайды!

«Кім өзі бұл, ойы — қылып, сөзі — мір?»
Хан түгесіп алардай бар төзімін,
Қарап еді, қарап еді, о. ғажап,
Атқосшысын тани кетті өзінің.
Еске түсіп қайдағы мен жайдағы.
Хан күрсіне бас бармағын шайнады.
«Бітті, бітті, мен өлікпін, өлікпін...
Қол бастайтын жігіттерді қорада ұстап келіппін.
Сорлаппын-ау, канаттыға болыппын-ау тар мекен,
Өткен-өткен, қорлаппын-ау жігіттерді нарға тең...»

P.S. Тым кеш келген игілікті ойлардың
Қайғысынан артық азап бар ма екен?!

АЛҒЫС АЙТЫП ӨТЕМ САҒАН

Рысбек Тұрысбековке

О бастан-ақ Мен Сен болғам, Сен, әрине, Мен едің,
Екеуміз қос желкені едік достық атты кеменің.

Келер таңға қиял жалғап, сыр толғасып кей күн біз,
Шын досы жоқ адамдарды аяу керек дейтінбіз.

Адал достық күдіретін ешбір сезім бөгемес,
Тіпті көзсіз махаббаттан оның даңқы кем емес.

Тірліктегі менін әрбір өрісім мен жеңісім
Ең негізгі қуаныш боп есептелді сен үшін.

Қалжыраған сәттерімде қайғы-мұңмен қағысып,
Пейіліңді қанат етіп, сен жетуші ең ап ұшып.

Енді бейнең алыс тартты қалың тұман ішінде,
Еш айырма болмап еді сөзін менен ісінде.

Зор пенделік тарту күшін жеңе алғанын үшін де,
Саф адалдық ауасымен дем алғаның үшін де,

Маған шексіз және шетсіз сенің алғаның үшін де,
Алғыс айтып өтем саған өңім түгіл, түсімде.

ОРАЛУ

*(Мойынкүмдағы Қайрат Рыскүлбековтің
ескерткішін ашардағы сөз)*

Нақ төрінен мәңгі итжығыс түсіп жатқан майданның
Жігеріңмен көктеп өтіп,
Ұлт мүддесін шекпен етіп,
Төбең бір сәт көкке жетіп,
Өз өлкеңе ескерткіш боп оралдың ба, айдарлым!

Жетекке алып саналы арман,
Бүршігіңді жаңа жарған шағыңда,
Денең қалып сонау Семей түрмесінің маңында,
Мойынкүмның топырағын қайта бастың кемелдеп,
Ара жігін ерлік пенен ездіктің
Бір-ақ қадам екендігін дәлелдеп.

Қиын сәтте жалау еткен намысын,
Данқың ассын, қайсар ұлан, жаның қиған ар үшін.
Ноғайбайдың перзенті боп Алматыға кетіп ең,
Бар қазақтың мақтаны боп қайта оралдың, арысым!

ҚАУІПТІ МОЛЕКУЛАЛАР

(ОН, H_2O , NH_3)

*(Әлімжан Құртаев докторлық
диссертация қорғаған сәтте ғылыми
кеңес үстелінде жазылған өлең)*

Темір мен темір қосылмайды екен,
Мың градустан артық балқытпаса егер.
Көңіл мен көңіл қосылмайды екен,
Қос үмітке ортақ жол шықпаса егер.

Сау басты дауға шататыны қалай,
Ежелден бұлар ойқас қауым ба?
Бітіспес жаулық жататыны қалай
Молекулалардың шайқастарында?

Ізденсең, терің тамшылар өлі,
От керек отпен бәстесуге де.
Еңбеген заттар бар шығар өлі
Менделеев шалдың кестесіне де.

Тартады не сый заманың тағы,
Шын достықтың ғана табылмас құны.
Жасасын құрылыс алаңындағы
Күм менен цемент бауырластығы!

Шошынған үміт, тосырқаған арман,
Ызалы мұнын себуге саған.
Молекулалары қосылмағандардан
Қаншама зиян шетуге ғалам.

Бұзылды лезде отасқан талғам,
Бірікпес бұлттар ауып келеді.
Рухы, діні шатасқандардан,
Абайла,

үлкен қауіп келеді...

КОМПЬЮТЕРБАСТЫ ЖАРТЫЛАР (Рухсыз күш формуласы)

(«Өркениеттің адасуы» атты романның)

Елге ұстаздық еткен қарттан алғыр, күйма құлақты
Қонақтары сұрапты:

— Аға, неше баланыз бар соңыңыздан самғаған?

— Бір жарым! — деп тіл қатыпты өлгі адам.

— Ал, дәл айтсам, үш ұлым бар зерек әрі білімді,
Үшеуі де ғылым қуып назарға ерте ілінді.

Сол үш ұлдың бірі ғана қайсар, ұшқыр арманын,

Техникалық санаты мен ғылыми ор талғамын

Өз ұлтының сан ғасырлық рухына жалғалы,

Содан шуақ, қуат алып, ғаламдық ой толғады.

Екі ұлымның тағдырында бұл өзгеріс болмады,

Екеуі де жалаң білім шеңберінде сорлады.

Рухы, жаны аласаның зорлық жатар парқында,

Сондықтан қос перзентімді санаймын мен жарты ұлға.

Мейлі, мейлі, екі ұлымды қақса да уақыт арқадан,

Нағыз ұлым біреу ғана, ана екеуі — жарты адам!

Иә, бізді қайда апармақ мына заман ақпалы?

Ұлан-байтақ жерімізді жарты адамдар қаптады.

Қайда барсаң, көз алдында өнеге боп жарқылдар —

Жарты ұстаздар,

жарты бастық,

жарты қыздар,

жарты ұлдар.

Біз қанша мың жас өскінді аттандырдық шет елге:

Білім алып келсін дедік,

Жер, ел танып көрсін дедік.

Бірақ осы ізгі үмітті жалаң білім өтер ме?

Зұлымдық та білім-қызға ғашық болып сүйісті,

Кім тежемек, кім қайырмақ бұл пенделік күйісті?

Жалғыз жол бар:

білім өркез рухани байлыққа

Терең тамыр жіберуге тиісті.

Қайтсек екен, монитор көз, компьютер бас жас талап,

Білім+Рух болуы үшін ажырамас қос қанат?

Қай кезде де білім — күшің әрі нұрлы жетегің.

Білімнің де адамзатқа зияны бар екенін
Кім ойлапты, құдайым-ау, егер ұры қаншама
Зор білімін қулығына қару етсе жан сала,
Бейкам елге оның «сыйлар» азабы да соншама.

Сан жас қанат ғаламзатқа бөлмақ үшін өтімді,
Түпті оттарды іздеп ұшар көбелектер секілді,
Қасиетті ата қоныс, өзен-тауын жерсінбей,
Баба тарих ардақтаған рух тұғырын менсінбей,
Ойын тұсап ессіз, көзсіз еліктеудің жарқылы,
Тек батыстық даңғаза өнер толқынында қалқыды.

Әлде бұл да жолы шиыр ұлтымыздың соры ма,
Қалай түстік біз батыстық қиратқыш күш торына?
Қуанып ек, қосылдық деп кәусар бұлақ қорына,
Аласқандай тылсым нудан,
Біз олардың кір су күйігін
Жүрек пен ой айнытатын құбырына тап болдық,
Тіпті аз жылда қолда барды жоғалтуға шақ қалдық...

Ұлы Ғабит Мүсірепов — кара сөздің кемелі,
Бүкіл қазақ рухының айдары мен беделі,
Тіршілікпен қоштасатын ең соңғы сәт соққанда,
Өлімін де айналдырып зор мазмұнды мақтанға,
Жазбай қайсар сенімінен,
Діріл қаққан ерінінен
Қанатты ойын келер күнге аққу етіп оздырған,
Елге арнаған ақтық сөзін маған айтып жаздырған:
«Шын өнерді басынса да, жеңе алмайды асқазан,
Шырқау рух аспанында басқа мүдде, басқа заң.
**ҒАСЫРДЫ АСАР ӘДЕБИЕТІ,
ӨНЕРІ ҰЛЫ БОЛМАСА,
ҰЛТ ДАРАЛЫҚ ТАБА АЛМАЙДЫ
ЖӘНЕ ҰЛЫ БОП САНАЛМАЙДЫ ЕШҚАШАН!»**
Әр жүз қойдан кезінде біз үш жүз қозы алғанбыз,
Ғарышқа да құлаш ұрып, Айға түрен салғанбыз.
Рас, қазір күллі әлемде байлыққа ауды есіл-дерт,
Байлығы озса, мысықтар да жолбарысна көсілмек.
Бес жүз қабат үй салу да емес бүгін боз елес,
Ақшаң болса, «маймылды» да бастық сайлау сөз емес.
Адамзаттың бар тағдырын енді ақша шеше ме?

Қарындарды — тек өз камын ойлаған,
Залымдарды — қан төгуге тоймаған
Ұрпақтары үлгі тұтып, орнатуда кесене.
Әділдікке деген сенім бірте-бірте өше ме?
Жол бар ма екен аман өтер пенде-мүдде орманнан,
Адамдықтың салтын қайттік, даңқын қайттік қорланған?!

Бүгін неге рухсыздық секілді зор батырлық?
Ізгіліксіз батырлықтан зардап шегіп жатыр жұрт.
Ньютон ашқан үшінші заң нені үндейді, білдік пе?
«Әрбір қимыл — қарсы қимыл тудырады» тірлікте.
Егер қарын байлығынан рухымыз пәс түрса,
Ұқсас, тектес жебір ойлар бір бағытта асқынса,
Қоғам қалай ұстамақшы өділ ойдың шылбырын,
Жан байлығы саяз күштер жек көреді бір-бірін.
Олар қазір заманды алдап, заңдастырып әр ісін
Қорғамаққа күлшыналы аңқау елдің намысын...

Оян, Данте, Фирдоусидің және Абайдың айбыны!
Бөгей алмау ғасырға сын бұл тасқынғөй қайғыны.
Қол қусырып көнеміз бе,
Үнсіз жата береміз бе,
Робот-түйсік арқаланған,
Мейірімі түл жарты адамдар
Жердің бетін түгел жаулап жеңгенше?..

.....
Дөңбекшиді көңіл-ғалам,
Бүгін олу жеңіл маған,
Осы рухсыз жеңістердің ертеңіне сенгенше...

ҚАРАҒАЙҒА ҚАРСЫ БІТКЕН БҮТАҚ

Марат Қабанбайға

Қара күші той тойласып, жең ұшынан жалғасқан
Дәуір үнсіз томсаралы, ар-намысын қар басқан,
Зиялысы жағымпаз боп, ділін сатып алжасқан.
Сондай шақта тек шындығын ете білген алдаспан,
Қарағайға қарсы біткен бұтақ ең сен, нарқасқам.

Қоғамды алға сүйрейтін де нарқасқалар, қасқалар,
Қасқа жүрер жолдарға ылғи орлар қазып тасталар.

Олар көзі тірісінде достан бұрын қас табар.
Ұлттың маубас сорлылығы, жеңілісі, ездігі
Өзі туған қасқаларға тор құрудан басталар.

Дүниенің бар сабынын жұмсаса да ағармай
Қалатындар жүруші еді саған тұсау таба алмай,
Ел тізесі бүгілмейді, рухы, тілі жоғалмай.
Ұлттық рух моторына болып елін жанармай,
Енді ұлтынның төріндесің, қайсар Марат Қабанбай!

ЖЕЛТОҚСАН АЛАҢЫ

Сол аялдап, тағзым етпей, бұл алаңнан өтпендер...
Желтоқсанда ызғырықтан тітіркеніп көк пен бел,
Бұл жер, қалқам, асқақ рух жарылысы өткен жер,
Қайта оянған ұлт намысы қызыл қанға бөккен жер,
Ерте есейген ару қызды шаптан сүйреп, тепкен жер,
Жатты мұнда естен танып, күзге айналған көктемдер...

Алаң шетін қоршап тұрған шыршаларға ала көк,
Жас бүлдіршін, сезімді жанар етіп қарап өт.
Сол арадан сатқындық та елестейді қара бет,
Қара беттің көбі бүгін дара тұлға, дара бет.
Жас бүлдіршін, мұз құрсаңған шыршаларға қарап өт,
Заманыңның жеңісі мен жеңілісін санап өт.

Ұлттың бағы жанар ма екен хас тұлпары, нары жоқ,
Ал біреулер намысы жоқ, жігер, қауқар, қары жоқ
Кемсітпекші, «Желтоқсанның жалаң аяқтары», — деп.
Жоқ!!! Кешегі сын сағатта көкірегінде жанып от,
Тұрған солар аяз сорған қызыл беттің ары боп,
Дөуірінің тауығына шашылмаған тары боп.

Тірліктегі әр ісіннің жаңғырығы бодалы,
Бұл табиғи жасырын заң өзгеріссіз қалады,
Сол заңға сай сені бақыт не сор іздеп табады.
...Дүниені дүр сілкінткен жас толқынның саналы
Даңқын ешкім, ешкім бүркей алмас.

Оны да еске салады,
Желтоқсанның бас алаңы, қайсар рух алаңы.

ЦЕМЕНТ

Серікжан Сөйтжановқа

Күм мен күмды кіріктіріп жалғайтын,
Тас пен тасты біріктіріп қолдайтын,
Топтасуға жаны ғашық,
Үгілгеннің бағын ашып,
Тек тұтастық мүддесінен самғайтын,
Кұрылысқа арзан әрі тиімді,
Теңге ететін, қонды ететін тиынды
Жаңа цемент ойлап таптың, жас ғалым,
Құрмет көргей күмға жазған дастаның.

Азаматтық санамыздан ғылым озса, не етерміз?
Аман тұрсақ, өлі талай жаңалыққа жетерміз.
Бірақ мынау ұлтымызды жауырыны құрысқан,
Бірлік емес, байлық үшін жұлысқан,
Бас басына би болуға тырысқан
Қалай, қайтіп біріктірер екенбіз,
Қалай, қайтіп кіріктірер екенбіз?

Рухсыз бен ұлтсыздың бағы жанған заманда
Басымды ием,
дәл осы іске цемент тапқан адамға!

ЖЕҢІС ПЕН ЖЕҢІЛІС АРИФМЕТИКАСЫ

(ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидат боп
тіркелген тұста жазылған жыр)

Сәлем, ұлы Сыр елі,
Күріш елі, ырыс елі, шындық елі, жыр елі.
Досы түгіл, қасына да әр кез ашық жүрегі
Өлкелік өр дәстүріңді бүкіл қазақ біледі.

Бар түрікке сағыныш боп қалып қойған өлместен,
Күдіретті Қорқыт бабам сенде туып, сенде өскен.
Көне дәуір көгіндегі біздің дара санамыз —
Топырағыңнан қуат алған Асан-қайғы бабамыз.
Оқшы әулие, ер Жалантөс, Қорасандай арындар —
Күллі қазақ төріндегі қайталанбас дарындар.
Сығанақтай қайсар қалаң — өзегіне өрт толған,

Шыңғыс ханға еңкеймеген ер қалпында мерт болған.
Олар дара мерейіміз тереңнен ой қозғаған,
Өз тарихын сараптамай, ешкім алға озбаған.

Тұзды, мұңлы тағдырыңа бақ тілеп ем үнемі,
Ортаңа мен қайта келдім, қасиетті Сыр елі.
Ру-руға бөлініп ап, ақты ақ деп талғамай
Тұрғаныңда оралғаным, бәлкім, сорым болмағай.
Кей рулық мүдделердің болашағы маңдайсыз,
Егер ұлт боп қала алмасақ, ру боп та қалмайсыз.
Базбіреулер бұл салада көрсеткенмен «өнерін»,
Таза ұлттық түйсігіңнің жеңеріне сенемін.

Түлкібұлаң заман келді қансыз өрі бедерсіз.
Ұлтымыздың даңқ шыңы — ұлы Абайды егер сіз
Тірілтіп ап, депутатқа кандидат қып салсаңыз,
(Таң қаларлық, дал боларлық күлкілі іс бұл, нансаңыз),
Біздің мына рухсыздау ер жігіттер өрелі
Одақ құрып, Абайға да күрес аша береді.
Тіпті жеңіп шығарына күмәніңіз қалмасын,
Не сұрайсыз, күм басқан соң ізгіліктің арнасын.
Сол Абайдың шәкірті едім, жолы жиі болмаған,
Қайсар, асау шындығы үшін қалың елі қолдаған.

Ал ӘДІЛДІК үйленіп ап ЖАЛҒАНДЫҚТЫҢ қызына,
Күйеу бала, сүйеу бала ретінде сызыла,
Дәуірінің ынғайымен ниеті, ойы бұзыла,
Ортақтасты атасының сүбелі дәм-тұзына.
Міне, солай сорлы ӘДІЛДІК өрі-сөрі күн кешіп,
Қазір қайын атасының атына жүр мінгесіп.
Тым тұрақсыз БАҚЫТ ҚҰСЫ елпелектей асыға,
Ұшып барып қонақтады ЖАЛҒАНДЫҚТЫҢ басына...

Уақыт бәрін орнына қояры хақ күні ертен,
Мен ұтылсам, сен де бірге ұтыласың, ұлы олжем.
Қара күш пен зұлым күштің ақындықты жеңуі —
Ол, өрине, қоғамдағы ізгі ойлардың өлуі.
Жеңіске бақ өнерген бе пенделіктің даңғыры,
Бұған дәлел бола алады Махамбеттің тағдыры.
Жалаң дәулет қуатымен дараланбас даңқымыз,
Өйткені рух жеңілгенде, жеңіледі халқымыз.

2004.

ТАНАКӨЗ

(Поэма)

Ізгілік пен ізеттің байлауында,
Мама қаздар самғайтын қойнауында,
Достық атты қазына аралы бар
Сонау Мақсат тауының жайлауында.

Жұрттың бәрі баруға күштар оған,
Күштар бөл деп тіпті ешкім қыстамаған,
Өзін мәңгі бақытты санайды екен,
Сол аралдан от алып ұшқан адам.

Шагтығы сай болса да тал бойына,
Бұлбұл қонып жатса да таңдайына,
Ол аралды көруді көп адамның
Катал тағдыр жазбапты маңдайына.

Бірін-бірі күндеумен жылан, қарға,
Үні шықпай жатады бір аңғарда.
Онда жалғыз деген сөз атымен жоқ,
Жеке-дара ұшпайды қырандар да.

Нар талабын салса да қандай жолға,
Тілектес дос пейілдер самғайды алға.
Жүрмейді онда сатқындар, саудагерлер,
Опасыздар, отсыздар болмайды онда.

Асау жылдар толқынын кешкін мейлі,
Сенім заңы оларда ескірмейді.
Соқпайды онда самалы пенделіктің,
Тиындардың сынғыры естілмейді.

Алда теңіз, арқада дала барда,
Талабымыз табанды бола ала ма?
Биік ұстап бірліктің ақ желкенін,
Біз де жүзіп барамыз сол аралға.

Намысыңның көйлегін сиялатсаң,
Сияға атар оғыңды ұяға атсаң,
Екеуміз де қираймыз, жүрегіңе
Егер титтей жалғандық ұялатсаң.

Ізгілік пен ізеттің байлауында,
Мама қаздар самғайтын қойнауында,
Достық атты қазына аралы бар
Сонау Мақсат тауының жайлауында.

Алаулаймыз шығыстың ақ таңындай,
Кезіміз жоқ жататын ақтарылмай.
Сол аралға, арман не, жетіп өлсек,
Тек жете алмай қайтудан сақта, Құдай!

Бірінші бөлім

I

Мұрат!

Тағдырына өкпе айтып мұңаймаған,
Құрбы қыздың көзінде нұр ойнаған
Екеумізге ортақ бір бақыт бар деп
Кім ойлаған, ол кезде кім ойлаған?!

.....
Сен ер жеткен таулы өлкеде мен де ер жеттім, жан досым,
Мен тербеткен бір арманды сен тербеттің, жан досым.

Мен гүл терген тау бөктерін сен де кездің талмастан,
Қарлы шыңдар қол бұлғайтын бізге бөркін алмастан.

Ет асса апам, көңіл, шіркін, жоғалтқандай жалқысын,
Саған сақтап қоятынмын бір жіліктің жартысын.

Екеуміз де екі ананың еркесі едік тел өскен,
Ерте есейіп, бақыт күткен арман атты белестен.

Біздің қатал тағдырымыз қалай шебер тоғысқан,
Екеуміздің әкеміз де оралмады соғыстан.

Бір-бірінен жан аяспас дос болыпты олар да,
Дос болыпты. Біздің достық содан өнген болар ма?

Менің әкем жау шебінде жаралы боп қалғанда,
Жан досымды қалай қиып қалдырам деп арманда,

Көкірегін қарша жауған оқ пен отқа қалқалап,
Сенің әкең үш күн бойы алып жүрген арқалап.

Айналасы қалың өлік, қалың орман өрт толған,
Сол орманда екеуі де жау оғынан мерт болған.

Не жетеді, келер күнге деген көусар сенімге,
Екі досты ажырата алмапты ғой өлім де.

Екеуі де көз жұмыпты құшақтасқан қалпында,
Екі өмірдің жалғасы боп біз қалыппыз артында.

Ал анамыз бізді, сірө, көрген емес бөлектеп,
Ауыр күндер өтіп жатты, соғып жатты жел өкпек.

Тірі адамның тіршілігі бітпейді ғой, өрине,
Тұрып жаттық өкемізден қалған мына тар үйде.

Күндер жылжып аға берді, біз білімге бас қойдық,
Он екіден асқан кезде жұртқа еліктеп шаш қойдық.

Міне, солай жігіт болып шыға келдік кекілді,
Бір бақшада жарыса өскен қос бөйтерек секілді.

Күнде-күнде гүл іздеп біз жайсаң, жасыл алаптан,
Қосылып ән айтатынбыз, қайтатынбыз сабақтан.

Кім біледі, бізбен жүрген соры ма, өлде бағы ма,
Ортамызда орта бойлы қыз болатын тағы да.

Көзіне оның көз жетпейтін бұл ауылда тең келер,
Сондықтан да Танакөз деп атайтуғын женгелер.

Қуансақ та, қайғырсақ та қасымызда — Танакөз,
Танакөзбен көңілді еді біздің ерке бала кез.

Жол қысқарсын дейміз дағы жоқтан барды күрай кеп,
Біз екеуміз Танакөзді мазақтаушы ек былай деп:

«Жанарыңнан жас кетпейтін жасық болсаң бағаң не,
Тағы қиын өжет болсаң нарт-қызба.

Сайранбайдың танасына көзің тартты амал не?
Енді бірақ ақылыңды тартқызба!»

Ол да бізді аямайтын. Жоктан барды кұрай кеп,
Менің қалқан кұлағымды мазақтайтын былай деп:

«Білесің бе, өмір деген өректіген бір ағын,
Өркім содан өзіне төн сыбағасын даулайды.

Сенің мына сыпырадай кұлағың ше, кұлағың,
Пернебайдың қодығының кұлағынан аумайды!
Ах-ха-ха. Ах-ха!..»

Мен тұра кеп куатынмын, ол тұра кеп қашатын,
Жеткізбейтін, сонысына көңлі мәз боп тасатын.

Қайран қамсыз балалық-ай, оған қазір дау бар ма?
Күлкімізден жаңғырығып жатушы еді таулар да.

Ту төменде, жан біткеннің асықтырып тағатын,
Ақ көбігін шашыл тұрып, Ақсу күліп ағатын.

Оның мөлдір суын ішсек, шыққандай боп кұмардан,
Кеудемізде үнсіз ғана бұлкынатын бір арман.

Үшеу елік. Қайда барсақ, қасымызда — Тавакөз,
Танакөзбен көңілді еді біздің ерке бала кез.

II

Балаң жылдар байқатпастан өте шықты аяндап,
Балалықтың біздің бастан көшкендігін баяндап.

Балалық шак — іңкөр дәурен сұңқар тауын шарлаған,
Өз көктемін сағынбайтын, аңсамайтын бар ма адам?

Кеудемізде сенің ізің, сенің күзін жатады,
Балалық шак — боямасыз ақ көңілдер отаны.

Аяймын мен аналарды балаларын алдаған,
Аяймын мен балаларды ойыншығы болмаған.

Балалық шак — гүл жазира, балалық шак — байтақ өн,
Қартаямыз, бірақ саған ораламыз қайтадан.

Саған оймен ораламыз, көңіл шалқып айтады өн,
Ал сен қайтып келмейсің-ау, оралмайсың қайтадан.

Зенгір көктен нұр төгілген сол бір көктем өлі есте,
Гүл қуалап, бірге шықтық қызғалдақты белеске.

Қарт Алатау қуанғандай, перзенттерім келді деп,
Танакөз де жымияды, кара көзі мөлдіреп.

Тауды мактап, тастан-тасқа секіреді бал бұлақ,
Алдынан күз кездесерін ойлай ма екен ол бірақ?!

Ойламайды, ол мезетте ойламадық біз дағы,
Бәлкім, оған кінәлі ме жастығымыз қызбалы?

Нақ сол күні кеудемізде бір күпия от жанып,
Екеуміз де Танакөзге гүл ұсындық шаттанып.

Ол мөз-мейрам. Иығына түскен кара шаш қандай!
Қандай әсем. Шырша таудан екі бұлақ қашқандай!

Тым жайдары, мейірімді мына тана көз қандай,
Ол караса, көл де тұнып қалатындай қозғалмай!

Бақытынды соның ғана маңдайына жазғандай,
Қарамасаң, төзімнің терезесі тозғандай.

Өтті солай тұңғыш рет тынышымды бұзған күн,
Тұңғыш рет сенен, досым, Танакөзді қызғандым.

Сол күнгі ойлар кеудемізді нәзік мұңға толтырды,
Үшеуміздің алдымызда екі тарау жол тұрды.

Ояnsaқ та бал сезімнің алғашқы асау әнінен,
Аппак, адал достығымыз биік тұрды бәрінен.

III

Гүлдер екі шешек атты, талдар екі көктеді,
Бұл өмірден менің асыл, аяулы анам кеткелі.

Ерте кетті ол мына тарлау маңдайымның сорына,
Жалғыз қалып, көшіп бардым нағашымның қолына.

Талпынса да, тата алмады тағдырынын жемісін,
Ол сорлы ана не көрмеді, не көрмеді мен үшін.

Тым болмаса, көре алмады, ер жеткенін ұлының,
Үлгермеді келініне өргізуге бұрымын.

Үлгермеді, өзі соны арман етіп жүрсе де,
Қағал, қыңыр тағдырына қарсы қарап күлсе де.

Ақсу екі тасып өтті, қырлар екі көктеді,
Бұл өмірден менің ғазиз, асыл анам кеткелі.

IV

Нүргүл апа — сенің анаң, жан еді бір ақылды,
Қолға аттестат алған күні бізді өзіне шақырды.

Қажылы ма жылдар бойы аркалаудан арманды,
Соңғы кезде өзін тіпті науқас мендеп алған-ды.

Төсегінен өрең тұрып, келді дағы күлімдеп,
Иығымызға қолын қойды, саусақтары дірілдеп.

— Қарақтарым, ер жеткеннің белгісі ғой, міне, бұл,
Екі өкенің келер күнмен жалғалыңдар жүрегін, —

Деп жымиды, жанын бір ой тербеткендей тасқынды,
Жанарында жазғы шықтай екі тамшы жас тұрды.

Сосын жайлап барды дағы, көк сандықты ақтарды,
Сыртта күстар сырлы саға бөлеп жатты бактарды.

Нүргүл апа демі толқып, ерке желдей еспелі,
Көк сандықтан екі көйлек алып шықты кестелі.

— Бірге еді ғой сенің анаң екеуміздің сырымыз,
Он жыл бұрын, ырым етіп, тігіп едік мұны біз.

Он жыл бұрын. Егіз қозы секілді еңдер онда да,
Жұрттың бәрі екеуіңе көз қадайтын таңдана.

Сағымдай боп ой арбаған нұрлы күнге жетпекке,
Екеуіңді тұңғыш рет ертіп бардық мектепке.

Екеуінді екі орынға бөліп еді мұғалім,
Мұғалімге жалт-жалт қарап екеуің де жыладың.

Мен ұстазға жақын барып өтінішпен сұратым:
«Бұл екеуін бөле көрме, бөле көрме, шырағым».

Ұстаз үнсіз күлімдеді, болар бір сыр байқаған,
Екеуінді бір партаға отырғызды қайтадан.

Ой-шуағы мол өмірге көздеріңді ашқалы,
Өліппені алға жайып ұстаз сабақ басталы.

Сол сөт біздей бақытты жан болмаған да шығар-ақ,
Көпке дейін терезеден карап тұрдық сығалап.

Қайттық үйге жұбанысып, қуанысып, сырласып,
Сеніміміз байлам тауып, қиялымыз қырды асып.

Қайда канат сермесе де, тірі адамның досы — үміт,
Ақ шайыдан көйлек тіктік, екеуіңнен жасырып.

Сендер мектеп бітіргенде сый етуге бел байлап,
Сақтап қойдық. Өтті жылдар, ойлар легін алға айдап.

Келер көктем белестерін оймен шарлап кей күн біз,
Екеуінді тым ертерек ер жетсе екен дейтінбіз.

Біз асықтық, алдағы асау болашаққа асықтық,
Асықтырды бізді өмірге деген өжет ғашықтық.

Жап-жас едік, сұлу едік, бірақ ерге шыкпададық,
Арманда өлген екі достың шанырағын жықпададық.

Бізді намыс асырады, қиындықтан шықты алып,
Екеуіңнен артық бақыт бар деп тағы үкпададық.

Аңсаған күн келді бүгін, мұны еске алмау мүмкін бе,
Бірақ марқұм сенің анаң жете алмады бұл күнге.

Көнелі адам, көнелі екен пешенеге жазғасын, —
Нүргүл апа көңлі босап іркіп алды көз жасын.

Сыртқа шықтық, үстімізде желбірейді ақ көйлек,
Біз достықты ұғып өстік, сөнбейтұғын от қой деп.

Бұл ақ көйлек — екі өкенің шапағаты секілді,
Екі ананың бізге деген махаббаты секілді.

Екі аналық ар-намыстың жемісі — бұл ақ көйлек,
Екі өкенің достығының жеңісі — бұл ақ көйлек.

Біздер іштей серт етістік ана үмітін ақтауға,
Достық гүлін кеудемізде мәңгі тірі сақтауға.

V

Терең өзен ағысындай уақыт үнсіз жылжыды,
Біз оқуға бара алмадық, бара алмадық бұл жылы.

Туған ауыл құшағында еңбек жолын басталық,
Шарықтаған достық өнін тау самалы қашты алып.

Кеудесінде кең даланың, арасында ең жырдың
Жыланбауыр тракторға тіркеуші боп сен жүрдің.

Мен қырманға орналастым есепші боп «айбарлы»,
Ал Танакөз комсомолдың хатшысы боп сайланды.

Хатшы болып сайланған соң, бұрын еті тірі қыз,
Бар билікті қолға ап алды, сол боп алды піріміз.

Түске дейін шөпшілерде, түстен кейін қырманда,
Оның тіпті араласпас жұмысы жоқ бұл маңда.

Алып ұшқан қыз қиялы, сірә, тыным тапқан ба?
Бірде ауыл сарайында жиын өтіп жатқанда

Алматыдан өкіл келді, желке шашы бір қарыс,
Аты — Оралхан, ал кәсібі — жазушы әлде журналист.

Бойдақ па өзі? Танакөзден айырмастан жанарын,
Әлденені сүйкеп жатты, сусылдатып қаламын.

Апта өтпей-ақ жігіт жазған мақаланы газеттен
Жадыраса-дабырласа оқып шықтық кезекпен.

Танакөзді суреттепті жақын тартып аялай,
Әй, сабазың, сөз асылын төккен екен аямай.

Мұнан кейін хаттар қаптап кетті дейсін не түрлі,
Күзді күнгі талдан ұшқан жапырақтар секілді.
Өзге біреу ортақтасып жүре ме деп бағыма,
Жүрегімнен бір қызғаныш бой көтерді тағы да.
Кім болжапты, қандай жолдар күтер екен бізді алдан,
Қандай таулар қорғар екен бізді өмірде ызғардан?
Әлде ызғардан қашқандарға боламыз ба біз қорған,
Жалт бұрылып кетпейміз бе қорқып жалтыр мұздардан?
Ол кездері мұның бәрі болатын тек ізгі арман.

Екінші бөлім

I

Танакөз!
Біздің қайсар достықтың даңқы сіңген,
Өткен күнге оралып балқысын дем.
Жарты сырым шертілді жан досыма.
Енді саған шертейін жартысын мен.

Кия жолда күлгенмен үміт алдан,
Талай-талай нарлардың жүгі қалған.
Еске алмай-ақ қояр ем сол шақтарды,
Еске алмауға болмайды,
Ұмыта алман.

II

Бұлбұлдар өнін шерткенде өсем бағынан,
Гүл жапқан алау қырлардың арғы жағынан
Түсімде көрдім өзінді бірде, қалқатай.
Ай туган кезде ағарып алтын алқадай,
Қыр жатқан кезде құлағын түріп, елеріп,
Аппақ бір нұрға бөленіп,
Мамырлы таңдай албырап, лаулап нұр жүзің,
Биіктен жанып жұлдызың,
Алғашқы жауған ақ қардай
Орамал тартып басыңа,
Келдің сен менің қасыма.
Төменде таудың өзені жатты гүрілдеп,

Жапырақ біткен дірілдеп,
Ай тұрды жүзі күлімдеп,
Менің де жаным нұрланып,
Жартасты жарып шыққан бір қызыл гүлді алып,
Өзіңе, айнама, ұсына берген кезімде,
Үрей сап шаттық сезімге,
Биікте таудан тас құлап,
Азан да қазан бар маңай,
Өзіңе деген сөз гүлді
Бере алмай қалдым, арман-ай.
Сейіліп сөтте-ақ қырқаны жапқан арай нұр,
Боз тұман келіп басты да,
Бейнеңді лезде жоғалтып алдым, қалай бұл?
Шақырдым, атап атыңды сенің, жаңғыртып бүкіл тау ішін,
Қырларды кезді, қырқаны кезді сені іздеп менің дауысым,
Қуанып тұрып қалайша маған кеттің сен, еркем,

қатпай тіл.

Көңілімнің таңы түнерді демде, өзінді таппай атпайтын.
Жарқ етіп жанып, жалп етіп өшкен армандай,
Күрақтар мұңлы өн салғандай,
Бұлақтар тоқтап қалғандай,
Тағдыр мен тағдыр жалғанбай,
Үміттің белі талғандай.
Елестер қаптап көзімді,
Ай туған кезде ағарып алтын алқадай,
Түсімде көрдім өзінді,
Түсімде көрдім, қалқатай.
Оянып кетсем, келеді екен таң атып,
Алатау бөркін алтындай нұрға жалатып,
Төменде жатқан еленбей
Төбе мен қырға қарайды,
Саған да тәңірім биіктік берсін дегендей.
Қырқадан ұшқан кер маңдай маңғаз үш аққу
Таңменен бірге таласып,
Көрінбей кетті, Долана сайдан ары асып,
Біріне, бәлкім, оқ тиген болар, бөсендеу ұшып барады,
Бөсең бір өңге салады,
Мұң бар ма, қайдам, осынау өңде сөзбенен айтып
болмайтын,

Айтқанмен, орны толмайтын,
Өзгенің емі қонбайтын.

Ш

Нақ сол күні кешкілік
Тоғай жақтан қалды күлкін естіліп,
(Кұлағымның дыбысшылын нетерсің),
Жалт қарадым, жалт карасам асыға,
Суға кетіп бара жатыр екенсің,
Екі-ақ аттап жетіп бардым қасыңа.
Есінде ме, су шашысып ойнадык,
Жастык шақтың есер әні бойды алып,
Екіуштылау сөз айтып ем, аңдамай,
Екі минут тұрып қалдың ойланып.
Бәлкім, қиял кемесінде жүздің бе?
Екіушты еді тағдырымыз біздің де.
Жалқын сәуле шашып еді батқан күн,
Жас баладай мәз-мейрам боп шаттандың.
Алдымыздан қалың тоғай қалқалап,
Иығымыздан түксиелі жарқабақ.
Мәңгі ажырап қалатындай даңқынан,
Айнымайды сол қатулы қалпынан.
Сақ-сақ күліп бұл дүниенің мұңынсыз,
Бұлақ қана ағып жатыр тынымсыз.
Тоғай іші емес еді көңілсіз,
Тұра бердім мен үнсіз,
Өрең-өрең бір батылдық жинап ем,
Бірақ ол да сияктанды сенімсіз.
Бақытым ше! Егер айтсам шынымды,
Өлі күнге аңғармайды ол мұңымды.
Мен дегенде аңғал өрі құлақсыз,
Қорқам содан бола ма деп тұрақсыз.
Осы сәтте батылдығым тіл қатты:
«Қою керек бұлғақты,
Адымынды тұсаулайды жасықтық.
Кеудеңдегі ерке үміт пен ақ арман
Дүниеге ғашықтықтан жаралған,
Ерте ажырап қалмақпысың солардан?
Қозы Көрпеш егер батыл болмаса,
Барар ма еді іздеп сұлу Баянды?
Іздеп барды. Міне, содан ғажайып,
Махаббат пен ұлы достық оялды.
Ойлашы өзің, жасықтықта бақ бар ма?
Көзге ілінер мүсіні жоқ мақтарға.

Бұл қай тұрыс, кей жандардың тағдырын,
Жарты минут шешіп кетіп жатқанда?».
Батылдандым, қарсы алдымда сен тұрдың,
Қарсы алдыңда ойға кетіп мен тұрдым.
Өзімді-өзім ұстаудан да қалдым ба,
Бәлкім, саған өшпес жара салдым ба?
(Кешір мені, кетсем сол сәт ұсақтап),
Рұқсатсыз сүйдім сені күшақтап.
Кенет-кенет сыбдырлатып құрақты,
Бұлақ жақтан шыға келді бір атты.
Бұл кім өзі, сезім көлін шайқаған?
Бізді көріп жалт бұрылды қайтадан.
Танып қалдым. Досым екен ол менің,
— Мұрат, — деуге өрен жетті дәрменім.
Тоқтамады, камшылап көк дөнені,
Үйге қарай шауып ала жөнелді.
Ашудандың. Жанарыңа мұң қонды,
Маған қарап — Қылығыңды бұл жолғы
Ер жігітке ұқсатпадым, — дедің сен,
— Бекер ғана ұсақтадың, — дедің сен.

IV

Содан менің Мұрат досым көрінбесді бір апта,
Жаз жылыстап, сары ала күз қонып жатты қыратқа.
Көрінбесің, ал жұмысқа келмегені қалай бұл?
Осы сұрақ көкейімде тұрып алды талай күн.

Іздеп барсам, үйінде екен, сәл жымынып қарсы алды,
Тым байсалды қарсы алтаны маған тағы ой салды.

Нүргүл апам қуанып жүр, шіркін, қандай асыл жан,
Сүйіп жатыр, маңдайымнан, иіскеп жатыр шашымнан,

— Әлде мені сағындыра түсейінші деп пе едің,
Мұның қалай, тентегім-ау, тым хабарсыз кеткенін?

Мұның қалай, қайда жүрсің, іздетіп ем, таппадым,
Досың саған айтпады ма үйленгелі жатқанын?

— Жоқ, — делім мен төмен қарап, — Кімге? — делім артынан,
Лезде қалың ойлар қамап көңілімді шалқыған.

— Кімге, — дедім — бұл жолы да шықты даусым тым қатты.
Мұрат маған күлімсіреп: — Зеркүлге, — деп тіл қатты.
— Кімді таңдау, ол, әрине, сенің ғана еркінде,
Сүймейсің ғой, айтшы, қалай үйленесің Зеркүлге?

— Жалған! — деді ол, — Жалған! — деді, бетін басып колымен,
— Артық айтпа, жете таныс емессің ғой онымен.
— Білем, — дедім, төмен қарап, білетінім рас-ты,
Білуші едім шешесін де ойы желтең, тілі аңы.
Зеркүл соның жалғыз қызы қабағына қараған,
Бұл маңайға былтыр күзде көшіп келген қаладан.

Жұмыс та жоқ, оқу да жоқ, жүріп жатқан тектен-тек,
Ал шешесін күйеуімен ажырасып кеткен деп
Жұрт айтып жүр. Мұнда қанша шындық барын кім үкқан?
Жә, жарайды, керегі не, сылтзу іздеп сынықтан.

Әйтсе де, өткен бір қызықты өз басымнан кешірген
Ұмыта алман өлі күнге, өшіре алман есімнен.

Жаз келгенде намысты жан қол қусырып жатқан ба?
Қырман жаққа аттанушы ек, ойна сап ақ таңда.

Көлік күші жеткілікті, адам күшін таба алмай,
Жәрдем сұрап шапқылайтын бригадир Қоғамбай.

Осынау бір тынымсыз жан қамшылаған торы атын
Әзілқой-тын, әрі менің жақын жездем болатын.

Жұмыстан соң тамашаға батайын деп еркін бір,
Қоғамбайды шешесіне ертіп бардым Зеркүлдің.

Біз келгенде қызы күйған ақ кеседен шай ішіп,
Жас бәйбіше жатыр екен, төр алдында майысып.

Қызы жылдам сырмақ төсеп, төрге жастық тастады,
Қоғамбайым жайласып ап, өңгімесін бастады:

— Дұрыс, дұрыс, сізге, жүдә, ұнар болар мына күй,
Колхоздын да жайын бір кез ойлау керек, құдағи?
— Жә, түсіндім, өңгімені созбаған жөн беталды,
Қария ма десем сізді, «бала» екенсіз сақалды.

— Қой, шырағым, ақылға кел, таста мұндай ызыңды,
Жұртпен бірге еңбек етсін, жібер ертең қызыңды!

— Бара алмайды, ал анығы керек болса, бармайды, —
Деп құдағи қасарысып, өз сөзінен танбайды.

— Барғызамын, — Қоғамбай да басты айқайға, — Барасын!
Колхозға айтам, ауданға айтам, мәселеңді қарасын.

— Тіпті бар ғой қорқарым жоқ, қарай берсін, қарасын,
Ауданынның бір бастығы менің туған нағашым.

Қыз шешесі бүрқан-тарқан, ойы бардай жұлыспақ,
Бас аманда есік жаққа жетіп алшым жылыстап.

...Ертеңгілік ел үйкыдан жана-жаңа тұрғанда,
Көк орамал тартқан бір қыз келе жатты қырманға.

«Бөрекелді», — деп алғысын жаудыруда Қоғамбай,
Зеркүл екен, жылаған ба, екі көзі добалдай.

Жанарында жаңа оянған өжеттіктің нұры бар,
Байқауымша, анасымен сөзге келген түрі бар.

Адам жаны таулы шатқал, алуан-алуан қыры бар,
Осы қыздың жүрегінде не сыр барын кім ұғар?

Бөлкім, бейбақ талпына ма, арманына жетем деп,
Ел сөз ғып жүр, бір жігітке ғашық болған екен деп.

Ол жігітпен жолығуға тыйым сапты анасы,
Ана сөзін жыға алмапты, ұян қыз ғой, шамасы.

Мүмкін, бәрін ұмытар ол, ұмытпаса, сор болар,
Біздің жаққа көшіп келген себебі де сол болар.

Жазбайтын бір жарасы жоқ, емші дейді ел уақытты,
Бірақ досым осы қызбен бола ала ма бақытты?

Ұзақ ойлар дүмпуінен ашылғандай құлағым,
Мен Мұратқа бұрылдым да: — Той қашан? — деп сұрадым.
Үндемеді ол, ізет сақтап тұрғаны ғой баяғы,
Апам айтты: «Менен сұра, келесі айдың аяғы».

Той басталды. Қоныр күздің бір лайсан кезі еді,
Өткел бермей тасып жатты ашулы Ақсу өзені.

Шаттық хабар қуандырып, көз көргеннің талайын,
Ақ тілегін айтып жатты алыс-жақын ағайын.

Үлкен үйде қыз-бозбала би билесе, ән салып,
Көрі өжелер терезеден сығалайды тамсанып.

Домбырасын кербез ұстап, мұртын сылап жайрандай,
Жұбайларға қарап қойып, той бастады Сайранбай:

«Шарықтап бақытын жүр өмір көгін,
Үй болған қос бөйтерек, армысыңдар!
Той үстінде гүлдесін көңілдерін,
Ақ ниетті достардың алғысынан!

Бұл жүрек қуанышқа тойған емес,
Сол алғыстан гүлдесін дала мынау.
Мұратжан, сабау басты бойдақ емес,
Сен пілдей күйеу болдың, қарағым-ау.

Тосады сыбағасын алдан көп күн,
Жаныңның оты мөңгі жалындасын.
Киноға жеке барар халден кеттің,
Сен енді келін болдың, қарындасым!
А-ха-хау. А-е-ей!»

Бұл байғұстын қай жерінде бұғып жатқан ақындық, —
Деп өзара әзілдесіп, риза боп жатыр жүрт.

Той дегенде жүрек оты лапылдас жан бар ма?
Әлденені есіне алып жымияды шалдар да.

Ал Мұраттың жүзі сынық, көңілсіздеу ол неге?
— Мұнда кел, — деп ертіп кірді мені шеткі бөлмеге.

Ертіп кіріп үнсіз қалды терезеге қалалып,
Мен де тұраым алардай боп төзімді ала ғып.

Сәлден кейін сөз бастады тауға карап көлбеген:
— Танакөзді көре алдың ба, тойға неге келмеген?

Селк еттім мен, отқа шарпып алған күстай қанатын:
— Ертеңгілік көргенімде жылап тұрған болатын.

Ұға алмадым, түсінбедім бұл ажарсыз күйіне,
Түсте барсам, кетіп қалты әпкесінің үйіне.

Мен Мұратқа карап елім, карадым да таң қалдым,
Таң қалғаным — жанарына жас тұнғанын аңғардым.

Мәлдір шықтар кірпігінен үзіліп кеп сол шақта-ақ,
Терезенің жақтауына тамып жатты моншақтап,

Тамып жатты, Жүрегінің пәк сезімін алдар кім?
Танакөзді сүйетінін сонда ғана аңғардым.

Аңғардым да аласұрдым, бармағымды тістедім,
Айналайын, адал достық, неткен мұнша күшті едің?

Айналайын, көзсіз достық (көзсіздігің бағалы),
Өз басыңның бақытынан тұрыпсың-ау жоғары.

Өз басыңның қайғысын да жұтыпсың-ау білдірмей,
Жытқыр түндер кинады ма кірпігіңді ілдірмей?

Бәлкім, маған кінәң де жоқ, кінәмді де кешірдің,
Лаулап жанған өз отыңды, өзің қалай өшірдің?

Білмейтін бе ең, алтыным-ау, бақыт деген ауысқак,
Жүрегіңнің інкөр өнін неге айтпадың дауыстап?

Тұра алмадым бұдан ары, тұра алмадым мен шыдап,
Шығып кеттім, жігерімді өкінішім қамшылап.

Екі жастық бірлігі мен қуанышын толғаған
Құлағыма келіп жатты қыз-бозбала салған өн.

VI

Той өтті, үшеумізді күрсіндіріп,
Сен жүрдің жанарыңа бір сыр бүгіп.
Мен айттым:
— Дос көңілді махаббатқа тіреу етсек қайтеді,
Әнімізді біреу етсек қайтеді?
Сен айттын:
— Шулы өзеннің табанында жатса да,
Тастар ылғи тас күйінде қалады.
Мақсатына жәуміт қайғы батса да,
Нағыз достар дос күйінде қалады.
Тұрақтылық барабар зат маржанға,
Біз де, құрбым, бағынайық сол заңға.

VII

Адамбыз ғой, сондықтан да қателесіп жатамыз,
Кейде түн боп түнереміз, кейде таң боп атамыз.

О, тәңір-ай, жасты кара, жасты кара көздегі,
Көбіне біз кінәлауға бейімдеуміз өзгені.

Бүгін, міне, туған жерден кетіп барам шалғайға,
Тілегім сол: көзім өткір, көңілім ояу болғай да!

Мүмкін, әлі алда талай бақытымды сынармын,
Сүрінермін, намысыма сүйенермін, тұрармын.

Ерік берсең, орға жығып кетер бір күн асуу қан,
Сакта, тәңір, қателікті біле тұра жасаудан!

Егер жылдар саты болса, достық оның шегесі,
Шеге сынса, сатыңыздың сөгіледі көбесі.

Әзір менің шегем аман, байлығым сол жалғыз-ақ,
Сондықтан да өкінбеймін, таңдалым деп жолды ұзақ,

Қашқаны үшін қарлы қыстан, қаһар шашқан күздерден,
Мүмкін, күстар өлдеқайда бақыттырақ біздерден.

Қырау сақал күз келгенше, жаз қызығы жетеді,
Жаз өткен соң өскен жерін тастайды да кетеді.

Мен де кетіп барам, еркем, оқу іздеп тым алыс,
Мұнайғанда сенің күлкің болушы еді жұбаныш.

Бірақ мені күс секілді баянсыз деп ойлама,
Көкірегім туған жермен бір соғады қайда да.

VIII

Өзіңді еске алам да толғанамын,
Неліктен жүдеп кеттің сен, қарағым?
Төсінде аласқандай кең даланың,
Қай жаққа, қайда тартар жол қарады?

Дел-сал боп тұрғаныңда, сол шақ мына,
Жалт беріп, үркек үміт аңсатты ма,
Жок, әлде жанбай сөнген бакытыңның,
Бейкүнә сағынышы шаршатты ма?

Ал сау бол, сау бол мәңгі, арман-арым,
Мәңгіге еске аларым, толғанарым.
Өтінем, мүсіркеме, — қорланамын,
Бакытым бол деп сені зорламадым.

Бейнет пен үміт тауы арасында,
Еш қызық көрмей өтті ол, нанасың ба?
Жамылып, көктем гүлін анам жатыр,
Ескерткіш қоя алмадым моласына.

Үнімен қоңыр назды домбыраның
Мен саған мамыр сазды ән күрадым.
Санасам, борышым көп, барлығын да
Келер күн үлесіне қалдырамын.

Тек мына аман тұрсын, нұрлы Отаным,
Туламас көңіліңді тулатамын.
Әніммен, ала күйін жырымменен.
Мен өлі күлағынды шулатамын.

Өзеннен қалір кетер ақпаған соң,
Жайраңдап тасып, толқып жатпаған соң.
Барамын алыс ұшып, Танакөзім,
Өзіңнен жылы сезім таппаған соң.

Кеуденде жалын жатыр лапылдаған,
Мұратжан, қандай ыстық атын маған.
Мен сенің аласармас достығыңды
Әлемге айту үшін ақын болам.

Әзірге ел назарын аудармадым,
Тілей бер төбешіктің тау болғанын,
Мен кеттім білім қуып Алматыға,
Қайтадан көріскенше сау бол, жаным!

IX

Жолым болды еріп едім, сеніп едім үмітке,
Сенім деген жеңіс алып келеді екен жігітке.

Студентпін, шаттық сезіп атар таңның үнінен,
Кәусар томдар айдынына құлаш ұрам түнімен.

Қызық та көп, қызыл-жасыл гүлдер де көп бақшада,
Қызыққам жоқ, әзір оған бұрылута жоқ шама.

Қайда ұмыту, бал күндерден тағдырымыз бір аққан
Апта сайын сағынышты хат аламын Мұраттан.

Хат аламын. Мұнша маған неге уайым жейді екен,
Кейде ақша жібереді, тарығып жүр дей ме екен?

Әр хат сайын әр килы сыр. Әңгімеміз азбайды,
Мұрат бірақ Зеркүл жайлы бір ауыз сөз жазбайды.

Бойшаң терек сары орамал жамылғанда бақтағы,
Ойда-жоқта шорт үзілді сағыныштың хаттары.

Төрттағандап төрт ай өтті, жаным тыным таппады,
Бес ай өтті, алты ай өтті, ешкім жауап катпады.

Күнде барып хабар күттім, пошта есігін тоздырдым,
Жан досыма өкпеледім, Зеркүлді де жазғырдым.

Аң-таң болып жүргенімде, ауыл жаққа аландай,
Біреу ішке кіріп келді. Бұл кім десем — Қоғамбай!

Қайран жездем! Қуанышым сыймағандай қойныма,
Кітабымды тастай салып, асылдым-ау мойнына.

Көңлі жібіп, ол да аймалап сүйіп жатыр бетімнен,
Содан кейін сұрақтарды жаудырдым мен шетінен.

— Ауыл қалай, астық қалай, мал жайлаудан қайтты ма?
Нұргүл апам бақуат па, маған сәлем айтты ма?

Бұлай қарай аттанарда Танакөзді көріп пе ең?
Мұрат қайда, Зеркүл қайда, хат жазбайды неліктен?

Жездем тіпті өзгермеген, баяғыша көрікті,
Колхозшылар съезіне делегат боп келіпті.

Бірақ менін сұрағыма жауап қатпай үдеріп,
Тұрып қалды, тұман басқан күз күніндей түнеріп.

— Е, шырағым, өмір қатал, өкінгенмен бар ма амал, —
Деп күрсінді ол, — досыңа бір бақытсыздық орнаған.

Қашан болсын диқаншының жаны тыным тапқан ба?
Долана сай маңайында күздік жыртып жатқанда
Жазатайым қалып қойған трактордың астында,
(Қой, бекем бол, айналайын, пайдасы жоқ жастың да).
Оңай соқпас, жас адамның бастан бағы ауғанда,
Түн ішінде улап-шулап, алып бардық ауданға.

Кеудемізге бой тондырған суық ойлар кептеліп,
Таң атқанша аурухана ауласынан кетпедік.

Тірі қалды, екі аяғын кестірді де тізеден,
Аңдамасаң мүйіздейді, тағдыр кейде сүзеген.

Содан бастап жан досыңның шаңырағы кертілді,
Үш айдан соң шешесі кеп, алып кетті Зеркүлді.

Алып кетті, тәнір атқыр, мейірімсіз арам-ай,
Хал үстінде жатқан қартаң анаға да қарамай.

Сорлы анаға қайдан жеңіл тисін мұның салмағы,
Бастан жүрек ауруы бар, емдеткенмен болмады.

Жұмды көзін. Қайғысына бүкіл ауыл тербеліп,
Сенің марқұм анаң жатқан Көкшоқыға жерледік.

Мұрат енді қайда бармақ, қарар кім бар күйіне?
Жібергелі жатқан білем мүтедектер үйіне...

Тастай қатып қалдым, тілсіз, шегіндім де бір алым,
Бұдан әрі ештеңені естімеді құлағым.
Ештеңені естігім де келмеді.
Қалай сынбақ игі достың мақсатының шөлмегі.
Сыну деген немене бұл, қасірет пе, мазақ па?
Тірі жүрсем, жібермеймін оны мұндай азапқа.
Оның өні үзілгенше менің өнім үзілсін,
Достыққа адал бола алмасам,
Өз сертімде қала алмасам,
Онда мені туған елдің тұзы ұрсын!
Сүйенішім едің менің, өзің едің кеңісім,
Өмірімде болған шығар жеңілісім, жеңісім,
Бірақ аңғал күндеріме ұялам,
Ұйқымды да, күлкімді де,
Керек десең, өмірімді қия алам,
Асыл досым, сен үшін!
Ал сен мұндай жалынышты тіпті қажет етпейсің,
От үстінде шешек атып, қар үстінде көктейсің.
Сенің жаның аяулы,
Сен бәрінен жек көресің мүсіркеуді, аяуды.
Намысың мен өжеттігің
Туған елдің шекарасын күзеткен
Сақшылардай міз бақтастан тұр ояу.
Иә, нә, кімге керек күр аяу.
Мұнша биік жанармысың,
Мұнша шалқар болармысың,
Мұнша дарқан болармысың, құдай-ау!

X

Кеш.

Ауданға келіп қонды мен отырған самолет,
Төбемізде теңбіл-теңбіл аспан тұрды ала көк.
Тым асығыс жүгіреді, жүрегімде тасып қан,
Такси қуып жете алмайды қиялымды асыққан.
Аурухана. Дәрігерге сұрағымды жаудыра,
— Мұрат қайда? — дедім толқып.
— Алып кетті аулына.
Такси қайта жолға түсті, шымылдығын жапты түн,
Мына бізден қызғанғандай кең даланың шаттығын,
Көзіме ыстық көрінеді туған ауыл бейнесі,

Алатау түр алқам-салқам ағытылған жейдесі.
Анау жатқан бүлдірген сай — қалың жыңғыл арасы,
Анау, өне — біздің гүлзар анамыздың моласы.
Қырға өрмелей жүріп барып жағасымен бұлақтың,
Машинаны тоқтаттым мен, үйі мынау Мұраттын.
Тоқтаттым да қуанышпен қарап қалдым таңданып,
Үлкен үйдің әйнегінен тұрлы жарық шам жанып.
«Зеркүл қайтып келді ме екен?» — деймін іштей ойлана,
Жақын барып терезеден сығаладым жай ғана.
Кітап оқып Мұрат отыр шат-шадыман көңілі,
Тірлігінен көңілсіздік көрмегендей өмірі.
Бар назарым Мұратқа ауып, алғашында сезбедім,
Жанындағы Зеркүл шығар, болар дейсін өзге кім?
Міне, қызық, осы шақта жүзінен нұр тасыған
Сені көрдім, Танакөзім, жан досымның қасынан.
Айналайын, асыл әнім, бейнесіндей ақ таңның.
Сені көріп тебірендім, сені көріп шаттандым.
Сұлусың сен, қатал күндер арытпаған жаныңмен,
Тағы мені ғашық етші қалықтаған өніңмен,
Достық жырын қайталаудан жалықпаған өніңмен.
Түсіндім ғой, кеш болса да, түсіндім ғой бәрін мен!..
Бір өзімшіл пенделіктің ауқымынан босанып,
Тауга қарап ұзақ тұрдым, жанарыма жас алып.
Ұзақ тұрдым.
Бізді қалай тоғыстырды жол мұнда,
Қадірлім-ау, сенің інкәр махаббатың алдында,
Сенің ұлы дос жүретің алдында
Асқар таулар басын исін,
Басын исін! Түгі де жоқ таң қалар,
Екеуіңнен асқак емес, биік емес енді олар!
Сендер өшпей жаныңдаршы,
Сендер бақыт табыңдаршы,
Онсыз өмір мәнді ме?
Екеуіңнен бұл бақытты егер тигтей қызғансам,
Соқыр болып қалсын көзім мәңгіге!
Кез келгеннің қолы жетпес,
Кез келгеннің жолы жетпес,
Айналайын, ұлы достық, айналайын атыңнан,
Құлатпашы мені мәңгі осы биік сатыннан,
Айналайын, ұлы достық, айналайын атыңнан!

ЖАРОКОВ КӨШЕСІНДЕГІ КЕЗДЕСУ

I

Лаулата алмай бойдағы бар үшкынды,
Жүрген кезім армандап алыс қырды.
Бірде мені Төлеген Айбергенов
Тарлан ақын Тайырмен таныстырды.

Күйін шертіп өзінің сан-салалық,
Бұлақ жатты көктемді аңсап ағып.
Күн жексенбі,
Сондықтан үшеуміз де
Тауға барып қайтуды жөн санадық.

Кез болатын кең жайған күз қанатын,
Аспан жиі бозарып сызданатын.
Алатауға өрлеген ақ қайыңға
Қарап қойып, сыр тартты бізден ақын.

Жан еді өзі секілді дара қайың,
Дара қайың болса да, қарапайым.
— Қане, Төлеш, — деп күлді ол, — жырыңды оқы,
Қане сен де тартынба, балақайым!

Күле қарап төбеден ай қабақ күз,
Көп сырластық, көп жырды қайталапшыз.
Жаңа жарқын ойларға ат шалдырып,
Күн кешкіріп қалғанын байқамапшыз.

Бас игізіп оң-солға теректі ештеп,
Соғып-соғып өтті де жел өкпектеп.
Қаба сақал қара бұлт қасын керіп,
Қара нөсер күйды-ай бір шелектеп кеп.

Бұл қырсықтан құтылу күш-ау бізге,
Салу қиын әрине, тұсау күзге.
Әр шыршадан пана іздеп жүгіргенмен,
Сеп болмады. Су болдық үшеуміз де.

Биік ұстап үйренген асқақ атын,
Асқақ еді ол. Жаны да жас болатын.

Суық өтіп кетті ме, сәлден кейін,
Боп-бозданып жөтеле бастады ақын.

Күз көңілдің желігін ноқталайды.
(Содан оны жұрт та көп мақтамайды).
Жол бойында телміріп ұзақ тұрлық,
Қас қылғандай бір такси тоқтамайды.

Сенім барда үміт те саркылмаған,
Төмен түстік тар жолмен толқындаған.
Алдан бір үй көрінді,

ал қасында

Судан жана «Волга» тұр жаркылдаған.

Кім біледі көнерін, күп аларын,
Батылдандым. Сенімнен құламадым.
Дарбазасын қағып ем, үн болмады,
Сосын барып әйнектен сығаладым.

Кездейсоқтық. Сірә оның аз ба себебі?
Міне мұндай тажаш та кездеседі.
Төрде отырған нән қарын сары кісі
Менің жақын досымның жездесі еді.

Әрі туыс ағаммен етене еді,
(Бір қолқамды қалайда көтереді),
Соңғы жылдар мерейі қанаттанып,
Басқаратын үлкен бір мекемені.

Сақта төңір үміті суалғаннан,
Айым мұндай сәтіммен туар ма алдан.
Еркін ашып қақпаны өзімсініп,
Кіріп бардым ішкі үйге қуанғаннан.

Сәлем бердім. Сәлемі ұнамады,
Күнгірт тартты көңлімнің гүл алаңы.
Ұзақ үнсіз отырдық, бұрынғыдай,
Анамның да саулығын сұрамады.

Мінез көрдім бойынан алғаш бөтен,
(Бөтендік пен оғаштық жалғас па екен?)

— Ағай, — дедім — жанбырда қалып қойдық,
Мәшиненіз жеткізіп салмас па екен?

— Жаяу жүрдік біз сендей жасымызда,
Деп жымыңды ол — байқатып тосын ызғар.

— Ағай, — дедім тағы да, — өтінемін,
Бір ардақты ақын бар қасымызда...

— Жоқтан-бардан қайтеміз кеңес құрап,
Кеңес құрап, келіссіз егес құрап.

Алматыда ақын көп,

барлығына

Көлік беру міндетім емес, шырақ.

Талабымды алғандай шокқа сұғып,

Алдан жабық, мейрімсіз қақпа шығып,

Тұрып қалдым көзіммен жер шұқылап,

Тасып кірген көңілім сап басылып.

II

Жайсаң жырдың дәмін тез айыратын.

Жасықтардың қанатын қайыратын.

Жиындар мен тойлардың мінбесінен

Көрінбейді бұл күнде Тайыр ақын.

Не болды екен, тағдырдың көзі еткен бе?

Шіркін, өмір сараң-ау өжеттерге.

Қайда сол бір достыққа ғашық адам.

Жырын неге бермейді газеттерге?

Сыйламасын бақ-дәулет төрін мейлі,

Сонда да адам үміттен жерінбейді.

Арасынан жүлдегер ақындардың

Менің Төлеш ағам да көрінбейді.

Бір арманды бір арман жетектеді,

Қырға шықты бұл күнде етектегі.

Көп болды ғой, өмірдің от толқыны

Ол скеуін ағызып әкеткелі.

Ту биіктен шуағын жаяды арай,

Жол кешпедік, үмітті аяламай.

Міне, қызык,
Бір күні ойда жоқта,
Шыға келді алтымнан баяғы ағай.
Тым асығыс, демалып иінінен,
Сәлем берді. Өзгеше күйі мүлдем.
Шеті сынған ыдыстай көңілі орта,
Есіткен ем түскенін биігінен.

Күні өткенмен күштіге табан тіреп,
Шіркін мансап болмапты-ау оған тірек.
Сөз қозғалды жанымға жақын келіп,
Кінәлады, ұмыттың ағанды деп.

— Ала жіпті, немене, кесесің бе,
Өкпе қалсын өткеннің ессінде.
Кәне, қалқам, үйге жүр, қонағым бод,
Үйім мынау Жароков көшесінде.

Жібермей-ақ жылдардың тереніне ой,
Оның үнсіз кеткені жөн еді ғой.
— Есіңізде бар шығар баяғы акын, —
Дедім күліп, — Жароков сол еді ғой.

Көкірегін акынның мысы басып,
Мысы басып, төқаппар сұсы басып:
— Мүмкін емес, — деді ол дір-дір етіп,
Мүмкін емес, — деді ол түсі қашып.

Маздақ жырлы қашанда тойға дайын,
Ойға алайын, тағы бір ойланайын.
О, сүйікті нұрлы өмір,

мүмкінсізді

Мүмкін еткен күшіңнен айналайын!

КҮРЕ ТАМЫРДЫ ІЗДЕУ

(Махаббат заңы)

«Бақыт оңай сипатпайды бұрымын»
(Сахна шетінде Ақын мен Жастық шақ)

Ақын

Айтшы маған, Жастық шағым, жалынды,
Бердім саған кеудемдегі арынды.
Бердім саған арманымның оттарын,
Бірақ сенің бола алдым ба мақтанын?

Жастық шақ

Тапқаныңда мен сүйетін әнді сен,
Мақтанышым болар едің мәңгі сен!

Ақын

Із қалдырсақ өмір атты белесте,
Танып алар ертең туар нәресте.
Аяулы, асыл Жастық шағым, жалыным,
Достық деген сенің туың емес пе?
Мені анадан жалғыз туған десе де,
Достарым көп, жүргізбейді көшеде.
Шақырады қосылып өн айтуға,
Шақырады шарап ішіп қайтуға,
Шақырады гүл теруге қыраттан,
Шақырады күй тыңдауға бұлақтан.
Аяулы, асыл жастық шағым, көктемім,
Сонда да сен мені мақтан етпедің?

Жастық шақ

Мақтау ғана аз, көтерер ем көкке де.
Ақыным-ау, енді өзіңе өкпеле,
Егер, егер білгің келсе себебін,
Сол достарды жолықтырған мен едім.
Кездерде бір тағдыр көзі аларған,
Демеу тапсын деп едім мен солардан.
Ал сен өзің бейіл болдың бар уақта,
Көк қарғадан бүркіт жасап алмаққа.

Ақын

Өр көңілдің о жарлығын меңгерсем,
Жұрттың бәрін өзімменен тең көрсем,
Әлсіз оттың аңсар болсам жарқылын,
Жомарттығым емес пе бұл, жарқыным?

Жастық шақ

Рас, рас, қанша тағдыр қол артсын,
Сен солардың көңіліне қарапсын.
Өмірінде жатсынбадың ешкімді,
Мейірбансың, өйткені сен жомартсың.
Жаның, сірә, көрген емес ұсақтап,
Сүйгің келер жұрттың бәрін құшақтап.
Солар үшін шаттанып та уайымдап,
Жүрдің ылғи жылдарға нәр дайындап.
Жауларың да бас ізейді кей кезде,
Сенің жомарт екеніңді мойындап.
Дос етемін деген жарқын үмітпен,
Есінде ме, таныстың бір жігітпен.
Ол да өзіндей болып шықты жайдары,
Бұзылмаған сезімінің қаймағы.
Жүрдек күндер өте берді ағылып,
Сен досыңның ыңғайына бағынып.
Жүріп жаттың. Қуантатын ол сені,
Адалдықтың арнасынан табылып.
Ең бастысы, сенім гүлі солмасын,
Бірақ, бірақ... тағдыр басқа салғасын,
Амалың не? Сен сүйетін бір қызға
Ғашық екен, ғашық екен сол досың.
Шынары етіп жарқын, жалын кезінің
Әлгі қызға деген ұяң сезімін
Саған айтты ол,
Өмірдің бар шыңынан
Биік қойып махаббатын өзінің.
Досың емес, айтса мұны басқа адам,
Қысылмас ең, киналмас ең нақ содан.
Досың тағы қолқалады өлеңмен
Сүйгеніме хат жазып бер деп саған,
Сен келістің. Кетті досың қуанып,
Шаттығына жер мен көкті қуа гып.

Бір жасады ол үмітінің гүлдерін
Сенің жомарт пейіліңе суарып.
Қиын тиді саған бірақ бұл талап,
Алды лезде аспаныңды бұлт орап.
Бірі — досың, бірі — арайлы арманың,
Жөн болады қай жағында қалғаның?
Әлде мұны жеңдіріп кеп ақылға,
Сол досыңның өзіне айтқан мақұл ма?
Жо-жоқ дедің. Қатулы еді бұл кезің
Көкірегіннен бой көтерді бір сезім,
Білдіңдағы шаттығыңның құларын,
Төсегінде ұзақ жатып жыладың.
Біраздан соң тұрып ойлы пішінмен,
Сол бақытты болсын дедің ішіңнен.
Сонан кейін қаламыңды қолға алып,
Өлең жаздың түні бойы толғанып.
Маздап ұшқан махаббаттың отынан
Жүрегінде қалықтады батыл ән.
Тұңғыш рет өзін сүйген қызға арнап,
Өлең жаздың өз досыңның атынан.
Әркім сені ерлігіңмен танысын,
Кімге сенсең, сөздың соған қол ұшын.
Сен достықты биік қойдың бөрінен,
Бақытыңды құрбан еттің сол үшін.

Ақын

Иә, иә, оны ұмыту мүмкін бе?
(Ойланып қалады).

Бірінші елес

Үйлену тойы. Жастардың бір тобы қалыңдық пен күйеуді қоршап алған. Қасында ақын. Кенет қолына беішпені ұстаған ақ шашты ана көрінеді. Жұрт екі жарылып жол береді.

Ана

(Күйеу жігітке жақындап)

Он сегізден он тоғызға жаңа шыққан кезімде,
Құштарлықтың оты лаулап көзімде,
Тоқтата алмай көңілімді аптыққан,

Жарылардай шаттықтан,
Өмір маған тосардай тек тұнығын,
Шалқып ойнап нығымда бұрымым,
Осы биік шаңыраққа
Келін болып түсіп едім, құлыным.
Әнім әнге қосылды да толқыды,
Менен асқан бақытты жан болды ма екен сол күні?
Сәбидей пәк аңғал күліп, атты қанша таңдар күліп,
Арманға ерке үн беріп, бір тілекпен гүлдедік.
Бірімізсіз біріміз бақыт бар деп білмедік.
Қуанышсыз өрілген жоқ күніміз.
Сезім ояу жүрген жерде сыр ояу,
Бірімізсіз біріміз
Тұра алмаушы ек, құдай-ау!
Әкен сенің жомарт еді, пейілінен таң атқан,
Іңкәр тағдыр жанын жаз ғып жаратқан.
Тіпті бір күн үйіміз
Босамайтын қонақтан.
Жаздың сонау нұрлы кеші қалды мәңгі есімде,
Еңбек еттім туған дала төсінде.
Өмір, шіркін, мән-мазмұнсыз өте ме,
Жетелессең ізгілікті жетеле.
Тұңғыш рет алған еңбек ақыма
Бешпент сатып әперіп ем әкеңе.
Сұлулықтың безбені ғой көз деген,
Ұлым, мені ұғамысың,
Сондағы оның қуанышын
Қалай айтып жеткізе алам сөзбенен.
Сол бешпентті үш-ақ рет киді де,
Үш-ақ рет тойға бардық, үш-ақ рет биледік.
Заман — бізге, біз заманға сыйлы едік.
Бірақ ұзақ баурай алмай нұр көкті,
Үш күннен соң соғыс өрті бүрк етті.
Әкең сонда еңсесін тік көтеріп,
Бойында кек қайнап тасқынды,
Көңіліне күй өрлеп,
Су жаңа осы бешпентті
Тапсырды маған әкеліп,
«Келген соң кием», — деп.
Бірақ ол келмеді,
Айырғандай мені барлық қызықтан.

Атар таң мен батар күн,
Он тоғызда «жесір әйел» атандым.
Көтердім мен тағдырымның мазағын,
Үзілердей жұлыным,
Ол күндердің қасіретті азабын,
Сен сұрама, мен айтпайын, құлыным!
«Өмір заңы, шырағым,
Құдай ырза, мен ырза,
Тежей көрме тағдырынның бұлағын,
Байлама, — деп, — бағыңды,
Әжең қанша бата беріп жалынды.
Өткерсем де қанша қияс кезеңді,
Нар түйедей көтердім,
Жылатқам жоқ әжеңді,
Құлатқам жоқ шаңырағын әкеңнің.
Махаббатта бір-ақ заң бар,
Ол — адалдық заңы, ұлым,
Сол заңменен өлшенеді қарымың мен дарының.
Мен әкеңнің махаббатын сақтап қалдым мәңгілік,
Мен әкеңнің кір шалмаған арымын.
Қан майданда оның нұрлы бақ жұлдызы сөнгенде
Мен де бірге сөніп ем.
Сөнген күнім қайта туды сенімен.
Алыстан алабұртып сағымдана,
Ең қайғылы кезім мен
Ең көңілді шағымда да
Өкшелеп, елес беріп қалмайды бір
Мұңлы зарлы соғыстың ескі лебі...
Мынау сенің әкеңнің бешпенті еді.

(Ұлына ұсынады)

Күйеу жігіт

(Бешпентті кеудесіне қысып)

Басса да қасірет салмағы,
Ошпенті әкемнің арманы.
Ол бұл бешпентті кигенмен,
Амал не, тоздыра алмады.
Ғұмыры жетпеді,
Көрсетпей бақытының жалғасын,
Көңілінің көктемін,
Жайпады бір түйір қорғасын.

Өмірім, өрге жүз, тоқтама!
Өзіңсің — табына сүйерім.
Сондықтан мен мұны тек қана
Тоздыру үшін киемін.
Ғаламда сәбише тербеткен
Еңбек деп айта алам.
Тозсын киімдер еңбекпен,
Еңбекпен жаңарсын қайтадан!

Хор

*(Бір топ жас бүлдіршіндер «Ата суреті алдында»
атты әнді орындайды)*

Ай жүзі арман бол арайлы,
Төргі үйден мұңданып талайды.
Соғыстан қайтпаған атамның
Суреті күлімдеп карайды.

Асыл досым!
Көлдің көркі — орман.
Біз достыққа сол ормандай қорған болмасақ,
Туған елдің гүлі,
Тағдырының нұры,
Мақтан етер ұлы болмасақ,
Онда біздер неге келдік өмірге?

Намысың алысқа жетелер,
Күн туды ел жүгін көтерер.
Біздердің өткенге парызымыз
Жігермен, арменен өтелер.

Жан досым, есейіп толдың ба,
Жолыңды қияға салдың ба?
Ұятқа қалмауға тиістіміз
Ақсақал тарихтың алдында.

Сахна күңгірт тартады.

Жастық шақ

(Ой үстінде тұрған Ақынның иығына қолын салып)

Сөйткен досың бір жел өкпе сөзге еріп,
Үйленген сон кетті мүлдем өзгеріп,

Неге бұлай? Жан еді ғой ұятты,
Қазір сені еске алмайтын сияқты.
Қондырғанмен кеудеңе кең даланы,
Жомарттықтан тапқан пайдаң шамалы.

Ақын

Оның рас, тапқан пайдам шамалы,
Бірақ адал өмір сүрдім, саналы.
Кетсе досым, кете берсін, қайтемін,
Ерте, кеш пе, түсінетін болады.
Түсінбесе, амалым не, кештім мен,
Қанға сіңген мінезім бұл жас күннен,
Мен жанымның жомарттығын сатпаймын,
Және жылу сұрамаймын ешкімнен.
Онан да сен, Жастық шағым жалынды,
Тың бағыт бер. Байлай көрме бағымды.
Қанша адамға сеніп едім күмәнсіз,
Шындығында, күн кештім деп мұнарсыз
Айта алам ба? Сенім артқан достарым
Тастақ жердей болып шықса күнарсыз?

Жастық шақ

Рас, өнің туысса да көктеммен,
Қателігің бір басыңнан өткерген
Жетіп жатыр. Босқа шаштын күшіңді
Тастақ жерге дән өне ме, сепкенмен?

Ақын

Кінәм қайсы, жолықпаса бір адам
Ізгілікке жан-тәнімен кұлаған?
Үлкен ойым іске аспады... қиын бұл...
Қиын болды. Кімге ұсынар сыйым бұл.
Иә, кешегі күннен бастап, біржола
Дос іздеуден тыйылдым.
Қаншама жыл айналама алақтап,
Бос шапқаным, жетер, бәлкім, далақтап.

Жастық шақ

Кеше кешке не көрдің сен көшеден?

Ақын
(Ойланып)

Ештеңе.

Тарих

Өзіңе ауыр кінә таққан сол сәтті
Тым кұрыса, сақтамапсың еске де.

Ақын

Қандай кінә?
Ақтығыма тіпті де күмәнданбан...

Жастық шақ

Токта, токта!..
Қос жанары тұманданған
Енгезердей мас жігіт
Әлжуаз бір жас жігітті қуып жүріп сабады.
Ол да біраз күш көрсетті алысып.
Әлгі мастың пышағы бар қолында.
Бір келіншек жас жігітке болысып,
Шыж-быж болып еріп жүрді соңында.

Жастық шақ

Ал сен неге болыспадың?

Ақын

Өмірімде бірінші рет қалыс қалдым.

Жастық шақ

Асан еді ол жігіттің есімі.
Таңғы шығы секілденген көктемнің
Жаны қандай мөл-мөлдір.
Бір көрген жұрт танығандай ізгілігін көзінен,
Ісін алшақ қондырмаған сөзінен,
Бұл өмірге өз қайратын, өз күшін
Жұмсамақ боп келген жандай өзге үшін
Жүрегіне орнатты өз ғасырын,
Орнатты өз даласын.
Автомобиль апатынан қаза болған досының
Інісі мен карт мүгедек анасын

Бағу үшін сабақтан соң түнімен
Ой қажытқан от арбанын үнінен
Алардай бар тынысын,
Темір жолда кара жұмыс істейтін
Және ешкімге сездірмейтін мұнысын.
Иығынан көне бешпент түспейтін.
Аяғынан тартқанымен тапшылық,
Әр күн сайын жасамаса бір адамға жақсылық,
Бір адамға ұсынбаса қол ұшын,
Босқа өткен күн саналатын ол үшін.

Ақын

Ұқсастыққа қарай гөр,
Мұндай жоспар бар болатын менде де.

Жастық шақ

Иә, иә, бар болатын сенде де.
Перзент едің өнер, ойы нанымды.
Орманына еніп кетіп күдіктің,
Жылдар бойы аялаған әніңді
Бір-ақ түнде ұмыттың.

Ақын

Тура қазір іздеп барам,
Үйі қайла, өлгі жайсаң жігіттің?
Мен іздеген адам енді табылды.

Жастық шақ

(Әжуалап)

Тым кеш қалдың, сүйіктім.
Қасірет те секілді бір зымыстан,
Кеше түнде қайтып келе жатыр еді ол жұмыстан,
«Күтқарыңдар, өлдім»... деген дауыс шықты тасадан.
Жетіп барды...
Жетіп барса, енгезердей мас адам
Жас әйелдің алқымына нән пышағын тіреп тұр.
Бұл не деген есалаң?
Әлдеқашан заманы өткен білектің!
Қара күшке өнін қалай бағындырмақ жүректің?
Арашаға түсе кетті жас ұлан.

Екеуі ұзақ алысты,
Өмір, өлім қара күштің қапталында жарысты.
Сол сәтте сен өгіп бара жатыр едің қасынан.
Әлгі залым қыбын тауып тосыннан,
Жас жігітке пышақ жұмсап үлгерді.
Міне солай шорт үзілді асыл өн.

Ақын

(Маңдайынан соққылап)

О, тағдыр-ай, маңдайыма сор қалын,
Мен бейбақты неге мұнша қорладың?
Қара мысық тағы кесті жолымды,
Бір-ақ рет ізгіліктен тыйып едім өзімді,
Бір-ақ рет жұмып едім көзімді.
Қанға малып алдым, міне, қолымды.
Тіршілікке не сеуіп ем, не тердім?
Лапылдаған жалын шақта, жас шақта,
Енді менен күлкі мәңгі қашпақ па?
Бұл кінәмді қалай жуар екенмін?

Жастық шақ

Жаңбырына жалынсаң да көктемнің,
Жуа алмайсың, жуылмайды өткен күн.
Шайқап сансыз жүрегіңнің тұнығын
Шаттығыңды ала қашып ұры күн,
Бақыт оңай сипатпайды бұрымын,
Өткен шақтың бір қатесін түзеуге
Аздық етер кейде бүкіл тұмырын.
(Әжуалап)
Бақыт оңай сипатпайды бұрымын.

Екінші елес

*Жастық шақ пен Ақын шеткері тұрып сахнаға қарайды.
Өрімдей жас жігіт өз Бақытының (Бақыт қыз бейнесінде)
соңынан келеді.*

Жігіт

(Сағынышпен)

— О, бақыт!
Бар адамға өтімдісің, сөйлесен,
Баянсыз да секілдісің кейде сен.

Сені көру еді менің арманым,
Іздеп келем, іздеп келем, талмадым.
Іздеп келем, өлі күнге жолдамын.
Тым құрыса, қонағым да болмадың.
Шаттығым да, қайғым да өзін, күрсінсем,
Айтшы маған, қай биікте жүрсің сен?

Бақыт

Есіңде ме аяулы анаң, қарт анаң,
Нан пісірді саған арнап арпадан.
Жер шырынын ұлым татсын деп еді,
Бірақ сенің оны жегің келмеді.
Жауар бұлттай қабағыңды түсіріп,
Арпа нанды қойдың былай ысырып.
Оранып зор мейірімнің отымен,
Сонда саған анаң боп тіл қатып ем.
Нан бергенім — шақырғаным еді ғой.
Егістікте сені күтіп жатып ем.

Жігіт

Ол күні емес, ертесіне барғанмын,
Сонда мені неге күтіп алмадың?

Бақыт

Сенен бұрын келіп жеткен біреудің,
Арбасына мініп кетіп қалғанмын.

Жігіт

О, Бақытым, бала кезден аңсаған,
Қалай айтсам екен мұны мен саған.
Бір күні үйде отыр едім керігіп,
Сені маған көшеде жүр делі жұрт.

Мен көшеге шықтым жылдам жүгіріп,
Жан-жағыма карап едім үніліп,
Таба алмадым, іштей ойға малтыдым,
Сен сол күні қайда болдың, жарқыным?

Бақыт

(Күледі)

Ха-ха-ха!

Маған адал болғанымен тілегін,
Аңғармайсың, аңғал сенің жүрегін.
Саған жолда сәлем берген бір қыздың
Жанарына жасырынып тұр едім.
Бала кезгі өрлігіңді қайталай,
Басыңды ізеп өте шықтың байқамай.
Ха-ха-ха-ха, ха-ха-ха...
*(Бақыт ғайып болғанмен, көпке дейін
күлкісі жаңғырығып тұрады).*

Ақын

Әр биіктің өз сыры бар, сүйіктім,
Өз жыры бар жан табылса тыңдарға.
Кім біледі, мына тұрған биік қыр,
Төмпешікке айналар бір жылдарда.
Ай көңілсіз көрінеді тұманда,
Сәуле түссе, жез алтын боп жарқырап.
Мен куәлік ете алмаймын бұған да,
Бағы тайса, асау өзен тартылар.
Бағы тайса — нұрлы сезім мұнар-ды,
Шаттық әр кез бола бермес қалтада.
Кесу үшін алпыс жылдық шынарды
Алты-ақ минут керек екен балтаға.
Тұяғымен дастан шертіп, күй құрап,
Өмірінде баспастан жай бұлкілге,
Мың күн жүзде бермей келген жүйрік ат,
Бағы тайса, ақсап калар бір күнде.

Жастық шақ

Жаксы үмітке жарқыратып маңдайын,
Жүрсе де адам бар кез ізгі тілекте,
Бірақ қайғы бүкпантайлап әрдайым
Жол табады жүрекке.

Қайғымен бетпе-бет

Үшінші елес

Тау баурайы. Қолына гүл ұстаған жас жігітке Қайғы қарсы жолығады.

Қайғы

(Даусы гүжілдеп)

Әлі сырлас екенсің ғой гүлдермен.

(Мысқылмен)

Таныдың ба сен мені?

Жігіт

Бұрын көрген секілдімін бір жерден.

Қайғы

Бұрын көргем дейсің бе?

Қатал сезім шекпеніне оранған.

Білем сені жүрегінде налаң бар.

Мені талай көрсен-дағы ұмыттың.

Тым ұмытшақ келесіндер, адамдар,

Менің даңқым көп тараған кең жерде,

Ізім жатыр қырқаларда, белдерде.

Мен — Қайғымын.

Жаза бассан, сүрінсен,

Шақырмай-ақ жетіп келем сендерге.

Жас өмірің атқан кезде болып таң.

Есіңде ме, саған талай жолықкам.

Талай-талай жерігенсің мезі боп,

Сонан кейін бір күні әкең өлгенде,

Сол әкеңнің айтқан соңғы сөзі боп.

Түнеп қалғам сенің балғын кеудеңде.

Мұнан кейін бір күннен соң бір күннен.

Есіңді жиі қағып тұрдым мен.

Жиі қақтым, келмейді оны жасырғым.

Кей күндері бірге жүрген досыңның

Сатқындығын сезгеніңде жолықтым,

Жалғыз қалған кездеріңде жолықтым.

Жігіт

Ал бүгін ше, бүгін неге келдің сен?
Тауда тегін жүрген жоқсың, мен білсем.

Қайғы

Көрші қызбен көріп едім сырласып,
Білдім сенің кеткенінді қырды асып.
Айта қойшы, болсаң егер батыр шын,
Мына гүлді кімге апара жатырсың?

Жігіт

Қашанғы мен өзімді-өзім кинаймын.
Мен бұл гүлді арманымға сыйлаймын.
Сол қыз менің шаттығым мен танысым,
Жаны да әсем жаралғандай гүл үшін.

Қайғы

Оған ғашық бір сен ғана емессің,
Қанша жігіт қайғырады бұл үшін.
Қайғырады, тәтті үмітін жоқтайды,
Мұның бәрі маған оңай соқпайды.
Ойыннан қайт,
тағдырыңның жолы кең,
Саған соны ескерткелі келіп ем.

Жігіт

Білем, білем, бұл да маған таныс өн,
Егер өмір жарыс болса, жарысам.
Қалай оңай бере салам өзгеге,
Сол қызды мен бақытым деп танысам.
Мені аяма,
кажеті жоқ аяудың,
Салдың қанша жүректерге қаяу-мұң.
Қайғым менін, келер болсаң сен маған,
Ең сұрапыл шақта да,
Ең қатерлі шақта да
Күліп тұрып қарсы аламын ерлерше,
Сезімімді қордай көрме тек қана!

Қайғы

(Басын төмен салып)

Ақылды айттың, ауыр айттың,
Әйтсе де, сен тауып айттың, жігітім.
Ғұмыр кештім иім түсіп, түнжырап,
Иығымнан үшты қанша замандар,
Кетер едім жер бетінен тым жырақ,
Бірақ мені жібермейді-ау адамдар!

*(Жігіт кетеді, соңынан Қайғы да кетеді.
Сахна қараңғы тартады)*

«Тек құштарлық болғай да...»

Ақын

(Өз-өзімен сырласқандай)

Әке, саған айтар едім бар сырды,
Бірақ сенің күнің ерте таусылды.
Қара жердің құшағында жатырсың,
Сондықтан да естімейсің даусымды.
Саған барып айтар едім бар сырды,
Сенін де, әже, күнің ерте таусылды.
Қара жердің құшағында жатырсың,
Сен де менің естімейсің даусымды.
Кезім еді ол мейірімге шөлдеген,
Еркелетіп ұлыңнан кем көрмеп ең.
Қарт нағашым, сен де жоқсың бұл күнде,
Сен де кеттің әкем кеткен жолменен.

(Жастық шаққа бұрылып)

Жастық шағым, менің шалқар ырысым!
Шаттығымсың, жанарымның нұрысын.
Арқа сүйер үш шынарым құлады,
Тек сен әзір қасымдасың, тірісің.

Жастық шақ

Оның рас, тірімін мен мәңгілік,
Ғасырлармен тұра берем сөн құрып.
Егер де сен әлсіз болсаң — сорлымын,
Мықты болсаң, даңқым өсер жаңғырып,

Шаттығыңның шәрбатына тойдың ба?
Үшан-теңіз борышың бар мойныңда.
Сені өсірген, әкең, әжең, нағашың
Жатыр қазір қара жердің қойнында.
Ол жандарға өкпең болса, айт маған,
Қарызыңды айт, болса алдынан қайтпаған.

Ақын

Жастық шағым. Менің тіпті өкпем жоқ,
Жайнатты олар өмірімді көктем боп.
Абзал жандар түзу жолға салмаса,
Таң алдында таң жұлдызым жанбаса,
Қайтер едім? Олар менің алдымда
Борышты емес, ерте өлгені болмаса.
Елім маған көрсеткен жоқ жетімдік,
Бұл сөзіме ете аламын кепілдік.
Өткен жазда көрші ауылға барып ем,
Бір ағатай — ойы жомарт, жаны кең,
Мен әкеңнің күрдасы едім деді де,
Қағып-қағып қойды аркамды қолымен.
Тағы бір күн думан-тойға барып ем,
Бір қарт әжей көңілі нәзік, жаны кең,
Мен әжеңнің күрбысы едім деді де,
Маңдайымды сипады үнсіз қолымен.
Нақ сол тойда шаңын сілкіп көшенің,
Бір ақсақал қамшылаған есегін,
Нағашынның жақсылығын көп көргем
Деп, қоймастан қонақ етті неше күн.
Жан екен ол нағашымнан аумаған.
Жүрегінен жомарттығы даулаған.

(Ойланып)

Жастық шағым...
Кешірім ет, мен сенің
Назарыңды басқа жаққа аударам.

Жастық шақ

Иә, айта бер, жабырқама, тоқтама,
Бар шындықты жасырмай айт тек қана.

Ақын

(Даусы бірілдеп)

Күзде мені іздеп келді бір адам
Жасы жүзге құлаған.
Суалғандай арманының бұлағы,
Жүзі мұңлы, естімейді құлағы,
Қарт бабаңның қанын жүктеп елім деп,
Ақ сақалы селкілдеп кеп жылады.
Шектен шыққан зұлымдығы-ай мынаның,
Шыдамалым, мен де бірге жыладым.
«Әкен кешпей кетіп еді күнөмді,
Перзентісің, сен кеш енді, шырағым», —
Деп жалынды, жалбарынды бас ұрып,
Қайта-қайта нығыма асылып.
«Өлер шағым, өтінішім ақырғы», —
Деп тағы да ол мені үйіне шақырды.
Барып елім, орын беріп төрінен,
Немересін таныстырды менімен.
Ай дидаарлы жан екен ол сүйкімді,
Көкірегімде содан сырлы күй тұнды.
Неге бардым, неге тана таныстым,
Сол бойжеткен бұзды менің ұйқымды.
Байқаусызда тиді солай сезімге от,
Күйеу бала дейді анасы әзілдеп.
Ал әкесі күрақ ұшып бұл күнде
Той жабдығын жүрген білем әзірлеп.
Атасының зұлымдығын аңдамай,
Немересін жар етемін мен қалай?
Намысымды алмаймын ба жаралап,
Не дейді әкем, бабам қалай қарамақ,
Олар бұған берер ме екен кешірім,
Жастық шағым, сен айт мұның шешімін?

Жастық шақ

Қара тастай ауыр сұрақ екен бұл,
Нар төуекел, салмағын мен көтердім.
Қанды жылдар калып қойған жырақта
Қандай зарлы естіледі құлаққа.
Шал күнәсін сен кешкенмен, кешпейді ел.
Немересі айыпты емес бірақ та.

Жүзін жаркын, болашағың тамаша,
Үйлене бер, егер көңілің қаласа.

Ақын

Бірақ ол қыз бейхабар көп өнерден,
Қалада өскен, елде туды дегенмен,
Көрген емес мына біздің тауды да,
Барған емес жылқышылар аулына.
Күй тыңдаумен таңды ұйқысыз атырып,
Ішкен емес сары қымыз сапырып.

Жастық шақ

Адам болса ойы жүйрік, жаны нұр,
Жүре келе үйренеді бөрібір.
(Кетуге ыңғайланады)

Ақын

Сәл сабыр ет. Жалғыз ауыз сөзім бар.
Жеме-жемде жеңеді гөй сезімді ар,
Ол бойжеткен жүргенімен күліп паң,
Ана тілін әлдеқашан ұмытқан.
Қалай оған ішім жылып қараймын,
Бір жол жырын жатқа білмес Абайдың.
Шапақ шашқан заманы анау,
Биіктетіп туған елдің айбынын
Ата салты нық тұрғанда белесте,
Ұлы Абайды бағаламау —
Өз халқының рухани байлығын
Бағаламау емес пе?

Жастық шақ

Оқасы жоқ, таң да бірден атпайды,
Өмірі алда, жаттамаса жаттайды.
Қамсыз көңілі бұрғанымен шалғайға,
Қызуланба.
Барар дейсің ол қайда,
Тек күштарлық болғай да,
Тек күштарлық болғай да.

Ақын

Міне, міне, күштарлық жоқ ол қызда.

Жастық шақ
(Қатулапып)

Ах, солай ма?
Тындауға да жасқанам,
Ізде онда бақытынды баскадан.

Сенің көзің заман үшін бағалы

Төртінші елес

Жастық шақ

Ал, ақыным, қарсы алуға әзірлен,
Сен қадірлер қасиеттің барлығын
Осы араға шақырамын қазір мен.
(Бір-екі адым кейін шегініп бар даусыммен)
Достық, немен сұлусың бұл өмірде?

Достық даусы

(Тау қойнауынан жаңғырығып естіледі)

Көтере алсам қайыспай уақыт сынын,
Сәулеттімін, сұлумын, бақыттымын.

Жастық шақ

Шындық, сенің адамнан тілегің не?

Шындық даусы

Мен үшін тек жүрегі болсын адал,
Қандай пәле басса да, аршып алам.

Жастық шақ

Сенім, қайда жүрсің қазір, көрінбейсің, мақтаным,
Дау-жанжалдың арасынан іздеп сені таппадым?

Сенім даусы

Онда барсам естілмейді татулықтың сазды үні,
Тентектер көп, таяқ ала жүгіреді баз бірі.
Бір шаңырақ кезікті де, ойнегінен бақ күлген,
Қос ғашықтың жүрегінен жайлы мекен таптым мен.

Жастық шақ

Ей, Адалдық, ежелден сен сөзге берік алыпсың,
Алыпсың сен, бірақ кейде өтірікке наныпсың.
Немесе жұрт саған нанбай кейде жалғыз қалыпсың,
Кейде өзінді ақтау үшін өлімге де барыпсың.
Қайдасың сен, жаркыным?

Адалдық даусы

Бір шаңырақ кезікті де, әйнегінен бақ күлген,
Қос ғашықтың жүрегінен жайлы мекен таптым мен.
Олар мені пір тұтады, бабасындай сыйлайды,
Дастарқанға мен келместен кесеге шай күймайды.

Жастық шақ

Қызғаныш-ау, үнсізсің ғой, көзің неге мөліген?
Байқауымша, сен де қоныс тепкенсің-ау сол үйден?

Қызғаныш даусы

Жапа-жалғыз қайда барам, елге аян ғой есімім,
Мен сол үйдің күндіз-түні күзетемін есігін.

Жастық шақ

Сақтап сансыз замандар таңбасын,
Үнсіз-түнсіз жатырсындар сан ғасыр,
Тастар, сендер не дейсіңдер?

Тастар даусы

Өзге жұрттай бара алмаймыз таласқа,
Тілсіз туған тағдыр бізді о баста.
Өтіп жатыр талай көктем, талай күз,
Бөріне де бедірейе караймыз.
Баз біреулер үстімізден өткенде,
Шаттана ма бізді аяқпен тепкенге.
Ойлы жанға болар ма екен мақтан сол,
Үндемейміз туған жерде жатқан соң.
Әне, анау бізді теуіп өткен жан
Түр еді үнсіз, келіншегі жетті алдан,
Көзінде ашу, күлкісі жоқ күндегі,
Келе сала ерін былай тілдеді:
— Ойын арам, тамырыңда арам қан,

Жазылмадым салған ауыр жараңнан.
Сенің қатал, мейірімсіз жүрегін
Жүрек екен қара тастан жаралған.
— Тас дедің бе? — деді өлгі адам томсарып,
— Күнсыз болып қалғаным ба соншалық.
Сол ауыр сөз сана менен бойды алып,
Тұрып қалды ол, төмен қарап ойланып.
Туған жердің тасы болу тамаша-ақ,
Егер жұртқа ой салуға жарасақ.

Жастық шақ

Намыс! Намыс!
Қайдасың сен, неге алмайсың бір тыным.
Ұзақ түндер неге сенің айқаспайды кірпігің?

Намыс даусы

Қадірлім-ау, мен қалғысам, тірліктің не мәні бар?
Мен қалғысам, батыр қалай, ақын қалай танылар?

Ақын

Жеңіс ізі сайрап жатыр өмір атты белесте,
Сен қалғысан, Ерлік пенен Махаббат бар емес пе?

Намыс даусы

Бекер, бекер, мен жоқ жерде ерлік қашан оянды?
Мен жоқ жерде Махаббат та болған емес баянды!

Ақын

Бақ-дәулеттің күндей тарап,
Бар аламға бірдей қарап,
Күлмейтіні неліктен?
Жалындыны жалынсыздың,
Дарындыны дарынсыздың
Күндейтіні неліктен?
Жүрген жолы ала шапқын,
Мансап қуған парасаттың
Тозатыны неліктен?
Андамасақ, сор болар бұл,
Сұңқарлардан қарғалардың
Озатыны неліктен?

Жастық шақ

Бұл алалық табиғат анадан ба?
Адамдар мен адамдар арасында,
Көрінбейтін жай көзбен қарағанда
Бір аңғар бар жаны үйек, бауыры қар,
Кейде ызғарлы зәнталақ дауылы бар,
Кейде көктем есетін сауырынан.
Сол аңғарда сан ғасыр қатар жатқан
Пенделік пен шарапат ауылы бар.
Екі ауылдың көз салсаң тірлігіне,
Сырттай ұқсап жатады бір-біріне.
Баска-баска болса да көсіптері,
Бірдей етіп сырланған есіктері.
Неткен ұқсас есік деп мөз боласың,
Мақсатынның жолымен қозғаласың.
Бірте-бірте өзгерер көзқарасың.
Шарапаттың ауылын іздеп шығып,
Пенделіктің аулына кез боласың.
Кез болдың ба? Жібермес оңайлықпен,
Мұнда сені сарылып талай күткен.
Мұнда сені көрсе де бірінші рет,
Қарсы алады досындай күлімсіреп.
Неше түрлі қулықпен бұлаңдар бір,
Иланба оған, салты сол бұл аңғардың.
Қанатына қояды мұз қатырып
Өз аулына кеп қонған қырандардың.
Жұрт көзінен қалсаң сәл тасалана,
«Момын» ауыл айналар Қособаға,
Талай ұлы данышпан дарындардың
Арманының моласы осы арада.
Екі ауылды қойған кім жанастырып,
Бұдан асқан бола ма оғаш қылық?
Екі ауылдың іргесін бөлу үшін
Жатыр әлі аяусыз талас жүріп.
Өркім жансын, дауласын өз өртімен
деген ұран әлемді кезер түгел.
Тек Шарапат аулынан Пенделіктің
Бөлінгісі келмейді өз еркімен.
Ал бөлінсе, ол өз атын жеге ала ма,
Шарапатсыз Пенделік дем ала ма?
Сондықтан да шекара өте қажет,

Күзет кажет және сол шекараға.
Өмір мынау тартысы, атысы көп,
Атысы көп, шырғалаң шатысы көп.
Кімнің ары бір сәтке қалғып кетсе,
Шекарада қалуға қақысы жоқ.

Ақын

Иә, иә, жастық шағым, сымбаттым,
Ерлік пен ездіктің арасындағы,
Шабандық пен тездіктің арасындағы,
Қайғы мен шаттықтың арасындағы,
Жалғандық пен пәктіктің арасындағы
Ғасырлардан келе жатқан,
Қайшылығы тіптен көп,
Ұлы күрес әлі күнге біткен жоқ.

Жастық шақ

Ер жігіттің маңдай тері,
Арулардың көз жасы мен күлкісі,
Абырой мен атақ-даңқтың түр-түсі,
Әлемдегі асу бермес ең ұлы іс,
Күнделікті жеңіс пен жеңіліс
Елге деген махаббаттың безбенімен өлшенер,
Безбен сынса, безбүйректік белсенер,
Алдыменен өз жаныңның қайшылығын жеңіп ал,
Биік ұшқың келсе егер.

Ақын

Мен осынау жасымда
Тұлға болам деп едім-ау ғасырға,
Үміт те әзір қасымда,
Күдік те әзір қасымда,
Шашымнан да борышым көп басымда.

Жастық шақ

Ең бастысы, сен өзіңнің борышыңа адалсың.
Жанартаулар көлінен суат алған,
Суалмағай сендегі қуат, арман.
Тілектесің тіптен көп, тіптен көп қой,
Жауың аз деп бірақ та жұбата алман.

Мерейі үстем болса да аумағына,
Сынай қара қоршаған тауларыңа.
Максаты үлкен адамның ежелден-ак
Үлкен өрі қу болған жаулары да.

Ақын

Мейлі, жауым өккі болсын айлалы,
Маған, тіпті, соның өзі пайдалы
Негүрлым мен кедергіні көп көрсем,
Негүрлым мен жөнсіздікке кектенсем,
Мен соғұрлым тірек етіп төзімді,
Қайрай түсем, шыңдай түсем өзімді.
— Ей, кеменгер Жастық шағым,
Сен іздеме мені
Ындыны кепкен өзеннің арнасынан,
Жапалақтар сөз алған жар басынан.
Сен іздеме мені
Күншілдік жол салған өрден,
Сатқындық ән салған жерден.
Сен іздеме мені
Ұзындығы бір тұтам мұраттардан,
Күздан аққан қайырсыз бұлақтардан.
Сен мені іздесең, табасың
Бір кезде жігер жетпей тоқтап қалған,
Жол болуға тиісті соқпақтардан.
Сен мені іздесең, табасың
Бакыт соққан заманның балғасынан,
Барлық игі істердің жалғасынан.
Сен мені іздесең, табасың
Күнбатыстан шығысқа иық керген,
Әлі ешкім шықпаған биіктерден.

Жастық шақ

Күндік бакыт күндегі күлкің емес,
Гүлдің гүлзар болуын кім тілемес.
Иә, иә... сәулелі болашақтың
Саған соқпай өтуі мүмкін емес.
Шыншыл максат қай кезде де жол табар,
Кезің келді қоғам жүгін арқалар.
Анау емен неге қисық?

Анау қайың неге айрылды көріктен?
Анау жүйрік ақсап қалды неліктен?
Бұған неге үнсіз жатыр
Анау көңілі әділдікке інкөр жан?
Анау қарға неге озады сұңқардан?
Міндеті ауыр намыс пенен ардың да.
Бұл сұраққа сен бересің жауапты
Дүниеге ертең келер нәрестенің алдында.
Тек жүзінді төмен салма,
Тек көзінді жасауратпа,
Сенің көзің заман үшін бағалы.
Сенің өнің асқақ шықса,
Менің данқым жоғары.

Ақын

(Кетуге ыңғайланып)

Енді қашан кездесеміз?

Жастық шақ

Бүгінгі үлкен өңгіменің жалғасы,
Бүгінгі асау пікірлердің арнасы
Іздеп барар бізді алдағы жылдарға.
Тек жеңіспен жарқырасын маңдайын.
Жүрегіннен жалын сөнбей тұрғанда,
Мен қасыннан табыламын әрдайым.

СЕНІМ ПАТШАЛЫҒЫ

Авансценада:

Тарих, Ақын — Мазлақ

Сақтар дәуірінде:

Хан

Жайық

Мерей

Уәзір

Көңбай

Жендет бастығы

Қарашал

Торбай және басқалар

Біздің дәуірде:

Тойбасы

Медет — Маздақтың өкесі

Айымбек — өртіс

Жұбанымбай — комсомол қызметкері

Дария — Маздақтың қалыңдығы

Қабділдә — қарт ақын

Орынбасар — Жайықтан келген жігіт

Құда, Тойтық және басқалар

Кіріспе

Өзендер мен көлдердің,
Көлден шалғай шөлдердің,
Биіктер мен алыптардың,
Жылулар мен жарықтардың арасын
Жалғап келген бір өн бар,
Парасатты мұңданудан,
Жерді қирап күл болудан,
Таңды қарадүрсіндіктен,
Адамдарды күншілдіктен
Қорғап келген бір өн бар:

Ол өн — ұлы достық өні, негізгі өні ғаламның,
Ол өн — ұлы махаббаты менің сайын даламның,
Дала көңіл бабамның.
Сол екі өнмен гүлденер жер
Салмақ тауып саналы.
Сол екі өнді білмегендер
Өмір сүрдім демесе де болады.

Бірінші бөлім

Ақын, Тарих

Тарих

Иә, ақыным, жан едің сен гүл жүзді,
Ызалысың, тынышыңды кім бұзды?

Ақын

Сенуші едім, болар деп тойым алда,
Тек арыма сыйындым мойығанда,
Тек ізгілік іздедім тыным таппай
Ең қаскүнем адамның бойынан да.
Кей көңілдің бас бұзар жарлығына,
Кей көңілдің шектен тыс тарлығына,
Қаным күйіп тұрса да сыр бермедім,
Кешіріммен қарадым барлығына,
Сүйрегенмен дамылсыз өзін өрге,
Өзі пенде жандардың сөзі пенде.
Бір батылдық көрсем деп үміттендім
Ең жігерсіз адамның көзінен де...

Тарих

Сол ниеттен, сол сезімнен айныма!

Ақын

Бірақ та мен душар болдым қайғыға.

Тарих

Қиялыңды қамшылап асау талап,
Тынбай шарлап өмірдің белес-белін,
Адамдарға жақсылық жасаудан-ақ
Тіпті қолың босаған емес сенің.
Бағытыңнан айныма!

Ақын

Бірақ та мен душар болдым қайғыға.

Тарих

Дауыл күні ең алдымен бәйтеректер құлайды
Өзгелерден биіктеу тұрғандығы үшін...

Ақын

Кім жауап бермек сол құрбандық үшін?

Тарих

Иә, сен албырт ақын болдың,
Арқа тостың ауырға.
Өзге жұрттан жақын болдың,
Жақын тұрдың дауылға.

Ақын

Сол дауылдың ертен мені жықласына кім кепіл?

Тарих

Ал жығылмау азаматтық міндетің.
Қалай?

Қайтіп?

Қай жолмен?

Оны өзіңнің өрең білер.
Тамырыңды терең жібер.
Елің саған артып еді көп сенім.
Өттең, терең тамырың жоқ,
Үлкен досың жоқ сенің.
Әлсіздігің осында!

Ақын

Кезім бар ма адалдықтан айныған?
Қанша адамды алып шықтым қайғыдан.
Шаттығына ортақтастым талайдың
Іс түскенде басыма,
Көбі мені сатып кетті, қалай бұл?
Мен достыққа деген үлкен сенімімді жоғалттым.

Тарих

Өкінішті.
Бірақ мұны арын қалай құптайды,
Онда сенен ешқашан да үлкен ақын шықпайды.

Ақын

Өмір қатал. Көңіліңе қарай ма?
Өзімнің де көзім жетті сол ойға.

Енді мені жетекке алды басқа мұң.
Әкім болам.
Ақындықты тастадым.
Кеше мені жомарт пейіл, ақылды
Бір ағатай шақырды.
Жігітсін деп дөні бар,
Қарауында жеті-сегіз жаны бар
Кішкене бір мекемеге
Бастық болып баруымды сұрады.
Жасырмаймын,
Ұсынысы маған қатты ұнады.

Тарих

Жоқ сен әкім бола алмайсың.
Енді сенен үлкен әкім шықпайды!

Ақын

Түсінбедім сөзіңе,
Ең зиялы аламдардың өзі де
Менде жұртты иландыра білетін
Қабілет бар деген сөзді құптайды.

Тарих

Ол қабілет аздық етер...
Сенен әкім шықпайды.

Ақын

Өзімді-өзім шығара алман теріске,
Беріп қойдым келісім,
Әрі өте қолайлы бұл мен үшін.

Тарих

Мұның тіпті маскара ғой!

Ақын

Жетер, бәлкім, осынша жерлегенін.
Әкімдікке дәмелі жүргендерден
Ақыл-ойым, өнерім кем бе менің?!

Тарих

Ізгілікке жасалған

Алуан-алуан қаламдар бар.
Өзін-өзі ақтауға
Бейім жүрген адамдардан
Қағас, қашық тұрсадағы данққа,
Өз қылығын соттай алар адамдар
Пайдалырақ халыққа.

Ақын

Маған тағар басты кінәң не сонда?

Тарих

Ер атанып, басқа бөрік қисең де,
Осыншама жасқа келіп
Мойындайтын азаматтық күшінді,
Тым құрыса, бір адам таба алмапсың.
Ең дурысы тәрбиелей алмапсың.
Сөйтіп жүріп қанша адамға, масқара-ай,
Ертең өкім болмақсың,
Бұл кінә емей немене?
Міне, осыдан арзандайды нәркын да.
Жұрттын көбі қалайысын күміске,
Жылтыраған алтынға
Бағалаудан ақсаған.
Сен де, ақыным, содан қорық,
Одан асқан қауіпті жау жоқ саған.
Достыққа осал болған адам не тындырмақ ақын боп?
Дүниеге ақын көзбен қарамай,
Өкім болуға да хақын жоқ!
Ақыным-ау!
Бірімізсіз біріміздің
Алыс кетпес үніміз.
Бірімізсіз біріміздің
Не болады күніміз?
Өттең, өзің жанбай жатып,
Жақын тұрсың сөнуге.
Пенделікті шалғайға атып,
Тағдырыңмен бел ұстасып көруге
Жетер ме екен батылың?
Сені терең ойға тартар бір әңгіме шертейін,
Тыңда, кәне, ақыным!..

Сонау сақтар заманында,
Бір азулы хан болған-ды Ақжайықтың алабында.
Ханды бір күн қарттық жеңді.
Кім баскармақ елді мынау?
Бөйбішеден қалған ұл бар, өттең, ол да делкұлылау.
Елге нұрын шашып туған, асып туған қатарынан.
Және жалғыз қызы бар-тын он үшінші токалынан.
Ызалы хан көп толғанды, ұлдан тірек таба алмады,
Таппаған соң тек қызының тағдырына алаңдалды.
Тек қызы үшін алаңдалы,
Алаңдауы айып па екен?
Бір күн халқын жинады да, сөз тастады байыппенен...

Кім байлығын өз жанына медеу тұта алады?

Дауыстар

- От-анамыз, жарылқа!
- Ханға қайсар гүмыр бер!

Хан

Ей, халайық, мен қартайдым...
Өмір заңы... өкінгенмен нетемін.
Ел тізгінін кімге ұстатып кетемін,
Мына тақты кімге сеніп тастаймын?
Осы боп тұр бас қайғым.
Білесіндер өздерің,
Қарашығындай көзімнің,
Жарасымындай жарқын, жалын кезімнің,
Қажығанда болған қайрат, дәрменім,
Сүйенішім — жалғыз қызым бар менің.
Осы өлкеде ең бай адам қайсын бар,
Көне, қайсын жұрттан асқан байсындар?
Кім байлығын өз жанына медеу тұта алапы,
Нақ сол адам күйеу балам болады,
Әрі мына тағыма да мұрагер боп қалады!

Көңбай

(Алға шығып таңдана)

Тақсырым-ау, бұл өлкеде менен асқан бай бар ма?!
Шүкір, қазір Көңбай атым айналды зор айбарға.

Бұл өлкеде менен асқан бай бар десе бір кісі,
Оған тіпті, ха-ха-ха, келер жұрттың күлкісі,
Менің малым анау, өне,
Құмырсқадай құжынаған қалың жылқы белесте,
Керек десең, есебінен жаңылыстым емес пе?
Әгерәкім нысананыз байлық болса таңдаған,
Құлдығым бар, ұлы ханым,
Күйеу балаң мен болам!
(Басын иіп тағзым етеді)

Хан

Тағы кім бар?

Үезір

Тағы кім бар?

— ?

Дауыс

Ұлы әміршім, босқа уақыт жіберме,
Көңекеннен асқан бай жоқ бұл елде!

Хан

(Ызаланып)

Тағы кім бар?

— ?

Жайық

(Алағ шығып)

Мына мен бар!

Дауыс

Бұл баланың ауысқан-ау есі мүлде,
Жарғақ құлақ ешкісі де жоқ еді ғой есігінде!

Көңбай

(Әжуалап)

Уа, қараңдар!
Бұралқы иттей өрең жүрген көшедегі,
Өз жылқышым өзімменен болып шықты бәсекелі.
Байқауымша, бұл қу кедей ұлы ханды мазақтап тұр,
Сөйтіп өзі жаһаннамға аттануға аз-ақ қап тұр!

Жайық

(Ханға иіліп)

Иә, өміршім, болғанмен қиялым көп,
Рас, менің тігерге тұяғым жоқ,
Жігерімді шырдалым төзімге орап,
Арманыма жол бермедім ағындаған.
Рас, бәрі, —
Ес білген кезімнен-ақ
Мына сараң Көңбайдың малын бағам.
Сол болып па мойынға тағар айып?
Жә, жә, мейлі, жан емен егескұмар,
Еңбегімді сатқаным, о, халайық,
Намысымды сатқаным емес шығар.
Мен байлықты баскаша түсінемін:
Қиын шақта, бақ ауғанда басымнан,
Табан бұрмай табылатын қасымнан,
Биік тұрған жердегі бар асылдан,
Жаны мөлдір, діні мықты,
Ардақ тұтқан ұлылықты,
Менің іңкәр, жан аяспас досым бар!
Қой, бекерге жанықпа деп,
Достық байлық болып па деп,
Қазір маған күлерсіндер табалап?
Өттең, мұны үкпауларың обал-ақ.
Күйік қосып күйіктіге,
Туыс түгіл сүйіктіңе
Сену қиын мына тайғақ заманда.
Жаны гүлзар дос тапқаным,
Достық атты асқақ дарын
Мерейімді шарықтатты шығанға.
Қадірменді хан ием!
Өңгімені өзіңізден басталық,
Қаншама жыл момын елді басқарып,
Күндіз күлкі, түнде ұйқыдан қалдыңыз.
Кейде жөн боп көрінгенмен алдыңыз,
Дүлей мұхит ортасында оқшауланған аралдай,
Бір адамнан бекем достық таба алмай,
Жеген тамақ бойыңызға таралмай,
Суда қалған сабандай,
Бықсып өмір сүрудесіз, жана алмай.
Біреу қақпан кұрып қойған жоқ па деп,

Итергелі жүрген жоқ па отқа деп,
Күдікпен таң атырып,
Күдікпен күн батырып,
Тайпаң шақта тағыңыздың қамы үшін,
Өртке байлап бағлан ердің намысын,
Тіршілікте бір адамға сене алмай,
Мәңгі бұлай арзандауға көне алмай,
Қой қамаған қасқырдай
Кеудеңізді ой қамап,
Қартайғанда қор болдыңыз өде алмай!

Үөзір

Астапыралла!

Дауыстар

— Догар сөзді!
— Бұл не деген жөнсіздік!

Көңбай

Ұлы ханды жәбірлеуге соншама,
Кім берді оған билікті?
Кеткен екен тігті көзі қарайып.

Қарашал

Бас кеспек бар болса да,
Тіл кеспек жоқ, халайық!

Хан

(Тістеніп)

Айтсын ойын,
Айтсын, тыңдап бағайық!

Жайық

Аңғартқанмен жүзін ізгі,
Тақсыр, сіздің қызыңызды
Алу басты мақсат емес мен үшін.
Ал достыққа мерей сыйлау — ең аса си жеңісім.

Төтті үмітке берер тізгін,
Нысананыз егер сіздің

Медеру тұтар байлық болса таңдаған,
Бұл маңдағы ең бай адам мен болам!

Дауыстар

— Күйеу бала оңай жерден табылды.
Ұлы ханның бағына.
— Атасының бетін жыртып,
Қызын алмақ тағы да.

Көңбай

Егер достық байлық болса,
Тағы менің асқаным.
Тағы жарқын маңдайым.
Қай ауылға бармайын,
Қойын сойып, қол қусырып достарым
Қарсы алады өрдайым.
Жүрген жерім — дүрмек той.

Қарашал

Ол байсеке, өзіңе емес, малыңа
Көрсетілген құрмет қой.

Үезір

Көңбай, сенде неше әйел бар?

Көңбай

(Азырқанған кейіппен)

Жетеу ғана...

Қарашал

Ар алдында илікпеуші ең,
Тым болмаса, хан алдында шыныңды айт,
Өтірігің шығып қалды.

Дауыс

Үш әйелін бүгіп қалды, ха-ха-ха...

Көңбай

Ол үшеуі тексіз жердің қыздары,
Ала сап ем жарасқан соң тұз-дәмі...

Үөзір

Тексіз жердің қызы дедің.
Кім олар?

Қарашал

Ә, Көңеке, келді кезің сыналар.

Көңбай

(Күмілжіп)

Малсақ қызы Дариға,
Шомбал қызы Талиға,
Марас қызы...

Шомбал

(Жұлқына алға шығып)

Не дейсің-ей, көң сасыған Көңбайым?

Сенен тексіз болсам егер, оңбайын.

Қара мұны, мен бе екенмін ермегің,

Құдай куә, сендей сараң көрмедім.

Ай мен күндей қызымды алып,

Тым болмаса қотыр тай да бермедің.

*(Ызаланып Көңбайға қарай ұмтылады,
көпшілік араша түсіп жібермейді.)*

Енді бүгін тексіз деп

Жұрт алдында жерледің.

Маған оңай жаба алмайсың жаланы.

(Ақырып)

Бөртпе батыр шөбересі қалай тексіз болады?

Малсақ

(Басы қалтаңдай, кимелеп)

Тексіз деді-ау мені де,

Бұл қакбасың жүрмей ме екен жөніне?

(Таяғын көтеріп, кіжінеді.)

Күйеу болмай, күйе боп

Жабысты-ау бұл біздің гүлзөр тұқымға.

Байлығыңды қайтейін,

Тіпті бүгін шалбарың жоқ бұтыңда.

Көңбай

Итбалықша туладыңдар.
Түтіп жердей шуладыңдар, немене?

(Ханға бұрылып, тізелен.)

Ұлы өміршім, қызыңызды мен алсам,
Күн еркесі гүлге балап,
Үлде менен бұлдеге орап,
Көтерер ем төбеме.

Дауыстар

- Ой-дөйт, деген-ай!
- Қайтсін енді, одан артық не десін!
- Паһ, шіркіннің дәмесін!

Уәзір

Бар ма тағы талапкер?

— ?

*(Хан уәзірдің құлағына ұзақ сыбырлайды.
Уәзір мақұлдаған кейіппен басын изейді.)*

Уәзір

Ал, туғандар,
Енді үкім тыңдандар!
Ақ сақалымен өтірік айтып,
Ұлы ханды басынғаны үшін,
Үш әйелін жасырғаны үшін,
Көңбайдың басы иығынан ажыратылсын.

Көңбай

(Үрейленіп)

Ажыратылсын дегені қалай?

Малсақ

(Қолымен көрсетеді)

Былай.
Алынсын дегені ғой.
Пейішке ерте барсын деп,
Хан иемнің саған жасаған көмегі ғой.

Көңбай

(Дегбірі ұшып, жыламсырап)

Ау, хан ием, бұл қалай?
(Әркімге бір жалынып)
Ау, халайық, десеңдерші бірдеңе,
Кеткенім бе босқа өліп?

Қарашал

Шараң қанша, құмға сіңген жылғадай,
Көңбай атың өшкелі тұр, бейбағым.
Мандайыңа сор боп тиді-ау бөспелік!

Көңбай

(Қарашалдың жағасына жормасып)

Әй, сен қакбас, әзілінді қоймадың?
*(Екі нөкер Көңбайды қарсыласқанына қарамай
сүйрей жөнеледі. Көңбай топ ішінен Кенесалды
танып, кемсеңдеп)*

Ей, Кенесал!

Былтыр менен қарыз алған тоқтыны
Жалғыз ұлым Торбайжанға бере сал!

Пай, пай, пай, пай,
Қаншама жыл тірнектеп
Жиган малым қала ма?

Шомбал

Қапаланба, тастамаспыз далаға!

(Көңбайды алып кетеді.)

Үәзір

Мүшкіл халін мына аусар жігіттің
Мен айтпай-ақ ұғарсыңдар,
Ұлы ханға тіл тигізгені,
Өз басына бұлт үйгізгені екенін
Сезіп тұрған шығарсыңдар?

Қарашал
(Мысқылмен)

Сезіп келе жатқан күқай ежелден,
Шөл даладай баса алмаған аптабын,
Ел қанына еріндерің кезерген...

Нөкер

Келсе өгөрки, сақалыңды сақтағың,
Жөн болады аузыңды баққаның!

Қарашал

Мен өлімнен қорықпаймын,
Асарымды асадым,
Жасарымды жасадым.
Тек мына бір жайсаң бұла боздақтың,
Боз тағдыры жүрегімді қозғап тұр.

Үәзір

Жетер! Босқа лақпандар!
Ту көтеріп жаңсақ ойын,
Сонымен бұл талша мойын,
(Жайықты нұсқап)
Өзі ізденіп келген жоқ па қылышқа?!
Әкетіндер жүрт көзінен тасаға.
Жендет қайда?
Кірісіндер жұмысқа!

*(Қарашалдың және үш-төрт адамның ара
түсуіне қарамай бір топ нөкер Жайықты алып кетеді.)*

Үәзір

Ау, жарандар,
Осыменен жиын жабық, тараңдар!
(Жұрт аң-таң болған күйде тарай бастайды.)

Күзетші

Адияр хан!

Асығындай еліктің,
Шемен жігіт келіп тұр.
Аты-жөнін айтпайды.

Хан

Ешкіммен де әңгімеге зауқым жоқ.

Күзетші

Қырсық екен, айтқанынан қайтпайды.
Кірем дейді қалайда.
(Хан ойланып)
Кірсе, кірсін.
Қаруы боп жүрмесін,
Қойны-қонышын тексеріндер алайда.

(Күзетші шығып кетеді де, сәлден соң
қайта кіреді.)

Күзетші

Қалтасынан қанжар шықты, хан ием.

Хан

(Естімегендей)

Кірсін де!

Мерей

(Иліп сәлем бере, мысқылмен)

Қанша жұртты қасіреттің күзарына күлатқан,
Аманбысыз, тақсырым?
Сізбен менің әңгімем бас құрамақ сұрақтан.
Кешіріңіз, бұл сұрағым тисе өгерки қолайсыз.
Қанаттыда қай құсты киелі деп санайсыз?

Хан

Ақкуды.

Мерей

Кім, сіздіңше, аққуды атқан адамдар?

Хан

Безбүйректер, мейірімсіздер, наландар.

Мерей

Киеліні табанына тастаған,
Ізеттісін тасқа ұрған,
Онда нағыз безбүйрек,
Онда нағыз хас надан,
Сіз болдыңыз, тақсыр хан!

Хан

(Ақырып)

Токтат! Не деп көкіп тұрсың сен,
Мені мұнша басынатын кімсің сен?

Мерей

Шаптықпаңыз!
Міне, осы бір сауалдан
Басталады бізге қажет әңгіменің сүйегі.
Адамзатта достық сезім аққу-сынды киелі.
Тіршілікте әсемдікті іздеуден бір танбаған,
Аққудың қос қанатындай самғаған,
Біз Жайықпен екеуміз
Иыктасқан, тұтасқан бір дене едік.
Пенделікті тас қаңтарып, шегеріп,
Біріміздің қамымызды екіншіміз жеп едік.
Шаттығымның тостағаны енді мәңгі кертілді,
Қалай көрем өз мінімді,
Қалай көрем бетімді?
Доссыз адам айнасыз қыз секілді.
Менің тұлпар арманымды айбынды,
Қасіретім мен қайғымды,
Және осал жақтарымды,
Кейде кикар ісімді
Және қайсар мінезімді, күшімді
Жайықтай кім бағалалы,
Жайықтай кім түсінді?!

Біз өмірден іздемедік онай бак,
Кеудемізден достық нұры атқан сайын арайлап
Туысқандар қызғанысып,
Таңданыса көз тігетін бар аймақ,

(Ханға жақындап)

Біз әрқашан жан байлығын адамның,
Болашағы деп каралық ғаламның.
Кәне, ақыл-таразыға төрелік
Берелік те, сіз басқарған хандықты
Мысалға алып көрелік.
Сіз бірінші орынға
Адамзаттың қара күшін қойдыңыз,
Сөйтіп, елдің игі істерге күштарлығын жойдыңыз,
Қара күшпен қызықтырған дүрмекті
Қайдағы бір ойсыз, есер палуандар
Ақындардан әлдеқайда құрметті.
Басқа есікке жасадыңыз ілтекті.
Жұрт ішінен достыққа інкәр, парықты
Біреу туса күндей жарқын санасы,
Бүкіл халық даңқты...
Өткен жылы біздің елдің баласы
Жау қолында, сонау көрші хандықта
Қалып қойған досын іздеп барыпты.
Тек ізгі ойдан алар болсын ән басын,
Самғаса тек сенім жыры самғасын.
Іздеп барса...
Бүкіл хандық жиылып
Дарға асқалы жатыр екен жан досын.

Қайсар жігіт амалсыздан сол елдің
Сіз секілді ханының аяғына құлапты.
«Досым еді тұрақты,
Қиын шақта табысып,
Бірге іздескен мұратты», —
Деп тұтқынның өміріне сауға сұрап жылапты.
«Күнәсі ауыр», — деп шайқапты хан басын.
Сәл ойланып: «Иә, ауырлық нарға сын.
Көкірегіңде жалындаса нар сенім,
Ұлан болсаң сол сенімге шөлдеген,
Бұл жігітті тек бір ғана жолменен

Құтқаруға мүмкіндігін бар сенің,
Көзінді бер құрбандыққа,
Оған бола бәсеңсімес алаулы ой.
Достық деген бір бағытқа
Бір көзбенен карау ғой.
Онда бір көз екеуіңе жетпей ме?
Досың бар ғой жетелер.
Бұл талапқа көнер болсаң, карағым,
Шартым осы,
Көзінді ойып аламын.
Сонан кейін досыңды ерт те, кете бер?!»
«Құлдық, тақсыр, — депті жігіт шаттанып,
Қайсарлықтан жанарында от жанып, —
Дос тілектің садағасы жанымыз,
Міне көзім, алыңыз!»
Кіреуке сап думанды елге,
Хан үкімі орындалды, не керек,
Тұтқын жігіт туған жерге
Көзсіз досын ертіп келді жетелеп.
Ерлік хабар жылдам екен желден де,
Ерлік хабар дүр сілкінтіп даланы,
Бүкіл ауыл жолға шығып карады.
Сол көрініс калып қойды кеудемде.
Ете алмады ел көз жасына иелік,
Бірін-бірі аялап, бір-біріне сүйеніп,
Келе жатқан екі досты көргенде.
Заман қанша салғанымен бұғалық,
Біздің марғау, соры қалың елден де,
Батыр перзент туылды-ау деп жылады.
Ең өрісі қикар атай Ерден де,
Қайта-қайта жас үйіріп көзіне,
Бұл ерлікке өзін мәңгі борыштыдай сезіне,
Той жасады жұртты жиып кешкісін,
Жалғыз ұлға сауын етіп отырған
Атып ұрып жалғыз шұнақ ешкісін.
Ел осылай ер ұланын елеусіз
Қалдырған жоқ, қошеметсіз, демеусіз.
Ал мына сіз сол адамның есімін де білмейсіз,
Сөйте тұра қалың жұртты адалдыққа үндейсіз,
Нағыз ерлік көзіңізге көрінбей,
Құзға біткен өрімдей,

Назардан тыс қалып қойды бағасыз.
Сіз өзіңіз айдар таққан ер жігіт деп киелі
Шомақ палуан,
Дара біткен сүйегі,
Арқаға сап көтерсе атан түйені,
Марапаттап қуана қол соғасыз,
Иығына алтын шапан жабасыз.
Босқа және
Басқа жаққа лағасыз!
Ер қадірін назардан тасалаудан,
Қай ел опа тауыпты?
Иә, ерлікті жасамаудан
Бағаламау әлдеқайда қауіпті.
Танытатын азаматты, арлыны,
Бай етегін жарлыны
Достық сезім — мәңгі жасыл желегі,
Тек тұрақты қасиеттер елегі
Достыққа осал болғандардың барлығы
Ел тағдырын ойлауға
Қабілетсіз келеді.

Хан

(Ойланyp)

Иә, сен мұнда жан досыңның сүйегіне келмеп пе ең?

Мерей

Дәл таптыңыз, тақсыр хан!
Айырдыңыз мені жалғыз жақсымнан,
Бұғау тастап, күн бермей.
Мендегі ұлы мүмкіндікті жойдыңыз.
Ботақанын тартып алған інгендей,
Ордаңызға жаутаңдатып қойдыңыз.
Көктем өтпей жетіп қапты күзім де,
Өтсең, мына сұм тағдырдың қорлауы-ай!
Тым болмаса, сізбен қанжар жүзінде
Сөйлесетін мүмкіндіктің болмауы-ай!
Ордаңызды, дауыл бұзған ұясындай қарғанын
Талқандар ем, қол астымда әскер жоқ.
Жоқ және де қорғаным.
Сондықтан да секілді бұл орындалмас арманым.
Пешенеден көрерсіз де,

Бұдан былай егер сізге
Жер бетінде біреу болса діні қас,
Ол — мен болам.
Ал кессеңіз, міне бас!
(Ханға мойнын тосады.)
Жайығымнан шыбын жаным артық па?
Әгәрәкім кеспесеңіз,
Өле-өлгенше өштесеміз.
Өле-өлгенше ізіңізден калмаймын.
Түлкі болып сіңсеңіз де тау-тасқа,
Қыран болып төбеңізден самғаймын.
Осыменен әңгімемді бітірем.
Тек бітірер алдында,
Қансыз әрі миятсыз,
Шым етпейтін ұятсыз,
Мына кара бетіңізге түкірем!
Тфу!
(Ханның бетіне түкіреді.)

Хан

(Шошына бетін бүркеп, кіжініп)

Сүйегімнен өтіп кетті-ау қорлығың,
Хан басымды тәлкек еткен зорлығың!
(Жендет бастығын шақырып)
Жас «мейманды» тас қораға жабыңдар!
Ұмыттардай болсын тіпті есімін.
Арқасына алпыс дүре,
Қарынына қырық дүре соғыңдар,
Бас бармағын шабыңдар,
Жәбірлендер,
Әбден қорлап бағыңдар.
Ал көнбесе, амал не,
Қайсар басын қағыңдар!

Жендет бастығы

(Маңғазданып)

Тақсыр, маған нақ осындай,
Аттың болат тағасындай
Қайсар бастар ұнайды.
Бірақ мені білесіз ғой...

Алдыңызға кешірімді бұл өлі
Еңбектеп кеп сұрайды.

Мерей

Ал сұрата алмасаң?

Хан

Иә, сұрата алмасаң ше?

Жендет бастығы

Онда таксыр, мен болайын күнөлі,
Басу маған түк емес,
Пәлігін бұл мырзаның.

(Қызынып)

Лебізімде тұрмасам,
Қызметтен қусаңыз да ырзамын!

Мерей

(Мысқымен)

Уәдеңізді қайта алыңыз,
Қызметтен босқа ажырап қаларсыз.

Жендет бастығы

Рақмет!
Қайғырмаңыз оған сіз.

(Жендет бастығы Мерейді алып кетеді.)

Жоқтау

*Көңбайдың отау үйі. Төрде ересек, делқұлы баласы Тор-
байды қасына алып бәйбіше, одан төменірек қара жамылған
тоқалдар отыр.*

Бәйбіше

(Жағасын ұстап)

Тоба, тоба!
Ұрттарыңа күм кұйылған сияқты.
Көне, жоқтау айтындар,
Келген жұрттан ұят-ты.

Бірінші тоқал

(Мұңлы мақамға сап)

Сөнді жарық айымыз,
Жер жастанды байымыз.
Енді біздің, құдай-ау,
Не болмақшы жайымыз?

Екінші тоқал

Қайран байлық қор болған,
Маңдайыңа сор болған.
Бүтін шалбар кимей-ақ,
Өтіп кеттің жалғаннан.

Үшінші тоқал

Мал ғана боп білгенің,
Қуанбадың, күлмедің.
Қанша сараң десе де,
Жақсы еді аман жүргенің.

Торбай

(Бәйбішеге еркелеп)

Апа, мен де өкемдей,
Аламын ба көп әйел.

Бәйбіше

(Жақтырмай)

Тыныш отыр. Аласың!

Торбай

Қалыңдыққа қашан ертіп барасың?

Бәйбіше

(Ызаланып)

О, жын қаққан. Әйел жеңген санасын,
Әкең өліп жатыр ғой!
Кейін...
Кейін барасың.

Төртінші тоқал

Құлағандай аспаным,
Кім ойламас бас камын.
Жиырма екімде жесір ғып,
Мені кімге тастадың?

Бәйбіше

(Ақырып)

Жә, жә, байсыз қалмассың,
Бөртпе лақтай шошандаған албастым.

(Қулағып)

Былтыр жазда, нар жайлауда, дөңесте
Ымырт түсе жолығатын өзіңе
Жылқышың бар емес пе?

Кім еді әлгі...

Аузы-мұрны добалдай,

Ырс-ырс еткен сабан тыққан канардай.

Енді сені мен алады дейсің бе,

Сол алмай?!

Сәл сабыр ет, кетерсің,

Арманыңа жетерсің...

Төртінші тоқал

Кетсем, кетем.

Қандай опа тауыпшын мен Көңбайдан?

Тек бай деген аты ғана қомпайған.

Қартайғанда белге түйді-ау ұятты,

Шүйгін шөпті, жайлау, көлді жерсінбей

Қашып шыққан ессіз бұқа сияқты.

Осы отырған бәрімізді менсінбей,

Ханның қызын баспақшы еді төсіне.

Сауап болды.

(Тоқалдарға бұрылып)

Ау, біз сонша қайғырамыз несіне?

Үшінші тоқал

Дұрыс айттың, Талиға!

Екінші тоқал

Талиға жөн айтады!
Көрі қақпас қайта қозып сайтаны,
Құрсауына өзі ілінді тұзақтың.

Бірінші тоқал

Хан қызына көз салғанын қайтерсің,
Осындағы он әйелін жарытпай.

Үшінші тоқал

Ал біз сорлы дөңбекшіміз ұзақ түн,
Санымызды жарқыратып балықтай.

Жылқышы

(Ентіге кіріп, жүгенін ұрады)

Ойбай, ойбай, бәйбіше!
(Ентігін баса алмай)
Ойбай, ойбай, бәйбіше!

Бәйбіше

Есінді жи, не болды?
Неге сонша зарладың?

Жылқышы

Алып кетті Көнекеңнің бар малын...

Бәйбіше

Кім өкетті? Айтсаңшы!

Жылқышы

Малсақ айдап өкетті жүз жылқыны,
Қарсақ айдап өкетті жүз жылқыны,
Танаш айдап өкетті жүз жылқыны,
Қалаш айдап өкетті жүз жылқыны,
Рысбек те, Қамысбек те, Қамбар да,
Бөрі, бөрі... Өңешбай да, Талғар да,
Және мынау жас тоқалдың өкесі...
(Төртінші тоқалды нұсқайды)

Бәйбіше

Шомбал ма?

Жылқышы

Иә, иә, Шомбал да.
Көп жылқыны камай қуып әкетті
Түстіктегі аңғарға.

Бәйбіше

А, ку құдай. Болысатын жан бар ма?
(Тұтығып)
Қ...қайда, қайда қалғаны?

Жылқышы

Қалың малдан босатты жұрт өрісті.
Ал қалғанын...
жылқышылар бөлісті.
Аз емес-ті еңбегім...
(Жыламсырап)
Маған түк те тимеді.

Бәйбіше

(Басын соққылап)

Ойбай-бай-бай, бар арманым күйреді.
Ойбай-бай-бай, бар арманым күйреді.
(Торбайды құшақтап)
Зор қайғыға душар болдык арылмас,
Енді Көңбай сорлынын
Сүйегін де әкелер жан табылмас.

Торбай

(Жыламсырап)

Қолымызда мал қалмаса,
Маған қалай әпересің қатынды?

Бәйбіше

(Торбайды итеріп жібереді)

О, жарым ес, данғаза,
Қатын жұтқыр атыңды.

Үшінші тоқал

Бүйте берсе, түк қалдырмас бұл халық,
Онала ма бір түскен соң іріткі.

Иә, тоқалдар, босқа қарап тұрмалық.
Біз де, ендеше, бөліселік мүлікті.

(*Бәрі таласа- тармаса төрдегі кебежеге,
жиылы тұрған жүктерге ұмтылады.*)

Қайсарлық

Хан ой үстінде. Жендет бастығы кіреді.

Жендет бастығы

(*Илан*)

Аманбысың, Алдияр!

Хан

Ә, келдің бе, хас батырым, жан қияр,
Кетіп едің үш күн бойы хабарсыз?

Жендет бастығы

Алдияр хан!
Күйге түстім ажарсыз,
Амал нешік. Екі сөйлеу ер адамның өлгені...
Жас жігітті сізге әкеліп сұратуға кешірім
Иланыңыз, менің шамам келмеді.
Сабақ алдым естен мәңгі шықпастай,
Мен аламды жазалаудың
Жүз елуден асқан түрін білемін.
Соның бәрі қалғаннан соң түкке аспай,
Өмірімде бірінші рет қан жылады жүрегім.
Діні қатты екен тіпті,
Біз басқаша,
Ол айтады басқаша ән.
Мұндай қайсар мекемлікті
Естіген де, көрген де емес ешқашан!
Қаншама рет үсті-басын қан қылдық,
Қаншама естен тандырдық,
Башайларын қырықтық,
Сосын тұзға малдырдық.

Бірақ иттің баласы,
Міз бақпады-ау!
Қандай өжет етіп туған анасы.
Жо-жо-жо-жоқ! Ол ит емес, өзім ит
Болып шықтым, шамасы.
Тең емесін тұңғыш сездім күшімнің.
Ұрып, соғып, қорлап және азаптап,
Оны жену мүмкін емес екендігін түсіндім.
Кейде жаны бұл фәнимен қоштасуға аз-ақ қап,
Тұрсадағы.

Ойға тұнған жанары
Маған карап күліп жатты мазақтап.
Жындануға сәл-ақ қалдым мен байғұс,
Ерік қолда, қылыш қолда десе де.
Оны мұнша батыл еткен қандай күш?
Міне, міне, міне, міне, мәселе!
Нәлет айтып, кектенудің орнына,
Мені шексіз жек көрудің орнына
Аянышпен, мүсіркеумен қараған,
Мені бақсыз, сор маңдай жан санаған,
Ес жия алмай жатса да ауыр жарадан,
Өзін мәңгі бақыттыға балаған,
Бұл не деген өр адам?
Намыстандым, қорландым мен, тап шыным,
Бейнесі әлі жанарымда тұр күліп.
Көкірегімде бірінші рет, тақсырым,
Бас көтерді сізге деген бір күдік.
Бұдан отыз жыл бұрын
Алдияр хан, маған сеніп бердіңіз
Осы қатал қызметтің шылбырын.
Отыз жылдай бастың емес, дененің
Қызметін ғана атқарып келемін.
Пәленшені мұнда келтір дедіңіз,
Сол сәтінде келтірдім.
Түгеншені жылдам өлтір дедіңіз,
Сол сәтінде көзін жойдым, өлтірдім.
Білуге де тырыскам жоқ себебін,
Өйткені мен бас емеспін, денемін,
Бұйырдыңыз — орындалым,
Тас жұмдым да көзімді.
Әділеттің жолындамын

Деп санадым өзімді.
Сөнген арман, өшкен көңіл
Тағдырындай өсер етпей көбіктің.
Жұрттың менен сескенгені деп ұқтым.
Ханға сену секілденіп төл ісім,
Ештеңені ойлағам жоқ өмірде.
Мен үшін де,
Және қалың ел үшін
Хан ойлап жүр дедім де.
Алдиярым, мінезіме таң қалма.
Мына жігіт кеудемдегі бар сенімді талқандап,
Күдік атты қорқынышты аңғарға
Кеткендей ме мені жалғыз арқандап?

Хан

(Күрсініп)

Ой жіберсен парықпен,
Бір ұшында мен де бармын сол жіптің.
(Бұйыра)
Жә, жігітті алып кел!

(Жендет бастығы шығып кетеді де, екі нөкердің сүйеуімен үсті-басын қан жуған Мерейді алып келеді. Олардың соңын ала бере уәзір кіреді.)

Көзім жетті.
Ерітердей тас жүректі мұз қатқан,
Отты, қайсар, катал жігіт екенсің.
Зор әбестік болды, әрине, біз жақтан
Сорлы досың өліп кетті, не етерсің?

Мерей

(Ханға ұмтылып)

Сорлы деген сөзіңізді
Қазір қайтып алыңыз!

Хан

Иә, қайтып алмасқа да шамам жоқ.
Оның қанын менің мына кәрі мойным көтерсін.
(Мерейге жақындап)
Талап айтсам, қалай қарар екенсің?

Және тілек демеске де шарам жоқ.
Маған қарсы жинақталған бар өкпең
Сол тілекпен өтелсін!

Мерей

Айтыңыз!

Хан

Айтсам, алда үлкен думан-тойым бар,
Ай мен күндей ардақ тұтқан қызымды
Саған бермек ойым бар.

Мерей

(Басын шайқап)

Болмайды!
Менің досым ердің ері еді ғой,
Адамдықтың түпсіз кені еді ғой.
Ал мен оның ширегіне тұрмаймын.
Тек досыма тиесілі бақытты,
Атаманыз, не бетіммен ұрлаймын!?
Олай ету шығар еді сатқындық боп санасыз!

Хан

Ойлан, ойлан!..

Мерей

Ойланатын түгі жоқ!

Жендет бастығы

Алшияр хан, екі айтпайды бұл жігіт,
Мен білем ғой, бекер әуре боласыз!

Хан

Таяқтың да екі ұшы бар емес пе?
Айтқанымға көнесің,
Ал көнбесең, өлесің!

Мерей

(Қасарып)

Мен өлімді таңдадым.

Жендет бастығы

(Мерейдің алдына келіп тізерлен)

Айналайын!

Гүлзәр достық аспанының кеңдігін

Оның ұлы-парасатын, ерлігін,

Өлімге де мойынсұнбас өрлігін

Қайсарлықпен дәлелдедің.

Сені көріп қайта тудым мен бүгін.

Аяу білмес мынау жендет жүрегімді мұз қатқан

Ойран-асыр дөңбекшіткен, сыздатқан,

Дімкас соқыр сенімімді күл-талқан ғып құзға атқан,

Пенделікке ұстатпаған сауырын

Сенің даңқың артсын мәңгі!

Енді асқақ өнім сенсің,

Арай шашар таңым сенсің,

Менің ұлы ханым сенсің, бауырым!

Әзер тұрған өзі қазған апанына құлауға

(Ханды нұсқап)

Отыз жылдай сенген ханым мынау ма?

Отыз жылдай құлдық ұрған бас тұлға

Бүгін маған жиіркенішті көрінді.

Ызалы ойым айналды сел-тасқынға,

Бұйыр, көне!

Ханның басы әп-сәтте-ақ

Домалайды аяғыңның астында.

(Жалынып)

Бұйыра гор, жарқыным!

Мерей

Бұйрықпен бір сыйыспайды дос көңіл.

Және қылыш жүрген жерде зорлық бар,

Іздеген жөн басқа емін.

Жендет бастығы

Ақ тілегің алдында

болсын, жаным, бас құрбан.

(Қылышын суырып алып ханның алдына тастайды.)

Қылышыңыз өзіңізге, тақсыр хан!

Өз кінәнді өзің сезбей,

Талайлардың жолын бүркеп торлаумен
Айналысқан өкінішті мол дәурен,
Нәдет саған!

(Мерейге бұрылып)

Енді қалған өмірім
Өтсін сенің шаттығыңды қорғаумен.

Хан

Арлы беттей қызарып, нарттай жанған,
Әзіл соңы алапат өртке айналған
Жөн-нұсқасын өзім пішкен мына мұңды оқиға
Кетті менің келте ойымды күйретіп,
Қалай гүмыр сүрмеу керек екендігін үйретіп,
Кімге күлу,
Кімге күлмеу керек екендігін үйретіп.
Қатал болдым, қылышынан қан тамған,
Талай баста менің салған бар таңбам.
Ал қазіргі дарқандығым ол кінәмді жуа алмас,
Және ешкім қаға қоймас арқамнан.
Тарпаң шағын ұмытпайды ел қайда да,
Білем бәрін.
Накұрыс деп ойлама.
Бірақ тым кеш білгендіктен ойынды
Асыра алман пайдаға.
Достық — ұлы мүмкіндігін туады екен адамның,
Болашақта ұстар өні тек сол болғай заманның,
Арзандайды ел адал достық көз жокта.
Досын окқа қиған жанға,
Елін қию сөз боп па?
Біз сол ұлы күдіретті қорлап көзге ілмеппіз.
Мақсат жібін өте келте күрмеппіз.
Бір адамды шексіз сене сүюден
Елге деген ұлы сезім басталарын білмеппіз.
Дауа бар ма бұл күдірет сезімге,
Хан басыммен қол астымда қандай күш
Жатқандығын кезінде
Өттен, өттен... ұғынбашын мен байғұс.
Көне бердім,
Сөне бердім.
Қарттық жеңді. Бір аяғым түр көрде.

Бару қайда немеремнің
Әні естілер күндерге?

Кім өзгертер табиғаттың бұл заңын,
Өлім заңын,
Өмір заңын,
Гүл заңын,
Бүгін, міне, тірліктегі ең негізгі қатемді
Түзетуге мүмкіндіктің туғанына ырзамын.

Бүгін тұңғыш тапқандаймын арманымның қорегін,
Бүгін тұңғыш суарамын мақсатымның терегін.
Сондықтан да ханның төжін киіп тұрып, ең соңғы,
Ең негізгі бұйрығымды беремін!

(Уәзір жаза бастайды)

Тіршілікте бір досы жоқ адамдар,
Тәпті етсе де біліміне, күшіне,
Алынбасын ел басқару ісіне!
Дос тілектен тамыр жайсын армандар,
Бірінші боп достық шықсын төрге де.
Достыққа әлсіз болғандар
Әлсіз екен басқа күрестерде де!

(Уәзірге бұрылып)

Мені енді шетке қақты
Нән толқыны өмір атты ағыстың.

(Мерейді нұсқап)

Сыңарынан көз жазған бұл ақкуды
Жұртты жинап, сыңарына табыстыр...

*(Уәзір шығып Жайық пен Көңбайды ертіп кіреді.
Өз көзіне өзі сенбегендей аң-таң аңырып қалған
Мерей Жайыққа қарай ұмтылады.
Екеуі құшақтаса кетеді.)*

Мерей

(Көңілі босап)

Тірі екенсің ғой.
Тірі екенсің ғой...

Жайық

(Мерейдің үсті-басын көзімен тіңіте қарап ызалана)

Денесінде сау-тамтық жоқ,
Ау, бұл қалай, тақсыр хан,
Айырманыз қалмаған ба қасқырдан?

Үезір

Ашу кейде көзсіз, ойсыз ақ тарлан,
Қазір бәрін түсінесін,
Сөл-пөл сабыр ет, қалқам!

Хан

(Жайық пен Мерейге жақындап)

Мына тақты,
Және заңғар қызметін тақсырдың,
Қарақтарым, ескеуіне тапсырдым.
(Жайықтың иығына қолын салып)
Қарашығы секілденген көзімнің,
Жайық қалқам, қызым қалып барады.
Егер тағдыр қосам десен, өзің біл,
Ал өйтпесе, қарындасың болады.

(Өзіне-өзі)

Ізгілігін зұлымдыққа талатқан,
Аққу күске оқ атқан,
Барлық алтын уақытының жиһазын
Пенделіктің орманында тонатқан,
Көрдей кара тұман жапқан көңілін
Ең сорлы жан мен болайын,
Ең соңғы хан мен болайын, тәңірім?!

(Хан қалтаңдай басып шығып кетеді)

Көңбай

(Жыламсырап)

Ау, халайық, мен қайтем?

Үезір

Көңбай, сенің жолың ашық, бара бер!
Тоқалдарың төркінінде жүр аман,
Бәйбішен де дін аман.

Сен өлді деп жұртқа жайған кезде де
Табылмалы
Сүйегінді әкететін бір адам.
Үш күн өтпей шаңырағың күлады...
Малынды да қалың жұрттан сұрап ал.

*(Көңбай шегіншектеген күйі
сахнадан ғайып болады)*

Жәндет бастығы

(Жайық пен Мерейді құшақтап)

Туған өлке аттарыңды асқарына көтерсін,
Әлемдегі ең бай алам сен екеуің екенсің.
Басқаша екен екеуіңнің арының,
Қылыштан да, Заңнан да,
Патшадан да, Ханнан да
Сендер мықты боп шықтыңдар, жарығым!

Қарашал

Ал, канекей, оятыңдар даланы,
Оятыңдар өзендерді жасаураған жанары.
Оятыңдар көрі шалды,
Бесіктегі баланы.
Оятыңдар мүлгіп жатқан сананы.
Бойын бүгін түзеген бұл патшалық —
Ұлы сенім патшалығы болады!

Екінші бөлім

Ақын, Тарих

Тарих

Ізгіліктің жайлауынан от өрген,
Достық өнін төбесіне көтерген,
Міне, осындай ерлер өткен, ақыным!

Ақын

Дүниеге миығынан паң күле,
Тымық түнді түре келген арайша,
Бұл ғажайып әңгіме
Назардан тыс қалып қойған қалайша?

Тарих

Мен Тарихпын,
Аз көрмедім ғасырлардың тоқпағын.
Бірде ашық, бірде жабық қақпағым.
Мені әр дәуір өз көзімен соттады,
Өз көзімен мақтады,
Өз көзімен ақтады,
Бүгінгінің көбісі —
Кешегі ойлар өрісі,
Кешегінің жалғасы.
Бірақ бүгін игі істердің
Кешегіден кенілі мен арнасы?
Нар тұлғасын ұрпақтарға үлгі етер
Ерлік аз ба жарқыраған жасындай?!

Ақын

Өлімге де мойынұсынар тосылмай
Досың болса, болсын шіркін, осындай!
(Ызаланып)

Көрмедік деп ой тұшынар түгінді.
Жазбайсын деп бүгінді,
Қазір маған кінә тағып жатыр жұрт.
Қайдан жазам?
Ғасырлардың талғамына татырлық,
Айналамнан табылмаса,
Нақ мынадай ұлы достық, батырлық?

Тарих

Аша түссең көзіңді,
Бұл сөзіңе ұялар ең.
Тіпті соқыр санар едің өзіңді.
Әне, содан болашағың көмескі.
Ең берісі, өкенді де зерттеп білген емессің?!

Ақын

Зерттей қояр не бар еді әкемде?
Әлде әкемнің мен үйленіп жатқандағы
тамашамды бұзғанын,
Әлде арақты қалай ішіп қызғанын
Зерттеп, жазып ойға демеу етем бе?

Рас, бұрын момын еді шама-шарқын байқаған,
Кенет Нілдей бұзылды ғой есер дауыл шайқаған.
Бәлкім, дұрыс өлген шығар...
Әйтпесе,
Қайын атам маған қызын бермес еді қайтадан.
Кешпес еді сол жолғы оның қылығын.

**«Жан-жағымнан қаумалайды жалғандық,
Киіміне жасырынып шындықтың»**

*Студенттердің шағын асханасы,
Стол басында үйлену тойына жиналған адамдар*

Тойбасы

(Орнынан тұрып)

Бүгін біздің Маздақ пенен Дария,
Тағдыр қосып, табысып,
Қуанышын етіп отыр бәрімізге жария.
Ал сол үшін, халайық,
Қос ғашыққа деген абзал ниетімізді ұқтырып,
Орнымыздан тік тұрып
Осы тосты көмекейге бір аунатып алайық!

*(Бәрі орындарынан көтеріліп,
бокал соғыстырады)*

Дауыстар

- Бақытты болыңдар!
- Алдарыңнан ай тусын!
- Тек махаббат білтесімен жаныңдар!

Тойбасы

Жомарт ойы қона қалған бойына,
Қауымына сәулесін шашып келген,
Перзентінің тағдыр қосу тойына
Ауруханада жатқан жерінен қашып келген
Медет қартқа берілмек ендігі сөз.

Медет

(Көзіне жас іркіп, кемсеңдеп)

Сенсеңіздер, сөйлер халде емеспін,
Құшағынан босана алмай өткен күнгі елестің.

Қара жердей ішке бүккен асылын
Бір сырым бар еді, достар, жасырын,
Ол сырымды кейін ашам туған жерге барғасын.
Елге апарып өткіземін
Мына тойдың жалғасын.
Бөріңді де шақырамын сол тойға.

Дауыстар

- Жаса, шалым, қартайма!
- Бөрекелді, жан аға!
- Біраз жатып, жүректі емдеп алыңыз,
Игіліктің ерте-кеші бола ма?
- Дәрігерді тыңдасак,
Болар әр кез бас аман!
- Машинадай қайта шыққан жөндеуден,
Бұратыңыз онша-мұнша тетіктерді босаған.
- Ал сол үшін алайық та, халайық!

(Бәрі бокал соғыстырады)

Тойбасы

(Қолын көтеріп)

Жолдастар!
Бүгінгі той, тек үйлену тойы ғана дегенге,
Айтыңдаршы, көнер кім?
Бүгінгі той — ертең толар кемерге
Тойы — балғын өнердің.
Әдеп барда әдемілік тозбаған.
Жайсаң ойлар жетегінде маздаған.
Біздің Маздақ нағыз ақын емес пе,
Жұрт жүрегін қозғаған!
Кәне, мұны дей алады бекер кім?
Мен Маздақты танымайтын кезімде
Жолыққанмын әкемнің
Көзіндегі оған күштар сезімге.
Әкем марқұм Маздақ жырын деректеп
Отыратын зерттеп, жаттап, електеп.
Әрбір ұлттың шегінгенін, өскенін
Ақынына карап білу керек деп,
Байтақ дала ақынымен даңқты,
Алып қана тудырады алытты.

Бәлкім, аяу керек шығар өзінің
Ұлы ақынын туа алмаған халықты.
Бұл той — балғын акын тойы,
Бәріміздің жанымызға жақын той,
Бәрімізді толғандырған мәселе
Осы акынның жырларында жатыр ғой.
Бұрынғы өтіп жатқан басқа тойлардан,
Міне, достар, мына тойдың айырмасы осында.
Кімде биік тілектер бар, жасырынған қайнар бар?
Кімде қандай көкейтесті ойлар бар?
Сол айтылсын дастарқанның басында!

Дауыстар

- Бәрекедді, бұл ерекше той болсын!
- Тойбасымыз қой бастаған серкедей,
Бастады ғой тосынға.
- Дұрыс, осы бағытыңнан тосылма!
- Күр бөстекі тілектерден
Қажыды жұрт, расында!

Орынбасар

(Орнынан тұрып)

Тойбасымыз ауыр міндет жүктеді.
Қою, сірә, оңай соқпас бұл тілекке нүктені.
Дегенмен де көрейін...

Дауыс

Ал көрсең көр, үстем болсын мерейің!

Орынбасар

Өріс ашқан сан кеме, сан қайыққа
Біздің сонау айтолқын Ақжайықта
Кета деген балық бар.
Уылдырық шашар кезде сол балық.
Қос жанары тұмандана толғанып,
Пәленбай күн жол жүріп,
Әбден шаршап болдырып,
Құлшына, жанып іштен,
Жан жүйесін сыздатқан сағынышпен,
Ұрпағына сенімді орын тапқанша,

Ешқайда қайырылмастан,
Бастапқы бағытынан айрылмастан,
Көзінде тек аналық арман ойнап,
Жүзеді екен үмітін алға байлап.
Ол анық сезінеді:
Табиғаттың тамаша кезеңінде
Сонау інкөр Ақжайық өзенінде
Жылдағыдай секіріп ойнамайтынын,
Жем іздеп шарламайтынын,
Жанарында жаз көркі жайнамайтынын,
Тереңге тепсіне бойламайтынын.
Амал қайсы, бәрін де көру керек,
Ұрпағы үшін оған да көну керек,
Кеталардың тағдыры қандай қатал,
Уылдырық шашқан соң өлу керек!
Бұл балық шынында да дара батыр,
Әне, оған жақын тұр заманақыр.
Соның бәрін біледі ол,
Біле тұра,
Уылдырық шашуға бара жатыр.
Қалса бопты ұрпағы жалғасы боп,
Жалғасы боп,
Тірліктің арнасы боп,
Өзі өлген соң денесін шортан жесін,
Мұнда оның инедей шаруасы жоқ...
Әттең, шіркін, мүсінші болсам-ау мен,
Ұзақ түн кірпік ілмей толғатар ем.
Ұрпағы үшін жүрегі жырлап өткен,
Ұрпағы үшін өмірін құрбан еткен
осындай алыптарға
Ғажайып бір ескерткіш орнатар ем.
Өмір мынау, толған дау, толған егес,
Ұрпақ жоқта тарланың тарлан емес,
Арманың арман емес...
Өйткені ұрпақ тағдырынан маңызды
Бізге дейін ештеңе болған емес,
Және бізден кейін де болмақ емес!!!

*(Бәрі қоштап, қол шапалақтайды.
Орынбасар бокалын көтеріп)*

Кешегі ұяң Дария қыз бүгін келін атанды,

Енді адал ана болсын, адал сүйсін Отанды.
Күйеу жігіт он бес ұлға әке болсын сақалды,
Сол ертеңгі ұрпақ үшін көтерейік бокалды!

Дауыстар

- Жарадың!
- Табылған ой!
- Тауып кеттің, қарағым!

(Бәрі орындарынан тұрып бокал соғыстырады)

Тойбасы

(Қабдідәнің қасына келіп)

Тіршілікте ұясын тек шыңға сап,
Шыннан ұшқан хас қыранның бірісіз,
Дарқан қазақ өнерінің гүлісіз.
Ал, Қабеке, енді сізді тыңдасақ!

Қабділдә

(Маздаққа бұрыла)

Көргендер де,
Көрмеген де арманда,
Ертеде бір той бопты, ұлым, орманда.
Қоқиғаз да, қаракүс та, қыран да,
Қара аю да, күшіген де, жылан да,
Қырғауыл да, қосаяқ та, зорман да
Бас қосыпты сол маңда.
Қоян кепті, қос құлағы ербеңдеп,
Тасбақа да орын тепті төрден кеп.
Сан орманның тамашасын тауысқан
Ән шырқады ала канат сауысқан.
Жапалақ та ән шырқады толғана,
Кезек өзер жеткен кезде қарғаға,
Мандайына алақанын жастана,
Тыңдаушылар қалғып кетті, маскара.
Қоян айтты:
— Қалай болған күнде де,
Ән кезегін ұсынған жөн Пілге де!
Бір тыңдаушы айқай салды:
— Немене?
Өнер піркін, кара күшке көне ме?

Одан қайта Піл ағай
Тауға барып тасымай ма бөрене?
Бірақ жұрттың елен қылмай бұл сынын,
Піл өн салды бұлғаңдатып түмсығын.
Тумады-ау деп ой сергітер байтақ өн,
Қалың қауым қалғып кетті қайтадан.
Осы сәтте Бұлбұл өнге басты бір,
Қарт тоғайдың елестетіп жастығын.
Мүлгіп кеткен тыңдаушы жұрт оянып,
Жанарынан ризалықпен шашты нұр.
Көпке дейін тежеу мүмкін болмады
Ұлан-асыр қуаныштың тасқынын.
— Өте орынды соғылды бұл шапалақ, —
Деп сөз алды тостаған көз жапалақ, —
Біз де өнерін қалірлейміз бұлбұлдың,
Бірақ аз-мұз шатағы бар құрғырдың,
қараңдаршы, бір қанаты қырқылған,
балақ жүні ұйпаланған, жыртылған,
Достарым-ау, жатқан жоқ па осында,
Бет қызартар үлкен істің былығы?

Қаршыға айтты:
— Догар сөзді, тасынба,
Бұл өзіндей пенделердің қылығы,
Онсыз, сірә, күн кеше ме майдалар?
Әйтседағы бір сыр шерттің ойланар.
Мына сенің қанатын сау, ал содан
Жұртқа қандай пайда бар?
Ауыр еді бұл сұрақтың салмағы,
Елдің көбі Қаршығаны қолдады.
Баз біреулер тұрып алды табандап,
Бұлбұл өнін жерге соға жамандап.
Тек Қаракүс қалыс қалды...
Келмеді оның тіпті көзге түскісі.
Өнерінің күдіреті жағынан
Бұлбұл, сөзсіз, күс біткеннің күштісі.
Мақтар еді, жарылып бір ағынан,
Ой шырмаған қызғаныш ит тағы бар.
Ал даттауға қорқатын ол Бұлбұлдың
Үлкен болашағынан.

(Маздақтың қасына келіп)

Өркашан да саф өнердің жолы — сын.
Ұлым, сенің үлкен болашағың бар!..
Мына тосты көтергенді жөн дер едім сол үшін!

*(Маздақпен бокал соғыстырады,
бәрі орындарынан тұрады)*

Маздақ

— Рақмет, аға!

Орынбасар

Кедергіні сезінсе адам, жүрмек ылғи күшінде,
Ояу жүрмек өңі түгіл түсінде.
Ендеше, біз көтерелік
Сол Қаракүс үшін де!

Қабділдә

Жоқ!
Бұл пікірің болғанымен қиысты,
Тек ізгі ойлар қолдау көрсін.
Тек ізгі ойлар жұрттан мадақ есітуге тиісті.

Айымбек

Дұрыс айтты Қабекен!
Өссін десек жақсылықты сезіне,
Жақсы ақынды мақтаған жөн көзіне.
Өз тойында ойлы жырын Маздақтың
Тілек етіп қайта оқимын өзіне!

Дауыстар

— Бәрекелді!
— Жөн, жөн!
— Ал тыңдадық!

Айымбек

(Тамағын кенеп)

Ғұмыр келте деп налысың, досым-ау.
Бұдан миллион ғасыр бұрын
Жер ғарышқа тең шашып жасыл нұрын,
Мимырт, шабан тіршіліктің күшағында күліпті,
Ал адамдар үш мың жылға дейін өмір сүріпті.

Сан балапан ғасырларды алақанда сөйлеткен,
Ұзақ ғұмыр,
Ұзақ ғұмыр, ой, неткен!
Жасы қашан жеті жүзге жеткенше
Ұыз сөби саналыпты бойжеткен.
Ара-тұра бой қылтитқан Күдікке,
Бір жайсаң сөз айта алмапты Үміт те.
Жеті жүзге жасы жетпей,
(заң солай),
Үйленуге рұқсат жоқ жігітке.

Бірақ бірде болды оқиға сұрапыл...
Қыз бен жігіт бір өлкеде тұратын,
Қосып арман-тілегін
Қосып мұңын, мұратын,
Тіл бітірер сезімменен тасқа да,
Тек сезімді етіп інкөр астана,
Жасы жүзге жетпей жатып,
Бір-біріне ғашық бопты,
Маскара!

Күннен-күнге лаудай түскен құштары,
Бұл не пәле салт-санадан тысқары?!
Тұмай жатып қағынғаны қалай деп,
Жұрт жағасын ұстады.

Ал жігіттің өкесі айтты:
— Қу, балам,
Ит боп шықтың жақсы атаққа тұмаған.
Дөтің барып қалай дәстүр бұзбақсын,
Жұрттан қайда қашпақсын сен шулаған?
Жетер қайғы сыйладың сен өлгенше,
Өлген жақсы бұл қорлықты көргенше.
Ақылға кел,
Үйленбестен қоя түр,
Тым болмаса, алты жүзге келгенше.
Ел тағлымын аяқ асты төсенбе,
Той аз болмас әлі сенін көшенде,
Бес жүз жыл күт.
Сонан кейін рұқсат,
Он бес қызды қабат алам десең де!

Жігіт өксі, мұңын шақты:
— Болмайды,
Бұл пәлсапаң ақылыма қонбайды.
Тасқа ұрсаң да мына бейбақ маңдайды,
Әнім ән боп самғайды.
Кәрі емендей қасарыса бергенше,
Қайран өке, ұғынсаңшы, мән-жайды.
Тұйықталса перзентіңнің арманы,
Сені ілер қайғы-мұнның қармағы.
Одан қайта қол ұшын бер, құда түс,
Қыз үйіне бардағы.

Бірақ өке секілденіп тас қамал,
Үндемеді.
Таусылды енді басқа амал.
Жаңалыққа көз аз болмас оқталар,
Бой көрсетті тұсаулар мен нөкталар.
Қорғау, қолдау көрмеген соң ешкімнен,
Қол ұстасып тауға қашып кетті олар.

Бұл оқиға шартарапқа жайылды.
Дінге берік катал қолдар байырғы
Қос ғашықты іздеп тауып алды да,
Бір-бірінен айырды.
Енді лезде байтақ аспан тар болып,
Көңіліне ызғар толып, қар қонып,
Күні-түні еңіреді екеуі,
Қас қағым сәт көрісуге зар болып.

Екі ғашық алып ұшып жүреті,
Тағдырынан былай тілек тіледі:
«Төсте тойы тарқамаған,
О, Жер-анам, дарқан анам,
Ұл керек пе саған мықты?
Өзгерт онда шабандықты.
Сен үшін бұл қиын іс пе соншалық?
Шабандықта қырсық жатыр қаншалық.
Біздер ұзақ, мағынасыз ғұмырдың
Іш пыстырар мінезінен шаршаладық.
Қайтіп тірлік кешеді жұрт самғамай,
Арындамай,
Ағындамай,

Таңдамай,
 Махаббатсыз өткен күннің бәрі ізсіз,
 Суға жазған таңбадай.
 Жүрсек мейлі, қай белесте,
 Дөңесте,
 Сағынышпен атқан танның бәрі есте.
 Мағынасыз үш мың жылдан
 Мағынамен,
 Мәнмен өткен,
 Махаббатпен,
 Әнмен өткен,
 Үш жыл артық емес пе?
 Егер оны көп десең,
 Айналайын алып тұлға,
 Күдіретті, жұмыр жер,
 Ғашығыма жолықтыр да,
 Үш-ақ күндік ғұмыр бер!
 Сезінбестей ет кессе де етімнен,
 Лапылдайын інжулі інкөр отыммен
 Тек үш-ақ күн,
 Тек үш-ақ күн бере ғой,
 Сонан кейін басымды алсаң, өкінбен».

Қайсар ғалам жібітіп тас көңілін,
 Қос ғашықтың қайтпасын деп меселі,
 Жер бетінде адамдардың өмірін
 Отыз есе қысқартыпты деседі...

...Ал сен ғұмыр келте дейсін!..

Дауыстар

- Оңай соқлақ тауып кетті, не етерсін?
- Тамаша!
- Көркем дауыс, көркем үн
- Ойлы өлеңнің өсіреді-ау оркенін!
- Жақсы оқиды екенсін!

Айымбек

(Бокалын көтерін)

Қиын шақта тізесін бүкпесін деп,
 Екі жастың көп болсын деп елге тартар үлесі

Және ешқашан бітпесін деп
Мағына мен мазмұн үшін күресі,
Тойбасының тіліменен айтқанда,
Мына тосты, халайық,
Көмекейге тағы аунатып алайық!

(Бәрі орындарынан тұрып бокал соғыстырады)

Тойбасы

Уақытқа сән қосатын өзекті
Енді әнге бермейсіз бе кезекті?

Дауыстар

— Келініміз өн салсын.
— Кәне, Дария, қысылма!

Дария

*(Орнынан тұрып «Қалемасын ерлігің»
атты әнді орындайды)*

Міне, саған ойланатын келді күн,
Азамат боп атқа міндің сен бүгін.
Бірақ атқа мінгеніңнен не пайда,
Жүрегінде қалғып жатса ерлігің.

Қайырмасы:

А — а — а,
Бозбала,
Қанатыңды талдырма
Алай-түлей жаңбырда,
Тізгінінді беріп қойма тағдырға,
Қуанышым.
Жан-тәніңмен бір адамды сүймегенін үшін,
Сүйе алмағаның үшін
Табиғаттың алдында кінәлісің.

Қорға, жаным, сеніміңді жеруден,
Қорлық бар ма, жанбай жатып сөнуден.
Өмірдегі үлкен жеңіс өрдайым,
Басталмай ма өзінді-өзін жеңуден.

Болашағың алдында өлі, бүлдіршін,
Ер жігіттің намысына бұл бір сын.
Бүгін көрсет қайратыңды, күшінді,
Ертең, мүмкін, кеш бола ма, кім білсін.

Дауыстар

- Көп жаса!
- Қосағыңмен қоса ағар!

Тойбасы

Қалықтасын пәк тілектің ақ құсы,
Хас жүйріктер жарыстарда көрінбек.
Келесі сөз
Жұбанышбай Нұрқановқа берілмек.

Дауыстар

- Көсіл, көне, жігітім,
Тұсау тастар ешкім жоқ аяғына!
- Көкейтесті не тілек бар ойында,
Ақтар бәрін жан досыңның тойында!

Жұбанышбай

(Орнынан тұрып)

Баяғыда,
Бабамыздың бабасының бабасы
Жүрген кезде сүйенбей таяғына,
Көңіліне пәктіктен өсірген гүл,
Жомарт әрі мейірбан жесір кемпір
Ұстап апты ауласына келіп қонған бүркітті.
(Одан мұндай батылдықты кім күтті?)
Ал Бүркіттің көріп имек тұмсығын,
Кемпір қатты үркітті.
Оны өзінше «майысқан» деп ойлапты
Сөзге келмей, пышағын тез қайрапты.
Имек жерін кесіп, жонып, тегістеп,
Сорлы құсқа бір жақсылық жасауға бел байлапты.

Гүжім аспан әлеміне айбатты,
Қайратына тамсандырған аймақты,
Қайсар қыран тағдыры

Болашағың алдында әлі, бүлдіршін,
Ер жігіттің намысына бұл бір сын.
Бүгін көрсет қайратыңды, күшінді,
Ертең, мүмкін, кеш бола ма, кім білсін.

Дауыстар

- Көп жаса!
- Қосағыңмен қоса ағар!

Тойбасы

Қалықтасын пәк тілектің ақ күсы,
Хас жүйріктер жарыстарда көрінбек.
Келесі сөз
Жұбанышбай Нұрқановқа берілмек.

Дауыстар

- Көсіл, көне, жігітім,
- Тұсау тастар ешкім жоқ аяғына!
- Көкейтесті не тілек бар ойыңда,
- Ақтар бәрін жан досыңның тойында!

Жұбанышбай

(Орнынан тұрып)

Баяғыда,
Бабамыздың бабасының бабасы
Жүрген кезде сүйенбей таяғына,
Көңіліне пәктіктен өсірген гүл,
Жомарт әрі мейірбан жесір кемпір
Ұстап апты ауласына келіп қонған бүркітті.
(Одан мұндай батылдықты кім күтті?)
Ал Бүркіттің көріп имек тұмсығын,
Кемпір қатты үркітті.
Оны өзінше «майысқан» деп ойлапты
Сөзге келмей, пышағын тез қайрапты.
Имек жерін кесіп, жонып, тегістеп,
Сорлы құсқа бір жақсылық жасауға бел байлапты.

Гүжім аспан әлеміне айбатты,
Қайратына тамсандырған аймақты,
Қайсар қыран тағдыры

Ақылсыздау, бірақ адал кемпірдің
Пышағында ойнапты.

Кемпір байғұс сыртқа жайып шын сырын,
«Басы қайтты, — деп қуанды, — қауіптің».
Жона-жона имек бүркіт түмсығын,
Түмсығына ұксатыпты ол тауықтың.
Енді бірде бүркіттің
Өткір, ұзын тырнақтарын аңғарып,
Басын шайқап тұрып қапты таңданып.

— Мүшкіл екен,
Мүшкіл екен бұл халің,
Сорлы құсым, егер де мен жолықпасам бағыңа,
Жетіпсің-ау жүдеп өлер шағыңа, —
Деп отап ап тасталы бар тырнағын.

Патша жұртқа жар салды:
— Талмас қанат,
Алмас қылыш иықты,
Маған ылғи аңсататын биікті,
Тіпті жалғыз інім өлген кезде де
Ұмыттырған кеудемдегі күйікті
Бүркітімді жоғалттым ең сүйікті.

Қыран еді ол бастан бағы ұшпаған,
Менмін деген арланды,
Менмін деген киікті,
Тырнағы мен түмсығында ұстаған.

Қайырымдылық ерлікке тән өманда,
Бүркітімді тауып берген адамға
Ат басындай алтын сыйлау
Түк қиындық туғызбайды маған да.

Ойға, қырға шабармандар ағылды,
Жұрттың бәрі бүркітті іздеп сабылды.
Үміт оты сан тараптан жағылды,
Бірақ бүркіт қиындықсыз табылды.

Мазасыздық бұлты солай серпілді,
Алас-күлес шаттық күйі шертілді.
Шадыман жұрт хан көтере мадақтап,
Патша алдына алып келді кемпірді.

Патша лезде құсын танып, түнеріп,
Үнсіз қалды зілман ойға тіреліп.
Көңліндегі апас-қапас тасқынды
Айғақ етіп жанарына жас түнды.

Енді бір сәт оймен шолып қиырды,
Қабағын тас жиырды.
Нөкерін тез шақырды да, бүркітті
Өлтіруге бұйырды.

— Тағдырыңды қасіретке байланған
Ап шыға алман бұл тұйықтан, қайраңнан.
Қош бол, құсым, — деді патша қыранға, —
Өлген жақсы, қасиетін жойғаннан.

Сонан кейін:
— Иә, кемпірім, аман ба?!
Деп жадырап шыға келді ол табанда, —
Сендей жомарт адамдар,
Ауадан да қажет біздің қоғамға.

Үстем содан мерейін де, баған да.
Шапағатың тиді, міне, маған да.
Әттең, әттең... осы дарқан пейліңе
Ақылыңның сай келмеуі жаман да.

Тұғырыңда тұра алмайсың тағат қып,
Сөйтіп тағы жасайсың-ау ағаттық.
Нәрестенің қолындағы канжардай —
Ақылсыздың қолындағы жомарттық.

Жаның адал.
Адал содан асын да.
Ат басындай алтыныңды ал,
Тосылма!
Бірақ мына алтын алған қолыңды,
Амал қанша, қалдырасың осында.

Тек өзіңді санай көрме ғарыпқа,
Қатал жаза қолданды деп қамықпа.
Өйткені сен қарсы шапқан жаудан да
Қауіптісің халыққа.

Қалың қауым сенен оңғақ күй көрсе,
Саған карап жомарттықтан жиренсе,
Не болмақшы?
Ал мына алтын өзіңді
Асырасын арқан жерге тигенше!

Қатал патша дегенінен қайтқан ба?!
Сөйтіп қолын кескен екен кемпірдің...
Анам маған осы аңызды айтқанда
Көз алдымда сен тұрдың.

Дарының да, даңқың да бар жанғырған,
Ақ тілектер арай шашса гүлдейсің.
Бірақ ертең не күтеді алдыңнан,
Білмейсің-ау,
Оны мүлдем білмейсің.
Тұтастырып бақ пен сордың арасын
Сикырлайды атар таңның назды үні.
Бүгін кіммен, ертең кіммен боласың?
Тым күрделі бұл сұрақтың мазмұны.

Заман сенен аямайды бар нұрын
Мансап сені күдата алмас торына.
Жатсам-тұрсам тілеймін тек
Тағдырын
Түспесін деп өумесердің қолына.

*(Жұбанышбай өз тосын көтеріп
тастап орнына отырады)*

Тойбасы

Қызық енді басталды,
Ортамызға қатал сұрақ тасталды.
«Бүгін кіммен, ертең кіммен боламыз?
Кімге жақын,
Кімнен алыс тартады ертең арамыз».

Мына тосты жетегінде осы ойдын
Кәне, достар, үндеместен аламыз!

(Бәрі үнсіз орындарынан тұрып бокал соғыстырады)

Жігіт

(Ентіге жүгіріп кіріп)

Келіп қалды құдалар!

Тойбасы

Жолдастар!

Ауа райының адамзатқа «өшігуіне» байланысты,

Ұшақтың кешігуіне байланысты

Енді жетті құдағи мен құдамыз.

Құрметіне сол «айыпты» жандардың

Бөріміз де орнымыздан тұрамыз!

(Құда, құдағи, Тойтық кіреді. Қонақтарға сәлем бергелі орнынан көтерілген Медет құдасының жүзіне үңіле қарайды да, теріс айналып кетеді. Жұрт аң-таң.)

Орынбасар

(Медетке бұрылып)

Меке, сәлем бермейсің бе құдаңа?

Медет

(Толқып)

Игі жақсы жарандар!

Айтпасқа не шарам бар.

Мына тойды Маздағымның институт бітірген

Думанына санандар.

Менің ұлым үйленбейді бұл қызға!

Дауыстар

— Маскара!

— Қарияға не болған?

— Өзілі мен шыны ма?

Маздақ

Әке, Әке!..

Жындандың ба, немене?

Тойтық

Бұл не деген далбаса,
Сенін ұлың болмаса,
Қарындасым байсыз қалып өле ме?

Жұбанышбай

Ау, бұл қалай, қария?

Тойтық

(Дарияны сүйреп)

Кеттік, көне, Дария!

Маздақ

(Тойтықтың алдын кес-кестеп)

Өтінемін, тоқтаңыз!

Тойтық

(Кіжініп)

Жә, жолама, сүмелегім,
Бетінді ет қып жіберемін,
Енді саған мәңгі жабық қақпамыз!

*(Дарияны сүйреген күйі есіктен шыға жөнеледі.
Құда мен құдағи бірге кетеді)*

Маздақ

(Медеттің жағасына жармасып)

Ақылыңа іштің бе, әке, арақты?

Медет

(Ақырып)

Тарт қолыңды!
Ұл емес пе ең санатты...

Маздақ

(Күйзеліп)

Ендеше, сол санатыңды қара жерге қараттың,
Тағдырыма оқ аттың.
Өле-өлгенше кешірмеймін мұныңды,
Қарғап өтем осы қара күнімді.
(Бетін басып)

Бәріне өзін кінәлісін... не етемін...
Жүрегімнен мәңгілікке жазылмайды бұл түйін.
Енді сендей әкенің
Құны маған бір тиын!

Мәдет

Күтпеп едім...
Күтпеп едім сенен мұны... А-а-а...
*(Жүрегін ұстаған күйі еденге құлап түседі,
Айымбек басын сүйейді)*

Орынбасар

Саликалы жігіт ең, ақылын бар...
Бекер қызып кеттің-ау...

Дауыстар

— Жедел жәрдем шақырыңдар!
— Жедел жәрдем шақырыңдар!

* * *

Ақын сол ойланған қалпында.

Тарих

— Сонан кейін?

Ақын

Өлді...
Терең қазып жерледік.
Мүмкін, менен кеткен шығар пенделік,
Егер көзбен қарар болсаң байыпты,
Ол жағдайға түгел әкем айыпты.

Тарих

Ешкім терең танымаған
Сенің әкең алып адам!

Ақын

Жок!
Әкемді санамаймын алыпқа,
Қонбалы оған ел сыйлайтын даңқ та.

Жанын салып мені өсірді, оқытты,
Түптеп келсек, ол алыптық болып па?
Ұрпағы үшін өз өмірін қимай ма
Балық екеш тигтей кета балық та?!
Иығымен көтерсін деп заманды,
Мен де өсіріп келем екі баламды.
Әке алдында бар қарызым өтелген.
Дей алмаспын, борыштар боп өтем мен.
Әйтседағы әйелімнің әкесін
Артық көрем әкемнен.
Іс пайымдар өркім жеке басымен,
Әкем жайлы әңгімені доғарайық осымен.
Кеттім, қартым, басқа айтарың болмаса!

Тарих

(Мысқылмен)

Тым асығыс екенсің,
Саған тағы ашар сырым бар еді,
Ләкин тыңдап кетерсің?!

Ақын

Бірақ та сен салмай өгіз аяңға,
Тоқ етерін қысқа ғана баянда!

Тарих

(Басын изеп)

Оңтүстікте,
Дарқан Азат даласында
Отызыншы жылдардың шамасында
Әсте екі айтпайтын,
Айтса бітті, алдан қанжар кезесе де, қайтпайтын,
Жалғыз емес, жалғыз өрді дегенімен атадан,
Қауымына жаны жуас мейірімді ботадан,
Аты басқа болғанмен, мінезі үшін бір беткей
Құрбылары Қайсарбай деп атаған,
Әр таң сайын оянатын өз арының үнімен,
Жеміс күткен арманының гүлінен,
Тұрып жатты жас жігіт
Әйелімен және екі ұлымен.
Бұйығы күн жайғанмен жез қанатын,

Ол бір қатал, тым қатал кез болатын.
Білім нұрын тамсана дала күтті,
Кейбіреулер тосырқал жаңалықты
Жатқанда шетке қашып,
Қайсарбай наландықты бетке басып,
Әйелімен екеуі бала оқытты,
Қос құдықтың бойынан мектеп ашып.
Дәл сол кезде бүлікшілер
Бас көтерді Азатта.
Момын дала лезде айналып шыға келді тозаққа.
Тағдыр сомдап соққандай-ақ күш-кейпін,
Иығынан дәуірінің ауыр жүгі түспейтін
— Аукомолда хатшы болып істейтін
Қайсарбайдың Көрік деген бар еді бір жан досы.
Бақытты еді ол тапқанына өзіне сай серікті.
Ештеңеден хабары жоқ Қайсарбай
Отырған-ды үйінде.
Екі жігіт жараланған Көрікті
Алып кірді естен танған күйінде.
О, тәңір-ай, осы ма еді, осы ма еді көрмегі,
Қайран досы көз алдында үнсіз жатты өлгелі,
Тықыршумен ернін тістеп кезе берді ол бөлмені.
«Сәл сабыр ет, қазір, қазір ертіп келем дәрігер!»
Ал бейтаныс жігіт айтты:
«Жоқ, болмаңыз әбігер,
Айналаныз қаптаған жау, қолға түсіп қаласыз».
«Өлген жеңіл, — деді Қайсар, —

отырғаннан шарасыз».

Шығып кетті. Дәрігерді таба алмады ол бірақ.
Көңілі жер боп қайтып келсе екі иіні салбырап...
Үйі лаулап жанып жатыр, өліп жатыр жан жары,
Екі жігіт өліп жатыр қанға бөгіп қанжары.
Өліп жатыр... бәрін, бәрін қас қағым сәт шешіпті.
...Тақтайменен шегелепті терезені, есікті.
Құлағына екі ұлының даусы жетті шынғырған,
Санасыз жау шарасызға неге мұнша өшікті?
Бұзып кірді терезені...

досы жатыр өлімге өзін үмсынып,
Қос ұланы бебеулейді көк түтінге тұншығып,
Қайсар дел-сал тұрып қалды өз сезімін електеп,
«Ең алдымен кімді ап шығу керек?» — деп.

Ақын

(Шыдамсызданып)

Сонан соң?

Тарих

Мәселен, сен қайтер ең?

Ақын

(Күмілжіп)

Б... білмеймін...

Бәлкім, алып шығар едім сәбиді?!

Тарих

Ал ол досын алып шықты.

Қос перзентін құтқармақ боп,

Ұмтылғанда келесі

Құлап түсті отқа оранған биік үйдің төбесі.

Екі бірдей күнәсіз жан, екі бірдей жас тұлға

Мәңгі солай қалып қойды жанған үйдің астында...

Ақын

Мынау нағыз қыран ғой төске өрлеген.

Сонау Сактар кезіндегі

Достық үшін өлімнен сескенбеген

Таңғажайып ерліктен

Инедей де кем емес.

Асып түсті бар биіктен мен күткен!

Одан әрі айтыңыз?!

Тарих

Бұлт серпілді.

Домбырадан күй шертіліп көңілді,

Тіршіліктің жұпар лебі қайта кезді өңірді.

Өте берді, өте берді желмаядай желіп күн,

Шат-шадыман гүлдеді өмір бұтағындай өріктің,

Қайсарбай да белін буып, бекініп,

Шаңырағынан жылу тапты Көріктің.

Шын сеніскен, сүйініскен, ұғысқан,

Сірә, мұндай бола қоймас туысқан.

Міне, қырсық...

Көрік бірде екі күн

Қатарынан қайтпай қалды жұмыстан.
Көңіліне шөкім күдік ой салмай,
Асыл досын іздеп барды Қайсарбай.
Жанарынан тарамаған мастығы:
— Кел, кел, — деді НКВД бастығы, —
Көрік досың арам екен, қара екен,
Тап жауымен байланысы бар екен.
Аман сақтап қалғын келсе басынды,
Құтқарам деп әлектенбе досынды!
Бұл ортада бас араздық жүретін-ді бұрыннан.
Жарық көрсе, көбелекше қалбаң қағып бұрылған,
Әлгі жігіт жұбайына ынтық еді Көріктің,
Қайсар оның құрған торын тани кетті қырымнан.

Ақын

Оқиға енді тереңдеді.
Мынауыңыз дайын тұрған поэма.
(Шыдамсызданып)
Одан кейін не болды?

Тарих

— Арам ойың орындалмас албасты, —
Деп Қайсарбай жас жігіттің алқымына жармасты.
— Қоймалың ба, онда сен де кетесің.
Өз түбіңе енді өзін жетесің, —
Деп жымылы ол аңартып жай кекесін,
Сипап тұрып
Құрбақаның желбезегі сияқты
Кенет ісіп шыға келген шекесін.
Ол айтқанын орындады.
Лебізіне бекем екен «азамат»,
Сондайлардың кейде жолы болатыны ғажап-ақ.
Өтірікпен қиыстырған бір жалаға байланып,
Қайсар солай кете барды мекеніне айдалып.

Ақын

Мынау тіпті сұмдық екен!

Тарих

Бірақ шындық ешқашанда қалмақ емес тапталып,
Үш жылдан соң туған жерге қайтып келді ол ақталып.

Келсе, Көрік оралмапты.
Жанын қажап сан күдік,
Жас досының жұбайы да көз жұмыпты мәңгілік.
(Ойланyp қалады.)

Ақын

Сонан кейін?
Айтсаңызшы тезірек!

Тарих

Екі өмірдің өзегіндей бұл қызыққа қарашы,
Жалғыз өксіп қалыпты үйде тәй-тәй басқан баласы.
Жесір әйел сол сәбиді қанатының астына ап,
Егіз тағдыр сияктана отыр екен бас құрап.
Қайсар сорлы ашылғандай көңілінің бұлағы,
Нәрестені құшып тұрып айқай салып жылады.
Нәрестені құшып тұрып есіне алды ол өткенді,
Нәрестені құшып тұрып өзіне-өзі серт берді.
Қатал, өжет азаматтың мұндай кезін жылаған
Бұдан бұрын бұл өңірде көрген емес бір адам.
Тек жылаумен толтырардай өмірдегі олқыны,
Көп өкірді ол, көңілі теңіз секілденіп толқыны.

Ақын

Иә, иә, бұлайша тек күшті адамдар жылайды...

Тарих

Мұнан кейін жан адамды көзге ілмей,
Қайда бағыт ұстағанын жан адамға сездірмей,
Баланы алып Ақжайыққа көшіп кетті сол түні.
Нақ сол түннен өр жігітті қанатты
Жерлестері мәңгілікке жоғалтты.
Қайсарбайдың күллі өмірін бүрды өзіне нәресте,
Мектепке алғаш барған кезі, шыққан кезі белеске,
Он жылдықты бітіргені... бәрі, бәрі, бәрі есте.
Ұланының жанарына түсе ме деп көлеңке
Үйленген жоқ.
Бар қызықпен қош айтысты ол ерте.
Үйленбеді.
Тым каталдық болды-ау деймін мұнысы,

Бірақ оның дәуіріне сыйлаған кең тынысы,
Ұланы үшін атқарған зор жұмысы —
Ұлы адамның ұлы ісі!

Ақын

Азаматтық — адамзаттың қасиетті ұраны.
Бұл әңгіме болды-ау маған ұлы сын.
Осы ұлы адам туралы
Үлкен дастан жазбасам,
Ақын атым құрысын!

Тарих

Сол ізгі жан өліп кетті ескерусіз, бағасыз.
Бұған теңдес қасіретті, көне, қайдан табасыз?
Маңдайына аямастан жазған екен соры да,
Қайран тағдыр қазір жұртқа көрінеді күлжілі.
Ал перзенті ұлы әкесін ардақтаудың орнына,
Ит етінен жек көреді бұл күні.

Ақын

(ызаланып)

Ондай ұлды соттау керек!

Тарих

(кіжініп)

Ә, солай ма?
Ендеше, сен өзін сотта өзінді!
Өзің ағыз ана соқыр көзінді!

Ақын

(айқайлап)

Неге?

Неге?

Айтпайсың ба себебін?

Тарих

Кешегі өлген сенің әкең сол Қайсарбай еді ғой,
Қолындағы жетім перзент сен едің!
Ата-анаң бірдей сыйлап қара түн,
Қайсарбайдың қиған жайсаң қанатын,

Сол кездегі НКВД бастығы
Қойнындағы әйелінің өкесі
Яғни, анау қайын атаң болатын!

Ақын

А-а-а-а-а!

(Қос алақанымен құлағын басып тұрып қалады.

Сәлден кейін есін жиып)

Бүкіл өлем алдында екі бетім қаралы,

Жаным жардай жаралы.

(Қалшылдап)

Қазір барып қайын атамды өлтірем,

Әке кегін аламын!

Тарих

Ол онсыз да өлген адам, қарағым!

Ақын

Ел құлағы естімеген сұмдық бұл,

Сорлы басым... кімді келгем қорған ғын...

Киіміне жасырынып шындықтың,

Жан-жағымнан қаумалайды жалғаншық.

Қайран өкем...

Неге-неге таңдалы екен жолды бұл.

Неге маған бөліспеді

Иығындағы мол жүгін?

Тарих

(Күрсініп)

Оның түрлі себептері болды, ұлым...

Бірдей төзіп ыстыққа да,

Салқынға

Жер астында жатпай ма алтын көзден таса қалпында?

Қашан қазып алғаныңша күтетін,

Шындық кейде ұқсайды сол алтынға!..

Сен ақынсың өніп шыққан өртенге

Қандай өріс ұсынасың ертенге?

Қандай жеміс ұсынасың ертенге?

Ойлан, ойлан...

Әділеттің қылышы

Енді сенің желкенде,

Енді сенің желкенде!

МӨҢГҮРТТЕНБЕУ МАРСЕЛЬЕЗАСЫ

Сөзі мен әні М.Шахановтікі

Қазақ ұлты, мың сүрініп, мың жығылып, мың тұрған,
Даңқынды ешкім бүркей алмас ізгілікке ұмтылған.
Жомарттығын сорға айналып, туып-өскен жерінде
Ана тілің шетте қалды, орын жетпей төрінде.

Қайырмасы:

Өмір, өмір, өмір, өмір, өмір-ай...

.....
Шарлап ел мен елді,
Жаһандану келді.
Ұлтсыздық өрлеп,
Рухсыздық жеңді, заман-ай.
Ұқсатқанмен бүгін,
Қазаққа тек түрін.
Қаншама адам өлі
Менсінбей жүр тілін, заман-ай.
*Есіңе ұста, бала,
Ұлтқа ұлы ана,
Ұлтты сақтар дана
Туған тілің ғана!*

Өз тілінде сөйлей алмай қазақтың тең жарымы,
Амалсыздан басқа ананы «өз анам» деп таныды.
Талай басшы жүргеннен соң ұлтсыздыққа қорған боп,
Қазақ тілі әлі күнге тәуелсіздік алған жоқ.

Эфирден дауыс:

Тарихың түр санана өткел тастап,
Өз тілінде ойлау, сөйлеу тоқталған сәттен бастап
Бүкіл баба рухымен
Ұлттық, гендік-ақпараттық байланысың кесілер.
Тағдырыңнан атамұра шамын солай өшірер...
Өз тілінді жерсінбеудің,
Өз анаңды менсінбеудің
Арсыздығы қай дәуірде болып елі тапқырлық?
Ол — рухи мүтедектік әрі ұлттық сатқындық!

Мәңгірттенген күлдық сезім неге қолдау табады,
Мұны бізге кешіре ме келер ұрпақ саналы?
Өз анасын сүйе алмаудың қасіреті болады,
Тілің кетсе, ұлтың өліп, қарнын ғана қалады.

Қайырмасы

РУХ ПЕН ТІЛ

Әні автордікі

Табиғаттың өзгермейтін заңына бүр бетінді,
Қай кезде де туған тілің туған анаң секілді.
Бабалардың арманы бар мына қызыл гүлдерде,
Олар елін, тілін қорғап жанын қиған бұл жерде.

Қайырмасы:

Ұлтсыздану заманында,
Тілің нарық табанында,
Көнбістік бар қадамыңда,
Рухыңды басып кетті қарын.
Тілінді жоғалтсаң,
Ділінді жоғалтсаң 2 рет
Жоғалтасың² бәрін.

Адам қанша болғанымен дарынды әрі табанды,
Туған жерін сүймей тұрып сүймек емес ғаламды.
Өзге ананың мазмұнына, мерейіне тор құрар,
Алдыменен өз анасын сүйе алмаған сорлылар.

Қайырмасы

Нарық-ғасыр бәрін сатып жібере ме алтыңға,
Кім қалады сол алтыңға сатылмайтын қалпында?
Жалғандық бар ұлтсыздардың беделі мен даңқында,
Ана тілін сыйламаған сыйламайды халқын да.

Қайырмасы

23-қаңтар, 2005

ЖҮБАЙЛАР ЖЫРЫ

Өмі автордікі

Қуаныш пен бақыттан мүсіндеген,
Келбетіңнен сенімнің күшін көрем.
Сен сияқты мені ешкім еркелетіп,
Сен сияқты мені ешкім түсінбеген.

Қайырмасы:

Асыл жарым,
Жайнаған жасыл бағым.
Бағаласаң — бақытыңмын,
Сағынсаң — қасыңдамын.
Арманды дара құмаймыз,
Құстың қос қанатындаймыз.
Жүректе от жанып,
Тауларды бетке алып,
Бірге ұшып барамыз болашаққа.

Сен бар жерде керегем кең сияқты,
Кең сияқты, терезем тең сияқты.
Ешкім мені дәл сендей өкпелетіп,
Жұбата да алмаған сен сияқты.

Қайырмасы

Шаттығымның бастауын сенен көрдім,
Сенен көрсем, қалайша төмендермін?!
Енді, сөулем, бәрі де әділетсіз
Бізді бақсыз, бақытсыз дегендердін.

Қайырмасы

1972

Әні Ш. Қалдаяқовтікі

Біз екеуміз бәйшешектей ерте гүлдедік,
Қол ұстасып бақыт жырын шертеміз дедік.
Қарсы жүріп үйренсек те қар мен жаңбырға,
Бірақ қарсы тұра алмадық асау тағдырға.

Қайырмасы:

Жылдар
Өмірдің өзенімен
Ағады кезегімен.
Сенсің — көңілі ашық,
Менің ғашық ғасырым.
Ертеде де, кеште,
Тұрасын сен есте,
Мен өшсем де, өшпе, асылым.

Алуан гүлдер шуақ шашты бүгін бақшаңда,
Қызғанбаймын, басқа ошақтың отын жақсаң да.
Өмір мынау, бақ пен қайғы күнде жарысқан,
Ақ тілекпен қол бұлғайсың әркез алыстан.

Қайырмасы:

Жалғыз аққу таудан асып қайтып барады,
Сағынышын әнге қосып айтып баралы.
Сол ерке құс мұнын жалғап ерте көктемге,
Мені есіңе ал, ауылыңнан ұшып өткенде.

Қайырмасы

1970

ЖЕЛТОҚСАН ТАҒЛЫМЫ

Өні автордікі

Желтоқсанда шындық жырын шырқаймын деп шарк ұрдың,
Желтоқсанда егеменді ел болсақ деп талпындың.
Кеудеңде өлі сызы жатыр сол кездегі салқынның,
Айналайын, жас қайратым, жас өркені халқымның!

Қайырмасы:

Арманыңның атын,
Жігеріңнің отын
Өшіре алмас асау желі уақыттың.
Егер кім қанша
Уайымсыз болса,
Нақ сол адам құнын білмес бақыттың.

Темір қолдар қуатты еді алқымыңды қаусырған,
Намысыңды жықпай өттің нәубет, дүлей маусымнан.
Жалғыз қалған шақтарымда жігер алдым бойыма
Түрме торын жарып шыққан сенің қайсар даусыңнан.

Қайырмасы

Өсер елдің қай сәтте де бірлік бодмақ қалауы,
Лаула, лаула, желтоқсанның мұзға жаққан алауы.
Өздеріндей өр намысты жас өркені бар елдің
Ешқашан да еңкеюге тиісті емес жалауы!

Қайырмасы

1990

АРАЛ ҚАСІРЕТІ

Әні автордікі

Кемелер жүздірген шағылтып желкенін айға,
Тау толқын төсінде тербелген ерке күн қайда?
Қайда сол дәуренің тағдырдан күш-қуат сезген,
Шағала көктемнің дүркіреп ұшты ма көзден?

Қайырмасы:

Сенемін саған,
Тұрғанда аман
Адамдық күші, ой күші.
Аралым менің,
Жанарым менің,
Халқымның ұлы қайғысы.

Бұл өлке қалайша болады азап түнегі,
Ежелгі мұң-зарың аз ба елі, қазақтың елі?
Қайтемін, Аралым, бүгінде қалды сүлдерің,
Төзімі еліне үксаған көнбісім менің.

Қайырмасы

Аралым, күн туды басына дүрбелең-керең,
Кім үкпақ шалды анау өзінмен бірге өлем деген.
Безбүйрек ғасырын қағады қанатын үнсіз,
Бір жылда екі ұлын жоғалтқан ана түр тілсіз.

Қайырмасы

1990

АЙНАЛАЙЫН

Әні Е.Хасанғалиевтікі

Өзін едің тірегім де,
Жыр боп түндың жүрегімде.
Мені сендей түсінетін
Кім бар екен бұл өмірде?!
Күн туса да толқымалы,
Толқымалы, шалқымалы,
Сен ешқашан өзгертпедің
Пікіріңді мен туралы.

Әнін өңге жалғасын деп,
Келеді арман алға сүйреп.
Менің кемем өрге жүзсе,
Сен қуандың алғаш рет.
Астына алып қанатыңның,
Нұрын шаштың жан отыңның,
Мен мұнайған кезеңдерде
Қасымда ылғи сен отырдың.

Саған мәңгі борыштармын,
Көңіліме қоныстандың.
Азаматтық ажарыңа
Мақтау айтсам, намыстандың.
Жарқын күшәк жайған айым,
Сеніміне сай болайын.
Мен деп соққан жүрегіңнің
Лүпілінен айналайын.

1979

ТУҒАН КҮН КЕШІНДЕ

Өні автордікі

Тойыңа гүл алып,
Келдім мен қуанып,
Қарсы алдың күлімдеп көктемдей.
Жүзіңе нұр тұнып,
Кетіпсің күлпырып,
Бір бақыт сәулесін төккендей.

Қайырмасы:

Сен туған күн — мерекеміз,
Өн бастайық, кел, екеуміз.
Ұмытпа сен, құрбым,
Есте қалсын мәңгі бұл күн.

Жасқанба, жасыма,
Отыршы қасыма,
Басталсын бір терең әңгіме.
Қуансын ел ертең,
Қолыңды бер, еркем,
Жалғыздық жойылсын мәңгіге.

Қайырмасы

Көп жүріп сарылып,
Жетсе де көрілік,
Қақпанды ашпа сен уақытсыз.
Жастықтың жарығын,
Жүректің жалынын
Өшіріп алған жан бақытсыз.

Қайырмасы

1970

МАХАББАТ ЕЛІ

Өні автордікі

Дарқан тагдыр сені маған жолықтырды қайдан,
Өміріме нұрлы көктем болып кірдің, айнам.
Бір сәтке де босай алмай өзің жайлы ойдан,
Жүрегімде басталды бір майдан.

Қайырмасы:

Перзентісің, гүлім,
Махамбеттің жырын
Тудырған ұлы өлкенін.
Аямашы құрбыңнан, көркемім,
Жүрегіннің бар нұрын.
Жанарыңда сенің,
Жатыр екен менің
Тағдырым.

Біздің жастық шағымыздай қанатын кең жайып,
Баралы ағып бабамыздың ерке өзені — Жайық.
Ор теңізге бағыт ұстап жағала тұр кеме,
Кешігем деп ойламайсың, неге?

Қайырмасы

Онайлықпен асу бермес қырқасы мен белі,
Ту алыста қолын бұлғап тұр махаббат елі.
Желкенінді пенделіктің билемесін желі,
Бір жоғалтсаң, таба алмайсың мені.

Қайырмасы

1976

МЕН САҒАН ҒАШЫҚ ЕДІМ

Әні автордікі

Қалайша жүрегіме бойламадың,
Өзіңмен бірге талай тойға бардым.
Мен саған ғашық едім, амалым не,
Сен мені бақытым деп ойламадың.

Сезбедің, ұға алмадың сырларымды,
Өзіңе арнап жазған жырларымды.
Сезбедің ұзақ түндер сені ойлаумен
Сыртыңда терезеннің тұрғанымды.

Қайтейін, сен ажарсыз еттің мені,
Сол жазда жиделер де көп гүлдеді.
Сол жазда көрші ауылдың баласына
Мөңгіге айырбастап кеттің мені.

Өзгертті жылдар солай шешімді,
Сүйген жан әрқашанда кешірімді.
Мен қайтіп ұмытайын, жүрегіме
Өшпестей жазып кеттің есіміңді.

1970

ЕРЛЕР ДОСТЫҒЫ

Өмі автордікі

Қанаттыны қарынды
Жеңген заманда,
Сендей жаны дарынды
Серік табам ба?

Қайырмасы:

Нағыз достық махаббаттан бір де кем емес,
Досы жоқтарды тағдыр жебемес.
Ізгілікке алғысыңмен,
Саркылмайтын нар күшіңмен,
Сатылмайтын болмысыңмен
Сау бол, ұлы сезім.
Даңқынды бұлт жасырмасын,
Жасырмасын, асыл досым,
Қай кезде де қасымдасың,
Өзің.

Жаны аласа қоғамның
Парқы тұманды.
Бір досы жоқ адамның
Даңқы күмәнді.

Қайырмасы

Ер жігіттің ел сенер
Сенім — атасы.
Достықпенен өлшенер
Ұлттың сапасы.

Қайырмасы

1970

МАЗМҰНЫ

<i>Ақын туралы лебіздер</i>	5
-----------------------------------	---

Поэмалар, өлеңдер, балладалар, өндер

Динозаврлар мен егеуқұйрықтар	7
Дара талғам қасіреті	14
Уақытша жеңістер	16
Бөдене таланттар мен Қажымұқандар	17
Ұлылар мен орташалар	20
Айбергенов шыны	20
Қалдаяков өзені	21
Наурыздың оралуы немесе үш анықтамаға байланған өлең	22
Жетінші түйсік	26
Төрт ана	27
ТЖ-лар немесе жағымпаздықтың ұжымдық өрісі	28
Өмір-Темірдің соңғы өсиеті	31
Жаңа қазақтар немесе рухани байлықсыз да мемлекет құруға болады деп ойлайтын жас бизнесменге хат	35
Ғашықтық ғаламаты	38
Отырар қаһармандығы немесе жеңілген жеңімпаз туралы дастан	43
Махаббатты қорғау (поэма)	52
Түсінісу теоремасы	63
«Байқаймысын...»	65
Эверестке шығу	66
Жігіттің екі сипаты	68
Сұлулықты сезіну немесе Ғабиден Мұстафинмен қарттық жайлы әңгіме	69
Алтын, күміс және қалайы	70
Достық өлкесінің заңы	70
Жомарт жүрек тағылымы	72
«Көкірегімде төрт сәуле бар төрт бақыттан тұратын»	72

Жігерлендіру немесе өзін бақытсызбын деп есептеген жігітке жауап	73
Жұбайлар бар әңгімесі таусылған	75
Шын басындағы оқиға	76
Жанерке (<i>Саттар Ерубиев туралы балада</i>)	79
Кұдаша	83
Гималай жолбарыстары немесе малдық сана туралы мұн	86
693 және 7 немесе Қазақстан Жазушылар одағы	87
Ел тілегінің күші	90
Еркектерге көзқарас немесе әйелге сирек жолығатын бак ..	92
Ла-Валетта маңындағы түн немесе қасиет мұнарасы	95
Рух мектебіндегі мұн	97
«Ғұмырымыз сан үміттен тұрады...»	97
Қасымды қабылдамаған адам хақында	98
«Тарихқа үңілсең, сезер ең...»	99
Бесінші еркек	100
Жаңғырық немесе Ақсақ Темір қалай басталды (<i>поэма</i>)	103
Арман	111
Барселона әуежайындағы сұңқарлар	114
Нарынқұм зауалы	118
Еркектер жыры	123
Үнсіздік	124
Әйелдер	125
Өзендер	126
12-3=? (<i>поэма</i>)	127
Алғыс айтып өтем саған	130
Оралу	131
Қауіпті молекулалар	132
Компьютербасты жартылар	133
Қарағайға қарсы біткен бұтақ	135
Желтоқсан алаңы	136
Цемент	137
Жеңіс пен жеңіліс арифметикасы	137
Танакөз (<i>поэма</i>)	139
Жароков көшесіндегі кездесу	161
Күре тамырды іздеу	165
Сенім патшалығы	190

Өр жылдар өуендері

Мәңгірттенбеу марсельезасы	250
Рух пен тіл	251

Жұбайлар жыры	252
Өмір — өзен	253
Желтоқсан тағылымы	254
Арал қасіреті	255
Айналайын	256
Туған күн кешінде	257
Махаббат елі	258
Мен саған ғашық едім	259
Ерлер достығы	260

Шаханов Мұхтар

ДАРА ТАЛҒАМ ҚАСІРЕТІ

Поэмалар, өлеңдер, балладалар, әндер

Бас директор *Э. Тен*

Редактор *Ә. Ақиева*

Суретші *М. Палаткин*

Техникалық редактор *О. Пекова*

Компьютерде беттеген *Э. Саланчина*

Корректор *С. Ыбраева*

Басуға 13.09.07 қол қойылды.

Қалпы 84×108// Қағаты офсетті. Қарш түрі «Таймс».
Есептік баспа табағы 17,0. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 907.

«Раритет» баспа компаниясы, 050057, Алматы қаласы,
Бұхар жырау бульвары, 66,

тел.: 8(727) 275-68-786, 275-68-68.

Тапсырыстың диапозитивінен
Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің
Полиграфкомбинатында басылды, 050002, Алматы қ., М. Мақатаев к., 41

595 00

«...Рухани байлықты мойындамай,
тек қана жалаң білімге деп қойған
қазіргі “компьютербасты жарты”
адамдардың пайда болуы жайлы
Шаханов концепциясы бізді, жапон-
дықтарды, қайран қалдырды. Мен
оның халқын осындай тегеурінді
перзент тудыра алғандығымен
құттықтағым келеді».

Дайсаку ИКЭДА



Жыр
жауһары



ISBN 9965-770-58-5



9 789965 770582